

МАДИНА
ОМАРОВА

Көмбе
һаһһыһ
дәси

Мадина Омарова

КӨМБЕ НАННЫҢ ДӘМІ

**Алматы – 2020
«Алматы-Болашақ» АҚ**

ӘОЖ 821.512.122

ҚБЖ 84 (5 қаз)

О 58

*Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл саясаты комитеті
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және
мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу,
басып шығару және тарату»
кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді.*

ISBN 978-601-7461-89-8

Мадина Омарова.

О 58 Көмбе нанның дәмі

– Алматы: «Алматы-Болашақ» АҚ,
2020. – 256 бет.

*Прозасы, әсіресе қысқа әңгімелері арқылы кеңінен та-
ныс жазушы Мадина Омарованың бұл жинағында автордың
драмалық шығармалары мен мистикалық әңгімелері
ұсынылып отыр. Кітап көпшілік оқырман қауымға
арналған.*

ӘОЖ 821.512.122

ҚБЖ 84 (5 қаз)

ISBN 978-601-7461-89-8

© М.Омарова., 2020

© «Алматы-Болашақ» АҚ, 2020



АЛҒЫ СӨЗ

Мадина Омарова – әдебиетке тәуелсіздік кезеңінде аяқ басқан жазушы. Рухани кеңістікке шыққанына шамамен жиырма шақты жылдың жүзі болған ол негізінен әңгіме жанрында жазады. Оның повесть, романдарының өзінің алдында мини деген анықтама тұрады. Жазу мәнері өз қатарластарынан едәуір ерекшеленетін жазушының екі кітабы жарық көрді, бірнеше шығармасы орыс тіліне аударылған. Әдебиеттанушы ғалымдар мен сыншылар тәуелсіз қазақ әдебиетінің талантты өкілдерінің бірі деп танитын М.Омарова шығармалары оқырмандарға интернет кеңістігі арқылы жақсы таныс болуы керек.

Бұдан бұрынырақта бір жазғанымыздай, Мадинаның әңгімелері қысқа, кейде мүлдем қып-қысқа – миниатюра, этюд, суреттеме сияқты. Солай бола тұра көтерілетін мәселесінің тереңдігі мен өмірлік материалының ауқымдылығы жағынан алғанда өте салмақты болып келеді. Кең жайылып жатқан сюжет жоқтың қасы. Сюжеттің кең қанат жаймауынан ішкі бір үлкен қуат сезіледі. Жалпы М.Омарованың прозалық шығармаларының қай-қайсысында да анық та, көзге бірден ұрмайтын да драматизм бар. Оның бір ерекшелігі де осында – шығармаларының, тіпті шағын әңгімелерінің өзінде де іштей бір, жасырын конфликт, яғни тартыс тұрады. Ал, драма жанрының басты бір шарты – онда конфликт, яғни тартыс болуы керектігі. Ол кейіпкерлер арасындағы тартыс бола ма әлде дүниетанымдық іштей тартыстар бола ма – драманың тақырыбы мен сипатына байланысты.

Драма жанрындағы келесі бір ерекшелік – кейіпкерлердің көп сөзділікке ұрынбауы, көтерер жүгі жоқ сөзге үйір болмауы, демек, айтпақ ойының анық та шымыр болып келуі. Қимыл-қарекеттің нақты болуы. Өмірде адамдар әлдебір оқиғаны баяндағанда ғана болмаса, құлаш-құлаш сөйлеп отырмайды ғой. Мадина шығармашылығы бұған да толығымен жауап береді. Осы бір орайлардан алғанда, лапидарлық деуге болатын прозасымен жақсы танылған жазушының драматургияға мойын бұруын заңдылық деп те қабылдауға болады.

М.Омарованың драма жанрына жиі қалам тартып жүргеніне бес-алты жылдың жүзі болып қалды. Оның осы жанрдағы алғашқы тәжірибелері – «Коньяк қосылған кофе» атты екі актылы және

«Қадір түні» атты бір актылы пьесалары. Бұл екеуі де әлеуметтік-психологиялық пьеса. Отбасылық құндылықтар аяқ асты болған жерде бақыт-берекенің ауылы алыс екені, адамдардың бір-біріне сенімі жоғалатыны; сондай-ақ адам жанының құпия қалтарыстары туралы, адам баласының қашанда жылуга, махаббатқа зәрулігі туралы сондай нәзік те шымыр пьесалар.

Жалпы драма – қиын жанр. Оның қыр-сырын, сахна құпияларын білу үшін драматургтың театрмен тығыз байланыста болуы, сахна заңдылықтарын зерттегені артық болмайды. Мадинаның жолы болып, ол алты-жеті жылдан бері қазақ өнерінің қара шаңырағы Қазақ Мемлекеттік М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында драматург болып еңбек етеді. Театрмен, режиссер, актерлермен қоян-қолтық жұмыс жасау – драматургтық тәжірибесінің шыңдалуына көп әсер еткені анық. Олай дейтініміз – М.Омарованың драматург ретінде құлашы кеңге жайылып, ол қоғамдық-әлеуметтік тұрғыдан өте маңызды деген тақырыптарға драмалар жазды. Оның алты-жеті пьесасы театрларда қойылып үлгерді.

Солардың бірі – «Ақтастағы Ахико» драмасы. Бұл сонау саяси астаң-кестең шақта, Жапонияның Курил аралдарын кеңестік билік алған тұста кеңес әскерлеріне ұсталып, Қарлағқа түскен жапон бозбаласының тағдыры туралы ғана емес, жалпы халықтың басынан өткен нәубет туралы, тектілік туралы, адамгершілік, мейірім, имандылық туралы драма. Шығарманың ұтатын бағалы тұсы – Қарлағта отырған Ахикомен параллельде қазақтың атпал азаматтарының, Алаш ардақтыларының қайғылы тағдырының көрсетілуі; С.Сейфуллиннің әкесі Сейфолла Оспанов, Жанайдар Сәдуақасовтың әкесі Сәдуақас Жалмақынов, бұлармен қатар абыз қария Ақайдың Қасені, сондай-ақ жинақтық көркем бейне Ахмет бейнелері арқылы жалпы халықтың басынан өткен нәубет туралы ой қозғалатыны. Бұл тұста автор Алаштықтардың Алаш автономиясының құрылымына Жапон мемлекетінің үлгісін алуды ойлағаны, ал, кеңестік репрессия машинасының Алаш ардақтыларына жапонның тыңшысы деген жала жапқанына байланысты тарихи деректерді жақсы үйлестірген. Тағы бір маңызды қыры – «Ақтастағы Ахико» сонау қиын кездерде қазақ халқы бауырына басқан ұлттардың Қазақстанды өз Отаны деп тануы мен оның объективті себептерін зерделететін драма. «Ақтастағы Ахико» пьесасын М.Әуезов театрында белгілі режиссер А.Маемиров қойды. Спектакль үлкен резонанс алды, бұл қойылым Жапонияда да үлкен табысқа ие болды.

Мадинаның әлеуметтік-қоғамдық салмағы үлкен тағы бір драмасы – «Кәмбе нанның дәмі». М.Әуезов театры сахнасында белгілі режиссер А.Кәкішева сахналаған бұл драма халық басынан өткен

қиын кезең, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстанға неміс, кәріс, шешен, қарашай, т.б. халықтардың депортациясы тақырыбын көтереді. Соғыс жағдайында өздері азар күн көріп отырған қазақ ауылының қиын өмірі, онда депортацияланып келген халықтар әуілдерімен дос-туысқа айналған тағдыры бейнеленеді. Жер аударылып келген адамдарды бауырына тартқан ауыл, әйелдер мен балалардың ауыр жұмысы, қиындықтар – осының бәрінің аясында адамдардың тағдыры ашылады. Драматург жалпы халық тағдырын жеке-жеке адамдар тағдыры, жан-дүниесі арқылы бейнелеуге ұмтылады. Драмада адамдар арасындағы қарым-қатынастардағы қайшылықтар жақсы ашылған. Мұндағы кейіпкерлердің көпшілігі трагедиялы тағдыр иесі. Ең бастысы – адам рухының мықтылығы, махаббат пен мейірімнің қандай да қиындықты жеңетіні көрінеді. Драманың позитивтік сипаты басым.

«Қызыл мия» романтикалық трагедиясы нарық жағдайында өмір кешіп отырған қазақ қоғамының кей қырлары арқылы бүгінгі өмір шындықтарын алға тарта отырып, текті жоғалтпауға үндейді. Мадинаны әлеуметшіл жазушы дей алмайсыз, соған қарамастан ол әлеумет үшін, қоғам үшін маңызды деген тақырыптарды көтереді. Мысалы, қызыл мия – дәрілік қымбат өсімдік. Оның бағасын білетін шетелдіктер қазақтардың өз қолымен отатып, мардымсыз ақшаға сатып алып жатыр. Болмас тиын-тебеге бола нені де, тіпті кімді де сатып жіберуге даяр қазақ азаматтарының қимыл-әрекеті қорынышты. Драмада кейуананың «Ереуіл атқа ер салмайлатып» жырлауы бекер емес.

«Тор» мистикалық драмасы, «Жүздесу» мистикалық драмасы адам бойында үнемі тайталасып отыратын періште мен әзәзіл пиғыл-ниеттер туралы. Айдаладағы Белгісіз жанның адамның иманы, ар-ождан символы болуы мүмкін. «Квартиранттар» - адам өмірінің мәні махаббаттың қадірі, адам өмірінде, жан дүниесінде алатын орнын бағамдатады. «Менің қаһарман шөберем» - гендік, қан-қазыналық бастауларға тартады.

Жалпы Мадинаның драмаларында ізгілік пен зұлымдықтың ашық айқасын көрмейсіз, олардың тайталасында ақ – ақ, қара – қара деген ұғым белең алмайды, бұл категориялар күрделілігімен, сыни бір сәттерде айқындалады. Оның кейіпкерлері кейде қоғамға бейтаныстау. Бұл – олар өмірде жоқ дегендік емес, олар – бар. Сондықтан да драматург қоғам онша айтуды қаламайтын әлеуметтік кодтарды ашуға ұмтылады. Бұл драмалардағы әдеттегі глянец кейіпкерлер емес (бұл жерде глянец дегенде сән журналдарының кейіпкерлерін айтып отырған жоқпыз), әдетте арамызда өз мұң-

кайғысымен, проблемасымен жүрген кейіпкерлер. Алайда, көбі «футляр кейіпкерлер». Біз бұл тұста чеховтық «құндақтағы адам» ұғымнан мүлдем басқа контексті айтып отырмыз. Меніңше, біз сегізеп отырған «футляр-кейіпкерлер» бүгінгі қоғамның үлкен бір сегментін танытады. Олар сәті келгенде өз-өздерінен ашылып, өз-өздерін «презентациялап» береді...

Драматург шығармаларында көңілі орнықты, жүзі қуанышты әйелдерді де аз көресіз, мысалы, Шәмен, Гүлсара, Ажар, Кемпір, т.б. Кез келген мемлекеттің бақыт деңгей-дәрежесі әйелдің қоғамдағы орны мен ахуалына байланыстылығы туралы қағидадан келгенде, оның драмалары, ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын бұл ахуал қоғамды ойлантуы тиіс деген тұжырымға бастайды. Мадинаның шағын драмалары, монодрамалары жаңа стиль іздеген талантты жас буын режиссерлерге жаңа кеңістік аша алар еді. Мысалы, «Қадыр түні» бір актылы драмасы мен «Менің қаһарман шөберем» монодрамасын әйел тағдыры, ұрпақ тағдыры тұрғысынан біріктіріп, екі бөлімді қойылым жасауға әбден болады

Жалпы алғанда бүгінгі күн, бүгінгі замандастар үшін көкейкесті деген мәселелерді таза әлеуметтік тұрғыдан емес, жалпылық-жекелік сипаттардың диссонансы арқылы ашатын және бірден көзге ұрмайтын психологиялық-интеллектауалдық талдауларда беретін М.Омарованың бұл шығармаларын жаңа драмаға жатқызуға болады. Жаңа драманың Еуропадағы көшбастары Ибсен туралы мақаласында Б. Шоу, Ибсеннің Шекспирден артықшылығы ретінде – оның өз заманына тікелей бет бұруын, көрермендерге не маңызды соны талқыға салатынын атап көрсеткен. Мысалы, кейіпкерлерінің басынан не өтсе – ол көрермендердің де басынан өтуі мүмкін.

Мадина, сөз жоқ, жаңа драма өкілі. Дей тұрғанда Мадина қолтаңбасы, яғни жаңа драмасы ресейлік жаңа буынның 20 және 21 ғасырлар тоғысындағы факторгафиялық, өмірдің тура көшірмесіндей жалаң, жеке пікірімізде, көп ретте кері пафосты сәнді ағым болған жаңа драмасынан бөлектеу. М.Омарованың жаңа драмасы 19 және 20 ғасырлар тоғысындағы еуропалық жаңа драмамен рухтас. Ибсен, Метерлинк, Стринберг, Чеховтардағыдай шым тереңдікке сүңгу үшін әлі де тәжірибе жинақтаңқырауы керек және бұған әлеуеті әбден жетеді.

**Әлия Бөпежанова,
Сыншы, мәдениеттанушы**



АҚТАСТАҒЫ АХИКО

(тарихи драма)

Идея авторлары:

Қарлаг зерттеушісі, профессор Нұрлан Дулатбеков
ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Ерлан Біләл

ҚАТЫСУШЫЛАР:

1. Ахико Тэцуро
 2. Ахиконың бала кезі
 3. Ахиконың Әкесі
 4. Ахиконың Анасы
 5. Ахмет – ақын
 6. Ақтамақ – ел анасы
 7. Катя – неміс қызы
 8. Ақайдың Қасені – абыз қария
 9. Сейфолла Оспанов – Сәкен Сейфуллиннің әкесі
 10. Сәдуақас Жалмақынов – Жанайдар Сәдуақасовтың әкесі
 11. Степан
 12. Ертегіші
 13. Карташы
 14. 1-жендет
 15. 2-жендет
 16. 1-тергеуші
 17. 2-тергеуші
 18. Күзетші
 19. Тұтқын әйел
 20. Тұтқын әнші жігіт
 21. Пошташы
- Көпшілік сахнада: тұтқындар, халық

БІРІНШІ ЭПИЗОД

Бірінші көрініс

Ахико. Совет әскері жапондықтарды Сахалин аралынан тықсыра қуып, Жапонияға жөнелткенде, мен әке-шешем, бауырларымнан адасып, жағалауда жалғыз қалдым. Әкемді, анамды күттім. Күнде жағалауға келіп, көкжиекке телміремін. Әкем балықшы болған. Қайығының сұлбасы әлі көз алдымда. Мені іздеп кері келе жатқандай. Өне-міне қара толқынды қас жарып, жүйткіп жететіндей. Бала қиялым сан-саққа жүгіріп дегібірімді алады. «Әке! Анашым!» (жаңғырық).

Сахалинде күн суық. Әскерилерден қалған күртешені тауып киіп, жағалауда тентіреп жүргенімде совет әскерлері ұстап алып, абақтыға қамады. Бірден «жапон тыңшысысың» деді. Мен олай емес екенін түсіндіруге тырыстым. Бірақ көп ұзамай шындықты айтқаннан гөрі жапон тыңшысы болғанның анағұрлым қауіпсіз екенін ұқтым. Осылай тергеушілерге қарсыласқанды тоқтаттым. Мойындадым. Олар маған қалың папка ашып, бума-бума қағаз арнады. Мен бәрімен келістім... Қарлағқа түскенде он бес жаста едім. Тажал машина жаңа туған сәбиден бастап, еңкейген, мүгедек кемпір-шалға дейін шімірікпей жұтатын. Қарлағтын қапасында 22 мың жапон отырды, еңбек етті, өмір үшін күресті. Солардың бірі мен едім.

Тергеу бөлмесі. Екі жендет Ахикодан жауап алып жатыр.

Ахико. Мен Ахико Тецууро 1930 жылы Хонто портында дүниеге келдім. Әкем жергілікті балық зауытының директоры. Он төрт жасымда Хонтодағы Императорлық әскери училищеге түстім. Бірақ сабақ алып үлгермедім, соғыс басталып кетті. Бізді таратып жіберді.

1-жендет. Сен жапон шпионысың.

Ахико. Мен шпион емеспін. Сіздер мені біреумен шатастырып тұрсыздар.

2-жендет. Сен жапон тыңшысысың.

1-жендет. Неге еліңе оралмадың?

Ахико. Жапондар аралдан асығыс көшірілді. Мен соңғы кемеден қалып қойдым.

1-жендет. Не үшін тұтқындалдың?

Ахико. Білмеймін.

1-жендет. Қандай жағдайда тұтқындалдың?

Ахико. Совет әскері келгеннен кейін училище жабылды.

2-жендет. Қандай жағдайда тұтқынға алындың деймін. Сондай

күнәсіз болсаң, сол жердегі әскерилер басқа жапондармен қосып сені неге Жапонияға қайтармады? Неге дәл сені тастап кетті?

Ахико. Менің үстімде әскери училищенің кадет формасы болды. Олар мені әскери деп қабылдады.

1-жендет. Ал сен әскери емес едің...

Ахико. Мен курсант едім.

2-жендет. Түсінікті. Кеңес әскері ақымақ болғандықтан сені тұтқынға алып, сенің тамағың мен жолыңа шығын шығарып, мында, Қарағанды лагеріне топастықтан жіберді ғой сонда?

Ахико. Жоқ, әрине. Түсінбеушілік болды.

1-жендет. Түсінбеушілік? Сен – самурайсың ба?

Ахико. Қазір самурайлар жоқ қой.

1-жендет. Сенің кім екеніңді айтайын ба? Сен бар болғаны, қарабайыр шпион ғанасың. Шпионсың!

2-жендет. Айт, мен шпионмын де.

Ахико. Жоқ, шпион емеспін.

2-жендет. Бәлкім санаң шағасып, жадыңнан қағылып тұрған шығарсың. Бірақ сенің жадың мен санаң әзірше біздің мүмкіндіктен бейхабар болып еркелеп тұр. Саспа. Барлығы орнына келеді. Сенің бабаңдай адамдардың ақыл-есін орнына түсіріп, мойындатқанбыз.

1-жендет. Соғыс тұтқындарының бас басқармасында ісін жатыр. Кім болсаң да бұл жерден енді қайтып шықпайсың.

Ахико. Қайдағы басқарма? Мен шпион емеспін.

2-жендет. Есінде ме, кеше ғана әлгі әнші жігіт...

Елес, естелік түрінде (флэшбэк) әнші жігіт шығады.

1-жендет. Ей, сорлы! Жапон шпионы екеніңді мойындайсың ба?

Әнші жігіт. Жоқ!

1-жендет оны жағынан тартып жібереді.

Әнші жігіт (*есеңгіреп барып*). Ең болмаса жапон дегеннің кім екенін айтыңдаршы. Біліп өлейін...

1-жендет. Жалпы контрреволюционерлер жағында да осындай қайтпас қайсар жігіттердің бар екенін біз мойындауымыз керек.

Осылай дейді де Әнші жігітті атып өлтіреді.

1-жендет. Оның қайтпас қайсар болғанын қайтейік, өлді де қалды.

2-жендет. Е, жарайды. Дұрыс болды. Ал мынаны қайттік? Әй, миғұла, мойындайсың ба өзіңнің жансыз екеніңді? Биттей болып бұл да қырсық. Бір қойсаң жалпасынан түсейін деп тұр.

Ахико. Жақсы, мен бәрін мойындаймын.

1-жендет. Қалайша?

Ахико. Қол кой деген жерлеріңізге қолымды қояйын.

2-жендет. Қалайша?

Ахико. Мен мойындаймын.

1-жендет. Жоқ, бұлай тез болмайды.

Ахико. Енді өздеріңіз айтып отырсыздар ғой.

1-жендет. Иә, бірақ сен басында мойындамауың керек. Содан соң біз сені мәжбүрлейміз.

2-жендет. Иә. Барлығы тәртіппен болуы керек.

1-жендет. Болмайды. Сен әлі мойындамай тұра тұр.

Ахико. Қашан мойындауға болады?

2-жендет. Біз өзіміз белгі береміз.

1-жендет. Иә-иә. Сен тұра тұр.

Ахико. Тек азаптамаңыздаршы...

2-жендет. Егер кінәнді мойындамасаң, азап түрлерін пайдалануға тура келеді. Сонымен сен Оңтүстік Сахалинде, үстіңе жапон әскерінің киімін киіп, жағалауда жүрген жерінде қолға түстің. Сен алысқа, теңіз көкжиегіне телміріп қарап отырдың. Есіл-дертіңнің көкжиектегі қарайған ноқатқа ауғаны соншама жанына келіп құжаттарыңды сұраған қызыл әскер жауынгеріне еш мән бермедің, ол сені жұлқылағанда ғана назар аудардың. Бірақ жанында жеке тұлғанды анықтайтын бірде бір қағаз болмай шықты. Өзің орысша тіл білмейсің. Рас қой?

Ахико. Рас.

2-жендет. Сонда көк теңізге телміріп не белгі күтіп отырдың?

Ахико. Әкемді. Мен әкемді күттім. Оның мені тастап кетуі мүмкін емес. Ол мені ешқашан тастамайды. Сіздер егер менің әкеме хат жазсаңыздар ол мені келіп алып кетеді. Өтінемін сіздерден...

1-жендет. Тыныш, тыныш... Сен сонымен өзіңнің жапон жансызы екеніңді мойындамайсың ғой?

Ахико. Жоқ, мен жансыз емеспін. Әкемді күтіп жүрдім. Мен сіздерге жаңа айттым ғой, мойындаймын, мойындаймын деп.

2-жендет. Мээ, мынау не деген санасыз, а? Еркексің бе, қатынсың ба өзің? Жаңа ғана келістік қой. Мойындайтын кезіңді өзіміз айтамыз деп.

1-жендет. Басынан бырш еткізіп ата салғым келіп тұр. Жыныма тиіп тұр.

2-жендет. Тұра тұр.

1-жендет. Сен-ақ мені тоқтата бересің.

2-жендет. Осы аптада үшінші адамды атсаң, есеп бергенде түсіндіре алмай қаламыз. Шыдашы. Бар суық су әзірле одан да.

1-жендет. Жақсы.

2-жендет. Ахико, кішкентай самурай, сен қызыл армияның құдіретін сезінуге тиіссің. Оңай құтыламын деп ойлама.

Шығып кетеді. Ахико жалғыз қалады.

Ахико. Осының бәрі түс болар... Шындығына көңілім сенбейді. Әкешім, анашым, қайдасыздар? Тезірек жетсеніздерші. Бұлай болмайды ғой. Шаршадым... Әл-дәрменім калмай барады. Тезірек бітсе екен бәрі...

Әкесі мен анасының елес сұлбас көрінеді.

Әкесі. Ұлым, еңсеңді түсірме. Сен темірден берік жапон баласы емессің бе. Басыңды көтер, күйреме. Өзгелерге үлгі бол. Жапондардың қандай халық екенін көрсет!

Ахико. Әке, әке, сен білмейсің ғой... Олар кеше бір қарияны алып келді. Мені нұсқап көрсетіп, мынау сенің сыбайласыңмын деп тұр, екеуің бірігіп, Жапония үкіметіне жұмыс істепсіңдер деді. Қарияның түрі саған қатты ұқсайды екен... «Бұл баланы танымаймын» деді басын шайқап. Сол-ақ екен жендеттер оның қасына жетіп барып, соққыға алды. Олар қаусаған қартты адам кейпінен айырылып, құтыра ұрды. Сол сәтте олар жынға айналғандай еді. Ақыр аяғында қария қорғануға шамасы келмей үнсіз қалды. Тек кәрі сүйегіне тиген таяқтың тақ-тақ еткен дыбысы ғана тыныштықты бұзады. Қарияның қып-қызыл қаны жендеттерге де, маған да шашырады. Мен түс көргендей мең-зең күй кештім. Әбден сілесі қатып шаршаған қос жендет шалдың өлі денесін сүйреп әкетті. Ал мен қанға көміліп қала бердім. Әке, мен шаршадым. Көргім келмейді бұның бәрін. Кешіріндерші мені...

Әкесі (*дауысын қатал шығарып*). Жапон әскерінің жауынгері, көтер еңсеңді! Боркемік болма! Қане, бір-екі, бір-екі!

Жапон әскер өнеріне сай әлдебір жаттығулар жасайды бірігіп. Аздан кейін жендеттер бір әйелді және бір еркекті алып кіреді. Екі жақты тергеу басталады.

1-ТЕРГЕУ, 1-ЖЕНДЕТ.

1-жендет (*Ахиконы нұсқап*). Міне, мынау айтып отыр. Сені танымын, менен ақпаратты осы қатын алып кететін дейді. Рас па?

Әйел. Құдай ақы, мен бұл баланы бірінші рет көріп тұрмын.

1-жендет. Бұл бала емес, жасы елуде. Осындай елеусіз кейіпте жүріп ақпарат жинайды. Кеңес одағын күйретпек.

Әйел (*шошым*). Не айтып тұрсыңдар?

1-жендет. Ол сені танымын деп тұр. А, Ахико, айт жаныңның барында.

Ахико (*жапонша*). Білмеймін, білмеймін.

1-жендет. Әне, бұл қатын менің көңілдесім деп жатыр.

Әйел. Жоқ, жоқ! Бидай ұрлағаным рас, бидай ұрлағаным рас! Бірақ бұл баланы... бұл кісіні бірінші рет көріп тұрмын. Құдай ақы! Үйге келгенімде төрт бала көздері қарақаттай болып жаутандап, қолыма қарайды. Енді, міне... Бұл баланы танымаймын, бидай ұрлағаным рас, бірақ басқа ешнәрсе айтушы болмаңдар маған...

1-жендет. Жаз, беттестірген кезде екеуі бірін-бірі жазбай таныды деп жаз. Мойындады де. Қолдарын қойғыз. Болды.

Әйел. Бидай ұрлағаным рас деп жазамын.

2-жендет. Жоқ, қолыңды қойсаң, жетеді.

2-ЖЕНДЕТ, 2-ТЕРГЕУ.

2-жендет азаптан әбден титықтаған жігіттен жауап алып жатыр.

Ахмет (*күбірлеп*).

Алаш туы астында,

Күн сөнгенше сөнбейміз.

Енді ешкімнің алашты,

Қорлығына бермейміз! (С.Торайғыров)

2-жендет. Тырнағының көбесіне ине тықсақ та мойындамай қойды. Ақын... Алашордашыл ақын... Бұлар да таусылмайды бірінен кейін бірі битше өріп... қайдан шығып жатыр.

Ахмет. Қазақтың даласы... Қазақтың қасиетті даласы туып жатыр...

(өлең оқиды):

Алаш деген ел үшін

Сарыарқаның жері үшін,

Бостандық берген ер үшін,

Төгілсін біздің қанымыз! (С.Торайғыров)

Жендет те, Ахико да ұрпап қалған.

2-жендет. Так. Алашорданың ұранын оқыды. Осылай жазып қоямыз. Құйыршық!

2-жендет еркекті таяқпен ұрады. Ахмет оған тек сақылдап күледі.

1-жендет (*селт етіп тыңдай қалып мазасызданып*). Атып тасташы. Жалынамын. Күлкісін естігім келмейді. Үнін өшірейінші. Жалынамын.

2-жендет. Тұра тұр, қыстырылыспай. Сонымен, ақын мырза, жаны мен тәні алашордашыл найсап, Жапония үлгісіндегі ұлттық демократиялық мемлекет құруымыз керек деп өлерменденген Әлихан Бөкейхановтың жуындысын ішкен қара төбет екеніңді мойындайсың ғой?

Ахмет. Әлихандай алыптың қара төбеті атанып өлсем не арман. Молама солай жазыңдар. Әлихан Бөкейхановтың сарбазы деп жазыңдар мені!

2-жендет. Дурак! Кеңес үкіметін мойындамай, «заман талабына сай ұлттық мәдениет қалыптастырамыз, қазақ қоғамын еуропалық деңгейге жеткіземіз» деп сандырақтаған Әлихан Бөкейхановың қазір қайда? Ұлттық демократиялық мемлекетің қане, қайсы? Ақымақ. Жапонияның сойылын соғып, шпион болып тентіреп кеттіңдер бәрін. Бұған не айтасың?

Ахмет.

Қандай шайтан келсе де,

Алдауына көнбейміз.

Жасайды алаш, өлмейміз!

Жасасын, алаш, жасасын! (С.Торайғыров)

1-жендет. Осыған жүйкемізді құртпай-ақ қояйықшы. Мойындады деп жаза салшы.

2-жендет. Тұра тұр. (*Ахикога*) Мына албастыны танып тұрсың ғой. Бұл да сенің ақпарат жеткізушің.

Ахико(*жапонша*). Чигау, чигау! (Жоқ, жоқ!).

2-жендет. Дұрыс. Таныды, мойындады. Болды осымен.

Еркекті жұлқылап алып кетеді. Сахнада Ахметтің оқыған өлеңдері жаңғырып қалады.

Содан кейін үкім оқылады.

Сот үкімі. КСРО Ішкі істер халық комиссариаты жанындағы Айрықша мәжіліс шешімімен 1930 жылы Сахалин облысындағы Хонто портында дүниеге келген АхикоТэцуро РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-бабы бойынша 10 жылға бас бостандығынан айырылсын...

Ахико. Мүмкін емес! Мен шпион емеспін! Қалай сендіремін, қалай иландырамын сендерді? Адамдар, сендерге не болған? Неге аямайсыңдар? Мен бар болғаны баламын ғой! Адамдар!!!

ЕКІНШІ ЭПИЗОД

Бірінші көрініс

Ахико. Қарлаг – ажал мекені. Қанішерлер мен ақыл-есінен адасқандар үшін жұмақ. Олар осында салтанат құрды. Ал жанарлары жалт-жұлт еткен, жандары шығар-шықпас, ілбіген адамдар болса, ешнәрсеге карамастан Құдай аманаты – Рухтарын дін аман сақтап қала алды. Осылайша көзге көрінбейтін майдан жүріп жатты. Ақ пенен Қараның, Қараңғылық пенен Жарықтың арасындағы майдан. Бірақ бұл бөлек әңгіме... Әзірше мәйіттер

тау болып үйіледі, оларды иен далаға апарып, таяздау қазылған шұңғырларға тастап жатады, денелерін де шала-шарпы жасырады. Түз тағыларының несібесі. Бізбен бірге, бір баракта сондай бір қанішер тұрды. Ол суретші болатын.

Степан. Әй, жапон бала, бері кел.

Ахико. Иә?

Степан. Өлгі әнді айтшы. (Тағы бір тұтқынға). Ал сен, Жылауық, бері кел. Мында отыр. Тыңда әнді. Жыла. Иә. Осылай. Дұрыс. Шырқа, жапон!

Ахико ән салады.

Ахико. Усагийшиканояма

Кобунацуришиканокава

Юмэваимамомегури те

Васурэгатакифурусато

Иканиимасучичи-хаха

Цуцуганаши-я томогаки

Амэникаээницукетемо

Омоидзуруфурусато

Кокорозаши о хагашите

Ицунохиникаказран

Яма вааокифурусато

Мизувакиёкифурусато...

Ахико. Біз ауыр жұмыстан оралғаннан кейін, аш, жалаңаш, құр сүлдері қалған ауру адамдар оның қалауы бойынша түрлі бейнелерге еніп, өнерге деген қажеттілігін қанағаттандыратынбыз. Кейде бірнеше адамды бауыздап, денелерін тау етіп үйетін, кейде дене мүшелерін бөлшектеп, түрлі қалыптар жасайтын. Осындай туындаларын кейде апталап бұздырмайтын. Ондай күндері камера іші өлексе сасып, қалған тұтқындарды жан төзгісіз азапқа түсетін. Бірақ оны ешкім тоқтата алмайды. Себебі түрме басшысының өзі оның өнеріне табынушылардың бірі. Сонымен бірге ол түрме басшылығы үшін арнайы тапсырмалар орындайтын.

Степан. Сюрреализмді олар буржуазиялық өнер деп атады. Ал мен, сюрреалист суретші, алдымен шизофреник жынды болдым да, артынан буржуазиялық қоғамды көкसेген, орыс демократиясын аңсаған жау болып шықтым. Туындыларым өртелді, өзім мында келдім... Дегенмен алғашқы диагноздары дұрыс болды ма деймін. Қазір менің есім сау емес. Жек көремін бәрін! Әсіресе мыналарды! Өнердің иісі мұрындарына бармайтын топас тобыр, кандарынды ішемін!

Басын ұстап сұлық құлайды. Түн. Таң атады, миды тесетін темір дабыл шыңылдап шырт ұйқыдан оятады. Осылай лагерь тірлігі басталады. Әр жерден тұтқындар қыбырлап бас көтере бастайды.

Степан. Әй, жапон, етігім қайда?

Ахико жүгіріп отырып етігін кеуіп тұрған жерінен тауып әкеледі. Тағы бір жасөспірім бала оның шұлығын орап отыр. Ахико соны тосып тұрып қалады. Кенет бір жылаған дауыс естіледі.

Степан. Денем ауыр тартып тұр. Ауырып қалдым, білем. Жапон, сен арқаны жақсы уқалайсың. Түк әлің жоқ, битше жыбырлайсың, бірақ сенің қолың тиген соң сергіп, жақсы болып қаламын. Сен бүгін жұмысқа шықпайсың. Менің қасымда бол. Қалғандарың кетіндер.

Карташы. Карта ойнағың келсе ше? Бұл жапон карта ойнай алмайды ғой.

Степан. Иә, онда сен де қал.

Ертегіші. Мен ше?

Степан. Иә, картадан жалықсам, ертеқ тыңдаймын сен де қал. Болды қалғандарың кетіндер.

Күзетші. 109-шы барак. Сыртқа бетте.

Степан *(күзетшіге).* Әй, бала, бері кел. Мен бүгін үш адамды алып қаламын. Бізге тамақты камераға әкел.

Күзетші. Түсіндім. Жақсы.

Барлығы шығып кетеді. Камераны үнсіздік басты.

Күзетші. Міне, сендерге тағы бір адам костық.

Қолында түйіншегі бар қазақ қария келіп кіреді.

Қария. Амансыңдар ма? Менің төсегім қайсы?

Степан. Мына шал қайтеді?

Күзетші *(қолын сілтеп).* Оған дауа жоқ.

Күзетші басын шайқап шығып кетеді. Камера үнсіз. Барлығы Степанға қарайды.

Степан. Бос төсек жоқ.

Ертегіші. Ғұмырын өнерге арнаған суретшінің әр сәті қимылдан тұратын. Ол тоқтаған емес. Кеудесі салқын әуенге толы, ал жүрегін жалын орап жатыр. Ессіз саусақтары шапшаң қимылдап, бояудан ертегі құрайды. Мұңға оранған сұлу күздің ақтық демі, түн құпиясын шашқан шегіртке шырылы, алыстан шақырған әтеш, күн құрғатып үлгермеген балаң шық – бәрі суретші меншігі, суретші әлемі... Бірде кеудесін кернеген тәтті қайғыдан қажыған ол ұйықтап кеткен. Түс көрді. Аптап дала,

құм. Шексіз белестер. Тыныштық. Өзін-өзі жұтып, үнсіз ыңыранған өлі тыныштық. Мұнда еш нәрсе жоқ еді. Айналасына есі кете жалтақтап, тобығынан құм кешіп келе жатқан суретші төбесінен өткен ыстықтан басының айналғанын сезді. Құрғақ тілі аузына сыймай сыртқа шықты. Тыр жалаңаш әлем аспанмен арбасады. Меңіреу құм патшалығы. Қанша тырысса да Суретші ояна алмады. Оның ендігі мекені осы болатын...

Қария. Бет-аузымды қайда шайып алсам екен?

Ахико. Ата, бұнда су жоқ қой. Айдың соңында моншаға апарады.

Қария. Қап, намазды қалай оқимын?

Степан. Шал, ауызыңды жап. Басым әкетіп барады. Ахілеп, ухілеп қанымды іштің.

Шал аулақтау жерге барып отырады. Қолындағы түйіншекті жайып, жайнамазға айналдырып, намаз оқи бастайды.

Степан. Нет, я так не могу. Күзетшіні шақыршы.

Күзетші. Неге шақырдыңыз?

Степан. Мына шал құдайына жалбарынып жатыр. Сен білесің ғой, ондай нәрселерді менің суканым сүймейді. Алып кет басқа жерге.

Күзетші. Енді ол былай ғой... Оны әдейі осы камераға салып отырмыз ғой.

Степан. Да?

Күзетші. Әдейі сізге, өзіңіз бір жөнін табады деген үмітпен. Сізді, сіздің әдістеріңізді біз жоғары бағалаймыз ғой, оны өзіңіз білесіз.

Степан. Дәл бүгін жағдайым болмай отыр еді. Басымның сақинасы қысып барады.

Күзетші. Арақ ішесіз бе?

Степан. Әкел.

Күзетші (сондай тылсым мағына беріп, саусағын төбеге шошайтып). Бұл – сиқыршы шал.

Степан. Сиқыр-миқырымен қосып быт-шыт қылайын.

Күзетші. Біз тек өзіңізге сенеміз.

Степан. Аtpадыңдар ма?

Күзетші. Ұятты болып тұрмыз.

Степан. Немене?

Күзетші басын шайқап шығып кетеді.

Степан. Әй, шал сен өзің маңызды шишка болдың ғой. Екінің бірін маған әкеле бермейді.

Қария оған қарамайды, намазын оқып жатыр.

Степан. Жарайды, жалбарынып ал құдайыңа. Бүгін түннен

қалмай барасың оған. Саспа. В лучшем виде доставим. Жарайды, жапон, арқамды уқала. Бері кел.

Етбетінен жатады. Ахико арқасын уқалауға кіріседі. Шал намазын оқып болып орнынан тұрады. Камераны аралап қарай бастайды. Етбетінен жатқан Степанға, оның арқасын уақалап отырған жапон балаға қарайды. Карта ойнап отырғандарға қарайды.

Ертегіші. Шал, қалай қызық па?

Қарташы. Кел, отыр, үшінші боласың.

Қария (*мырс етін*). Жок.

Степан кенет қарқылдап күліп жібереді. Барлығы аң-таң оған қарап қалған.

Степан. Шал, қане отыршы, қолыңа карта ал.

Қарташы (*естілер естілмес күбірлен*). Тағы бастады, құдай-ай.

Ертегіші оны тек дегендей түртеді.

Степан. Мында отыр деймін, шал.

Қария. Айналайын, қолыма карта ұстаған жан емеспін. Қыстама.

Степан. Мынаған түсіндіріңдерші.

Ахико. Ата, ойнамайсыз, жай отырарсыз.

Қария. Қарағым, жай да отырмаймын. Буынсыз жерге пышак ұрма.

Степан. Нет, я так не могу.

Қанжарын шығарып шалға беттейді.

Степан. Отыр деймін жаныңның барында.

Қария. Қарағым, қанжарыңды қоқандапта. Сен сияқты әумесердің талайын көргенмін. Қорықпаймын.

Степан. Нет, я так не могу. Мен қазір қанның иісіне шыдай алмаймын, жүрегім айнып барады. Соны пайдаланып тұрсың, сен шал.

Қария. Қарағым, бар, ана жаққа барып ойна, мені қайтесің.

Степан. Ақылынан алжасқан шалды неменеге әкеледі маған. Өздері-ақ өлтіре салмай ма, өңшең арамтамақ, жатыпшіер. Қандай сәтті бұзып тұрсың, сен шал... Мына екеуінің қасында осы қалпыңмен қолыңа карта ұстап сен де отырсаң, ал жапон бала, сен қолыңа шелек ұстап, мына жерде состиып тұрсаң, қандай картина болар еді... Барак, карта ойнап отырған діндар шал, екі тұтқын, үрпиген жасөспірім. Ахико, сен періште болар едің, азған, азғындаған, қоқыс әлемге өз көзіне өзі сенбей есеңгіреп қарап қалған періште... Ал сен шал қолтығыңа құранды қысып аласың былай...

Қария. Астапыралла... *(дұғасын күбірлеп кетеді).*

Степан. Барлығын бұздың. Енді мен сені бұзамын. Етіңді бұзамын.

Қария. Ой, тоба-ай...

Степан барып өзінің төсегіне жатып қалады. Камера ішін үнсіздік басқан. Аздан кейін Степан қайта басын көтереді.

Степан. Менің қандай адамдардың қанын ішкенімді білесің бе? Басым, басым, басым-ай. Күзетшіні шақыршы.

Күзетші келіп кіреді.

Степан. Арағың қайда?

Күзетші. Міне.

Степан. Жақсы. Дәрігерді бері жіберші. Тұла бойым мұздап, калшылдап барамын. Суықтап қалдым білем.

Күзетші. Дәрігер сыртта, келген соң өзім апарамын сізді.

Степан. Басымның сақинасы ұстады. Бүкіл денем мұздап, калтырап барамын.

Күзетші. Иә, сәл шыдаңыз. Арақ іше тұрыңыз.

Арағын береді. Карташы мен Ертегіші Степанды аялап жатқызады.

Степан. Давай.

Степан *(күзетші).* Қасыма күзет қойыңдар.

Күзетші. Жақсы.

Степан. Ертегіші, ертегі айтшы.

Ертегіші қасына отырып, оны басынан сипап, аялап ертегі айтуға кіріседі.

Күзетші. Болды, ұйықтады.

Әркім өз бұрышына барып, өз істерімен айналысады. Қария жерге отырып, алысқа қадалып ойланады.

Қария.

Тоғай, тоғай, тоғай су,

Тоғай қондым, өкінбен.

Толғамалы ала балта қолға алып,

Топ бастадым, өкінбен.

Бүгін, соңы өкінбен

Өкінбестейболғанмын.

Ер Мамайдыналында,

Шаһиткештім, өкінбен *(Доспамбет жырау).*

Ахико. Ата, қатты сөйлемеңіз. Ана кісі оянып кетсе, жаман болады.

Қария. Жақсы, балам. Сөйлемей отырамын. Е, алда байқұс бала-ай, көзі шүңірейіп, қазақтан аумайды. Қалақтай ғана. Нысыпың кім?

Ахико. Ахико. Жапонмын.

Қария. Жапон деген қай жақта?

Ахико. Қай жақта қалғанын өзім де білмеймін...

Қария. Ештеңе етпейді.

Ахико. Иә...

Қария. Ештеңе етпейді...

Ертегіші. Тыныш, өтінемін ақырын сөйлеңіздерші...

Қария. Иә...

Ахико. Қарным ашты, ата...

Қария. Мә, мынаны талғажу ет.

Ахико. Бұл не? Мынауыңыз тас қой.

Қария. Құрт. Қазақтардың тамағы... Аузына салып жүрсең, әл береді...

Ахико. О, дәмді, рақмет сізге.

Степан (*кенет айқай салып*). Жоқ! Бүгін маған тыныштық жоқ екен! Күзетшіні шақырыңдар!

Ертегіші ұшып барып есікті қағады. Күзетші келіп Степанмен бір нәрсені күбірлесіп сөйлесіп, оны алып шығып кетеді. Аздан кейін дабыл қағылып, жұмысшылардың қайтқанынан хабар береді. Камераға қаптап тұтқындар кіре бастайды. Барлығы азып-тозған, жүдеу.

Сейфолла. Япырым-ай, казакпысыз? Ассаламағалейкүм, ақсақал.

Қария. Уалейкүмассалам, балам. Қай жақтың ұланысың?

Сейфолла. Ұлан дегенде... Мына Сәдуақас екеуміздің жасымыз алпысты алқымдап қалды. Ұландықтың ауылынан алыстап, қыр астық па деймін.

Сәдуақас. Сізді де тұтқындаған екен ғой. Құдайдан қорықпайды бұлар. Жасыңыз қаншада?

Қария. Токсанның үшеуіне келдім, балам. Сендерді не үшін жапты?

Сәдуақас. Алдымен халық жауы деп ұлды алды. Артынан «баласы үшін әкесі жауап береді» деп мына Сейфолла екеумізді камады.

Қария. Сейфолла, Сейфолла. Атың да, жүзің де таныс, шырағым.

Жігіт ағасы жалт етіп бетін бұрып кетеді.

Қария. Қай баласың?

Сейфолла. Ақсақал, сіз мені танымаңыз. Танымағаныңыз дұрыс.

Қария. Бұл не дегенің?

Сейфолла. Кесірім тиеді, ата. Танымаңыз, танымаңыз мені.

Бөлменің басқа бұрышына кетіп қалады.

Сәдуақас. Әй, Ахмет, бері кел, мында ақсақал кісі отыр. Қазак екен.

Ахмет келіп амандасады. Көрісіп, жылайды.

Қария. Босама, балам. Жылама.

Ахмет. Жыламайтын шама қалмады ғой, ата.

Сәдуақас. Бұл балаңыз – ақын. Нағыз ақын. Міне, үйінен хабар келіп отыр. Әкесі тұтқындалыпты.

Ахмет. Халық жауының әкесі депті... Қайран шешем аңырап жалғыз қалды. Осындай жағдай, ата... Қарап жүрмей, әкеме кесірімнің тигені-ай.

Сәдуақас. Олай деме, балам. Біз де отырмыз, ешқандай өкініш жоқ. Сендер көргенді біз де көрсек, не арман. Үйде сары уайымға салынып құса болып жатқанша, осылай ат үстінде, ер өліммен алсын құдай.

Қария. Дұрыс айтасың, балам.

Ахмет. Әкем өмірінде жан адамға қиянат жасамаған момын адам еді... Бес уақыт намазын қаза қылмайтын... Бұл зұлматқа не үшін ұшырады? Бұл қай сынағы Алланың?

Сәдуақас. Күйреме, балам, көппен көрген ұлы той. Рухы жасымағанды ешкім жасыта алмайды. Балақай Ахико да жүр ғой бұл жерде. Жылағанын, жасығанын көріп пе едің? Ахико, балам, мына ағана ақыл айтшы, әйтпесе ақынжанды нәзік жігіт, көңілі босап жатыр.

Ахико. Мен де әкемді сағындым.

Ахмет. Эх, бауырым-ай!

Ахико. Мен әкеммен ойша сөйлесемін, сіз де солай істеніз.

Ахмет. Жарайды...

Сәдуақас. Нысыпыңыз кім болады, ата?

Қария. Ақайдың Қасені дегенді естуің бар ма? Мен сол Ақайдың Қасенімін.

Сейфолла*(қайта келіп).* Япырым-ай. Алдына 17 мың жылқы біткен, қазақ-орыс мектебін ашып, болыс болған Ақайдың Қасені ме?

Сәдуақас. Ол кісіні отызыншы жылдары-ақ қызылдар атып тастады дегені қайда?

Қария*(күліп).* Атса, осылай отырамын ба.

Ахмет. Жел сөз болғаны ғой, япырым-ай.

Сейфолла. Атағай, бар екенсіз ғой, қайтадан жақсылап көрісейікші.

Барлығы қайта қауышып, көріседі.

Қария. Еее, балаларым-ай. Шүпілдеген балапандарым-ай. Мына тура біз отырған жерде 4 мың киіз үй тұрды, жалпақ жұрт жатты. Сексен мың адам мекен еткен шалғыны шұрайлы, берекелі ел еді. Халықты қынадай қырып, тірі қалғанын атамекенінен түре қуғанда көрде жатсам да тұрып келетін едім. Ұлардай шулаған елімді көргенде бұғып қала алмадым, қарақтарым.

Сейфолла. Сонда қалай, қарсы шықтыңыз ба?

Қария. Түрме басшысына келіп, мына жерді босатындар, кетіндер, әйтпесе сендерді аруақ атады, қарғыс атады дедім. Содан тұтқынға алды... Міне, енді дәм-тұз айдап өздеріңмен кездесіп отырмын.

Сәдуақас. Көрмегенім жоқ десеңізші...

Қария. Балам, мен сені таныдым. Сен Сейфолласың ғой. Ақын Сәкеннің әкесі, кәдімгі аңшы, домбырашы Сейфолласың.

Сейфолла. Иә, Сейфолламын. Ал мына балаңыз Сәкеннің жан досы, мұраттасы Жанайдар деген саңлақтың әкесі... Тек, абыз ата, сізді қосып ала кетер ме екенбіз. Мына жер толы жансыз. Сөйлесті деп жеткізсе, сізге обал болады.

Қария. Енді бұндай сөзді айтушы болма маған. О несі...

Сейфолла. Наркескендей жаркылдаған, саңлағым, Сәкенімді жапқандары аз бұл азғындарға... енді елдің ақсақалдарына ауыз салыпты. Қазақты қайтер екен, ата. Жер бетінен тайлы тұяғын қалдырмай жоқ қылар ма екен, не болдық, ата?

Сәдуақас. Өз еліне, өз жеріне, өз елінің ардағына дұшпан әлдекімдер әлдеқайдан кенет пайда болды, олар қайдан шықты? Оларды да ма мына қасиетті сары дала туды ма? Біз туған жер олардың да отаны ма? Мен сенбеймін.

Сейфолла. Сәкен мен Жанайдарды үстінен арыз жазып, ұстатып жіберген қасында жүрген өз жолдастары. Қызғаныштың қызыл түлкісі іштерін тырнап, тыным бермепті, ақыры замандары туып, жұлдыздары жаныпты... Ертеңгі күн не болар екен? Солардан туған, солардың тәрбиесін көрген, солардың уағызын естіп өскен ертеңгі күн баласы қалай болар екен?

Қария. Ұлдар қазір қайда, аман ба?

Сейфолла. Кеше түскен елдің бір жігіті Сәкенімнің бір ауыз өлеңін ала келіпті. Тірі сияқты, бірақ әлі абақтыда тәрізді. «Залымдардың жасаған аранына уландық» депті...

Қараңғы, суық зынданды

Жатақ қылды тәніміз.

Қылыштың жүзі, мылтықтың

Аузында болды жанымыз.

Өмірінде жауыздың

Кетіп адам сәніміз,
Арыстандай жаралы
Өргенді қайнап қанымыз.
Бір шұңқыр су, түйір нан
Үйреншікті ас болды.
Күл, көмір, кикым, тоң төсек,
Жастығымыз тас болды.
Тас көмірдің топырағы
Денені басып қаралап,
Тас көмірдің түтіні!
Өкпені қауып аралап,
Қырлы темір шынжырлар
Қол-аяқты жаралап,
Жауыздардың дұзағын
Көрдік қорлық, азабын! (С.Сейфуллин)
Сәдуақас. Балалар осы, ел мынау...

Қария. Босама. Босамандар. Пешенемізге солай жазылған соң амал қайсы, бұл халық тумай жатып талай зобалаң көріп, талай нәрседен торығып та, тарығып та өскен. Бірақ біржола үмітсіздікке берілмей, іштей медет іздеп келген ұрпақтың өкіліміз. Ақылдары жеткенге амалдары жетпей, амалдары жеткенге ақылдары жетпей айнала толы азулы дұшпандармен алысып, шығарға жаны, тamarға қаны сарқыла жаздаған халқымның зарыққанын көріп демер, тарыққанын көріп Жаратқан Ием жебер. Құдай ынсап берсе, ыждаһат берсе берсе, басқалар жеткен мұратқа біз де жетерміз. Жасымандар. Намыстың сөзін сөйлендер. Ал, енді ұйықтаңдар. (Ө.Кекілбаевтың сөйлеген бір сөзінен бейімделіп алынды).

Түн. Ахико мен Ахмет оңаша отыр. Барлығы ұйықтап жатыр.

Ахмет. Жарықтық, күн шығып келеді екен ғой. Анау қырдың астында біздің ауыл бар. Күн! Қып-қызыл шапағын шашқан күнді карашы. Қандай керемет?! Ертеде Ғұн деген мықты ел болған. Қазақтар сол ғұндардың ұрпағы. Ғұн – қазақтың арғы атасы. Ғұн дегені – Күн дегені ғой. Күн... еркіндік символы.

Ахико. Жапонияда да Күн тура осылай шығады... Таң дәл осылай рауандап атады...

Ахмет. Мына зынданнан әлі-ақ шығамыз, Ахико. Әлі-ақ темір тордың арғы бетінде талай мәрте өлең оқимыз, көк майсаға аунап, сайран саламыз. Қара да тұр, Ахико, айтқаным айдай келеді... Мен сені өзімнің ауылыма апарамын, анаммен таныстырамын...

Ахико. Содан кейін Жапонияға барамыз. Мен сені өзімнің әке-шешеммен, бауырларыммен таныстырамын.

Ахмет. Жүрегімнің алып-ұшып дүрсілдегені несі...Ахико, маған бір уәде бересің бе?

Ахико. Берейін. Қандай уәде?

Ахмет. Егер... егер... мына қапастан сен аман шығып, ал мен... шыға алмасам анамды тауып, менің хабарымды жеткіземін деп уәде берші!

Ахико. Екеуміз бірге шығамыз дедік қой.

Ахмет. Мен қорқамын.

Ахико. Неден қорқасың?

Ахмет. Ақын болып шығып ем текті ортадан,
Өкініштен өзекке кек толтырам.
Қанмен жазған жырымды келер ұрпақ,
Оқи алмай ма деп қорқам!!!

Ахико. Олай деме, Ахмет!

Ахмет. Сақтықта қорлық жоқ. Міне, мынау менің жыр дәптерім. Осыны тапсыршы Анама. Ұлтыма айтар аманатым бар. Аманатымды жеткізші Анама! Уәде берші...

Ахико. Жарайды...Жеткіземін! Міндетті түрде тапсырамын.

Ахмет. Бірақ ұмытып кетпе, бауырым.

Ахико. Ұмытпаймын.

Ахмет. Келістік.

Кенет есік ашылып, аяғын мысықша басып Степан кіреді. Ахмет пен Ахико оның қолынан қанжар көреді. Степан қарияға қарай бара жатыр. Ахмет да жоғарыдан түсіп оның артынан жүгіреді. Арпалыс болады. Ақыр аяғында Ахмет сылқ құлап, қозғалмай қалады.

Ахико. Ата, ата! Ахмет!

Бүкіл камера оянады, шам жанады. Олар Степанға тап береді. Атқан дыбыс естіледі. Қария Ахметтің бас жағында Құран оқып отыр.

ҮШІНШІ ЭПИЗОД

Бірінші көрініс

Қарлағ торының бергі жағы. Тұтқыннан босап, әл-дәрмені біткен адамдар әр жерде шашылып жатыр, біреу отыр, біреу бостандықта екеніне сенер сенбесін білмей меңірейіп тұр. Кенет екі жендет пайда болып оларды әй-шай жоқ ата бастайды. Содан соң мәйіттерді сүйреп, алып кетеді.

Ахико. 1954 жылы мен рақымшылыққа ілігіп, лагерь қапасынан босап шықтым. Абыз-қария, Степан өлгеннен кейін ғайып болды. Алашын жырға қосқан ақын Ахмет өлді... Сейфолла аға мен Сәдуақас аға атылды... Қалғандары да солардың жолын құшты...

Қарлағтан шыққанда жасым 25-те, ал салмағым 24 келі болды. Тірімін деп те, өлімін деп те айта алмайтын бір өліара күйде едім. Арғы дүние мен бергі дүние тұтасып, шекара сызығынан ажырайтын бір жай бар. Қалтамда «Ахико Тецуро–Қарағанды еңбекпен түзеу лагерінде 58-бап бойынша «халық жауы» деген айыппен 10 жыл отырып шықты» деген қағаз ғана бар. Қай халыққа жау болдым, қалай жау болдым – беймәлім күйінде қалды. Ұсталғанда өзім мойындаған «жапон тыңшысы» деген жала ше? Он жылға созылған қапастың қай тұсында сусып түсіп, қалай «халық жауы» деген мүлде басқа бапқа өзгеріп шықты? Білмеймін. Бұл маңызды да емес. Қарлағтың темір торының бергі жағындағы жайнаған әлемге, көкпеңбек аспан мен мөлдір тұнық ауаға мас болып, бетім ауған жаққа жүре бердім... Қасиетті Сарыарқаның жусаны өн бойымды қуалап, буыныма түсті...

Ахико жерге құлап, сұлап жатыр. Айналасына кенет жапонша киінген әйелдер пайда болады. Оны қоршап, демеу болғылары келгендей жанталасып жүр. Жапонша бесік жыры.

Катя. Апа... Апа! Мұнда келші, тезірек! Мына жігіт тірі секілді...

Ақтамақ. Балам, көзіңді аш, балам, көзіңді аш...

Катя. Апатай, қозғалмайды... Өліп қалған сияқты.

Ақтамақ. Жоқ, дем алатын сияқты. Қане шалап алып бер... Әй, балам, мә, шалаптан ұртта. Ұртта. Қомағайланып ішпе, ішпе деймін, болды.

Ахико. Анашым... анашым... жеттің бе... келдің бе... көмектесші, құтқаршы... (Ахико сандырақтап жапонша сөйлеп жатыр). Окаасан, окаасан... Анашым... Анашым...

Ақтамақ. Ия! Ия! Анаңмын. Анаңмын. Жата ғой...

Ахико. Анашым...

Катя. Апатай, апатайым менің! Есін жинады. Мені де дәл осылай аузыма ақ дәм тамызып, аман сақтап қалып едің ғой, айналайын апатайым!

Ақтамақ. Балам, басыңды көтерші! Көзіңді ашшы!

Катя. Апа, қу сүйегі қалыпты, өліп қалатын сияқты ғой. Қорқам, апа.

Ақтамақ. Неменеге қорқасың. Жаман ырым шақырма! Өзір жаны бар.

Катя. *(орнынан көтеріліп, кенет алыстан қарайған екі жендетті көріп тұрып қалады.)* Апа! Бұлар қайдан шықты? Бізге қарай келе жатыр.

Ақтамақ. Қорықпа, қызым!

Екі жендет келеді. Ахиконың алақанындағы қағазды алып оқиды.

1-жендет. АхикоТецуру–Қарағанды еңбекпен түзеу лагерінде 58-бап бойынша «халық жауы» деген айыппен 10 жыл отырып шықты.

2-жендет. Ммм...АхикоТецуру! Жапон болды ғой... Тірі ме екен?

Катя. Жаңа ғана, жан тәсілім етті...

2-жендет. Жапон, шпион, халық жауы!

1-жендет. Сонда да «контрольныймен» ата салу керек.

Мылтығын кезеніп, атуға оқталады.

Ақтамақ. Токта!!! Мен сені таныдым! Ахметтей азамат ұлымды астыртын ұстап әкеткен – Сенсің! Түн жамылып, жымысқы келіп, киінуге шамасын келтірмедің! Қайда менің, оғланым?

1-жендет. Оғланым дей ме? Кімді іздеп жатыр?

Ақтамақ. Ахмет. Ахмет деген ұлым. Ақын. Қатарының алды еді. Елін сүйген, жерін сүйген азамат еді... Ертең-ақ бұл қылмыстарыңның беті ашылып, халыққа белгілі болады. Сонда жауап бересіңдер!

2-жендет. Қалай белгілі болады?

1-жендет. А, Ахмет пе? Ол түрмеде өлген баяғыда. Соны айтып тұр ма?

Ақтамақ теңселіп, орнынан тұрып жүріп кетеді.

Ақтамақ. Өлген, өлген... Қалай өлген. Боздағым-ай... Өлген екен ғой...

Орнына қайтып келеді.

Ақтамақ. Мен – ақ жаулығы, адалдықтың ақ туындай желбіреген Анамын! Ботасын іздеп, боздаумен ғұмыры өткен Аруанамын. Шалымның жанын алып едіңдер, немене сендерден қорқады деп тұрсындар ма? Немене менің жанымды баламның жанынан артық деп тұрсындар ма? Жастығымды ала жатамын...

Екі жендет сұрланып кеткен.

Шындықтың бетіне қарауға қорқамасындар! Ақиқаттың жанарына тіке қара алмай, жасқанасындар, ә? Ия, Шындық –

әділетсіздікті қашан да көзге шұқиды. Ақиқат кеш келсе де, алдарында тұр? Не дейсіңдер?

1-жендет. Кеш келген шындықтан не қайыр? Кешіккен әділдікте не дәрмен бар?

2-жендет. Адасқан ақиқатта не мән бар!

Ақтамақ. Замандарың туып, қолдарына қару ұстадыңдар! Қорғансызға күш көрсеттіңдер! Қара туларың асқақтады. Астыңдар, тастыңдар. Дүние кезек... Бұл заман да өтер. Әлі-ақ туар әділеттің ақ таңы. Болашақ ар соты жандарыңды күйдіріп, келешектің қаһары соғар әлі сендерді...

2-жендет. Токтат! Жетер енді.

1-жендет. Қара ту емес, асқақтаған қызыл ту біздікі. Отан үшін от кештік, кең байтақ советтік елімізді ішкі және сыртқы жаулардан қорғадық. Қорғай береміз де! Сен бізге кедергі бола алмайсың!

Ақтамақ. Қуғын-сүргінге ұшырап, «Карлагта» азап шеккен, «Халық жауы» деп жалған жаламен атылып кеткен... Мынау ақиық арыстардың жазығы не? Неге аттыңдар? Ұлтымның алтын дінгектерін, алып бәйтеректерін неге, не үшін құлаттыңдар?

1-жендет. Совет өкіметі тым қайырымды, тым кеңпейіл.

Катя. Қайырымды?... Еділ бойын мекен еткен немістерге жасағандарың қайырымдылық па? Бір түнде жер аудардыңдар. Менің әкем мен анам қайда? Олардың ақ жуып, арулап көмілмеген денелері қай төбеде қалды?

2-жендет. Олар... Олар... Совет өкіметіне өте қауіпті адамдар болды.

1-жендет. Біз Отан алдындағы борышымызды өтеп жүрміз!

Ақтамақ. Ерді елінен, елді ерінен айырған қандай борыш ол? Менің Ахметім, шалым, мынау жаны шығар-шықпас бала – жау емес. Олар қайдан жау болады? Жаулық жасау – олардың санасына кіріп шықты ма екен? Жай ғана өз өмірлерін сүріп, ар-ождандарын ту етіп сақтап келе жатқан адамдар еді... Момын еді, тыныш еді... Жау мына сендерсіңдер!

2-жендет. Буржуазиялық қоғам құруды көксеп, Жапония сияқты ұлттық мемлекет құрамыз деп, елішіне іріткі салғандардың ішінде сенің ұлың мен шалың да болды. Сен сауатсыз кемпірсің, нені білемін, нені түсінемін деп тұрсың? Ұлыңның тергеуде айтқан сөздерін естісең, бетіне өзің-ақ түкірер едің.

1-жендет. Бұнымен несіне сөз таластырып тұрсың? Болды, атайық та, кетейік.

Ақтамақ. Қашанғы осылай салтанат құрамын дейсіңдер... Қашанғы осылай жасаған қиянатың, зымиян тірлігің бойыңа

сіңіп, мылтығымды шошандатып жүремін дейсің. Келер ұрпақтың алдында есеп берер сәт туар... Адамның қанын судай шашып, болашаққа жол аштым дейсің бе? Құны жұрттың қаны, аналардың көз жасы, мынандай жетімдердің тас-талқан тағдыры болған не әділдік ол сонда?

1-жендет. Мен сені қазір атпаймын. Мына фашист қызынды да жіберемін.

2-жендет. Бірақ көресің, мен тағы айналып келемін. Мен осында жүремін. Сенің қасыңда, маңыңда боламын. Мен сені көзімнен таса қылмаймын.

1-жендет. Біз тірі жүрмесек те, біздің көлеңкеміз қалады жер бетінде. Біздің суық ызғарды ұрпағыңның ұрпағы сезетін болады, ұрпағыңның ұрпағын қояншақалтыратамыз әлі.

Ақтамақ. Ах, атаңа нәлеттер!

Аулақта жатқан айырды ала ұмтылады.

Катя. Апатай, апатай! Болды, қойыңызшы. Қойыңызшы, қорқып барамын.

Ақтамақ (*Катяны құшақтап, тербетін*). Бұлар атпайды, бұлар сондай қорқау ғой, балам.

Катя. Еш нәрсе демей-ақ қойыңызшы, детдомға қайтып оралғым келмейді.

Ақтамақ. Оралмайсың, оралмайсың, болды, қойдым, айнама, қойдым. Қойдым.

Екінші көрініс

Ақтамақ пен Катя Ахиконы орнынан тұрғызып, отырғызады.

Ақтамақ. Альберт, Альберт! Бронислав! Қайдасындар? Көмектесіңдер.

Екі жігіт жүзгіріп шығады. Ахиконы көріп жанталасып, екі жағынан сүйемелдейді.

Ақтамақ. Альбертжан, тура сен жатқан жерде жатыр екен, бұл да түрмеден шығыпты. Өңі қазаққа ұқсайды, бірақ қазақ емес, тілі басқа.

Бронислав. Не дейді? Қытайша сөйлейтін сияқты.

Альберт. Жоқ, жапон.

Катя. Иә, жапон, жапон, жаңағы жендеттер те солай деді ғой. Шалап іш... ұртта!

Бронислав. Жаны шығар-шықпас...

Ақтамақ. Енді бір нәрсе етіп адам қылайық, балалар, өлтіріп алмайық...

Ахико есін жинайды.

Катя. Апа, мынаны қарашы... Бешпентінің ішінен шықты...
Қалың дәптер.

Ақтамақ. Мынау менің Ахметімнің жазуы ғой. Мынау менің Ахметімнің аманаты ғой...

Қарағым, дұғағөйім, камқор анам!
Арнап хат жазайын деп, алдым қалам.
Сені онда, мені мұнда аман сақтап,
Көруге жазғай еді Хақ тағалам!

(Ахмет Байтұрсынов «Анама хат» өлеңі)

Катя. Апа, апатай, жыламышы...

Бронислав. Барлығы жақсы болады, апа, уайымдамаңыз, демалыңызшы, өзіміз қараймыз.

Алыстан ағарып Ахметтің елесі көрінгендей болады.

Ахмет. Отырмын абақтының бөлмесінде,
Бұйрықсыз көз жетеді өлмесіме.
Есіктің құлпы мықты, күзетші кеп,
Ажалдан басқа ешкім келмесіне.
Қоршаулы айналасы, биік қорған,
Берік қып салған темір терезесіне.
Қалайша мұны көріп көңіл сенбес
Аттанып жау келсе де бермесіне.
Каламда Лаухул-Махфуз ұмытқан ба,
Жазбапты бұл орынды көрмесіме.
Қаңбақпен салмағың тең бұл бір заман,
Ылаж жоқ жел айдаса ермесіне.
Тайпалған талай жорға, талай тұлпар
Тағдырдың кез болып тұр кермесіне.
Солардан жаным, тәнім ардақты емес,
Орынсыз күйзелейін мен несіне!

(Ахмет Байтұрсынов «Анама хат» өлеңі)

Барлығы сүйемелдеп алып кетеді.

Ақтамақ. Адамды заман билейді, боркемік етіп илейді, адам оған күйрейді, басын бірақ имейді...Адамды жеңу қайда... Ұлымның қаһарман өлімін естіртіп, хабарын алып келген Ахиком сол Ахметімнің орнын басты. Ішімнен шыққан ұлымдай... Жанымның түбінде өн бойымды қыздырып тұрған тобықтай ғана ыстық қорғасын сол тәрізді. Әбден бауыр басып алдым. Сондай елгезек, сондай сыпайы. Оның үстіне... Оның үстіне Катя, жаныма жалау болып, қарайып қасыма ерген Катям сол Ахиконы жақсы көретін тәрізді... Екеуінің бір-біріне деген ыстық ықыласын, ілтипатын жүрегіммен сеземін. Үкідей

касиетті іңкәрліктерін үркітіп алмайын, кесірім тиіп кетпесін деп алыстан ғана бақылаймын. Балаларымның бақытын баянды ете гөр деп жалбарынамын... Басқа балам бір төбе, Ахиоком бір төбе... Ойбай, кесірленбейін, асылық айтпайын. Алла тағалам барлығына ғұмыр бер. Кешіре гөр, кешіре гөр, Аллам...

Құдайға жалбарынып, бетін сипап бата жасайды. Ахио мен Катя алып бәйтеректі айналып қол ұстасып келе жатыр.

Катя. Біз бақытты бола аламыз ба?

Ахио. Біз бақытты боламыз... Қарлагтың ар жағында мәңгі қалған тұтқындар үшін; сенің бауырларың үшін, бұл күнге жетпей арманда кеткен ата-анаң үшін... Біздің бойымызда олардың аманаты бар... Сезесің бе?

Катя. Қорқамын...

Ахио. Қорықпа, мен сенімен біргемін.

Катя. Мәңгіге ме?

Ахио. Мәңгіге...

Катя. Өз үйіміз болады...

Ахио. Өз үйіміз болады, балаларымыз болады... Бәрі болады...

Катя. Бейбіт ғұмыр сүреміз, енді қайтып жыламаймыз...

Ахио. Иә...Бейбіт ғұмыр сүреміз...

Пошташы. Ахио!!! Ахио!!!

Ахио. Не болды?

Пошташы. Саған бір одағай хат келді.

Ахио. Одағай деген не?

Пошташы. Конвертiнiң өзi бiртүрлi, қарашы.

Ахио. Мынау жапонша жазу ғой.

Пошташы. Онда сүйiншiмдi бер.

Ахио. Берем сүйiншiндi.

Пошташы. Онда алдымен биле.

Ахио. Ей, кетшi, әкел хатты.

Пошташы. Бермеймiн.

Катя. Мынау жынды ғой. Берсеңшi.

Пошташы. Алдымен сүйiншiмдi берiңдер.

Ахио (*қалтасынан ақша шығарып*). Мә, мынау жете ме?

Пошташы. Ойбай, тым көп қой.

Ахио. Әй, хатты гаста да, жоғалтшы көзiңдi. Жапониядан. Жапонша жазуды да көретiн күн бар екен ғой. (Иiскейдi). Теңiздiң, тұздың, балықтың иiсi шығады. Кiм, не жазды? Менi iздеп жатыр ма сонда! (*Хатты ашады*). Әкем... әкемнiң жазуы...

«Қадірлі ұлым, Ахико. Сонау алмағайып кезеңде өзіңнен көз жазып қалған едік. Анаң не өлі деген, не тірі деген хабарыңды білмей, құсадан өлді. Сені іздемеген жеріміз жоқ. Жуырда Қарлагта, Қазақстан жерінде өзіңмен бір камерада отырған жерлесіміз келіп, дерегінді айтты. Басыңа қанша қиыншылық түссе де, өміріңді сақтап қалғанына ризамын, құлыным. Енді сені Жапонияда күтемін. Бауырларың да, кәрі әкең мен де өзінді дегіберсіздене күтіп отырмыз»

Ахико. Анам, анашым... Жатқан жерің жарық болсын... Әке, әкетайым, тірі екенсің ғой, бар екенсің ғой...елге оралу...елге оралу...

Катя. Ахико, бұл қалай болғаны? Мен ше? Жаңа ғана айттың ғой...

Ахико аңырып тұрып қалады.

Катя. Апам ше? Ақтамақ артымда ұл бар, шаңырағымды ұстап қалатын атқа мінерім бар деп алаңсыз жүр емес пе? Оны қайтесің?

Катя жүгіріп кетіп қалады.

Ахико. Мен, әрине, Жапонияға жолға шықтым. Әкемді, бауырларымды көргім келді. Бүкіл жапон елі аяқтарынан тік тұрып қарсы алды. Әуежайда гүл шоқтарын ұстаған, «Туған жеріңе хош келдің, Ахико» деген жазулары бар плакат ұстаған жұрт. Барлығы шаттанып жатыр. Жат жерде, лагерьде қалған соңғы жапон елге оралды деп ұлан-асыр той жасады елім. Өзімді қаһарман сезіндім. Керемет болды... Көзім көріп тұрса да, көңілім сенбеді. Еңіреп жыладым. Мауқымды басу қиын болды. Лагерьде көрген тауқыметім, содан кейінгі қиындықтар – барлығын осы бір сәт басып кетті. Елге дәл осылай оралу үшін барлығынан қайта өтуге бар едім. Сөзбен айтып жеткізе алмаймын... Әкем балаша қуанды. Бауырларымның да көздерінде жас... Бірақ мен әке дедім... Әке... Өзіңнің самурайыңды қасымда қал деп қыстама, отанына опасыздық жасатқызба. Қазір менің отаным – Қазақстан. Онда кәрі шешем қалды... Катя қалды. Олар мені күтіп отыр. Батаңды беріп, еркіме жібер... Тағдырдың шешімімен сол бір елге байландым. Он бес жасымда Жапониясыз қалып жүрегім гүл-парша болып еді, енді екінші мәрте сол кепті кешкізе көрме маған, әке дедім... Әкем күйресе де, іштей бордай тозса да, босатты...

Үшінші көрініс

Ахико үйге кіріп келеді.

Ахико. Апа! Апатай!

Ақтамақ. Ахико ма? Ахиконың дауысы ғой!

Катя. Ахико! Ахико!

Олар көріседі.

Ақтамақ. Сайыпқыраным-ай, оралдың ба?

Ахико. Оралдым, оралдым! Сіздерді сағындым... Апа, батаңызды беріңізші! Катя екеумізге бата беріңізші.

Ақтамақ. «Өшкенім – жанды, өлгенім тірілді». Міне. Біздің шаңыраққа да келін түседі, той болады. Міне. Айна-ла-йын.

Ақтамақ бата береді:

Бақытты бол, бағың ашылсын,

Босағаңа жамандық жетпесін

Төріңнен жақсылық кетпесін.

Ұлың он шақты болсын,

Қызың моншақты болсын.

Бастарыңа бақ қонсын

Жаратқан ием жақ болсын.

Халқың болсын тірегің,

Берік болсын білегің,

Қабыл болсын тілегің,

Жүз жыл соқсын жүрегің.

Аумин!

Ауыл адамдары шығады, шаттық, тойға дайындық.

Ахико. Апатайым, Катя! Біз бақытты жандармыз! Себебі пейілі кең, құшағы ыстық Қазақстандай еліміз бар. Ол бізді кеудесіне жатсынбай басты. Тіршілігіміздің әлсіз шырағы сөнер шақта пана болды. Сан мыңдаған рухты аманат етіп қабылдап, көбесін бұзбай, қатарын сиретпей отан аналарына қайтарды. Мен болсам, өзіне қайтып оралдым, Қазақстаным. Өз отанымды сүймегендіктен емес, сенің алдында борыштар болғандықтан. Төсі – шалқақ, тұғыры – асқақ, болмысы – паң, бітімі – бекзат қазақ елі – енді менің елім; ынтымақтың ұясы, жерұйық мекен Қазақстан – енді менің отаным. Еркіндік нышаны боз жусанның жұпарымен осылайша қайтадан, бұл жолы біржолата қауыштым.

Той сахнасы, «Туған елім» әні айтылады.

Соңы

ШАНЕЛЬ №5

(БІР АКТІЛІ ДЕРЕКТІ ДРАМА)

*АЛЖИР тұтқындарының
рухына арналады*

Идея авторлары:

Қарлаг зерттеушісі, профессор Нұрлан Дулатбеков
ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Ерлан Біләл

ҚАТЫСУШЫЛАР:

1. Күнжамал – жазушы Бейімбет Майлиннің жары
2. Түрме басшысы – Михаил Тереньтевич Юзипенко, тұтқын әйелдер жадында ерекше жауыздығымен сақталған адам, №26 нүктеде (АЛЖИР) ҰОС жылдары басшы болған
3. Надзиратель Мишин – түрме басшысының орынбасары
4. Қазақ тергеуші жігіт
5. Евдокия – монахиня
6. Жанбике – Жұмат Шаниннің жары, актриса
7. Наталья Сац – кеңес және Ресей театр режиссёры, әлемдегі тұңғыш әйел опера режиссёры, театр қайраткері, публицист, драматург, педагог.
8. Гертруда Платайс – Германияда туып өскен, ұлты неміс, АЛЖИР тұтқыны, атақты «Құрт» өлеңіне негіз болған оқиғаны әңгімелеуші
9. Софья Колчак – ақ гвардия қолбасшысы, адмирал А.В.Колчактың әйелі
10. Кира Андронникова – атақты грузин актрисасы, кеңес жазушысы Борис Пильняктың жұбайы
11. Дәмеш Жүргенова – ҚазКСР-ның халық ағарту комиссары Темірбек Жүргеновтың жұбайы
12. Француз әйелі – ойдан шығарылған кейіпкер, прототипі Лидия Михайловна Френкель
13. Александра–революционерка, лениншіл, Сталин саясатына қарсы
14. Атаманша – сыған келіншек (Донка)
15. Настя – қылмыскер, адам өлтіргені үшін отыр
16. Тихон – жасы 90-дағы, осы зонада өз бетімен ұсақ шаруаларды атқарып жүрген шал
17. Күзетшілер

1-көрініс

Сахна қараңғы. Тыныштықты Надзирательдің саңқ ете қалған үні жарып өтеді.

Түрме басшысы. Твоумать, корова, что застыла! Шевелись давай!

Қамшының шарт еткен үні ащы, жағымсыз дауыспен қатар шығады.

Әйел дауысы. Әй, сенің қолыңда өлейін, күйеуден өлідей, бес баладан тірідей айырылдым. Енді жер басып жүргенше сендейлердің бірін жастық қып өлейін!

Түрме басшысы. Кто-нибудь! Держите эту сумасшедшую, держите!

Сахна іші апыр-топыр жүгіріс.

1-әйел дауысы. Күнжамал, жарайсың!

2-әйел дауысы. Ойбай, атып тастайды, таста айырды!

3-әйел дауысы. Сталин жасасын! Партия жасасын! Күнжамал, алға!

4-әйел дауысы. Алда байқұс-ай, енді оны тірі көрмеспіз.

5-әйел дауысы. Әбден ашынған ғой, енді қайтсін.

6-әйел дауысы. Это самоубийство!

7-әйел дауысы. Это – героизм!

Түрме басшысы. Тұтқындандар есі ауысқан катынды! Қамауға алыңдар!

Күнжамал. Атыңдар! Атыңдар мені! Бейімбеттен жаным артық емес! Жарығма жетейін тезірек!

Түрме басшысы. Олай оңай құтылмайсың, қаныңды қасықтап ішемін, сука!

Күнжамал. Іш! Іш, атаңа нәлет!

Түрме басшысы. Көк долы, дура!

Күнжамал. Төгілген жас, аққан қан жібермес сендерді! Қашанғы талтандаймын ғой дейсіңдер! Қашанғы...

Дуңқ еткен соққы үні, дауыс кілт үзіледі. Сахнада тыныштық. Және қараңғылық.

2-көрініс

Барак. Азып-тозған әйелдердің әрқайсысы өз орындарында титықтап жатыр. Атаманша мен Настя әңгімелесіп отыр. Камерадағы әйелдер олардың әңгімелеріне құлықсыз құлақ түруде. Монахия күбірлеп дұғасын оқиды.

Настя. Все таки ана казашка Мишинді қатырды.

Атаманша. Иә, өлтірді. Айырды ала салып тырқыратып қуып берді ғой. Керемет қайсар әйел екен.

Александра. Қайсар ма, ақымақ па, бұл үлкен сауал.

Атаманша. Соны сенен сұрап біліп алуды ұмытып отыр екенбіз де.

Александра (*кекетін*). Сұрандар, неге сұрамайсыңдар?

Атаманша орнынан тұрып оның қасына барады.

Атаманша. Ал, сұрадық. Сайра!

Александра. Тағы бастадың ба? Маған тыныштық бересің бе жоқ па?

1-әйел дауысы. Қыздар, қойындаршы. Ұйықтайықшы.

2-әйел дауысы. Донка, сорлыға ең болмаса бір күн тыныштық берші.

Атаманша. Тағы да баяғы мен кінәлі.

Орнына қайтып барып жатады.

1-әйел дауысы. Күнжамалдың жайы не болып жатыр екен?

Александра. Ендігі атып тастаған шығар.

Атаманша. Сен сияқты құзғындар жемтік болмаса, немен күнелтеді.

Александра. Мен не істеппін?

Атаманша. Салпанқұлақ, сорлы!

Александра. Салпанқұлақ болсам, алдымен сенен құтылар едім!

Атаманша. Мен сенің Салпанқұлақ екеніңді өте жақсы білемін.

Александра. Дәлелің қайсы?

Атаманша. Дәлел болады.

Александра. Қайсы?

Атаманша. Болады.

Настя. Донка, қойшы. Шаршамайды екенсің.

Атаманша. Анау неге шаршамайды?

Настя. Ол қояншық қой. Ондай адамдар өлген-тірілгенін білмейді. Оған күшінді жұмсап қайтесің.

Атаманша. Білмеймін, тура жыныма тиеді де тұрады.

Настя. Бұның жақсы емес.

Атаманша. Білемін. Бопты.

Настя. Бір нәрсені қайта-қайта ойлай беремін...

Атаманша. Неменені?

Настя. Біздің лагерь үлкен ғой. Күнде бірнеше әйел бақилық болады. Біреу ауырып өледі, біреу өзіне-өзі кол жұмсайды.

Атаманша. Бұл жерде ақ саусақ, ақсүйек қатындар көп. Сондықтан өлім-жітім де көп. Олар қиыншылыққа шыдамайды.

Настя. Жынданып кеткендері қаншама.

Атаманша. Иә. Мына қояншық революционерка көпке бармай, солардың қатарын толтыратын сияқты ғой.

Настя. Қоя тұршы. Сонда деймін, біздің де кез келген мезетте өліп кетуіміз мүмкін ғой. Бағана қарап тұрып, арамыздағы ең салмақты, ең ұстамды Күлжамал Мишинге айыр ала ұмтылды.

Атаманша. Сөйтсе?

Настя. Қалай ойлайсың, өлген соң, Құдайдың алдында барған соң, біз сияқты қылмыскерлер тозаққа түсетін болар?

Атаманша. Мына жер де тозақ, ол да тозақ, дәл біз үшін айырмашылық бола қоймас қайда түссек те.

Настя. Монахинядан сұрайықшы.

Атаманша. Менен сұра, мен-ақ айтып беремін. Тозақ деген жоқ.

Настя. Сен де коммунистерге ұқсап Құдай жоқ дейсің бе?

Атаманша. Құдайдың бары бар ғой, бірақ тозақ жоқ.

Настя. Сен оны қайдан білесің?

Атаманша. Мен сығанмын ғой. Мен бәрін білемін.

Настя. Қайдам...

Атаманша (*сөзін созып, күңіреніп*). Құдай бізді кешіреді.

Настя. Мүмкін емес.

Атаманша. Мен білемін кешіреді.

Настя. Монахинядан сұрайықшы.

Атаманша. Ал маған сенбейсің бе?

Настя мырс етіп күледі.

Настя (*күбірлеп*). Өзіңе өзің сенер ме едің?

Атаманша (*мән бермей*). Жүрегім сезеді. Сығанның жүрегі ешқашан алдамайды. Құдай бізді кешіреді.

Настя. Соңғы кездері біртүрлі болып жүрмін. Ажал сәтім жақындаған сияқты.

Жанбике. Оны бір Алладан өзге ешкім айта алмайды.

Наталья Сац. Дегенмен адамда түйсік болады.

Настя. Түсіме марқұм күйеуім жиі кіретін болып жүр. Ұйықтауға қорқамын.

Наталья Сац. Көңіліңе алма, жаманға жорыма.

Атаманша. Не түс? Айтып берші.

Настя. Бір аппақ мамыражай әлем. Таза, тыныш... жұмақ па деймін. Сол әлемде екеуіміз қол ұстасып жүреміз де қоямыз. Бір-бірімізге қарап ыржалақтап күлеміз. Осындай мәдениетті

жерде жүргенімізге мәз боламыз ғой баяғы. Осы тәрізді суреттер қайталана береді.

Жанбике. Жаксы түс кой, шіркін. Менің Жұматым қайда жүр екен? Түсіме де кірмейді...

Гертруда. Түсіңе кірмесе, тірі.

Жанбике. Шіркін...

Аузыңа май, жаным!

Александра. Халық жауларының әйелдері, сендердің сөздеріңнен жүрегім айнады. Бұл барак – менің жеке тозағым болды. Саналы ғұмырымды бай-манаптарды үкім-тұқымымен құртуға арнадым. Ешкімді аяған емеспін. Ақыр аяғында еңбегімнің еленгені осы болды... Ұлы көсем Лениннің жарық жанары жұмыла салысымен, билікке мына қанішер келді де, мен сияқты, Ленин ілімін адал жалғастырушы ізбасарларын соттап, асып, атып, сендер сияқты азғын, отанын сатқан арсыздардың қатындарымен теңестіріп қойды.

Гертруда. Александра, тіліңізді тартыңызшы. Сіздің тіліңіз бар ғой, сіздің жауыңыз.

Атаманша. Ол ондай сыпайы сөзді түсінбейді.

Атаманша орнынан атып тұрып Александраны жатқан жеріне жетіп барады. Александра көрпесіне бүркене қояды. Оған қарайтын Атаманша емес, көрпенің астына қолын тығып жіберіп шашын жұлып, өзін бір-екі рет жуан жұдырығымен қойып-қойып жібереді. Анау көрпе астында тұншығып, ыңқ еткенмен, одан сайын бүркенеді. Бұл – екеуі үшін де қалыпты әрекет екені сезіледі. Камерадағы әйелдер де (Настядан басқасы) әрқайсысы өз орындарына жайғаса бастайды. Ұйықтауға ыңғайланады.

Настя. Донка, Донка, қойыңыз. Күнәңызды ұлғайтпаңыз. Онсыз да біз күнәһармыз.

Атаманша (*қызбаланып*) Неге мені күнәһар дейсің? Сығанның не кінәсы бар? Біздің не кінәміз бар? Жарлы болдық, туғаннан табордамыз. Менің анам да, әкем де, атам да, әжем де – ұры. Бізге ұрлық жасауға құдайдың өзі рұқсат берген.

Настя. Сен бала ұрладың ғой.

Атаманша күмілжсіп қалады.

Атаманша. Бір-ақ рет. Онда да абайламай қалдым. Мен оны өлтіру үшін немесе азаптау үшін ұрлаған жоқпын... Кешіреді!

Монахиня. Біздің қазіргі көріп жатқан азабымыз – бүкіл күнәмызды жуып әкетер-ау.

Настя. Қасиетті ана, мен кешелі бері нәр сызған жоқпын. Сорпамды ішуін ішемін-ау, бірақ нанымның бір түйірін аузыма

салмай қояндарға апарып беремін. Солар-ақ жесінші. Ештеңе жоқ.

Монахиня. Қызым, олай болмайды. Өзін күтпеген, өзінің денсаулығын ойламаған адамды құдай жақсы көрмейді.

Настя. Қасиетті ана, сіз шынымен бізді Құдай кешіреді деп ойлайсыз ба?

Монахиня. Құдайдан кешірім күткен кішкентай ғана жүрегіңнен айналайын сенің, жарығым.

Александра (*мырс етін*). Сөздеріңе болайын. Біреуі – молда, екіншісі – адам өлтірген қылмыскер. Ұлы Владимир Ильичтің өзі: «Дін – халықтың санасын улайтын апиын» деп айтқан. Құдай халықты коммунизм таңына жетелеп апаратын тура жолдан тайдырып әкетіп, сананы улап, жынды қылып жібереді. Білдің бе, Настенька?

Атаманша. Коммунистка, аузыңды жап! Настя, бері келші. Сұрама ешнәрсе дедім ғой. Қойшы, ол ақылынан адасқан кемпірді қайтесің. Кеше Тихон ата зонадағы монахиняларды ату жазасына кесу туралы жоғарыдан бұйрық келді деп отырған. Бұнда 12 монахиня бар екен ғой. Түгел атып тастайтын болыпты. Өкімет есебінен оларды асырағаннан түк өнбейді, олар түзелмейді, өлтіріндер депті.

Настя. Ойбуу, оны мына кісі біле ме?

Атаманша. Білетін болар. Көрдің бе, соңғы уақытта күні-түні жалбарынатын болып алды. Өлетінін біліп жүрген шығар.

Настя. Обал-ай.

Атаманша. Бәрімізге обал. Ана төрт интеллигентканың түрін көргенде кейде мен аяймын.

Настя. Өлсек, тозаққа түсеміз бе деп қорқа беремін.

Атаманша. Түк те болмайды.

Настя. Білмеймін, күмәндана беремін. Еркіндікте ешнәрсе ойламайсың. Өмір мәңгіге созылатын сияқты. Уақыт түк өтпейтін еді.

Атаманша. Қарақшы – күнәһар емес. Ешқашан күнәһар болған емес.

Настя. Ал мен күнәһармын.

Атаманша. Сенің, әрине, жөнің бөлек. Бірақ ұрлық жасау – ешқашан күнә болған емес. Егер күнә болса, әу басында таборды неге жаратты? Мен басқа өмірді білген емеспін. Көзімді ашқалы көргенім: ән, би және ұрлық. Болды. Мысалы, сені қанішер етіп жаратқанда Құдай не ойлады? Бәрін өзі істеп, жазалауға келгенде бізді жазалай ма? Олай болмайды.

Настя. Бәрібір монахинядан сұрап, бәрін бүге-шігесіне дейін анықтап алғанмыз дұрыс. Неге болса да дайын жүретін. Раз и навсегда! Білгім келеді.

Атаманша. Сұрай берме. Күлкі боласың.

Настя. Кім күледі?

Атаманша. Ана ақсүйек қатындар.

Настя. Олар күлмейді.

Атаманша. Сен өте ақымақ әйелсің, түк ұқпайсың.

Настя. Сізге рахат, өмір бойы адам тонадыңыз, ұрлық-қарлық жасадыңыз. Ал мен адам өлтірдім емес пе?

Атаманша. Ой, қойшы.

Настя. Сіз мені түсіне алмайсыз. Сіз білмейсіз бұның қандай күй екенін. Мойынға адам қанын жүктеу оңай емес. Сен біреудің өмірін қидың. Алдың да маздап жанып тұрған шырақты жалп еткізіп сөндірдің. Балтамен сөндірдің, түсінесіз бе?

Атаманша. Настя, сен ренжіме, мен өзім адам өлтіріп көрмеппін. Бірақ иә, өзгеге тиесілі талай мал-мүлікті, жақұт пен алтынды алдым, күміс ыдыс-аяқты да түк қалдырмай сыпырып кеткен кездерім болды. Бір рет тіпті аса дәулетті үйді тонаймын деп кіріп, оның орнына кішкентай сәбиді ұрлап кеттім.

Настя. Сол оқиғаны айтыңызшы. Неге бала ұрлап жүрсіз?

Атаманша. Өзім де білмеймін. Сондай кішкентай, сүйкімді екен. Томпыып ұйықтап жатыр. Жоқ, мен жататын бөлмелерді шатастырдым. Алдында еш қаперсіз, әдеттегідей қожайындары жоқ кезді күтіп жүріп, түн ауа кірдім. Қожайын – өте дәулетті еді. Паташаға әлдебір туыстығы бар, бір керемет ақсүйектің үйінде тұрып алған. Комиссар ма бір нәрсе... Ақсүйектің көзін құртып, дүние-мүлігін, кең сарайын басып алған ғой. Қатынын көрсең... Жақұт алқасының тастары жұдырықтай-жұдырықтай. Өзі былай қарасаң аса сұлу да емес. Міне, мына мен сияқты. Кішкене маған келеді түрі. Былапыт, айқайлағанда сыған менің сай-сүйегім сырқырайды. Жаман жынды. Күйеуі басы жалтыр таз, көзілдірік таққан, не тірі емес не өлі емес, не еркек емес, не қатын емес. Сондай бір адамдар болады. Ал балалары... Ммм..... сүйкімдінің сүйкімдісі. Енді мен жынды емеспін ғой, жақұт алқаға келіп тұрып, баланы ұрлап кететін. Бірақ ананың сондай алаңсыз ұйықтап жатқанын көргенде... Құдды періште дерсің.

Настя. Сосын?

Атаманша. Баланы алдым да үйден шығып жүре бердім. Ешкім байқаған да жоқ, сезген де жоқ, түгел шырт ұйқыда.

Настя. Сосын?

Атаманша. Сосын, болды. Таборға келген соң әлгі бала шырылдап жыласын кеп. Әрине, табор жынданып кете жаздады. Быт-шытымды шығарды. Күйеуім сабағанда... Сау тамтығым қалған жоқ. Әсіресе кімнің баласы екенін білгенде өлтіретін шығар деп едім. Әйтеуір жаным қалды. Мен бала көтере алмаймын ғой. Күйеуге он екі жасымда тидім. Менің Лешам деген... Жігіттің сұлтаны. Мен бірақ бедеумін. Осал жерім бала болған соң есім ауып қалды емес пе. Қанша баукеспе болсам да... білмеймін не болғанын, қысқасы... Ана бала керемет сүйкімді енді бар ғой.

Настя. Ақыры немен тынды?

Атаманша. Білмеймін, өздері бір нәрсе етіп шешкен шығар. Мен базарда біреудің қалтасына түсемін деп ұсталдым ғой. НКВД-ның адамы екен. Қойнында маңызды құжаттары бар көрінеді. Мені шпионсың деп... «Ағатай, шпион болып жын қағыпты ма мені» десем, сенбейді. Ой, маған бәрібір. Отырамын да шығамын. Тек таборымды қайтып таба алмай қалатын болдым. Сол уайым.

Настя. Қайтардыңдар ма?

Атаманша. Нені?

Настя. Баланы!

Атаманша. Жоға да! Есің дұрыс па, ол деген осы советтердің бір дөкейінің баласы. Ата-анасы сығандардың ұрлағанын білсе, бәрімізді қырады ғой, жер бетінде тайлы-тұяғымызды қалдырмас. Білмеймін, жүрген шығар. Біздікілер оны ебіне қарай пайдаланады да. Басқа не істейді?

Настя. Өлтірмей ме?

Атаманша. Не қылады өлтіріп? Бір нәрсе болып, ауру-сырқаудан немесе жазым тартып өзі өлсе өліп қалатын шығар. Қасақана немене қылады өлтіріп?

Настя. Ах, Донка, Донка. Ал мен қасақана өлтірдім ғой. Қасақана, балталап...

Атаманша. Өлтірсең өлтірген шығарсың. Жаның бір байыз таппады ғой.

Настя. Құдайдан қорқамын. Күннен күнге үрейім ұшып барады.

Атаманша. Қорықпа.

Александр. Әй, болды, қойыңдаршы! Ұйқы бересіңдер ме, жоқ па, сып-сып-сып, сып-сып-сып. Өңшең уголовниктер, әңгімелерің таусылмайды!

Настя. О, коммунистқаға қайта жан бітті.

Атаманша. Осыны балталау керек.

Александра естіп, жерге бір түкіреді. Қалғандарында реакция жоқ. Шәлісін қымтана жамылып, бұлардың жанына Софья Колчак келеді.

Софья Колчак. Қыздар, жатыңыздар. Ал мен сіздерге бір ән айтып берейін.

«Гори, гори, моя звезда»-ны айтады. Әйелдер түгел бастарын көтеріп, көздеріне жас алып тыңдайды.

Софья Колчак. Солай қыздар, менің Сашенькам әнін де, сөзін де өзі жазған.

Александра. Ендігі жетпегені ұйықтарда ақ гвардия көсемі Колчактың әнін тыңдау еді. Мыналар неге атып тастамайды мені бұлай азаптағанша?

Атаманша. Қаласаң, жастықпен тұншықтырып қазір-ақ Ленин атаңа аттандырайын.

Александра. Колчак Лениннен садаға кетсін!

Софья Колчак ауыр күрсініп орнына жатады. ЗТМ.

3-көрініс

Тергеу бөлмесі. Күнжамалды аяғын салбыратып, биік орындыққа отырғызып қойған. Тергеуші қазақ жігіті. Күнжамал жүдеу, күндізгі жігерінен айырылған, жанары суалған.

Қазақ тергеуші. Майлина Күнжамал – қазақтың белгілі жазушысы Бейімбет Майлиннің жұбайы. 1900 жылы Қарабалық қаласында туған. 1938 жылдың 21 шілдесінде КСРО НКВД Ерекше Кеңесінің шешімімен Отанын сатқандардың отбасы мүшесі ретінде 5 жыл бас бостандығынан айырылған. 1938 жылдың 3 қазанында Алматы түрмесінен Ақмола лагеріне әкелінді. Дұрыс па барлығы?

Күнжамал. Дұрыс.

Қазақ тергеуші. Сонымен, енді не істейміз?

Күнжамал. Білмеймін, не істесең оны істе, маған бәрібір.

Қазақ тергеуші. Ойдайт деген! Герой болып отырсыз ғой.

Күнжамал. Айналайын, сен мені ақылынан алжасқан кемпір дерсің немесе халық жауының әйелі болған соң қызыл офицерге айыр ала ұмтылды дерсің, бірақ... адам баласына қастық ойлайтын жаның мен емеспін. Мишин дегеннің осы лагерьдегі қыз-қырқынға жасамаған озбырлығы, айуандығы жоқтың қасы. Пенде баласының миына келмейтін жауыздықты ойлап тауып, жазықсыз, жауапсыз қатын-қалашты қан қақсатып келеді. Бірақ...

Күнжамал бетін басып жылап жібереді.

Күнжамал. Бейімбетпен жиырма жыл бірге болдым. Он жетімде қосылдым. Осы жиырма жылда маңдайымнан шерткен емес. Қатты сөз айтып көрген жоқ. Содан соң қайдағы бір... Кім екенін адам біліп болмайтын біреудің балағаттағанына қаным қайнап кетті. Өкініп кешірім сұрамаймын. Өкінбеймін. Керек десең айырмен түйреп тастауға қауқарымның жетпегеніне өкінемін.

Қазақ тергеуші. Мына сөздерден кейін өзіңді сіз ату жазасына кесілдім деп еркін есептей беріңіз.

Күнжамал. Мейлі, мейлі, қарағым. Бейімбет суға түссе суға, отқа түссе отқа түсуге бар едім. Ол қайда жүрсе сонда болам деген анттым бар еді. Өлді ғой. Менің де бұл дүниедегі ендігі тіршілігім жараспас, жарамайды. Атсаңдар атып тастаңдар. Мен сендерге жалынбаймын.

Қазақ тергеуші. Мына қағазға қол қоясыз.

Күнжамал. Қойсам, қояйын.

Қазақ тергеуші. Сіз ату жазасына кесілесіз.

Күнжамал үндемей қалады. Өзі «атыңдар» десе де, иштей қобалжығаны сезіледі.

Қазақ тергеуші. Ату жазасына кесілуге қарсы емеспін деп қол қоясыз ғой?

Күнжамал (*естілер естілмес үнмен*). Маған бәрібір.

Қазақ тергеуші. Қаттырақ айтыңыз.

Күнжамал (*дауысын қатайтын*). Маған бәрібір.

Қазақ тергеуші. Сізбен көп бас қатырмаймын. Мені осында сіздің ісіңізді тексеріп, анық-қанығына жету үшін жіберді. Басқа қыруар шаруа күтіп тұр. Сізді әлдилеп отырады десеңіз қателесесіз.

Күнжамал басын көтеріп оның бетіне қарайды.

Күнжамал. Ондай ойым жоқ, айналайын.

Қазақ тергеуші кенет, қарап отырып ашуланып кетеді.

Қазақ тергеуші. Прекратить! Жолдас тергеуші деп сөйлеңіз!

Күнжамал. Жақсы.

Қазақ тергеуші. Сіз өзіңіздің контрреволюциялық пиғылмен, саяси себептермен Лагерь басшысының орынбасары Мишин жолдасқа шабуыл жасағаныңызды растайсыз ба?

Күнжамал. Жоқ, жолдас тергеуші.

Қазақ тергеуші. Олай болса, бұл әрекетке баруыңызға жеке жағдайлар себеп болды деп көрсетемін. Солай ма?

Күнжамал. Мейлі. Орнымнан тұруға бола ма? Аяғым ұйып қалды.

Қазақ тергеуші. Жоқ, болмайды.

Күнжамал. Тас болып қатып қалды.

Қазақ тергеуші (*сөзіне мән бермей*). Отан алдындағы міндетін орындап жүрген лагерь қызметкеріне айыр алып, тұра ұмтылғанда өз іс-әрекетіңіздің салдарын неге ойламадыңыз? Міне, менің қолымда бұйрық бар. «Тергеп, істің мән-жайын анықтаған соң, лагерьдегі басқа тұтқындарға сабақ беру мақсатында барынша қатаң жаза түрін қолдану ұсынылады» деп тұр. Барынша қатаң жаза түрі деген лагерь қызметкерлері мен осындағы тұтқындардың көз алдында ату жазасын жүзеге асыру. Қалай? Сізге ұнайды ма?

Күнжамал. Маған бәрібір. Бейімбеттен жаным артық емес.

Қазақ тергеуші. Жан-жаққа бытыраша шашыраған бес балаңыз адам емес пе? Бейімбет, Бейімбет дейсіз, ал балаларыңыз ше? Олардың тағдыры сізді алаңдатпай ма?

Күнжамал. Қарағым, онсыз да ауызы ашық жараға тұз сеппе. Жанымды қинама. Атсаң, ат. Бірақ ішек-қарнымды қопарма.

Қазақ тергеуші. Ішек қарнымды қопарма дейсіз, сіз өзіңіз де сезбей, дәл қазір мына менің ішек-қарнымды қопарып тұрғаныңызды білесіз бе? Мені анам кезінде айдалаға тастап, қашып кеткен. Сол күннің суреттері еміс-еміс жадымда, бірақ ешқашан өшпек емес санамнан... Ол да сіз сияқты қатігез ана болды. Сіз адал жар шығарсыз, бірақ ана ретінде қатігез екенсіз. Өте қатігез. Мен сізді өз қолыммен бауыздағым келіп тұр... Неге балаларым қайда, солар үшін өмір сүремін демейсіз? Неге Бейімбет үшін өлемін дейсіз? Неге?!

Күнжамал (*күбірлен*). «Жалғыздың жары – Құдай», «Жетім қозы тас бауыр, маңырау да отығар».

Қазақ тергеуші. Ах, не деген ақылдысыз, а? Мен сонда бес қана жастамын. Аштық заманы, анам қолында құндақтаулы нәрестесі, жетегінде мен және шашы жалбыраған, ауызы ызыңнан жабылмайтын кішкентай қарындасым бар. Бір ауылдан бір ауылға өзіміз сияқты аш-жалаңаш адамдардың шұбатылған, жаяу көшіне ілесіп келе жатырмыз. Кейбіреулер құлап қалып жатыр. Оларға қарауға ешкімнің шамасы жоқ. Міне, алдымен қарындасым, артынан мен құладым. «Ана, анашым» деймін құмығып. Ал ол қайырылған жоқ. Токтаған жоқ, бұрылған жоқ, кете берді. Сіз бұған не айтасыз? Ана деген осындай болушы ма еді? Міне, мына сіз де, бес бірдей балаңыз бар екен. Ең құртақандайы екі жаста, бағаналы бері аузыңыздан «Бейімбет өлді мен де өлуім керек» дегеннен басқа бірде бір сөз шыққан жоқ. Мен сізбен мына бөлмеде төрт жарым сағат отырмын. Бірде бір рет балаларым деген сөз сіздің аузыңыздан шыққан жоқ!

Күнжамал (*түнерін*). Оларды баяғыда бір Құдайға тапсырғанмын.

Қазақ тергеуші. Қазір Түрме басшылығы менің шешімімді күтіп отыр. Бірақ сені атып өлтіру – мені толық қанағаттандырмақ емес, мен сенің жаныңның ышқынып, мына етігімнің табанын жалағаныңды қалаймын. Мен сен сияқты қатындарды азаптағанды сүйемін!

Күнжамал. Балам, не деп жатқаныңды шала-шарпы ұғып тұрмын, аяқтарым сіресіп қатып қалды. Есімнен танып барамын.

Күнжамал гүрс етіп жерге құлайды. Тергеуші шарасыз кейіппен оның ес-түссіз жатқан денесіне қарап отырып қалады.

Қазақ тергеуші. Күзетші! Күзетші!

Күзетші келіп кіреді.

Қазақ тергеуші. Мына қатын есінен танып қалды, барагына апарып тастандар, тергеуді әрі қарай жалғастыру мүмкін болмағандықтан, шешім шығаруды ертеңге қалдырамын.

Күзетші. Тергеудегі тұтқынды біз оқшау камераға (карцерге) камаймыз.

Қазақ тергеуші. Басты қатырмай барагына апарып таста. Ертең қайта алдырамын. Бұйрықты орында.

Күзетші. Құп болады, тергеуші жолдас!

Екі күзетші Күнжамалды носилкаға салып, алып шығып кетеді. Тергеуші жалғыз өзі ойланып отырып қалады.

Қазақ тергеуші. Соның тап өзі! Тап өзі! Күнжамал! Аты да есімде! Күнжамал!

Ол қуанып тез басып шығып кетеді.

4-көрініс

Түн. Сол барак іші. Әйелдер әр жерде отыр. Әзір ешкім ұйықтамаған. Монахиня мен Дәмеш Жүргенова Күнжамалдың қол-аяғын уқалап, басына сулы орамал басып, ауызына қасықтап су тамызып, өз-өзіне келтірмек болып әлек болып жатыр.

Дәмеш Жүргенова. Ештеңе етпейді. Қазір өз-өзіне келеді. Қан жүрмей, денесі ұйып қалған.

Күнжамал қыбырлап, тіршілік белгісін таныта бастайды. Әйелдер қуанып, оны қаумалап алады.

Гертруда. Сізді қалай карцерге салмады екен?

Атаманша. Иә, бұндайда карцерге жіберуші еді ғой.

Монахиня. Құдайдың қарайласқаны ғой, суық карцерде жалғыз өзі жан тапсыруы да мүмкін еді.

Дәмеш. Дұрыс айтасыз. Біз қазір қол-аяғын укалап, қанын жүргізіп алдық, әйтпесе жүрегі тоқтап қалуы мүмкін еді.

Атаманша. Не де болса батыр екенсіз. Мишиннің екі аяғын бір етікке тықтыңыз.

Настя. Иә, қатырдыңыз.

Күнжамал. Бүйткен батырлығы құрысын, әлгі тергеуші бала ағу жазасына кесілесің деді ғой. Ух!

Наталья Сац қаңылтыр ыдысқа құйылған көже әкеліп береді.

Наталья Сац. Мынамен жүрек жалғап алыңыз.

Күнжамал қаңылтыр тәрелкені қолына алып, тамақты жайлап іше бастайды.

Дәмеш. Денсаулығы мықты, тепсе темір үзетін нағыз қазақтың әйелісіз. Алладан үмітіңізді үзбеңіз.

Күнжамал. Ойбай, карағым, ақырын. Анда Салпанқұлақ жатыр ғой.

Александра жатқан жақты нұсқайды.

Александра. Не керек?

Атаманша. Сені Салпанқұлақ деп жатыр.

Александра (*күңкілдеп*). Бір аяғы жерде, бір аяғы көрде тұрып елде несі бар десеңші.

Настя. Этаппен тағы екі машина әйел әкеліпті.

Атаманша. Бізге үш адам қосылды ғой.

Настя. Қайда?

Атаманша. Ана жақта, шетте жатыр. Біреуінің емшекте баласы бар.

Настя. Дымы шықпайды ғой.

Атаманша. Білмеймін. Оны қойшы. Александра, мен байқадым, сен бүгін ағаш түбіне нан үгіндісің тастамадың.

Александра. Тастадым!

Атаманша. Өтірік айтасын.

Александра. Тастадым! Сен өтірік айтасың! Сыған!

Атаманша. Бері кел, тінтемін.

Александра. Мені тінтетін сен кімсің?

Атаманша (*зілденіп*). Бері кел дедім ғой.

Александра қорқау қасқыр сияқты айбат шеккенмен, тінтілуге ыңғайланып Атаманшаға жақындайды. Кенет темір есік сатыр-сұтыр ашылып, күзетші жаңа тұтқынды алып кіреді. Еуропалық келбеттегі әйел (француз әйел), азып-тозған, мұнда жеткенше біраз қиыншылықты бастан кешкені көрініп тұр. Баракқа келіп кіріп, состиып бір шетте тұрып қалады. Ол барынша әсерлі болуға тиіс. Шляпа, керемет көйлек, қолында

әдемі сумочка (барлығы тозығы жеткен, быт-шыт, әрине, бірақ жалпы сұлбасы ерекше болуға тиіс). Баракта отырғандарға контраст. Олар бір-біріне қарап ұзақ тұрады. Тіпті Атаманша мен Александра да не істеп жатқандарын ұмытып кетеді.

Дәмеш. Төр... летіңіз.

Французенка. Ракмет.

Әйелдің тілінен оның шетелдік екені, французженка екені сезіледі.

Дәмеш. Французенкасыз ба?

Французенка. Иә.

Гертруда. Шанель №5?

Французенка. Иә, Шанель №5. Эдит Пиаф, әрине. Жан Кокто, Бальзак, Мопассан және басқалар.

Гертруда. Жоқ, мен сізден Шанель №5-тің иісін сезіп тұрмын.

Настя. Шанель №5 деген не тағы?

Гертруда. Иіссу!

Нагалья. Иә-иә.

Атаманша. Қане, қане, өмірімде көрмеппін.

Французенканы бас салып иіскейді.

Атаманша. Иә, тамаша бір иіс шығады!

Настя. Рұқсат етсеңіз мен де иіскеп көрсем бола ма?

Александра. Советтік Социалистік республиканың ана қырандары, әйел жолдастар! Естеріңді жиыңдар! Капиталистік жыртқыштардың большевиктерді алдап-арбауы үшін жіберген жансызына ерік бермендер! Түкіріңдер бетіне былай! (*Түкіреді*). Шанель №5-іне біздің пролитарлық жауап осы!

Французенка қорғанып, бетін басады. Александра екіленіп, оның шляпасын жұлып алып шашынан ала түседі.

Атаманша. Александра, тоқтат!

Александра. Урка, саған ешкім сөз берген жоқ!

Атаманша. Тоқтат деймін!

Александра. Паразит! Сыған!

Атаманша. А-а-а!!! Өлтіремін!

Ол орнынан атып тұрып Александраны бас салады. Настя екеуі оны сол жерде тепкілеп тастайды.

Дәмеш. Ойбай, лазереттен шыққаны кеше ғана емес пе? Жіберіңдер!

Гертруда. Бір жолға кешір, аяшы оны, Донка.

Атаманша. Мен бұған көрсетейін. Аузын екінші рет ашпайтын етейін!!! Салпаңқұлақ!

Александраны күзетшілер келіп, сүйреп алып кетеді. Ол жол-жөнекей айқайлап бара жатыр.

Александра.

Ленин өлді, пікірі оның өлген жоқ,
Ленин өлді, жолын ешкім жеңген жоқ.
Ленин бүтін коммунистер жүрегі,
Жүрек оны өлді деп те сенген жоқ!

Атаманша. Бұл жансыздың кылығы өтіп кетті! Осыдан қайтып кел өлтіремін!

Александра. Сен өлесің!

Камера іші ақырындап қалтына келе бастайды. Французженка жерде жатқан күйі қатып қалған. Оны Гертруда мен Наталья екі жағынан сүйеп тұрғызады. Жоғарғы қабаттан Монахиня түсіп, бет-ауызын шүберекпен сүртеді. Французженка есеңгіреп қалған.

Французженка (*былдырлап*). Иә-иә, барлығы жақсы. Мен білемін ғой. Бұл – түрме. Бұл жердің заңы басқа. Жолда, пойызда қыздар айтып еді. Бұл жерде саяси тұтқындар қылмыскерлермен бірге отырады, қылмыскерлер мен түрме басшылығы ауыз жаласқан, олар бірігіп, саяси тұтқындардың өмірін тозаққа айналдырады, олардың мақсаты сол деп. Мені ескерткен. Сондықтан мен дайын болатынымын. Түк қорыққан жоқпын.

Атаманша. Айналайын, қылмыстық баппен отырған мына Настя екеуміз. Жаңағы шашынды жұлған қатын саяси тұтқын. Немене деп сандырақтап кеттің?

Настя. Иә, Александра – саяси тұтқын. Ол – революционерка. Гертруда. Ештеңе жоқ, үйреніп кетесің. Қай баппен?

Французженка. Шпионаж. 58-бап.

Монахиня. Өзіміз екенсің ғой.

Гертруда. Сізді Франциядан мұнда қай құдай айдап әкелді?

Французженка. Мен – актрисамын! Сіздің елге гастрольдық сапармен келдім!

Кира Андронникова. Не деген керемет! Мен де актрисамын! Мен Анна Павлованың шәкіртімін! Балетпен айналысқанмын.

Французженка. Міне, тамаша!

Секіріп, қолын шаттана соғады.

Французженка. Қане, көрсетіңізші! Шеберлігіңізді көрсетіңізші!

Кира Андронникова. О!

Орнынан тұрып балет биінің бірнеше қозғалыстарын жасайды. Кенет отыра қалып жылап жібереді. Оған қосылып французженка жылайды. Камерада жайсыз үнсіздік орнайды.

Жанбике. Ал мен қазақ драма, опера театрының негізін салушы актер, музыкант, жазушы-драматург, қазақтың алғашқы

режиссерларының бірі Жұмат Шаниннің жары, актриса Жанбике Шанина боламын.

Осы сөздерді айтып Жанбике сахнада тұрғандай бас иеді, әйелдер күліп оған қол шапалақтайды, бірақ Жанбике кенет жьылап қалады. Оны Күнжамал басынан сипап уатады. Барак үшін тағы көңілсіздік жайлайды.

Жанбике. Мен Сіздерге «Қарагөзден» монолог оқийыншы. Рұқсат етіңіздерші.

Жанбике «Қарагөзден» монолог оқиды.

Наталья. Менің аты-жөнім Наталья Сац, мен театр режиссерымын. Жанбике, сіздің керемет ойыныңыздың алдында бас июге рұқсат етіңіз.

Әйелдер тағы қол шапалақтайды.

Гертруда. Эх, Шанель, Шанель. Тағдыр тәлкегі деп осыны айт.

Наталья Сац. Көңілді нәрсе айтайықшы! Шанель №5 деген... Ностальгия! Маған ностальгия құйылып келеді. Бал! Иә-иә! Бал! Мен балға алғаш барғанда он алтыда едім. Бұл иіссуды әкем сыйлаған. Ол маған «Наталья, қызым, міне, сен де бойжеттің. Соның белгісі ретінде мен саған мына иіссуды сыйлаймын» деді. Бұл менің бала емес, әйел ретінде қабылдаған ең алғашқы сыйлығым болатын. Қызылды-жасылды көйлектер. Дәулеттен шалқыған әйелдер мен еркектер. Мадам, мсье, пардон... Өтіңіз... Жо-жоқ тек сізден кейін ғана. Сол балда мен Оны кезіктірдім. Жасөспірім мен үшін Ол ертегі... жо-жоқ, сиқыр әлемінен түскен кейіпкер еді. Вальске шақырды. Айналып жүрміз, айналып жүрміз. Айнала жұлдызды аспан, жерде де, көкте де ешкім жоқ...

Әйелдер барлығы елітіп, көзге көрінбейтін серіктерімен вальс билеп кетеді.

Күнжамал. Ал менің есіме мына әтірдің иісі Бейімбетті түсірді. Бейімбет маған осы әтірсуды сыйлап еді...

Жанбике. Ал мен бұл иісті жек көремін.

Наталья Сац. Мен сізді түсінемін. Әркімнің өз естелігі бар.

Жанбике. Сол жолғы Мәскеуге сапар... Оны ойласам жүрегім қарс айырылады. Ол біздің отбасы үшін азалы сапар болды...

Настя. Айтыңызшы.

Жанбике. 1936 жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне Қазақ АССР-нің республика басшылары мен өнер қайраткерлері Темірбек Жүргенов, Сәкен Сейфуллин, жыр алыбы Жамбыл Жабаев, Күләш Байсейітовалармен бірге пойызбен Москва қаласына жол тарттық. Жолда емшектегі балам Аян шетінеп кетті. Баланы жерлеу үшін елге қайтайық десек, әріптестеріміз

жалынды. «Өлер бала өлді, егер қазір сендер кері қайтып кетсеңдер, республикаға кесірлерің тиюі мүмкін. Онкүндікке қатысатын адамдарды Сталиннің өзі іріктеді. Пойыз толы НКВД-ның адамы, арамыздағы біріміз Мәскеуге жетпесек, ол кеңес өкіметіне қарсы диверсия деп бағаланады, бәріміздің басмыңыз кетеді. Бала өлімін білдірмеңдер» деп жалынды. Жұмат та: «Ешкімге кесіріміз тимесін, шыдайық» деді. Жол бойы өлі сәбиімді бауырыма қысып әлдилеп бардым. «Қыз Жібекте» Қамқаны ойнадым... сондағы зарлағаным-ай. Қыз Жібекті Күләш ойнады. Біздің Күләш деген. Наталья, сіз болдыңыз ба сонда?

Наталья. Жок.

Жанбике. Не деген өкініш. Сіз Күләшті көруіңіз керек еді. Бұл қалай? *(жылайды, ол Қарагөздің образынан шыға алмай тұрған болуы мүмкін).*

Дәмеш *(оны жұбататып).* Жанбике, Күләш Байсейітованың бір спектаклін жіберген емеспін. Мен оны тіпті қазір мына жерде еркін елестетемін.

Естелік кетеді. Жанбике әлдебір рөлден үзінді көрсетуі мүмкін.

Настя. Бұған Шанельдің, духидің қандай қатысы бар?

Жанбике. Ешқандай қатысы жоқ. Неге айтқанымды өзім де білмеймін.

Дәмеш. Жұлдызды аспан... Құлама жардың ығында біз екеуіміз ғана тұрмыз. Азаматым, арысым... Темірбегім! Бұл біздің алғашқы кездесуіміз еді... Осыншама көп жұлдызды, жыпырлаған жұлдызды бірінші рет көруім... Ал сенің жанарың жұлдыздан да жарық. Қыздар, ол маған өлең оқып берді. Қазір енді күлесіңдер, ол өлең патриоттық жыр, революция жыры болатын.

Әлдебір сиқырлы көңілділік билеген әйелдер шынымен күліп жібереді.

Дәмеш. Бірақ қызыл революцияның жыры емес. Ойлап қалмаңыздар, Темірбек өз елінің азаттығын аңсаған жан. Ол – ақтар үшін де, қызылдар үшін де емес, өз елінің бостандығы үшін күрескен жан.

Гертруда. Қыздар, тым қатты кетпендер. «Үй артында ұры бар» деген...

Наталья. Айта берші. Сашенька ғой біздегі Салпаңқұлақ, оны алып кетті емес пе.

Атаманша. Сендер тым жұмсақсыңдар. Бәрінің ажалдарын содан келеді, көресіңдер әлі. Сыған бұндайда ешқашан кателеспейді.

Гертруда. Біз мына кісіні де танымаймыз ғой.

Гертруда француз әйелін меңзейді.

Французженка. О, жоқ, менен қауіптенбеңіздер. Оқи беріңіз еленіңізді.

Софья Колчак. Ешкім өзін қауіпті адаммын деп алдын ала сақтандырмайды. Өмір дәлелдегендей.

Французженка. Кешіріңіздер. Бәлкім, дұрыс айтатын боларсыз. «Сақтықта қорлық жоқ». Дұрыс. Мен қай төсекті иемденсем екен?

Дәмеш (*мән бермей*).

Бұл Отан біздікі, қымбатты ұлысым,

Біз оның иесі, сол үшін ұлы ісім.

Жат жұрттық жаулардан қалғанша тазарып,

Қынына кірмейді серттескен қылышым.

Ей, Отаным, әр кезде жанымды өртеп,

Қоштасу сәтін ойлап, жылаймын.

Батар күннің шапағы көңілімді кернеп,

Сағыныш сезіміне тұншығып, жылаймын.

Бұл шетсіз мекен, ұсқыны бөтен,

Жұбата алмайды мені, көктемі келсе де,

Сағынышпен сарғайып өтер ме еді,

Түннен айықпайды, көкте күн күлсе де.

Гертруда (*қайталап*).

Ей, Отаным, әр кезде жанымды өртеп,

Қоштасу сәтін ойлап, жылаймын.

Батар күннің шапағы көңілімді кернеп,

Сағыныш сезіміне тұншығып, жылаймын.

Наталья Сац.

Бұл шетсіз мекен, ұсқыны бөтен,

Жұбата алмайды мені, көктемі келсе де.

Сағынышпен сарғайып өтер ме еді,

Түннен айықпайды, көкте күн күлсе де.

Иә, солай. Дәл солай. Шанель №5... Шіркін, бостандық, шіркін, еркіндік. Шіркін, Еуропа!

Күнжамал. Қыздар, Бейімбетімді айтайыншы. Ой, маңғазым-ай. Еркек болып дауыс көтерген емес. Жұрттың еркектері айқайлап, тіпті боктап, балағаттап жатады ғой. Мұның бірде біреуі онда жоқ еді. Бірде соғым іздеп базарға барғанмын. Сәкен, өзіміздің Сейфолланың Сәкені кезікті, жүрісімінің жайын сұрады. Айтып едім, ол әзілдеп: «Соғымды еркек іздемей ме? Бейімбет болса, үйден шықпайды» дегені. Осы сөзге шамданғаным бар емес пе. Үйге жетіп барып, Бейімбетке шағымымды төбелеп үйіп

жатырмын. Ал ол болса: «Мынауың қандай жақсы болды. Бір шайпау әйелдің бейнесін шығара алмай отыр едім. Құтқардың» деп әрі қарай жаза берді ғой. (Жылайды) Бес баласына бір дауыс көтергенін естімей кеттік, тек «айналайындар», «қалқам» дейтін де отырағын.

– Елім-ай, бір сен үшін міндім атқа,
Көзге жем қылмаймыз деп енді жатқа.

Көтеріп Алаш туын ұрандадық

Қарамай шапқан қылыш, атқан оққа, – деп жүріп өзі де жоқ болды, эне. Қымбаттымнан андаусызда айырылып қалып отыр емеспін бе мен сормандай...

Маған осы әтірсуды сыйлағанда, не ойлады деуші едім. Түрмеде алдымнан шығып отыр иісі. Бұл Бейімбеттің иісі дегенім сол ғой... Мәскеуге бір барғанында әкеліп еді, оны себетін мен бе? Бес бала, Бейімбетімнің өзі бір бала. Анда-санда ашып, иіскеп қоятыным болмаса, бір рет те сеппелін ғой. Себуге ұялатынымын. Сағынышты иіс. Бұл – Бейімбеттің иісі.

Француженка. Қызық, мен Шанельді үстіме қонақ үйден сеуіп шыққанмын. Сүйіктіммен кездесуге бара жатқанда... Бірақ жолда НКВД ұстап әкетті. Не сот жоқ, не тергеу жоқ, пойызға салды да осында алып келді. Содан бері бір жарым ай уақыт өтіпті. Сіздер қайдағы иісті сезіп тұрсыздар?

Софья Колчак. Сезіп тұрмыз, өте жақсы сезіп тұрмыз.

Наталья. Лагерь тозағын бір толқынмен серпіп тастағандай болды-ау қайран Шанель №5!

Гертруда. Қыздар, жатайық. Ертең тағы қамыс. Шаршап қаламыз, демалайық.

Шам сөнеді. ЗТМ.

5-көрініс

Түрме басшысының кабинеті. Александра отыр. Оның алдында стаканға шай құйылған, тарелкада нан мен май қойылған.

Түрме басшысы. Ал, Александра, сайра! Кім не деп жатыр?

Александра. Тыныштық. Барлығы сол қалпында. Бізге иностранка жіберіпсіңдер ғой.

Түрме басшысы. Қайдағы иностранка! Ненормальная какая-то.

Александра. Империалистка. Жиіркенемін. Жек көремін!

Түрме басшысы. Монахиня не деп отыр?

Александра. Оның көзін қашан құртасындар?

Түрме басшысы. Асықпа. Іріткі салып, сендерді дініне тартып жатқан жоқ па?

Александра. Баяғы қалпы. Күні-түні дұға оқиды. Ешкімде шатағы жоқ.

Түрме басшысы. Күдік тудыратын, кеңестік тәртіпке наразы кім бар? Империалистік әңгіме айтып жүрген элементтер жоқ па?

Александра. Сыған! Донка деген...

Түрме басшысы. Ол не дейді?

Александра. Менің жылы күпәйкемді тартып алды.

Түрме басшысы. Басқа тағы не?

Александра. Сол қатыннан құтқаршы, жолдас бастық! Тыныштық жоқ, міндетімді ойдағыдай атқаруға мүмкіндік бермейді. Қит етсе жұдырығын ала жүгіреді. Құтқаршы! Көгала қойдай етіп сабап өлтіретін болды.

Түрме басшысы. Оны қойшы, оның жарасы жеңіл ғой. Ертең ақ ата саламыз.

Александра. Өмір бойы құлың болып өтейін!

Түрме басшысы. Бұйрық беремін, жоқ болып кетеді. Оны ойлама. Басқа тағы не айтасың?

Александра. Басқа ештеңе жоқ. Мына французенка қатын қауіпті сияқты.

Түрме басшысы (*елең етіп*). Солай ма?

Александра. Жүрегім сезеді бір бәлесі бар...

Түрме басшысы. Жіті қадағалауыңа ал.

Александра. Құп болады!

Түрме басшысы. Қағазда есі ауысқан деп жазылған. Мәскеуге келіп, ойнасын іздеген бе, онысы ақын екен, баяғыда атылып кеткен, тоже халық жауы.

Александра. Бәсе. Ол кіргеннен барак өзгеріп сала берді.

Түрме басшысы. Басқалар қалай қабылдады? Әсіресе әлгі интеллигенткалар қалай?

Александра. Өзір тыныш.

Түрме басшысы. Жарайды, оқыс әлдене байқасаң баяндарсың. Өзің де кішкене айқайлай бермей сабыр сақтасаңшы. Ана сыған шынымен өлтіріп тастаса қайтесің?

Александра. Мені лазеретке жіберші бүгінше.

Түрме басшысы. Жарайды, барып демалып ал, демалып ал.

Александра. Ұлы Лениннің кім екенін білмейтін, күн көсемнің ілімі жайлы естімеген жабайы маймылдардан бір уақ болса да құлағым тынсын.

Түрме басшысы. Жарайды, сабыр сақта, сабыр сақта! Бар, бар.

Жендет келіп алып кетеді.

6-көрініс

Таң елең-алаң кез. Құлақты шыңылдататын металл дыбыспен дабыл ұрылады. Барактағы әйелдер қыбырлап, тұра бастайды. Тихон кіреді, ол жасы тоқсандарға жеткен, елес тәрізді жұқа шал.

Тихон. Қатын жолдастар, жұмысқа шығамыз!

Настя (*жанұшырып*). Ата, ағаштар аман ба?

Тихон. Аман, аман, қыздар.

Атаманша. Түү! Тағы бір күн көрер жарығымыз бар екен.

Тихон. Бүгін Михаил Тереньтевич өте ашулы. Сондықтан көріне ілікпей, тезірек далаға шығып кетіңдер.

Монахиня. Мен де барайын ба?

Тихон. Иә, жүре бер көппен бірге. Мүмкін бүгін тимес.

Монахиня. Тәуба!

Тихон. Қане, тездетіңдер.

Күнжамал. Мен ше?

Тихон. Сен бармайсың. Сені бүгін тағы тергейді.

Күнжамал. Түү, құдай-ай! Жиналайын ба?

Тихон. Қазір өздері келіп алып кетеді.

Әйелдер үсті үстіне киініп, бастарын бірнеше қабат орамалмен орап, далаға беттейді. Сахнада тек Күнжамал қалады. Біраздан соң сахнада Тергеуші қазақ жігітінің сұлбасы көрінеді.

Тергеуші қазақ жігіті. Қазақ даласына Ұлы Аштық келгенде мен бес жасар бала едім. Кейін, ес жинап, оқу оқыған соң білдік, 30-шы жылдар кезінде қазақтар аштық пен зорлық-зомбылыққа айналған «колхозға кіру бақытынан» қашып, жүз мыңдап басы ауған жакқа кетіпті. 1930 жылы туған жерінен 121,2 мың адам көшіп кеткен болса, 1931 жылы 1 миллион 74 мың адам өз жерінен ауды. Босқындық ауыр тиді, мал қырылып, адамдар өліп жатты. Бірақ қазақтар аштық ажалынан құтылудың басқадай амалын таппады. Көбі аман сақтап қала алмасын біліп, балаларын тастап кетіп отырды. Жетімектер он мыңдап өлді. Сол жетімектің бірі мен едім. Анам қарындасым екеумізді елсіз айдалаға тастап кетті. Әлсіреп жығылған үш жасар қарындасым көп ұзамай көз жұмды. Соның басын құшақтап, жылауға шама қалмаған мен кірпік қақпай қақшиып отыра беріппін. Қанша

отырғанымды білмеймін, жолдың бойы еді, қасыма бір арба келіп тоқтады. Жүзінен мейірім шуағы төгілген жас келіншек мені бауырына тарта берді. Талықсып кетіппін. «Күнжамал, олардың қайсыбіріне пана боласың, қоя берші. Жүр, мін арбаға» деген тағы бір әйелдің дауысы ғана санамда қалықтап қалып қойды. Сол Күнжамал, міне, тағдыр айдауымен менің алдымда отыр. Өмірі менің қолымда. Алматыдағы балалар үйіне әкеліп, өз қолымен тапсырып кетіп еді. Бүгінгі тіршілігім үшін осы әйелдің алдында қарыздармын. Мені құтқарғандай, мен бұл әйелді құтқара алар ма екенмін?

7-көрініс

Әйелдер барагы. Ортада французженка тұр. Оны әйелдер қоршап алып, әлі қызықтауда.

Французженка. Өзім түк те сезбеймін. Адам өз иісін сезбейді ғой.

Наталья Сац. Бірақ Шанель №5-ті сепкеніңіз рас қой?

Французженка. Иә-иә, септім. Бірақ өткен өмірімде, басқа өмірімде болды.

Гертруда. Әлде бізге елестей ме?

Французженка. Өзіме тышқан саситын сияқтымын (*өзін өзі иіскейді*). Мысықтың тырнағына іліккен тышқаннан шығатын иіс бар ғой, дәп сол... Ажал иісі аңқиды үстімнен... Қайдағы Шанель №5?

Атаманша. Тышқан иіскеп көрген адам сияқты сөйлейді, ә.

Французженка. Жо-жоқ, мен дәлелдей аламын, бұл жерде тышқан бар ма?

Настя. Қайдағы. Тышқан тамақ бар жерде жүреді. Қалған-құтқан, қоқым-соқым бар жерде.

Софья Колчак. Мен мына төңкеріске дейін, ғасыр басында, бір рет Парижде болдым. Париж – азаттықтың, романтиканың, шығармашылықтың мекені. Сонда неге қалып қалмадым? Россияға неге келдім? Отан, туған жер, дворяндардың қарапайым халық алдындағы борышы... Не деген ақымақтық? Деревнядағы кішкентай балаларды жинап алып, сауаттарын аштым. Олар мына үлкен дүние дүрмегіне ілесе алмай, көштен қалып қоймасын дедім. Сауатты, мәдениетті болып ер жетсін, Ресей анамызды гүлдендіруге, өркениетті ел етуге атсалыссын дедім. Тіпті нағашы әжемнен қалған имениені сатып, мектеп аштым. Бұл бір романтикаға толы, ертегі іспеттес кез екен-ау. Әкем мен шешем мені мақтан тұтты...

Француженка. Сіз – нағыз қаһарман әйел екенсіз. Мен сізді бір жерден көрген сияқтымын. Жүзіңіз сондай таныс.

Софья Колчак. Мүмкін... Мен княгинямын. Дәлірек айтқанда болғанмын... Және Адмирал Колчактың жұбайымын.

Француженка (*күбірлен*). О, Колчак – біз үшін аңыз тұлға.

Монахиня. Қапа болма, қызым. Сен халықтың сауатын ашсаң, үлкен, сауапты іс істепсің. Сені Құдай ұмытпайды.

Софья Колчак. Қайдам... Сол кіп-кішкентай балақайлар... Көздері жанып, саусақтары майысып қалам ұстаған балапандар... Тура он бес жыл өткенде қара нағандарын сумандатып, атқа мініп біздің үйді өртеп, күлімізді көкке ұшырып кетті. Тап солардың өздері! Біздің деревняның қара сирақтары ғой. Әрқайсысын таныдым. «Сашенька, Витек, бұл мен ғой. Софья Федоровнамын ғой, бұл не қылғандарың деймін... Сүйегі қаусаған әкемді неге аттыңдар? Біз сендерге не істедік деймін?

Атаманша. Ал олар ше?

Софья Колчак. Танымайтын адам сияқты теріс айналады. Көздері түк көрмейді. Қорқынышты бөтен денелерге айналған. Олар еркек балалар ғой. Ал еркектер соғыс жағдайында қатты өзгеріп кетеді екен. Әсіресе қылмыстары үшін жазаланбайтындарын білгенде... Айуанға айналып кетеді екен.

Монахиня. Олай қатты айтпа, қызым. Барлығымыз Құдайдың сүйген құлымыз. Оларды да Құдай жақсы көреді.

Софья Колчак. Құдай жақсы көрсе, жақсы көре берсін. Менің жек көруге қақым бар. Қарғыс атсын барлығын!

Монахиня шоқынып, аулағырақ барып отырады.

Настя. Біздің деревняда да болды тура сондай жағдай. Біз мәртебелі мырзалар отыратын үйді жағып жібердік. Түп тамырымен құрысыншы сол атжалмандардың ордасы деп...

Софья Колчак. Сонда олар сендерге, қарапайым шаруаларға не істеді?

Настя. Дәл маған ешнәрсе істеген жоқ. Бірақ айызымыз қанып, рахаттанып қалдық. Үлкен имение өртенгенде – енді, бұдан былай ескі өмірдің күлі көкке ұшып, жаңа заман, жұмақ заман орнайтынын түйсігімізбен сезіп шаттандық.

Наталья Сац. Мен түсінбеймін... Бірақ түсінуге тырысамын. Бұнда бір маңызды себеп бар. Бірақ менің санам әзір оның шешуін таба алар емес.

Монахиня. Басыңды қатырып әуреленбе, қызым. Бұнда еш себеп жоқ. Тек ақымақтық қана бар.

Наталья Сац. Тіршіліктің мұнша қарабайыр болуы мүмкін емес.

Монахиня. Басыңды қатырма. Бұл тіршілік өте қарабайыр. Оқу-тоқу, өнер, философия – барлығы адам қиялының жемісі ғана. Дерексіз дүниелер. Мың құбылтып тарката беруге болады, шегіне де, шетіне де шыға алмассың ешқашан...

Софья Колчак. Сонда не қалды, сонда не маңызды?

Наталья Сац. Абсолютті ақиқат не сонда?

Софья Колчак. Тек адам емес. Адамдардан әбден жеріп біттім.

Монахиня. Жалғыз Ақиқат – Құдай ғана. Осыны біліп жүрсең, ешқашан еңсең түспейді, қызым.

Софья Колчак. Шаршадым, құр сұлдерім қалды, дем алайықшы.

Француженка. Сіздер өте керемет адамдар екенсіздер. Мен камераға кірген мезетте осыны түсіндім. Сіздер өте керемет адамсыздар. Ешкімге ренжімеңіздер.

Барлығы оны қоршап алған, сиқыр көргендей қарайды.

Наталья Сац. Француженка... Сіз бұнда қайдан тап болдыңыз?

Француженка (*мақтаньшпен*). О! Мен махаббат құрбанымын!

Атаманша. Өйдейт деген!

Француженка (*намыстанып*). Сенбейсіз бе?

Настя. Жо-жоқ. Сенеміз.

Дәмеш. Біздің бәріміз былайша айтқанда махаббат құрбандарымыз ғой. Менің жолдасым Темірбек Жүргенов, үлкен қайраткер, шығармашыл адам. НКВД ұстап тергеуге алғанда, «Күйеуімнен бас тартамын, балаларың да, өзің де аман қаласыңдар» деді. Бірақ мен қоя алмадым. Тіпті балалар үшін де қоя алмадым... Темірбектен бас тартқанша, барлығымыз өлейік дедім.

Жанбике. Олай қатты айтпаңыз, апа.

Гертруда. Отанын сатқандардың әйелдеріне арналған лагерь. Аты айтып тұрған жоқ па?

Дәмеш. Махаббат құрбандарының лагері.

Атаманша. Иә, солай деуге болады. Мен сол жолы базарда... Білмеймін, қашпай тұрып алдым ғой... Себебі сотталғым келді. Көзімді құртып Лешаға бостандық бергім келді. Себебі ол мені өлсе де тастамас еді... Ал мен оның бақытты болуын, сәбилі болуын қалаймын.

Настя. Иә, мен де қарақшы екенін біле тұра күйеуіме ілестім емес пе... Бірге жорыққа шықтым. Жол тостым. Шап дегенде шіміріккен жоқпын. Себебі оның бұйрығы мен үшін Құдайдың жарлығына пара пар болатын.

Француженка. Нені шап дейді.

Настя. Білмеймін, бір мұжықты да. Тонамақ болып еді, әлгі қарсыласып, алқымынан алып тұншықтырып барады, мен артында тұрғанмын. Шап деді қырылдап, мен шаптым. Балтамен шаптым.

Француженка. Мынау деген маскара ғой!

Настя. Содан қайдан шыққанын білмеймін, Қызыл дружина қаптап кетті. Күйеуімді атып өлтірді, мені ұстап әкетіп, алты ай тергеуде жаттым, содан соң осында жіберді ғой.

Француженка. Сұмдық қой!

Наталья Сац. Болды, қойыңдар. Әңгіме осымен тәмам.

Настяның қарапайым да жан түршіктірер шындығы оларды тітіркендіріп жібереді. Барлығы қылмыс үстінде ұстанғандай ыңғайсыз күй кешеді.

Француженка. Сіздер күйеулеріңізге ренжімеңіздер. Бұл деген ер адамдарға тән қасиет. Олар отандарын сағады, әйелдерін сағады. Кішкентай бала сияқты. Кішкентай балаға қалай ренжисің? Барлығына жауапты біз, әйелдер. Барлық ауыртпалық біздің мойнымызға түседі. Біз үйреніп кеткенбіз. Бастысы – ұнжырғамыз түспесін. Бастысы – жақсы көңіл-күй! Солай емес пе?

Наталья Сац. Иә, дұрыс айтасыз. Сіз өзіңіз қызыл империяның шеңгеліне қалай іліктіңіз?

Француженка. Махаббат. Махаббатымды іздеп келдім. Біз екеуміз Альпы тауларында, курортта танысқан едік. Ол Санкт-Петербурдан болатын. Ақын. Жалын, от! Өнді гитарамен қалай айтады! Ммм, есім кетіп ғашық болдым! Біздің театр Мәскеуге гастрольге келгенде, сол бір жігіт есіме түсіп, іздеп табайын деп шештім. Есімнен шықпай қойған... Қолымда мекенжайы бар еді. Мен сіздердің заңдарыңыз мұнша қатал деп ойлаған жоқпын. Мәскеуден Санкт-Петербурға келе жатқанымда, жолда тұтқындады. Біздің елшілік, әрине, мені босатып алу үшін жұмыс істеп жатыр. Олар мені шпион деп ойлайды. Күлкілі. Бір сөзбен айтқанда мен махаббат құрбанымын!

Жанбике. Сіз оған не үшін ғашық болдыңыз?

Француженка. Ол – ақын. Түсінесіз бе? Ол нағыз ақын! Оған ғашық болмау мүмкін емес! Осы баракта қанша әйел жатыр, оны көргенде барлықтарыңыз ғашық болып қалар едіңіздер.

Жанбике. Иә-иә, әрине, солай шығар...

Француженка. Қаласаңыз, ол шығарған бір өлеңді оқып берейін.

Жанбике. Оқыңызшы.

Француженка.

*Его встречали повсюду
На улицах в сонные дни.
Он шел и несвоечудо,
Спотыкаясь в морозной тени.*

*Входил в свою тихую келью,
Зажигал последний свет,
Ставил лампаду веселью
И пышный лилий букет.*

*Ему дивились со смехом,
Говорили, что он чудака.
Он думал о шубке с мехом
И опять скрывался вомак.*

*Однажды его проводили,
Он весел и счастлив был,
А утром в гробуло жили,
И священник тихо служил (Александр Блок)*

Настя. Біртүрлі өлең екен... Мен енді анық махаббат үшін отырмын.

Француженка. Ой, мен сізден қорқамын.

Настя. Қорықпаңыз. Бұл күйге қалай түскенімді өзім де білмеймін. Қарақшыға ғашық болдым, қарақшылық жасадым. Адам өлтірдім. Барлығы махаббаттан. Әйтпесе деревняда өскен қарапайым ғана қыз емес пе едім.

Француженка. Мен сіздерге ән айтып берейін бе? О, мен ән шырқағанды ұнатамын. Сосын сіздерге Сергей туралы айтып беремін.

Дәмеш. Жаным, бәріне үлгереміз. Қазір демал. Жол жүріп, шаршап келдің. Ертең де күн бар. Сөйте ғой.

Француженка. Жоқ, бәрі тамаша! Шаршаған жоқпын!

Настя. Париж жайлы айтыңызшы, бәрін жасырмай айтыңызшы!

Дәмеш. Настя, мазасын алмайық. Демалсын. Өз-өзіне келсін.

Шам сөнеді де қайта жанады. Күзетші кіреді.

Күзетші. Күнжамал, тергеуге шығыңыз.

Күнжамал орнынан тұра бастайды. Шам қайта сөнеді.

8-көрініс

Сол тергеу бөлмесі. Қазақ тергеуші жігіт стол басында қағаз жазып отыр. Күзетші Күнжамалды алып кіреді. Ол әдеттегідей биік орындыққа жайғаса бастайды.

Тергеуші қазақ жігіт. Жоқ, отырмаңыз, тұра беріңіз.

Күнжамал. Рақмет, балам.

Тергеуші қазақ жігіт. Мен сізге бір нәрсе айтайын деп едім... Мен осы күнге дейін мойныма жазықсыз жандардың қанын көп жүктедім, көп адамның көз жасына қалдым. Сол үшін сізден кешірім сұраймын.

Күнжамал түк түсінбей аңтарылып оған қарап тұрып қалады.

Тергеуші қазақ жігіт. Сіздің ұғуыңыз шарт емес. Көп, көп қан жүктедім, оның ішінде әйелдер мен жас балалардың да қаны бар. Мен қатігез болдым, Себебі бесіктен белім шықпай жатып, өмір мені қатігездікке үйретті. Бірақ осы жиырма екі жыл өмірімде жылы, сәулелі жалғыз ғана күн болған еді... Сол күннің өтеуі болсын деп, мен сізді өлімнен құтқармақпын.

Күнжамал. Айналайын, рақмет. Сенің кешегі сөздерің ішімде өліп жатқан, семіп жатқан бозторғайымды тірілткендей болды. Балаларым, кішкентай бөпелерім, бесеуі бес жақта қаңғып қалған кара көз балапандарым... *(жылап жібереді)*. Балам, сен дұрыс айтасың, мен солар үшін өмір сүруім керек екен...

Тергеуші қазақ жігіт *(толқын)*. Міне, көрдіңіз бе... Сіз өмір сүруге тиіссіз!

Күнжамал. Иә-иә...

Тергеуші қазақ жігіт. Мен сізді ажалдан алып қалдым. Енді боссыз. Лагерье мал бағатын адам керек екен. Бәлкім, сол шаруаны сізге тапсырып қалар. Суықта суға түсіп, қамыс жинамайсыз, емін еркін қой бағасыз. Бұл да менің өмірімде болған жалғыз шуақты күннің төлеуі болсын.

Күнжамал. Мен сені түсінбеймін. Айтып тұрғаныңыз қандай күн?

Тергеуші қазақ жігіт. Күзет!

Күзетші келіп кіреді.

Тергеуші қазақ жігіті. Мына кісіні барагына апарып таста. Осымен болды! Менің жұмысым тәмам!

Артына қарайлай-қарайлай, таңқалып Күнжамал шығып кетеді. Перде қалтарысында жасырынып тұрған Лагерь басшысы Юзипенко шығады.

Түрме басшысы. Болды, бұл қатын осымен кетсін. Соның есебіне маған мына екі қатынды өлтіруге шешім шығарып бересің.

Тергеуші қазақ жігіт. Қағаздарыңыз дайын.

Түрме басшысы. Міне, азамат! Нағыз жігіт екенсің!

Тергеуші қазақ жігіт. Кеңес одағына қызмет етемін!

Түрме басшысы шығып кетеді.

Тергеуші қазақ жігіт. Күзет! Енді маған Франция азаматшасы Жаклин Мороны алып келіңіз. Көрейік, неғылған таңғажайып тотықұс екенін.

Күзетші. Құп болады!

Күзетші шығып кетеді.

9-көрініс

Баракқа бірнеше күзетші және Түрме басшысы келіп кіреді. Әйелдер жатқан жерлерінен атып-атып тұрады. Бір күзетші Александраны алып кіріп, әдейі көз қылып итеріп жібереді. Әйелдер Александраға жақтырмай қарайды. Ол өз төсегінің жанына барып тұрады.

Түрме басшысы. Барак! Подъем! Стройся! Осы түнде екі ағаштың қабығын қояндар талқандап, жеп кетіпті.

Монахиня шоқынады. Гертруда «Аһ!» деп айқайлап жібереді. Әйелдер үртісіп қалады.

Түрме басшысы. Сондықтан бұл барактан екі әйел ату жазасына кесіледі. Төтенше соттың шешімі дайын. Өздерің білесіңдер, бір алма ағашы – бір әйелдің өміріне тең деген келісім бар. Сендер алма бағына жеткілікті назар аудармағаныңдар.

Настя. Жолдас бастық! Біз өзімізге тиесілі нанды жемей, қояндар үшін әр алма ағашының түбіне тастап кетіп жүрміз. Өзіміз аш болсақ та, қояндарды қоректендіріп жүрміз. Қыстай бір ағашқа тиген жоқ ол мақұлықтар. Бүгін не өзгерді? Бүгін не өзгерді? Мен түк ұқпай тұрмын!

Түрме басшысы. Қайдан білемін? Ағаштың қабығын түнде мен кемірмеген шығармын? Әлде мен кемірді деп тұрсың ба?

Настя. Жоқ, әрине...

Түрме бастығы. Солай. Мен өз қызметімді адал атқаруға тиіспін. Отан алдында борышым бар. Сендер тәрізді отанын сатқан опасыздардың жесірлері мен жарларына совет өкіметінің құдіретін танытуға тиіспін!

Әйелдер жиналып, енді барлығы қалшыт, бедірейіп қалады. Нартәуекелге бел бұғандары сезіледі.

Түрме бастығы. Сонымен... Лагерьдегі осы төтенше жағдайға байланысты тұтқын Донка Козловская және сектантка тұтқын Серафима Белоусова кінәлі деп танылсын және екеуіне де ату жазасы тағайындалсын! Үкім бүгін орындалсын!

Түрме басшысы мен күзетшілер суыт шығып кетеді.

Атаманша (дауысы бұзылып). Міне, қыздар, осылай бәрі бітті...

Әйелдер состиып-состиып тұрып қалған.

Эпилог

Күншуақтап кәрі шал Тихон отыр. Настя қолында бір табақ жуылған кірі бар, қасынан өтіп бара жатады да, есіне әлдене түскендей кілт тоқтайды.

Настя. Тихон ата, кеше бізбен болған французенка қайда? Әнеугүні тергеуге алып кеткен еді, әлі жоқ. Әлде еліне оралды ма?

Тихон. Қайдағы французенка! Оны сұрама, көрген түстей ұмыт.

Настя. Неге?! Сондай тамаша көңілді кісі еді.

Тихон. Ол шпионка болып шықты, түнеугүні атып тастады.

Настя сасып қалып шоқынады.

Настя. Жаны жаннатта болсын...

Тихон. Енді ондай-ондай болады. Нешетүрлі адам бар... Настя, сен шаруалар отбасынан шыққан момын әйелсің. Күйеуіңнің ықпалында болып, қарақшылықпен айналысты демесең, сенің кеңес үкіметінің адал, еңбекқор азаматшаларының біріне айналуға әбден мүмкіндігің бар. Сондықтан ондай адамдар жайлы сұрама. Жаман атқа қаласың.

Настя. Жақсы, ата.

Тихон. Кім екеніңді айт, шын аты-жөніңді ата десе, мойындамайды ғой. Жендеттердің істемегені жоқ. Бой бермейді. Біресе французша ән салады, біресе күледі, біресе жылайды. Орталықтан келген тергеуші жігітті қашуға көмектес деп үгіттеген бе. Оны тыңдайтын ол ма? Бастан перген ғой. Есін жинай алмай кетті. Оны не қыламыз? Бәрібір шынын айтпайды. Советтің тамағын беріп, тегін асыраймыз ба империалист жауларымызды? Тапқан екен! Ал сендер жұмыс істеңдер. Адал еңбек етсеңдер Совет өкіметі көреді. Бәлкім босатып та жіберер. Кім біледі. Ал ана шпионканы ұмытыңдар. Енді қайтып оны сұрамаңдар.

Настя. Жарайды, ата.

Ол ойлана басып кетіп қалады. Сахнада жалғыз Тихон қалады.

Соңы

Ғалым, жазушы, аудармашы
Герольд Бельгердің
Рухына арналады



КӨМБЕ НАННЫҢ ДӘМІ

(Бір актілі драма)

ҚАТЫСУШЫЛАР:

1. Ауылбасы – 60 жас шамасында
2. Ауылбасының әйелі – 50-60 шамасында
3. Жасұлан – ауылбасының ұлы 15-16 жас шамасында
4. Люба – украинка қыз, 15-16 жас шамасында
5. Неміс шал – 55-60 шамасындағы кісі.
6. Түрік кемпір – 70-75 шамасында.
7. Зуһра – 15-16 жас
8. Жәмила – 45-тегі әйел, Ақеділ мен Жайықтың анасы
9. Ақеділ – 15-16 жас
10. Жайық – Ақеділдің ағасы
11. Диуана шал – иен далада аң аулайтын шал
12. Сәлім – шалға ілесіп жүретін бала
13. Айжамал
14. Гүлжамал – апалы-сіңлілі келіншектер 30-35 шамасында
15. Гүлжан – ауылдағы әйел
16. Ағира – ауылдағы кемпір
17. Кәріс шал
18. Зейнап – шешен әйел
19. Бригадир – соғыстан контузия алып келген жергілікті тұрғын, ақылы кеміс
20. Ауыл адамдары
21. Әскерилер

Бірінші көрініс

Пойыз вагоны. Станция. Қазақ ауылы жер аударылып келген адамдарды қабылдап жатыр. Олардың арасында украиндықтар, кәрістер, шешендер бар. Олар түйіншек-түйіншек заттарын қорып, үрпін тұр. Жүздерінде үрей, шарасыздық. Әскерилер жекіріп, ит абалап үріп жатыр. Депортацияланғандар арасында ораулы нәрестені көтеріп, ешкімге жуымай үрке қашып жүрген кішкентай ғана бала ерекше бөлек көрінеді.

Ауылбасы. Үсті-үстіне үйіп жатырсындар. Бұлардың саны ауылдағы адам санынан асты. Қайда жатқызамын, немен тамақтандырамын, қайдан жұмыс тауып беремін?

Әскери. Бұйрық солай, ата. Қабылдайсыз, енді қайтесіз. Бұлардың сұрауы жоқ. Онша басыңыз қатпасын.

Ауылбасы. Сұрауы жоғы несі?

Әскери. Сұрауы жоқ деген – өлсе, жауап бермейсіз. Саспаңыз.

Ауылбасының әйелі. Ең болмаса не қылған адамдар соны айтсаңшы. Бұл тағы не нәубет, елім-ау, халқым-ау! Тағы не бөлеге тап болдық?

Әскери. Айқайламаңыз. Сөз тыңданыз. Білуімше, бұлардың барлығы жау жақтың жансызы. Әйтпесе тек жатқан елді айдап айдалаға апара ма? Соғыс жағдайында елдің ішіне іріткі салып, етекпен тартып болмаған соң өкімет осылай шешті.

Ауылбасының әйелі. Ойбай, жау болса, біздің ауылға неге әкелесіндер?

Әскери. Бұйрық солай. Сөйлесіп тұруға уақыт аз. Есіңізде болсын, араласпандар, жақындатпандар, басқаларға осыны жеткізіңіз. Бұлар адам етін жейді.

Ауылбасының әйелі (*шыңғырыт жібереді*). Ойбай, не дейді?!!

Ауыл адамдары дүрлігіп, тұра қашуға әзірленеді.

Бригадир. Оқ жаудыруға бұйрық бересіз бе, командир?

Әскери (*ауылбасына*). Мынау кім?

Ауылбасы. Бұл контужный.

Әскери. Давай, ие бол адамдарыңа!

Жүріп кетеді.

Бригадир. Совет өкіметінің жаулары, өңшең сұм залымдар! Капиталистік империализмнің жансыздары! Оқ жаудырындар, батальон!

Ауылбасының әйелі. Ойбай! Енді қайттік?

Ауылбасы. Қайдағы жансыз, өңшең бала-шаға, шал-шауқан. Ең болмаса қара жұмыс істеп, қиыншылықты көтерісетін еркек жібермеген екен.

Ауылбасының әйелі. Өкіметті ақымақ көресің ба? Сенің осы мінезінді-ай. Елдің бәрі ақымақ та, ақылды жалғыз сен. Ананың айтқанын естідің бе, өлсе өле берсін деді. Әй! (Ауыл адамдарына айқайлайды). Ана нашалнік бала жоламаңдар, аулақ жүріңдер деді, бұлар кісі етін жейді дейді. Жоламаңдар! Кетіңдер! Балаларды тығыңдар!

Ауылбасы. Оттама! Әй, қашпаңдар!

Жұрт ақырындап жылыстап тарап, қатарлары сирей бастайды.

Ауылбасының әйелі (*келгендерге қарап*). Әй, шосмотришь, әй! Қарамаңдар бізге!

Бригадир. Атамын, тоқта!

Ауылбасы аулақтау тұрған әскериге жақындайды.

Әскери. Тоқтаңдар! (*Ауылбасының әйеліне*) Сіз тұра тұрыңыз! Қабылдап алыңыздар. Мен сіздерге өткізіп, тапсырып кетуім керек. Мыналар қызық қой. Тұра қашқандары несі. Содан кейін, қабылдап алған соң жоламаңдар. Өзір тұра тұрыңдар. Түсінесіз бе?

Ауылбасы. Жолдас командир, бұларды мен қайда жатқызамын? Немен асыраймын? Онсыз да азық-түлік біткенді майданға жіберіп отырмыз, өз жұртым аш-жалаңаш. Қыс болса мынау қаһарын төккен. Мынауыңыз екі ауылды құрайтын халық қой. Бұлай болмайды.

Командир. Қазақтың көрпесі кең. Барлығы сыяды.

Ауылбасы. Өзің ғой, адам етін жейді деп жерітіп отырсың. Біресе қабылдап ал дейсің. Қай сөзің дұрыс.

Әскери. Әйтеуір тіл мен жақтарыңа сүйенген елсің. Мә, мында қол қой.

Ауылбасы. Қайдам... Қырып аламын ба деп қорқамын. Көздері жәудіреп, ауылыңды пана тұтып келгесін... кішкене жағдай жасап... солдаттарыңа айтсаңшы, ең болмаса жертам қазысып кетсін, нашалнік. Ауыл толы қатын-бала, мыналар да қалт-құлт етіп тұрған шал-кемпір, бала-шаға. Қалай болар екенбіз. Кішкене қол көмек беріп кетіңдер.

Командир. Уақыт жоқ оған. Басымды қатырма, кет. Ана тізімге қолыңды қой, қабылдап алдым де. Өрі қарай білгенінді істе.

Ауылбасы. Енді қайтсеңдер де кішкене ауылдың шама-шарқына қарау керек қой. Бұл не қылғандарың?

Командир. Сіз көп сөйлейді екенсіз. Өте көп сөйлейді екенсіз.

Ауылбасы(*шошынып*). Жоға. Кілең жансыз деп төгіп жатырсыңдар. Бұларды қайда жатқызамын дегенім ғой?

Ауыл әйелі. Ойбай, қолындағысы рас бала ма?

2-әйел. Дымы шықпайтын бұл не қылған бала?

1-әйел. Құдай-ай, өліп қалған ғой. Шақалақ сәби ғой. Балам, жібере ғой.

Бала шырылдап бермейді. Жабысып алған. Диуана шал барып әлгі баланы қолындағы орауымен қосып құшағына қысып тербетіп, «Бесік жырын» (соғыс жылдарындағы) әндетеді. Біреу шапан әкеліп, үстеріне жабады. Бала жылап жатып, ұйықтап кетеді. Шал шақалақты алып әйелдерге береді. Екі жақ та жылап жатыр. Біртіндеп, халық тарай бастайды. Келгендерді қазақтар үйді-үйге бөліп әкетеді. Сахнада диуана шал ғана баланы тербетіп қалады.

Бір үй тұр. Агира кемпір терезенің арғы жағында жылтыңдап сығалайды. Қолында майшам, үрейлі картина. Қолын сермен сөйлеп жатыр. Тарай бастаған ел кідіріп қарап қалады.

Агира. Тағы соғыс басталды ма? Солдаттар жүр ғой. Әбенім, Жармұхамедім бар ма екен арасында? Жұртым-ау, менің құлыншақтарымды көргенің бар ма? Ауылға соғыс келді! Соғыс келді! Жоқ! Жоқ! Жолатпандар, кетіндер! Кетіндер!

Неміс шал көптен бөлініп, осы үйге барып кіреді.

Екінші көрініс

Көне құдықтың басы. Сахнада Диуана шал ау құрып, қақпанын сайлап отыр. Алыста состиып бірінші көріністеги бала тұр.

Диуана шал. Әй, бала, ауылға қайт!

Бала қозғалмайды.

Диуана шал. Әй, бейшара, өзінде тіл-ауыз бар ма... Қайтейін. Олай болса бері кел. Кел, келе ғой. Ең болмаса су іш. Мә, су алып берейін.

Бала состиып қозғалмайды.

Диуана шал. Өзің нені қорек етіп жүрсің? Өлесің ғой аштан. Е-е-е, сен бір жолаушы сапарға бекем бел бұған... Сарала болып атқан бір таңда үйренген бойың ортаңды, табиғатыңды, жан жарыңды қалдырып, суыт шығып жүре бердің қайырылмай... Кәрі әкен қалды кемсендеп, ол бәрін сезіп жүрген, кәрі көкжал түйсігі бәрін пайымдап қойған. Бірақ сол бір сары таң, уылжыған пәк көрініс уата алмады оны. Шокша сақалы секеңдеп, сары тістері бір-біріне қақтығысты. Ал сен шығып жүре бердің, құлыным. Жүрісің суыт, жүзің мәрт, шаһид тағдыр иесі. Жаратқан сені осылай мына менмін, құлыным. Кімге өкпелеймін, кімге барып шағынам?

Ақан серінің Құлагерін айтады. Бала әлі тұр, кетпейді.

Диуана шал. «Жел соқса, камыс басы майда деймін, Атыңды, ат айдаушы, айда деймін. Алдыңғы ат баран болмай, қылаң болды, Жығылмаса Құлагер, қайда деймін?!». Менің ұлым, жалғыз перзентім... Тұрмеде шіріп мерт болды. Ол халық жауы ма еді? Ол ақын еді ғой... Әлде жүйрік біткеннің тағдыры осы ма? Міне, мына сен... Қай елдің азаматысың? Орыс емес, не ноғай, не түрікмен емес. Кімсің сен?

Бала үндемейді. Сол қалпы тыңдап тұр.

Диуана шал. Мен аң аулаймын. Аң дейтін аң қалды ма, кейде суыр ілінеді қақпанға, кейде түлкі, қарсақ. Қасқыр жоқ. Аяқ жетпейтін қиырға ауып кетсе керек. Бері кел.

Орнынан тұрып, балаға қарай жүреді, бала қаша жөнеледі. Шал қаңғалақтап баланың артынан жүгірмек болады.

Арғы жақтан неміс шал келеді.

Неміс шал. Немене желігіп, кішкентай баланы қуып жүрсің?

Диуана. Бейшара қыр соңымнан қалмайды, не жақындамайды. Енді қайда кетті?

Неміс шал. Үркіп қалған. Адамнан қорқады. Құдықта су бар ма?

Диуана. Өзің қай үйге қоныстандың?

Неміс шал. Ағира деген кемпір қабылдады.

Диуана. А, Ағира ма?

Неміс шал. Шерменде екен. Үйде отыра алмаймын. Қақ төрге шығып алып, орамалын шешіп, аппақ шашын жайып жібереді де зарлайды да жатады.

Диуана. Қайтсін енді. Төрт ұлдан бір-ақ айырылды.

Неміс шал. Үйге сыймаймын.

Диуана. Шайын қойып беруге жарасаң, ол да несібе.

Неміс шал. Әлі орныға алмай жатырмын. Темір жол бойын жағалап, халім жеткенше жүріп қайтамын. Жолда кемпірімді лақтырып жіберіп еді жауыздар. Соның мәйітін табамын ба деп.

Диуана. Таба алмассың...

Неміс шал. Бәрібір іздеймін.

Диуана. Ізде, ізде...

Неміс шал. Өзің осы ауылда тұрасың ба?

Диуана. Осы ауылда, осы ауылда.

Неміс шал. Бұлай өмір сүре алмаймын... Шыдамым қаншаға жетеді білмеймін...

Кенет ол Диуана шал құрып отырған торға малтығын қалады. Босана берем дегенде жерге жығылады. Диуана шал қалбалақтап, оны тұрғызып, тұзақтан шығарып жүр.

Неміс шал. Әй, құдай-ай! Сталиндік конституция – зұлмат, Кеңес өкіметі – зымиян, қарғыс атсын сені, мұртты тажал! Қарғыс атсын сені!

Диуана. Жалғыз анық – бұйрық қана. Алланың бұйрығы... Дәм-тұзың таусылмай өле алмассың...

Неміс шал. Мен өлім іздемеймін. Өмір сүру керек, көну керек... Дұрыс айтасың. «Құдай салды – біз көндік». Дұрыс, бәрі дұрыс... Жарайды, аман бол.

Диуана. Аман бол, аман бол...

Қолында шыбығы, шашы дода-дода болып орамалынан шығып кеткен Агира келеді.

Агира(өзімен-өзі сөйлеседі). Қара қағаз жібереді де жағайды, жібереді де жағайды. Төрт балам бар еді, төрт қара қағаз жіберіпті. Қағаз бала бола ма? Сталинді айтамын да, жынды ма өзі? Соғыс біткен соң қайтара ма әлде. Осы қағазды ала тұрсын дей ме? Өйтпесе немене? Қағазға қатын әперем бе? Қатын қағазды не қылады? Миым жетпейді. Жынды ма немене?

Диуана шалды байқайды. Агира есін кенет жиып, қысылып қалады. Қолындағы шыбықты лақтырып жібереді.

Агира. Ұят-ай... Қайынатам ғой (сәлем салады).

Диуана шал басын изеп, қабағын түйген қалпы өтіп кетеді. Артынан кішкентай бала өтеді. Агира оған да сәлем салады. Бала да мән бермейді.

Үшінші көрініс

Ауыл әйелдері жиналған масақты бидайдан ажыратып отыр. Біреу ән салады. Олардың арасында қазақтардан бөлек, ауылға келіп қоныстанған басқа қатындар да бар. Оларды үстілеріндегі өз ұлтына тән элементтері бар киімдерінен танимыз. Кейбірі ортақ әңгімеге араласып, етене жақын отырса, біреулер бөлек қалпынан жаңылмаған. Әсіресе бір шешен әйел ерекшеленеді. Ұзын, тым ұзын. Жас мөлшерін түріне қарап ажырата алмайсың. Басқа жұрт бір төбе болса, ол бір төбе. Бет-жүзінде қасірет таңбасы соғылып, сол қалтында сіресіп қатып қалған. Эмоциясыз. Көздері де қозғалмайды, өлі. Есалаң бригадир келіп кіреді.

Бригадир. Әй, бидай ұрламаңдар, сотталып кетесіңдер. Шығарда барлығыңды тінтемін.

Гүлжамал (кенет ойнақыланып). Әй, қайнаға, мені қазір тінтші.

Әйелдер күледі.

Жәмила. Тек, нең бар есерсоққа соқтығып.

Гүлжамал. Ақыры тінтитін болса, менен бастасыншы.

Бригадир. Әй, Гүлжамал, үкіметпен ойнама сен! Мен осы тұрған жеріңде атып кетемін. Қақым бар, рұқсатым бар!

Гүлжамал. Ойбай, ойнап айтам. Қалжың түсінбейсің бе?

Бригадир. Қалжыңдама! Аяғыңды аспаннан келтіремін!

Айжамал. Не деген теңеу!

Әйелдер күледі. Бригадир ашуланып, қамшысын алып тұра ұмтылады. Әйелдер қаумалап арашалап алып қалады. Бригадир әйелдердің қолы тигеннен кейін кенет өзгереді. Күліп, бір жастау келіншекке тұра ұмтылады. Әйелдер басында күлгенмен, артынан істің насырға шапқанын сезіп, оны жабылып жатып қуып шығады.

Айжамал. Ұялмайсыз ба?

Бригадир әлі келмейтінін біліп ыржалақтап шығып кетеді.

Гүлжамал. Жоға деймін-ау, мынау қызық қой.

Түрік кемпір. Ынсап жоқ бұларда. Құдайын танымай кеткен өңшең құзғын.

Жәмила. Соғыстан қаны бұзылып келді, әйтпесе қандай азамат еді. Туған шешесін танымай қалды ғой.

Әйелдер жұмысқа қайта отырады. Шынар (жаңағы бригадир қуған келіншек) «Жатыр едім жайлауда» деген әнді жылап айтады. Бәрі жылайды.

Шешен әйел (қобалжып). Отқа оранды. Ауыл отқа оранды. Жалын жұтты бәрін!

Жәмила. Мына кісі қайта көтеріліп кетпесін. Абайлаңдаршы. Болды, тыйыңдар көз жастарыңды. Әй, Гүлжамал, айраныңнан қалса, құйып берші.

Гүлжамал торсықтағы айраннан құйып береді. Әйел кесені қолына ұстап, бір нүктеге қадалып қалған.

Жәмила. Ішіңіз, ішіңіз. Іш десеңші, кішкене өзегін жалғасын.

Гүлжамал кесені қолымен демеп, аузына апарады, әйел бір-екі ұрттайды. Рақметін ишарамен білдіріп, қайта жұмысына кіріседі. Әйелдер күрсінеді.

Түрік кемпір. Е, не қасіретті бастан кешіп келгенін кім біледі. Өрт жалмады дейді де отырады.

Зуһра. Әлде келе жатқан пойыздары өртеніп кетті ме екен.

Түрік кемпір. Кім біледі...

Зуһра. Апа, мен шаршадым. Қарным ашты.

Гүлжамал. Мә, сен де іш айраннан. Іше ғой.

Айжамал. Болды, дарақылана берме, өзімізге де қалсын.

Гүлжамал (*қысылып*). Жетеді, жетеді ғой.

Зуһра. Жок, рақмет.

Түрік кемпір. Айналайын, рақмет. Қазір сәл шыдасақ, үйге қайтамыз. Өздерің ішіндер, өздерің ішіндер.

Жәмила дорбасын қопарып-қопарып, түбінен ірімшік шығарып, ақырын Зуһраға береді. Әйелдер әрі қарай ыңылдап әндетіп, жұмыстарын жалғастырады. Терезеден Агира сығалап жүр. Ол әйнекті қағады. Әйелдер оны байқап, күрсініп қояды.

Агира. Қыздар-ау, беу қыздар! Төрт ұлым төрт жағымнан алып, аяғымды жерге тигізбей көтергенде көрермін сендерді. Сол кезде бәрің жыпырлап, апа-апа деп асты-үстіме түсерсіңдер әлі. Ана жақта туады менің дәуренім, сонда көресіңдер...

Төртінші көрініс

Қоңырқай шаңырақ. Ортада дөңгелек аласа үстел. Майшам сығырайып жанып тұр. Жасұлан мен Ақеділ кітапқа шұқшып бір нәрсе жазып отыр. Украин қыз Люба оларға қарап отыр. Жәмила кіреді. Ол келгенде балалар бәрі жапырлап, қолына қарайды. Жәмила орамалын шешіп, шашын жайып жіберіп, арасын қағып-қағып, бидай түсіреді. Оны қолдирменге тартып, бір уыстай ұн жасап, быламық пісіреді. Төмендегі әңгіме Жәмиланың осы ісі барысында жүреді.

Жәмила. Балалар, жұмыстарыңды аяқтаңдар. Кешкі шайымызды ішіп жатайық.

Ақеділ. Жайық келмеді ғой.

Жәмила. Бүгін келмейтін сияқты. Жұмысы барған сайын ауырлап барады.

Жасұлан. Онда мен үйге қайттым. Айтпақшы, апа, Ақеділдің өлеңін тыңдаңызшы. Бір керемет өлең жазыпты. Оқышы.

Ақеділ. Қойшы...

Жәмила. Оқи ғой, қысылма.

Ақеділ.

Құтырынып, қарақшылар,
Фашист деген өңшең сұмдар.
Жаймақ бізге улы торын.

Қорықпаймыз олардан біз.

Оларды біз жеңеміз!

(Г.Бельгер. «Времябудней» кітабынан)

Жәмила. Жақсы, жақсы...

Жасұлан (күліп). Жарайды, кеттім.

Люба(орнынан тұрып). Иттен шығарып жіберейін.

Жәмила. Әй, қой, быламық дайын. Дастарханнан үлкен емессің.

Ақеділ. Иә, шайға қалсаңшы.

Жасұлан. Жарайды.

Олар қағаздарын жинастырады. Жәмила мен Люба дастархан қамына кіріседі.

Люба. Менің анам тура сіз сияқты еді.

Жасұлан (күліп). Сенің мамаң украинка, ол қалай Жәмила апай сияқты болады.

Люба(мұңайып). Мінезін айтамын. Біз інім екеуіміз анам нан ашыта бастағаннан үйді төңіректеп, аңдып жүретінбіз. Бауырым ашқарақ болатын. Өзі кіп-кішкентай. Ал қарны деген... Қабақтай! Сендер ондай қарын көрген жоқсыңдар. Есіл-дерті тамақ... сосын оның ол мінезі маған да жұғып, екеуіміз бірігіп, қазан төңіректейтін де жүретінбіз. Ал анам деген... керемет аспазшы еді. Борщ жасағанда..... Ішіне шошқаның майын салып, қызанақты турап, ащы бұрыш араластырып, қып-қызыл етіп алдына қойғанда... іші бауырыңды шокша қаритын. Ал менің інішегім, өзі үш-ақ жаста, қалай асаушы еді, қалай асаушы еді... Содан кейін аштық басталды. Жейтін тамақ жоқ, бір асам май, бір уыс бидайға зар заман туды. Бұратылып жатамыз... Әкем азық іздеп басы ауған жаққа кетті. Оралмады. Анам тұрмай қалды... Сонда інім... інішегім: «Әке, әкем келді» дейді. «Көп тамақ әкелді, нан әкелді, қараңдар» дейді. Сөйтіп күлімсіреп, былдырлап жатып үзіліп кетті...

Ол жылап жүгіріп шығып кетеді.

Жәмила. Алда байқұс-ай. Қайда барасың, жаным, тоқта.

Артынан жүгіреді.

Ақеділ. Түү, құдай-ай.

Жасұлан (көзінің жасын көлегейлеп). Жарайды, дос, мен кеттім. Ренжімеші. Жәмила апайға рақмет дей салшы.

Ол шығып кетеді. Дастархан басында Ақеділ жалғыз қалады.

Бесінші көрініс

Ақеділ, Жасұлан, Зуһра, Люба төртеуі қыдырып жүр. Оларға Диуана шал мен бала кезігеді.

Диуана шал (Ақеділге). Әй, балам, мынаны Жәмилаға апарып бер.

Ақеділ. Бұл не?

Диуана шал. Суыр. Екі суыр ұстадым бүгін. Пісіріп жеңдер.

Ақеділ. Рақмет, ата. Жарайды.

Диуана. Айдалада неғып жүрсіндер?

Ақеділ. Мектептің тапсырмасымен, далада өсетін шөп түрлерін жинап келіндер деген.

Диуана шал. Е, жарайды, абай болыңдар.

Кетіп қалады.

Жасұлан. Суыры несі? Немене сендер суыр жейсіңдер ме?

Ақеділ (*қызарақтап*). Үйге апарамын ғой не болса да.

Люба. Қызық адам екен.

Ақеділ. Ашаршылық кезінде бүкіл ауылды асыраған. Ан аулаған. Тышқан, жылан, кесіртке – бәрін. Ауыл осы кісінің арқасында адамшығынысыз шықты.

Жасұлан. Қазір аздап былай, есі кіресілі-шығасылы сияқты, иә?

Ақеділ (*жаратпай*). Білмеймін.

Жасұлан. Ана жолы түсімде қып-қызыл түлкі жотадан жотаға жөнкіп зымырап бара жатыр екен, оның соңынан самғай көтерілген бір бүркіт шүйлігіп барып түйреп іліп әкетеді. Мен оларға сырттан тамашалап қарап тұр екен. Көктем, сай-саланың бәрі көкпенбек жасыл майса. Күн болса шақырайып шығып тұр, айнала тып-тыныш. Жұмақ тәрізді сурет.

Ақеділ. Соғыс аяқталатын шығар. Түлкі деген – зымыян Гитлер болар.

Зуһра. Иә, аумин, солай болса екен.

Люба. Айтқаның келсін.

Жасұлан. Ал мен басқаша жорыдым.

Люба. Қалайша?

Жасұлан. Үйленгім келіп жүр.

Барлығы күліп жіберді.

Ақеділ. Ана жақта қан майдан, жұрт қырылып жатыр, ал сенікі не желік?

Люба. Желік демеші, жаман естіледі екен. Үйленсе несі бар. Көркем, сымбатты жігіт.

Зуһра. Люба, сен оған ғашық болып жүрме.

Люба. Енді сен оттап кеттің!

Ақеділ. Ғашық болса несі бар, көркем, сымбатты жігіт.

Барлығы күледі.

Люба. Қойындаршы, сендерді де дос деп жүрмін ғой.

Жүгіріп кетіп қалады. Зуһра оның соңынан жүгіреді.

Акеділ. Бекер болды, ренжітіп алдық.

Жасұлан. Алдық демеші, сен ғой бастаған.

Акеділ. Зухра екеумізді айтамын.

Жасұлан. Зухра екеуміз деп оны неменеге меншіктей қалдың.

Акеділ. Люба екеуіңе не болған, шыбық тигізбейсіңдер ғой тегі. Не айттым сонша?

Жасұлан. Люба екеуің деп бізді бөлектеп тұрсың. Бәріміз бірге жүргенде біртүрлі естіледі екен. Доспыз дейсің де, қит етсе бөлектейсің.

Акеділ. Жасұлан, болды қойшы. Ондай ойым болған жоқ. Зухра екеуміз дегенде... Енді... мен оған сөз айттым ғой, білесің бе.

Жасұлан. Қашан?

Акеділ. Біраз болды.

Жасұлан. Ол не дейді?

Акеділ. Келісті. Алматыға бірге кететін болдық. Тек көктем шықсын.

Жасұлан. Қойшы, сенбеймін.

Акеділ. Рас.

Жасұлан. Шешең біле ме?

Акеділ. Сол шешемнің жайы қиын болып тұр. Жайық болса күні-түні жұмыста, әскери адам. Анамды жалғыз қалдырғым келмейді. Әйтпесе білесің ғой, оқығым, ғалым болғым келеді.

Жасұлан. Зухра ше?

Акеділ. Ол да оқиды.

Жасұлан. Мен сенбеймін.

Зухра қайтып келеді.

Зухра. Жоқ, қайырылмады. Қатты ренжіпті. Соған қарағанда, айтпады деме ол саған ғашық.

Жасұлан. Маған бәрібір. Акеділ, Зухраға өлеңіңді оқыдың ба?

Акеділ. Қойшы деймін, болды.

Жасұлан. Жоқ, тыңдашы, бір керемет өлең жазыпты.

Зухра. Акеділ, өтінемін...

Акеділ. Жарайды...

Егер де біреу сұраса менен:

«Қай ақынды сүйесің сен?»

Көп ойланбай, мақтан етіп,

«Маяковский!» дер едім мен

(Г.Бельгер. «Времябудней» кітабынан).

Зухра. Күшті...

Жасұлан ішін басып күліп жатыр.

Акеділ. Жасұлан, кімге үйленетініңді айтпадың ғой.

Жасұлан. Мен бе... Мен Зүһраға үйленемін.

Енді Акеділ мен Зүһра күледі. Жасұлан ашуланады.

Жасұлан. Күлкілі бір нәрсе айттым ба?

Зүһра. Қалай үйленесің? Жасұлан, ұят болады, олай айтпа.

Жасұлан. Сенің Акеділмен сөз байласканыңды мен қазір естіп тұрмын. Бірақ жана үйленем дегенде, сені ойлап тұрғанмын. Сондықтан қалай десең де, мен бірінші болып айттым.

Акеділ. Жасұлан, болды, қойшы енді. Екеуміз дос емеспіз бе...

Жасұлан. Егер шын дос болсаң, менің сыртымнан Зүһраға сөз айтпайтын едің.

Акеділ. Енді сенен бата сұраймыз ба?

Жасұлан. Ешқандай да бата жоқ. Зүһра, ойлан. Мен айттым. Қаласаң, ертең таңертең әке-шешемді жіберейін үйіңе.

Зүһра. Жоқ, олай болмайды.

Акеділ. Болды, кетші. Көзіме көрінбеші енді.

Жасұлан. Жоқ, мына сен – бұдан былай көзіме көрінбейтін бол.

Зүһра. Балалар, болды деймін!

Жасұлан. Зүһра... *(қолынан ұстайды).*

Акеділ. Ей, кет дедім ғой!

Жасұланды жағасынан ала кетеді. Апыр-топыр төбелес. Акеділ басында күліп қашқақтағанмен, бір-екі ауыр соққы алғаннан кейін ашуланып, аянбай жұдырықтасады. Істің насырға шапқанын түсінген Зүһра шырылдап арашаламақ. Ақыры Жасұлан Ақділді ұрып тастайды, Акеділ қимылсыз қалады. Зүһра оны құшақтап зар илеп жылайды.

Зүһра. Акеділ, тұр, тұршы. *(Жасұланға)* Сен оны өлтірдің, қанішер, фашист. Оңбаған!

Жасұлан аңтарылып тұр.

Зүһра. Акеділ, тұршы, көзіңді ашшы. Ол саған не істеді?

Неміс шал пайда болады. Ол Акеділдің тамырын ұстап көреді.

Неміс шал. Әй, қыз, айқайлама. Талып қалған ғой, қазір есін жияды. Не болды?

Зүһра. Мынау, мынау ұрып тастады?

Неміс шал. Не жетпеді соншама?

Зүһра ыңғайсызданып, көзін төмен салады.

Неміс шал. Түсінікті... Міне, көзін ашты қыраның. Жүр, тұр, батыр. Тұр. Өзің жүре аласың ба? Ах, Ромео, Ромео...

Жасұлан. Ромео? Онысы кім тағы?

Неміс шал. Кейіпкер. Мәңгі жас, мәңгі ғашық. Ромео мен Джульетта деген ғажап туынды бар.

Зуһра. Ромео мен Джульетта...

Жасұлан. Қайдағы Ромео! Қайдағы Джульетта! Әкеңнің аузын...

Жасұлан жерге бір түкіріп кетіп қалады.

Неміс шал. Мына жігіт адуынды ғой.

Зуһра. Адуынды. Көрдіңіз бе, не істегенін...

Неміс шал. Жылама, Ромеоң есін жияды қазір, әне қимылдай бастады. Бұл деген не, ер жігіттің басына не келіп не кетпейді...

Тұр, тұра ғой, жүр.

Зуһра мен неміс шал Ақеділді екі жағынан сүймелдеп, алып кетеді.

Алтыншы көрініс

Зуһраның үйі. Дастархан басында Зуһраның әжесі түрік кемпір мен ауылбасы қария отыр.

Түрік кемпір. Үйіміз де, күйіміз де болған. Үйім сенің мына тоқал тамыңның қасында хан сарайындай еді. Мұны мақтанып, асылық жасап айтып отырған жоқпын. Шыққан жеріміз жақсы, текті жердің ұрпағымыз. Қызымды балаңа әперетін болсаң, қорламай әпер. Бидайдың баратын жері диірмен болса, қыздың баратын жері және белгілі. Үйде ұстап абырой таппаспын. Бірақ сыйлап ал.

Ауылбасы. Біреуді кем санайтын, қор санайтын кісі емеспін. Қу заман не істемейді, зобалаң келсе, бұдан да зоры болады. Сонда қалыңына қанша мал сұрайсыз?

Түрік кемпір. Қызым барамын десе, сүйемін десе, тегін-ақ берер едім. Бірақ Зуһрадан ондай ешнәрсе естімедім. Мал екеш малды да бауыздарда ырымын жасайды. Өзің де жөн-жоралғысынан жаңылмасаң, ертең қызым шаңырағыңа құт әкеледі.

Ауылбасы. Енді не сұрайсыз, айтсаңызшы.

Түрік кемпір. Екі сиырың бар екен, соның бірін берсең болады. Сосын бір қой, ұзату тойына.

Ауылбасы. Келістік. Ұлым Зуһраны әпермесең өлемін деп домалап жатыр, иттің баласы. Әйтеуір қыз тіл алады ғой? Ертең тимеймін деп шалқасынан түспесін.

Түрік кемпір. Жоқ, айналайын, ондайымыз жоқ. Айтқанымды істейді қызым.

Зуһра. Апа, біреу біздің қораға сиыр әкеліп байлап жатыр.

Кемпір. Не дейді!

Жүгіріп барып терезеге қарайды.

Кемпір. Ойбай, жаным, бар екен ғой.

Зуһра. Ол не сиыр? Қайдан келді?

Кемпір. Саған біреу өз-өзінен сиыр әкеп байласа да жақпайды. Жай сиыр да... Колхоздан көмек біздің отбасына.

Зуһра. Керемет болды ғой, алақай!

Кемпір. Иә, енді ауымыз аққа тиетін болды, бұйыртса, өле қоймаспыз енді. Бері келші, шошандамай бері кел деймін. Түрің не болып кеткен өзі. Шашың қобырап, бетің кір ме немене. Албасты неме, бойжеткен қызсың ғой, өзіңе өзің дұрыстап қарамайсың ба, айнаға бар! Саған ғашық болып жүрген ана балада да ес жоқ!

Зуһра. Қай бала? Ақеділді айтасыз ба? Ой, оған бәрібір. Кітабын құшақтап жүреді де қояды, менің бетіме қарайды дейсіз бе сол.

Кемпір. Ақеділі кім тағы?

Зуһра. Ақеділ, кәдімгі Ақеділ, Жәмила апайдың ұлы. Ағасы соғысқа аттанбақ. (*Күрсініп*) Енді бар ауыртпалық Ақеділге түсетін болды.

Кемпір. Оның саған қандай қатысы бар?

Зуһра (*шошып*). Ешқандай!

Кемпір. Ойбай!

Зуһра. Апа, не болды, түсің бұзылып кетті ғой.

Кемпір. Бұдан былай Ақеділ деген сөзді естімейтін болайын сенен!

Зуһра. Неге?!

Кемпір. Болмайды!

Зуһра. Апа, мен Ақеділді жақсы көремін.

Кемпір. Астапыралла!

Зуһра. Ол да мені жақсы көреді.

Кемпір. Ақеділ деген әлгі сымтемірше оратылған ұзын қара бала ма? Жасы қаншада?

Зуһра. Екеуміз жастымыз.

Кемпір. Оны қайдан тауып ала қойдың?

Зуһра. Күзде бірге масақ тердік емес пе.

Кемпір. Мәссаған, кәпір болғыр, мен бұны кішкентай сәби көріп жүрсем, мынаның айтып тұрған әңгімесін қара, масақ тердік дейді, зымиян мыстан!

Зуһра. Апатай, не болды саған? Түсіңіз бұзылып кетті ғой. Қойыңызшы. Түк те болған жоқ, жай масақ тердік.

Түрік кемпір. Жай масақ тердік дей ме... ух, жаным-ай. Өлгі, әлгі сиыр... Жүрші далаға шығып қарайықшы өзі кәрі мал емес пе екен?

Зуһра. Қандай мал болса да тегін келді ғой.

Түрік кемпір. Әй, қызым бері кел. Әңгіме бар. Бұл сиыр, бұл бұзаулы сиыр тегін келіп отырған жоқ. Осы ауылдың старшыны, ауылбасы бар емес пе, сол түнеу күні келіп, сені айттырып кеткен, қызым. Мен келісімді бердім.

Зуһра. Жасұлан ба?

Түрік кемпір. Жоқ, аты Амангелді ғой деймін.

Зуһра. Жоқ, ұлы, Жасұланға ма? Кімге айттырды деймін!

Түрік кемпір. Шәңкілдеме. Дұрыстап, жай сөйле.

Зуһра. Кешіріңіз.

Түрік кемпір. Иә, Жасұланға болар. Ұлының атын сұрамадым. Бірақ әкесі ауылды басқарып отырса, текті жердің баласы ғой. Мен келістім. Жақсы жердің баласы, сен де жаман болмайсың. Осы, балам.

Зуһра. Апа, кешіріңіз, бірақ Жасұланға тие алмайды екенмін. Қазір орта ғасыр емес, совет заманы. Адамды сиырға сатты деген не сұмдық, мен КГБ-ға жазамын.

Түрік кемпір. Жаз! Жаз да Сібірге айдатып жібер мені! Кешегі күніңді ұмытқан екенсің. Барлығы жадыңнан шығып қалатын кішкентай бала емессің ғой. Жарымағыр отарбаны, отарба ішінде отынша қатталған адамдарды, жан-жақтан арпылдаған иттер мен иттен жаман азғын жендеттерді ұмыттың ба?! Сені еркек балаша киіндіріп, ішерге су болмағанда өзімнің зәрімді аузыңа тамызып, жаныңды әрең алып қалып едім ғой. Енді мында келіп есіргенің қай сасқаның? Ауылбасына келін болсаң, жаман боласың ба? Өзіңді ойламасаң, кәрі шешен мені ойласаңшы. Жат жерде, жат жұртта осындай тірегіміз болса, осындай құда-жекжатымыз болса, қалай? Мұртымызды балта шаппайды ғой онда. Қызым, қызым, ақымақ болма. Тыңда шешенді. Айтқанын істе.

Зуһра. Апатай, мен оны сүймеймін ғой.

Түрік кемпір (оны құшақтап, басын алдына салып отырып). Қызым, кімді кім сүйіпті, кім кімге сүйіп қосылыпты. Сенің әкең де ананды осылай сыртынан атастырып, құда түсіп алды. Үйлену тойына дейін бірін-бірі көрген жоқ. Екеуінің соңынан, міне, алтын асықтай екеуің қалдыңдар. Жаман ба не? Сандалған мына тірлікте Алланың жалғыз аманаты тіршілігімізді сақтап қалайық. Содан басқа не арман, не тілек қалды қазір? Жеткіншек

інің өсіп келеді. Ол деген – ұрпақ, ол деген – біздің тұқымның жалғыз ұрығы. Сол сәулені сөндіріп алмайық. Сол үшін бәріміз қызмет етейік.

Зуһра (*басын көтерін*). Апаттай, Маһмұдтың қол-аяғы балғадай, оған не болушы еді, ертең-ақ ер жетіп, адам болып кетеді.

Түрік кемпір. Тәйт! Тіл-көзім тасқа деп айт! Өз әулетінің ертеңін ойламайтын қатын – шіріген жұмыртқа! Жыныма тиме!

Зуһра. Апаттай!

Түрік кемпір. Тиесің деген соң тиесің! Жасұлан ба аты кім еді, соған тиесің. Болды!

Сегізінші көрініс

Ауыл сырты. Жасұлан тұр. Түрік кемпір Зуһраны жетектеп, Жасұланның жанына әкеледі.

Түрік кемпір. Ал, сөйлесіңдер. Мен ана жақта тұрамын.

Зуһра. Неменеге тұрасыз? Мені үйді таба алмай қалады дейсіз бе?

Түрік кемпір. Сөйлесіңдер, дұрыстап сөйлесіңдер.

Аулаққа барып тұрады.

Зуһра. Жасұлан, бұның не?

Жасұлан. Сені аламын деп айттым ғой.

Зуһра. Сүймейтініме қарамайсың ба?

Жасұлан. Қарамаймын.

Зуһра. Мен саған өлсем де тимеймін.

Жасұлан. Олай айтпа.

Зуһра. Қазір мұнда Ақеділ келеді.

Жасұлан. Ол маған не істейді?

Зуһра. Досыңның бетіне қалай қарайсың?

Жасұлан. Біз бекер кездесіп тұрмыз, одан да бірден үйіңе барып алып кету керек еді сені.

Неміс шал мен Ақеділ келеді.

Түрік кемпір. Әй, шал, сен мұнда неғып жүрсің?

Неміс шал. Қызын сиырға сатқан сен кемпір ма?

Түрік кемпір. Өзімнің қызым, не істесем де өзім білемін. Не керек саған?

Неміс шал. Мына бассыздықты тоқтат, балаларға еркіндік бер деуге келдім.

Түрік кемпір. Сен айтпасаң не істерімізді білмей отыр едік. Жоғалт көзінді! Алып кет андағы күшігіңді!

Неміс шал. Бұл бала Зуһра екеуі бірін-бірі сүйеді. Жасұлан, сен совет мектебінде оқыған, көзі ашық баласың. Осындай озбырлыққа барған жараса ма? Аздан кейін бұл істеп жатқандарың барып тұрған қылмыс. Токтатыңдар!

Жасұлан. Аға, сіз араласпаңыз, өз мойныңызда қыл арқан тұрғанын сезбейді екенсіз. Сәл ғана қаттырақ тартса, не болатыныңызды білесіз бе?

Неміс шал. Менен соншама не кінә көріп тұрсың? Жазығым – мына бейкүнә сәбиді, бала махаббатты қорғағаным ба? Озбырлыққа қарсы тұрғаным ба? Талай зобаланды бастан кешкен жанмын. Енді ешкімді жылатқызбаймын.

Түрік кемпір. Әй, қызды байға бермегенде не істейміз? Не сандалып тұрсың?

Неміс шал. Оқысын. Өне, Ақеділ екеуі қалаға кетеміз деп отыр. Барсын.

Түрік кемпір. Мына шалдың есі дұрыс па? Менің қызымда сенің не шағағың бар деймін? Байға беремін бе, жайға беремін бе жоқ әлде өлтіріп тастаймын ба өзім білемін!!!

Неміс шал. Болды, сөз осымен тоқтасын, салғыласып тұратын уақыт жоқ. Жүр, Зуһра, кеттік. Бүгінше менің тамымда боласындар, ертең таң ата қалаға өзім салып жіберемін, жүр.

Түрік кемпір. Ойбай, Зуһра, өлтіремін тоқта!

Зуһраны әрі тартады, неміс шал бері тартады. Қырғын төбелес басталады.

Неміс шал. Әй, кемпір, тоқта болды, тұра тұршы. Токта. Маскара боламыз. Бұл елге екеуміз де келімсекпіз. Есінді жи.

Түрік кемпір (*басылып*). Енді өзің ғой, қақпас!

Неміс шал. Екеумізді де ұстап әкетеді. Токта. Жүр, Зуһра. Жүр, кеттік.

Жасұлан. Ах, атана нәлет фашист! Осыдан көр де тұр, қалай болар екенсің! Осыдан көр де тұр! Ісім сенімен болсын! Өкенді танытамын сенің!

Зуһра, Ақеділ, неміс шал (шарасыздықтан қолын бір сілтеп) кетіп қалады. Жасұлан мен түрік кемпір олардың артынан ілеседі.

Тоғызыншы көрініс

Ұлы Отан соғысының уағындағы шағын кеңсе, үстел басында жас сарбаз жазу жазып отыр. Герольд (неміс шал) келіп кіреді.

Неміс. Сәлем бердік.

Жайық. Амансыз ба, қалыңыз қалай?

Неміс. Жақсы...

Жайық. Сіздің нендей жағдай болса да жақсы дейтініңіз жақсы.

Неміс (*күліп*). Жақсы болса енді басқаша қалай айтамын?

Жайық. Дұрыс. Мында қолыңызды қойыңыз. Болды, енді тура екі аптадан кейін келіп, бой көрсетесіз.

Неміс. Бір жаққа қашады дейсің бе.

Жайық. Бірақ мен болмаймын. Майданға аттанып барамын.

Неміс. Е де... Олай болса көріскенше, балам. Қайда жүрсең де аман-есен бол.

Жайық. Қызық, сіз де неміссіз, майдандасқалы бара жатқан дұшпаным да неміс. Бірақ сіз мында маған амандық тілеп тұрсыз.

Неміс. Неміс пен фашистің айырмасы жер мен көктей. Бұны сен білмей айтып тұрсың, бірақ осыны білетіннің өзі білмегенсіп мына сойқанды салып отыр емес пе. Сол қинайды.

Жайық. Кішкене ақырын-ақырын сөйлеңізші. Онсыз да үстіңізден домалақ арыз бар.

Неміс. Ол қандай арыз тағы?

Жайық. Өзім көрген жоқпын, бірақ сізді жіті бақылауға алу туралы жарлық бар.

Неміс. Міне, қызық! Мен не бүлдіріппін?

Жайық. Ел арасында соғысқа бармаңдар деп үгіт жүргізіп жүр, шпион дейді.

Неміс. Мені өле алмай жүр деп ойлай ма? Кімді үгіттеппін? Кім жазыпты?

Жайық. Аты-жөні белгісіз.

Неміс. Осы халық карап жүрмейді. Менде несі бар, кімді үгіттеппін? Менін де өзіңдей ұлым бар, ол да соғысқа өз еркімен сұранған, неміс деп сенбеді, алмай қойды, үйге келіп, жер тепкілеп жылады. Барлығымыз қатты қорланып едік, тағы қандай заман күтіп тұр екен алда.

Жайық. Хатты өзім көрген жоқпын, бірақ орысша өте сауатты жазылған деседі. Бұл төңіректе орысшаны жақсы білетін адам некен-саяқ.

Неміс. Құртам десе, қытайша жазатын адамды да табады ғой олар. Жарайды, Жайық, аман бол, бар бол.

Жайық. Рахмет сізге. Зұһраны Жасұланнан арашалап қалыпсыз. Естіп жатырмын.

Неміс шал. Қайдағы арашалаған! Ана жынды кемпір уақытша тоқтады. Ауылбасы ақылды адам ғой, сөз түсінді. Қайдам бірақ... Жасұлан шақар екен. Күтпеп едім.

Жайық қолын шекесіне апарып, әскери құрмет лебізін жасайды. Неміс шығып кетеді.

Оныншы көрініс

Ауылбасының үйі

Жасұланның анасы. Амангелді, баладан бір қателік кетті. Өзі де түсініп жылап жатыр. Жар дегенде жалғыз ұл. Қайт райыңнан.

Ауылбасы. Қайта алмаспын.

Жасұланның анасы. Қабырғасы қатқан жоқ, бұғанасы бекіген жоқ. Ол кетсе, мен де кетемін. Тұрмаймын сенімен, қалмаймын қасыңда.

Ауылбасы. Кетсең бар.

Жасұланның анасы. Жалғыз қаласың.

Ауылбасы. Бұйыртқаны болар. Бірақ мына ұлды... мына ұлды... Иттік жасаған екен, майданға барып, есін жинасын.

Жасұланның анасы. Ол есін жинамайды. Ол... ол... *(айта алмай кібіртіктеп, ақыры аңырап жылап жібереді)* өліп қалады ғой! Ол оққа ұшып өліп қалады ғой...

Ауылбасы. Ауылыма пана іздеп келген бейшара жетім шалдың үстінен арыз жазған адам – маған ұл емес. Ондай ұрпақтың барынан жоғы. Қазақ біткеннің атына кір келтірді.

Ауылбасы қиналып, аяғын сипайды. Протез бен аяқ тірескен жерден шып-шып қан шығып тұр. Ол оны байқап отырған жоқ.

Жасұланның анасы. Қай қазақтың жоғын түгендейсің, қай тесікке барып жамау боласың... Ана бала... обал-ай, құдай-ай, қайтейін енді...

Он бірінші көрініс

Жәмиланың шаңырағы. Дастархан басында Жайықты майданға шығарып салуға жиналған бүкіл ауыл адамдары отыр. Домбыра күмбірі.

Диуана шал. Әй, Сәлім, орныңнан тұршы, балам. Міне, қараңдар! Бүгіннен бастап мына батыр Елубаев болды. Кеше райкомға барып, өз атыма аударып алдым. Енді бұл қырандарыңды Сейітқожаның ұлы деп қабылдаңдар. Аты – Сәлім. Айдауда өлген құлыным Сәлімнің аруағы риза болсын.

Неміс шал. Аумин, аумин!

Айжамал. Ой, ата, құтты болсын!

Гүлжамал. Бауы берік болсын!

Жәмила. Мынау бір керемет қуаныш болды ғой. Ата, құтты болсын. Әй, Айжамал, Гүлжамал, ән шырқандар ендеше.

Олар ән салады. Бәлкім «Елім-айды»... Әрі қарайғы әңгімеге арқау болатын тақырыпта болса жақсы болар еді..

Неміс. Бізді мәжбүрлеп көшірді ғой. Туған жеріміз Еділ бойы. Ата-бабам сол жерді екі ғасыр мекендеді. Өзіміздің Автономия, кәдімгідей еліміз, отанымыз болды.

Люба. Тек немістер тұрды ма?

Неміс шал. Негізі неміс... Сол жылы егін қалай бітік шықты. Ондай өнім бес жылда бір болады. Поселкімізде сиыр фермасы бар еді. Ауыл сол сиырларды сауып сүтін, бордақылап егін өткізетін. Сөйтіп жоспарды асыра орындап отырған үлгілі ауыл едік. Бізді тайлы тұяғымызбен, тауар таситын вагондарға тыққанда, сол қазынаға ие болатын адам да жібермеді-ау иттер. Ауыл қаңырап бос қалды. Үйді-үйді аралап ұлыған ит, караусыз сиыр біткен егіндікке түсіп, қарындары жарылып, теңкиіп-теңкиіп жатты. Күзгі жауынға ұрынған астық шіріп кетті. Осылай айналдырған екі-үш аптада түгіміз қалған жоқ.

Люба. Тура біздің оқиға...

Кәріс шал. Иә, біздің оқиға... Бізде де күріш қалды. Есіл егін ысырап болды.

Акеділ. Сонда неге өйтті? Не үшін көшірді?

Неміс. Соғыс келсе, фашистерге өтіп кетеді деп сақтанғандары да.

Жайық. Ал сіз өтіп кетер ме едіңіз?

Кәріс шал. Әй, балам-ай, балалықпен сұрап тұрсың-ау, көңіліне келеді демейсің. Кенес жері – бәріміздің отанымыз. Отанын кім сағушы еді. Германияның өзінде де Гитлерге көпшілік ергенмен, қарсы тұрған, сол қарсылығы үшін жазаға тартылған немістер аз емес.

Жайық. Сіз оны қайдан білесіз?

Кәріс шал. Көңілім сезеді.

Жәмила. Ренжіменіздер. Балалықпен сұрайды ғой.

Неміс шал.

Неміс дейді –

Неміс болса несі бар?

Төрт құбыласы тегіс болса несі бар,

Гитлердің жендеті емес бар неміс,

Болса, аяма – қылша мойнын кесіп ал.

Ұйқы-тұйқы, тірлігінің жолдары,

Болар түсті болдырмады, болмады...

Сондай кезде пана тапты қазақтан

Қорлатпады, қорламады – қорғады...

(Еслям Зікібаев «Гер-ағаға»)

Осындай өлең бар, қарағым.

Жамила дастархан басына көмбе нан әкеледі.

Жәмила. Міне, ып-ыстық, қазір пісті.

Неміс шал. Шіркін-ай, иісін-ай!

Жәмила (*ауылбасына*). Амангелді аға, рахмет сізге, жақсылығыңыз құдайдан қайтсын.

Люба. Иісінен басым айналып кетті.

Бәрі үнсіз қалады. Диуана шал бата жасайды, ақырындап бәрі шетінен үзіп, ауыз тиеді. Әйелдер жылап жатыр.

Ауылбасы. Бейбіт өмір тезірек қайта оралсын, аумин!

Ауылбасының әйелі (*күрісініп, өз-өзінен*). Жалғыз ұл да кетті... Кетті ғой...

Амангелді. Балалар аман-есен елге оралсын.

Айжамал. Жасұлан өзі сұранды дей ме?

Ауылбасының әйелі. Қайдағы (*Амангелдіні нұсқан*), мына қақпас қойды ма жанын. Бала болған соң, балалық жасайды ғой. Соғысқа жіберіп жазалайтындай не болды деймін сонша! (*жылайды*).

Ауылбасы. Болды-болды, қай-қайдағыны айтпа.

Ауылбасының әйелі (*жылайды*). Қатігезсің. Оңбайсың!

Кенет қолында түйіншегі бар шешен әйел келіп кіреді. Түйіншекті Жамилаға береді.

Жәмила. Төрлет, Зейнеп, отыра қал. Рақмет.

Неміс шал. Баладан бір қателік кетті. Амангелді, тым қатал үкім шығардың. Олай болмайды.

Ауылбасы. Солай шештім. Кінәсін құдай кешсін.

Неміс шал. Ол жазған арыздан мені ешкім келіп тұтқындаған жоқ, аман-есен отырмын, міне. Ол болса, от кешіп жүр. Болмайды-болмайды. Байқұс бала...

Ауылбасының әйелі. Соны ұқпай қойды ғой мына қақпас.

Диуана шал. Жарайды, не болса да, талайына жазылғанды көрер... Айтып айтпай не керек... Амандығын тілейік.

Бригадир (*өз-өзінен жылайды*). Айналайындар-ай, Жайық-оу! Сен де соғысты көретін болдың-ау! Ешкім көрмесе деп едім... (*үрейленіп*) Соғысқа бармаңдар, майданға жоламаңдар! Онда арақ ішкізеді де: «Айда, алға» деп окоптан шығарып жібереді. Мылтық жоқ, мылтық бермейді!!! Өліп қаласындар-ау, балалар! Қашсаң, атады. Қызылдар атады! Өздері-ақ атады...

Ауылбасының әйелі. Ойбай-ай! Жасұланым-ай! Құлыным-ай!

Ауылбасы (*дауыс көтерін*). Ей, болды! Болды деймін!

Бригадир қорқып, бетін басын жылап қалады. Ауылбасының әйелі үнсіз егіледі. Кенет шешен әйел орнынан тұрады.

Шешен әйел. Ауылдағы он шақты әйел таудағы фермада жұмыс істедік. Таудың қойнауында ферма болды. Ешкі сауатынбыз. Сонда істедім. Үйде кішкентай қызымды бағып анам қалған. Қызымның жасы үште ғана, екі көзі жұлдыздай жанады, екі беті болса, балдай, сондай тәтті. Өскенде Айға ұшамын дейді. Білмеймін қайдан шығарғанын. Кешке таудан түстік. Үйге ерекше асықтым. Өз-өзінен екі емшегім сыздап, тастай болып қатты да қалды. Клуб жанып жатыр екен. Қараған да жоқпын, үйге жүгірдім. Ауыл тым-тырыс, тіршілік белгісі білінбесі. Клуб болса, жанып жатыр. Үй қаңырап бос тұр. Анам да, күйеуім де, қызым да жоқ. Тек шүберек қуыршағы домалап бұрышта қалған... қызым қолынан тастамаушы еді... Шыңғырып жібердім. Ал клуб болса, маздап жанып жатыр. Жанұшыра жүгірдім. Төңіректі күйген еттің жүрек айнытар тәтті иісі алып кетіпті, жарандар!!!! Азғындар, хайуандар, сендерге кішкентай періште, бейкүнә сәби не істеді? Бүкіл ауылды клубқа жинап, от қойған екен... Бірге кетейін деп ұмтылып едім, жібермеді. Пойызға салып алды да кетті. Ал клуб болса жанып жатыр, жанып жатыр...

Айжамал. Алда байқұс-ай.

Гүлжамал. Сұм заман-ай! Қарғыс атқыр Гитлер-ай!

Жәмила. Жарайды, жарайды, құдай-ай.

Барлығы шешен әйелді құшақтап, дауыс салып еңірейді.

Диуана шал. Жаман ырым бастамаңдар. Жайықжанды, үлкен сапарға, қанды қырғынға шығарып салғанда не болды? Дауыс шығарғандарың қай сасқандарын. Токтатыңдар, түге!

Неміс. Иә, менің Мартам да о дүниелік болды. Умажалған қағаз сияқты жүріп бара жатқан пойыздан лақтырғанда... жаным қалай шықпады, мына жүрек шіркін қалай тоқтап қалмады мен білмеймін.

Ақеділ. Уайымдамаңыз. Заман түзелгесін ақырындап жүріп Мартаңыздың зиратын тауып аласыз.

Неміс. Қайдағы тапқан. Іш киімшең, жанында бір жапырақ қағазы жоқ кім екенін анықтайтын. Көмілсе, соған тәуба.

Диуана шал. Көміледі, көміледі.

Неміс. Жарайды, мен қайтайын. Жайық, аман бол. Осы дастархан басында тек жақсылықта жүздесейік. Жәмила, сенің көмбе наныңның дәмі таңдайымнан ешқашан кетпейді енді.

Жәмила. Әлі талайын жабамын бұл нанның. Тек заман тыныш болсын. Соғыс аяқталып, бейбітшілік орнаса екен тезірек.

Ауылбасының әйелі. Иә, айтқаның келсін...

Әйелдер барлығы тұрып, беттерін сыпайды.

Жайық. Отан үшін, мына жатқан ауылдың тыныштығы, ертеңгі азат өмір үшін қан майданға аттанып барамын. Тілегім – соғысты артымнан ерген қарашығым, інішегім Ақеділ көрмесін. Анашым, сен аман бол! Амандықта жүздесуді жазсын! Ауыл-аймақ, жандарым, көрші-туыс, ағайыным! Аман болыңдар! Мына шаңырақ – сіздерге аманат! Женіспен оралуды мақсат тұтып барамын! Батыр болып ораламын!

«Идет война народная» деген ән орындалады.

Эпилог

Майданнан оралған Жасұлан арбада отыр. Аяқтары көрпемен жабылған. Мүгедек екені сезіледі. Бөлмеге Зухра келіп кіреді.

Зухра. Амансың ба, Жасұлан. Аман-есен оралуыңмен.

Жасұлан. Рақмет. Кел, төрлет.

Зухра. Осы жерде тұра берейінші.

Жасұлан *(күліп).* Тұра беремін десең, тұра бер. Не жаңалық? Ақеділ қалай?

Зухра. Барлығы жақсы. Жасұлан, мен саған... Біздің үй мен сендердің үй арасында келісім бар еді ғой...

Жасұлан. Иә?

Зухра. Енді, міне... Мен дайынмын. Үйленуге... Жоқ, саған тиюге...

Жасұлан. Маған тиемін деп келіп тұрсың ба?

Зухра. Иә...

Жасұлан. Ммм... Қызық екен.

Зухра. Жасұлан, бұл шешім маған оңай түскен жоқ. Сен қан майданнан келіп отырсың, батыр болып оралдың. Бірақ, бірақ...

Жасұлан. Аяқтарың жоқ дейсін ғой.

Зухра. Жоқ, олай демеймін. Шыбын жаныңның үзілмегеніне, аман қайтқаныңа тәуба деймін. Сен мені кешір. Бәріміз бала болдық, ненің мәнісін білдік ол кезде?

Жасұлан. Қазір не өзгерді?

Зухра. Апам... апам ұрсып жатыр...

Жасұлан *(аң-таң болып).* Апам ұрсып жатыр? Ақеділ ше?

Зуһра. Акеділ... Ол... Ол түсініп отыр. Бірақ майданға сұранып кеткелі жатыр...

Жасұлан. Құдайым-ай... не деген баласыңдар... Сұранбасын майданға, менен сендерге рұқсат. Қосылыңдар, үй болыңдар, бақытты болыңдар.

Зуһра. Қалайша? Бұл қалай болғаны?

Жасұлан. Не керек саған? Сені қалағанымда, сүйгенімде, іздегенімде қайда едің? Мені жау көрдің емес пе? Мені жек көріп, жиіркендің емес пе? Енді неменеге келдің?

Зуһра (*кібіртіктен*). Апам ұрысқасын... Сендердің сиырларын қазір көбейіп, екі сиыр үш бұзауға айналды ғой. Қалың малды қайтармаймын деп, басының сақинасы ұстап тұрмай қалды. Содан соң келдім...

Жасұлан. Сиырларды сендерге сыйладым. Оны қалың мал емес, сыйлық деп қабылдасын апан. Тойларыңа сыйлық. Сөйтіп сәлем айт!

Зуһра. Шын ба?

Жасұлан. Шын.

Зуһра. Ой, Жасұлан, рақмет саған! Рақмет!

Үйге Люба келіп кіреді.

Зуһра. Сен мұнда неғып жүрсің? Неге орамал тағып алғансың. Кешір, неге деппін ғой...

Люба Жасұланның көрпесін түзейді.

Люба. Иә, солай.

Зуһра. Керемет қой бұл деген. Керемет! Алақай!

Музыка ойнайды. Сахнаға актерлар шығады.

Соңы



ҚЫЗЫЛ МИЯ

(романтикалық трагедия)

ҚАТЫСУШЫЛАР:

1. Кемпір
2. Асан – кемпірдің үлкен ұлы
3. Сағира – Асанның әйелі
4. Үсен – кемпірдің кіші ұлы
5. Қайрат – Үсеннің «досы»
6. Анаргүл – көрші келіншек
- 7.2 бандит жігіт

ПРОЛОГ

Кафенің іші, екі жігіт шарап ішіп отыр. Екеуі шала мас.

Қайрат. Менің бір достарым бар. Саған тек солар көмектесе алатын сияқты ғой... Жағдайың мүлде мүшкіл екен...

Үсен. Несиеге ақша береді ме?

Қайрат. Несиеге де береді. Бірақ айтқан уақытында қайтармасаң, қиын болады.

Үсен. Мыналардан қиын болмас. (Қиналып) Бір башпайымды кесіп алды...

Қайрат. Банктен сұрап көрдің бе?

Үсен (*күліп*). Маңдарына жолатпайды мені.

Қайрат. Қаласаң, сол жігіттермен жолықтырайын. Оларда ақша жетеді, қарызға да бермейді. Бірақ бір қызмет көрсетуің керек болады.

Үсен. (*Шошып*) Қандай қызмет?

Қайрат. Өздері түсіндіреді.

Үсен. Қолдан келетін шаруа ма? Мойныма қан жүктей алмаймын, есінде болсын.

Қайрат. Жоға. Ондай емес. Сен қиналған соң ғана барып отырмын бұған. Әйтпесе олар өте беделді адамдар. Түсінесің бе?

Үсен. Сеніміңе рақмет, досым. Қысылтаяң сәтте, қасыңда жан баласы қалмағанда, кімнің кім екенін ұғасың. Екеуміздің қылау түспеген таза достығымыз үшін!

Қайрат. Екеуміз екі мушкетермыз ғой! Соны әлі білмей жүрсің бе?

Үсен. Рас айтасың, бауырым...

1-көрініс

Сахнада ауылдың қоңырқай үйі. Жерде аласа үстел, бұрышта домбыра, ортада үлкен сандық. Жерге құрақ көрпелер төселген, арғы жақта фляг, ожау байқалады. Нан, май секілді ауыл дастарханына тән өнімдер аптақ орамалмен жабылған. Үстел басында отыздар шамасындағы келіншек жабық сандықтың алдында тізесін құшақтап жалғыз өзі сөйлеп отыр.

Анаргүл. Бұл жер енді менікі деп, қоршап алған ғой. Қоршағанда кәдімгі қоршау емес, дүйім даланы айналдырып бульдезермен терең ор қазып тастаған. Енді оған өз малы түсіп қырылып жатыр дейді. Сонда да бой бермей отыр. Ана жолы ауласына Секендердің сиыры кіріп кетсе, құлағын кесіп алыпты. Басы қан-қан сиырдың өзін өкіртіп, талға байлап қойыпты. Әбден есі кеткен бейшара жануарды әлгі ағашты айналып айналып, қылқынып тұрған жерінен Айымкүл шешіп алыпты. Білмеймін, қалай боларын, бірақ ауыл адамдарының жандары түршігіп, жағаларын ұстап жатыр. Ниеттен ғой барлығы, ниеттері тарылған әбден. Иесіз жатқан жерді меншіктеп, менікі деп, қоршап, өздерімен өздері арпалысып әлек.

Үйге екі еркек келіп кіреді.

Үсен. Ау, қожайындар! Адам баласы бар ма мұнда?

Келіншек атып тұрады.

Анаргүл. Сәлеметсіздер ме?

Үсен. Сәлем бердік! Сіз кімсіз? Ойбай, Асан Сағираның үстінен қатын алған ба?

Анаргүл. Жо-жоқ, мен көршімін. Мына үйде тұрамын.

Қолын белгісіз бағытқа сілтеп көрсеткен Анаргүл үсті-басын түзеп, ыңғайсызданып қалады.

Үсен. Үй иелері қайда?

Анаргүл. Сағира біздің үйде сериал көріп отыр.

Үсен. Өз үйінде неге көрмейді?

Анаргүл (*Сандыққа қарап*). Мұнда көруге болмайды ғой. Сіз Үсенсіз бе?

Үсен. Иә, Үсенмін. Мені таниды екенсің ғой.

Анаргүл. Иә, танимын, мен Ыдырыстың қызымын. Анаргүлмін.

Үсен. Ыдырыстың-Ыдырыстың. Иә, есіме түсті. Ыдырыс бар ма өзі?

Анаргүл. Иә, бар ғой, жоғары шығыңыздар. Төрлетіңіздер.

Екі жігіт үстел басына отырады. Анаргүл шай қамына кірісіп кеткен.

Үсен. Сағираны шақыра салсаңшы. Мынау менің дос балам. Аты – Қайрат.

Анаргүл. Ол келмейді ғой. Сериал біткенше оған тиісуге болмайды.

Үсен. Немене жұлып тастай ма?

Анаргүл. Жоқ... ренжиді...

Үсен. Иә, мінезі жаман. Ыдырыстың бес қызы бар ма еді? Сен есімде жоқсың. Мен ауылдан кеткенде барлығы майда болатын.

Анаргүл. Алтаумыз.

Үсен. Дұр-еес.

Қайрат. Мұнда неғып отырсың?

Анаргүл *(ыңғайсызданып, сандық жақты нұсқап).* Әжеге келгенмін.

Қайрат *(Үсенге есі дұрыс па дегендей қарап).* Ол кісі өзі қайда?

Анаргүл. Осында.

Қайрат. Далаға шығып кетті ме?

Анаргүл. Жоқ, осында, үйде.

Үсен. Апа, апа! Қайдасыз?

Барлық бөлмені аралап шығады.

Үсен. Жоқ қой, тып-типыл.

Анаргүл. Ұйықтап жатқан шығар.

Үсен. Қай бөлмеде?

Анаргүл. Осында.

Үсен *(Әлденені ұққандай болып, көп мағыналы көзбен Қайратқа қарайды).* Түсінікті, түсінікті... Асан қайда?

Анаргүл. Далада жүрген шығар.

Үсен. А-а-а... жақсы, жақсы.

Қайрат *бұрыштағы домбыраны алып тыңқылдата бастайды.*

Қайрат *(Үсенге).* Тезірек болсаңшы.

Үсен. Енді үй иесі келсін де.

Қайрат. Келісе ме?

Үсен. Қойшы, қайда барады. *(Анаргүлге)* Ауылда не жаңалық?

Анаргүл. Жаңалық сол. Қаладан бір кісілер келіп, ауыл сыртындағы жерді сатып алдық, бұл жермен енді жүруге тыйым

саламыз деп қоршап жатыр. Халық малын қайда жаярын білмей қысылып отыр.

Үсен. Қиын болған екен.

Анаргүл. Соны әжеме айтып жатқанмын.

Қайрат пен Үсен бір-біріне қарайды. Тым-тырыс.

Үсен. Апам қалай? Аман-есен бе?

Анаргүл. Аман-есен. Тәуба.

Қайрат. Өзіңіздің қалыңыз ше?

Анаргүл. Жақсы, рақмет.

Қайрат. Әп-әдемі екенсіз.

Анаргүл қысылып жер шұқып қалады.

Үсен. Енді сіз жүре бермейсіз бе?

Қайрат (*Анаргүлге әндетіп*). Қызыл өрік, қызыл өрік, сүйіп қалдым сені көріп... Үсен, тұра тұршы. Отыра тұрсын. Өзіңіз не қызмет істейсіз?

Анаргүл. Сауыншымын ғой.

Қайрат. Күйеуіңіз бар ма?

Анаргүл. Жок. Қайтыс болып кеткен.

Қайрат. Неден қайтты?

Анаргүл. Суға батып өлді.

Қайрат. Неге батты?

Үсен. Қайрат, болды, қойшы.

Анаргүл. Ажал келді де.

Қайрат. Ммм...

Үсен. Анаргүл, жақсы. Рақмет. Бара беріңіз. Сағираға қайның келіп отыр деп айтыңыз.

Қайрат. Мен де бойдақпын.

Үсен. Болды, өтірік айтады.

Қайрат. Жүрегім бос. Содан соң еркектерге бола береді ғой.

Үсен. Бұл өстіп ойнай береді. Көңіліне алма.

Анаргүл. Қонақты сыйлайтын адамбыз. Қонақтың еркелігін көтереміз.

Қайрат (**Үсенге**). Естідің бе? Не болды саған далада жатқан катынды қызғанып.

Үсен. Болды, қой дедім ғой саған.

Қайрат. Кетші.

Домбырасын қайта тыңқылдатып әндетеді. Асан келіп кіреді. Үсен орнынан тұрып.

Үсен. Ассалаумағалейкүм!

Асан. Міне, қызық, маскара! Қайдан жүрсің?

Үсен. Көке, қалайсың?

Асан (*қалбалақтап, өз көзіне өзі сенбей*). Жақсы, жақсы...

Үсен. Қара шаңыраққа сәлем бере келдім. Болмай ма?
Асан. Болады. Мен бір нәрсе дедім бе? Уалейкүмассалам.
Екеуі төс қағыстырып амандасады. Қайрат та тұрып амандасады.

Асан. Иесіз үйде шай ішіп отырсыңдар.

Үсен. Өздерің Анаргүлді тастап жан-жаққа тарап кетіпсіңдер ғой.

Асан. Бақшада жүрмін.

Қайрат. Анаргүлді кішілікке дайындап жатырсыз ба?

Асан. Бауырым, қалай-қалай сөйлейсің. Қарындасым ғой.

Үсен. Апам қалай?

Асан. Жүріп жатыр.

Үсен. Көрінбейді ғой.

Асан *(Сал ыңғайсызданып қалады).* Осында.

Үсен. Қай жерде осында. Бәріңе не болған?

Асан мен Анаргүл ыңғайсызданып қалады.

Асан. Осы бөлменің ішінде.

Үсен. Астапыралла, ол кісі не? Әлгі? Қайтыс болып кетті ме?

Асан. Иә, қайтыс болып кетті.

Үсен отыра кетеді.

Үсен. Қалайша?

Асан. Адам болған соң өлмей ме?

Үсен. Маған неге хабар жібермедің?

Асан. Сені қайдан табамыз. Қонарыңды сай, ұшарыңды жел біледі. Тірі-өліңнен өзіміз бейхабармыз.

Үсен. Қатырасыңдар ғой...

Асан. Әй, болды, қалжыңдаймын. Тірі шешен. Тіл мен жағына сүйеніп аман-есен шауып жүр.

Үсен. Мәә, Асан, жауызсың осы сен бар ғой, иә.

Асан. Бес жылдың ішінде шеше керек болса, бір келіп халін сұрар едің ғой.

Үсен. Тірлік, күнкөріс деп... Содан кейін Майра мені тастап кетті ғой.

Асан. Тастап кеткені қалай? Балалар ше?

Үсен. Балалар қасында. Қазір басқа байға тиіп алған. Оқ жыландай ысқырып маңдарына жуытпайды.

Асан. Сен ше?

Үсен. Мен жүрмін. Сол баяғы қалпым.

Асан. Е-де. Келгенің жақсы болды. Өзіңнің үйің, өзіңнің шаңырағың. Дұрыс істедің. Қазір жақсылап шай ішеміз. Анаргүл, ана қатынның сериалы бітті ме?

Анаргүл. Қазір жиырма минуттан соң бітеді.

Асан. Сериалы біткен соң келеді, жақсылап тамақ салдыртамыз. Анаргүл, шай қоя берші.

Үсен. Апам қайда сонымен?

Асан. Мында апан, ойбай, мында жатыр.

Сандықтықты көрсетеді. Үсен айран-асыр.

Үсен. «Өз үйім – өлең төсегім» деп келгенде, осылай кабылдадым де, ағатай. «Ағасы бардың жағасы бар», қара орным, әкеден қалған жалғыз көз қара шаңырақ деп келгендімде, шешемді көрсетпей мазақ еттім де, ағатай.

Асан. Жоқ, түсінбедің. Апам шынымен сандықтың ішінде. Арт жағын бұрғылап, ауа кіретін тесіктер жасап қойғанмын. Ұйықтап жатқан шығар.

Үсен жүзгіріп барып, сандықты ашады, көп ұзамай үрпиіп кемпір көрінеді. Екеуі бір-біріне таң қалады. Қайрат шошып кетеді.

Кемпір. Мынау қай бала?

Үсен (*жылапсырап*). Апатай, мен Үсенмін ғой. Үсенмін.

Кемпір. Үсен болсаң, Үсен шығарсың. Мазамды алма, қарғам. Жап есікті!

Үсен. Апа!

Кемпір. Жап есікті!

Есігін сарт еткізіп жауып, қайта жоқ болады.

Үсен. Әй, сенің есің дұрыс па? Мынауың не? Кейуананы сандыққа салып қойғаның не?

Асанның жағасынан ала кетеді. Екеуі опыр-топыр алыса жөнеледі. Кемпір кенет қайта шығып, қақпағын жауып, сандықтың үстіне шығып отырады. Үрпиген кейіні үкіге ұқсайды.

Кемпір.

Кеудесінен оқ тисе,

Уһ демегенді ер дейді.

Өткен қайтып келмейді,

Алғанын Алла бермейді...

Имандарың саламат болсын, аумин.

Екеуі шошынып, екі жаққа ажырайды.

Қайрат (*күліп*). Әй, апашка қатырды.

Үсен. Не дейді? Апам не? Өлгі... былай...

Асан. Мән-жайды түсінбей есіктен кірмей жатып жағадан ала кеткенің не? Ақымақ.

Үсен. Қайдан білем...

Үсен апасын (сандықты) айналып әрі-бері жүреді. Тамашалап қарайды. Ақыры шыдай алмай тағы да жақындайды.

Үсен. Апа...

Кемпір. Мынау қай бала?

Үсен. Мен Үсенмін ғой. Сенің ұлыңмын.

Асан. Үнді киносы болып кетті. Қойыңдаршы. Сағира! Мына қатын қайда жүр! Тамақ салды ма? Үсен келді!

Анаргүл. Ағатай, ол біздің үйде. Сериалын көріп отыр.

Асан. Ә-ә-ә, қазір ертіп келем.

Шығып кетеді. Кемпір міз бақпай отыр. Үсен шарасыз отырып қалған.

Кемпір.

Мен – мен едім, мен едім!

Мен Нарында жүргенде

Еңіреген ер едім.

Исатайдың барында

Екі тарлан бөрі едім.

Қай қазақтан кем едім?

Бір қазақпен тең едім.

Е-е-е, Асан!!!

Үсен. *(Елең етіп)* Апа? Мен – Үсенмін.

Кемпір. Асан, мені ана қызға апар деп күнде қақсаймын. Тіл алмайсың, жүгермек.

Үсен. Сағынып жеткенде сені мұндай күйде көрем дедім бе.

Кемпір. Жалғыз қызға апарып таста деп күнде қақсаймын.

Анаргүл. Бұл кісі осындай қазір...

Үсен. Неге шақырмайсыңдар?

Анаргүл. Тым қашықта ғой. Асан ағам оны әуре қылып қайтеміз дейді. Сіз Заидамен де хабарласпайсыз ба?

Үсен. Жоқ, хабарласпаймын.

Анаргүл. Неге?

Үсен *(Қысылып)* Неге дерің бар ма... Кесірім тимесін деймін.

Анаргүл. Не кесір ол?

Үсен. Енді...

Қайратқа қарайды.

Қайрат. Ер жігіттің өмірі ат үстінде. Үйкүшік болып отырғанның несі жақсы.

Анаргүл. Енді туғанның жөні бөлек қой...

Асан қайтып келеді.

Асан. Ана қатын әкесі тіріліп келсе де қозғалмайды. Сериалы бітіп қалыпты. Қазір келеді.

Үсен. Ағатай, жасың елуге келсе де, қатыныңа әлің келмейді.

Асан. Енді қайтесің...

Үсен. Апам Заидаға апар деп жатыр, неге ол қызды шақыртпайсың?

Асан. Неменеге шақырамын?

Үсен. Шешесін көзі тірісінде көрсін де.

Асан. Неменесін көреді?

Үсен. Енді арманда қалмасын.

Асан. Бұның армандайтын несі бар?

Үсен. Енді шешеміз ғой бәріміздің! Немене болып қалғансың өзің!

Асан. Түктің де керегі жоқ. Апам өлмейді.

Үсен. Енді әйтеуір бір өлетін шығар.

Асан. Үсен, сен немене, бес жыл үшті-күйлі жоқ болып кетесің, бауырымды полицияға іздеуге берейін бе, әлде асын беріп, артынан құран оқытайын ба деп менің самай шашым ағарады, ең болмаса артынан қарайып бір төмпешік жер қалмады деп зарлап жүріп мына кемпір шешен есінен алжасады. Енді аспаннан түскендей болып келесің де, Заиданы шақырайық дейсің, неге десе, мына кемпір өледі ғой, қоштасып қалсын дейсің. Өзінде ар, ұят бар ма? Әлде... әлде сен Үсен емессің бе?

Үсен. Үсенмін.

Асан. Онда неге бұндайсың?

Үсен. Білмеймін...

Қайрат. Үсен, болды, іске көшші.

Үсен. Қазір тұра тұр. Мейлі, шақырмасаң, шақырма, өзім хабар берем.

Асан. Білгеніңді істеші.

Үсен. Апа, Заидаға барамыз ба?

Кемпір. Иә-иә, апар мені. Апар. Сен қай баласың?

Үсен (*Ашуланып*) Шопыр баламын. Заидаға апарып тастайын.

Кемпір.

Еділдің бойы ен тоғай –

Ел қондырсам деп едім.

Жағалай жатқан сол елге

Мал толтырсам деп едім.

Үсен. Иә, иә, апа. Иә. Жүр, олай болса.

Кемпірді қолынан демеп, сандықтан түсіреді. Олар бөлмені айналып жылдам жүре бастайды.

Үсен. Қазір қызыңа апарып тастайын сені. Жүр, жүре ғой.

Кемпір бүгзеңдеп, қуанып еріп береді. Айналып-айналып әкеліп, сандықтың ішіне қайта отырғызады, сандықты ойыншық машина тәрізді сүйреп келеді. Қайрат санын шапақтап қуанып, еліріп жүр.

Үсен. Қазір, апатай, сені қызыңа апара қояйын зырылдатып.

Асан. Мәээ, жасың қырықтан асса да әлі жындысың, кемпірде нең бар?

Қайрат. Апамызды қызына апарамыз. Алақай!

Ол да сандықты екінші жағынан итереді.

Кемпір.

Жақсы әйел айтқан сөзді кектей қоймас,

Осал жігіт әйелге беттей қоймас,

Жауыз қатын қабаған ит сияқты

Ер жігіттің түбіне жетпей қоймас.

Қашан жетеміз?

Үсен. Апа, жетеміз, жол ұзақ, алыс.

Сандықты бесік тербеткендей тербете бастайды.

Қайратты итеріп жібереді.

Үсен. Батыр қалай?

Асан. Батыр Алматыда оқып жатыр.

Үсен. Мектепті бітіріп пе еді?

Асан. Екінші курста оқиды. Итжеккенге барып келген адамнан әрі болдың ғой.

Үсен. Енді өздерің іздемейсіндер... Иә... Мына кісі тіпті қиындап кетіпті.

Асан. Телевизор көрсетпейтіні жаман, әйтпесе болады.

Үсен. Неге?

Асан. Жарайды, оны қойшы. Өзіңнің жайыңды айтсаңшы? Майрамен айырылысыпсың, не тірлік жасап жатырсың?

Үсен. Үй алғалы жүрмін.

Асан. Ауылдан алсаңшы.

Үсен. Бұл жерде не істеймін?

Асан. Не істегені қалай, біз бармыз. Бірге болайық. Өмір сүресің.

Үсен. Ой, қойшы ондай тірлікті...

Асан. Шешенді есі түзу кезінде бір келіп көріп кетпедің. Өлгенде де келмейтін шығар деп ем.

Үсен. Е, бопты. Келіп отырық қой.

Асан. Көріп тұрмын.

Үсен. Шынымды айтсам, бір шаруамен жүрмін.

Асан. Не шаруа ол?

Үсен. Біздің ауылда мия көп. Оны өзің де білесің...

Асан. Мияда нең бар сенің? Сенсіз де шауып алып жатыр.

Үсен. Мия деген қып-қызыл ақша ғой, көке. Қытай қыруар ақшаға сатып алады. Мен жігіттермен келісіп келдім. Соны бірігіп шауып, пайданы қылдай бөліп алайық.

Асан. Ұнамайды осы маған. Қара құмырскадай қаптап келіп, жау шапқандай ойрандап кетеді.

Қайрат. Әй, аға, қызық екенсіз ғой. Ел қызығын көріп жатқанда, біз шетте қаламыз ба? Құдайдың берген миясы. Қазғым сатып нәпақа қылсын деген ғой.

Анаргүл. Теруге сырттан адам көп келеді. Өңшең қаңғыбас ауылды құртып бітті. Солар наша әкеліп, жастар бұзылып жатыр.

Асанның қатыны келіп кіреді.

Сағира. Ойбай, Үсен, сені де көретін күн бар екен ғой.

Бас салып сүйіп, қал-жай сұрасып жатыр.

Үсен. Өзің қалайсың? Жеңге деген қайнысы келгенде үйде отырмай ма? Қыдырып кетіпсің.

Сағира. Ойбай, сериал көріп жүрмін. Шешелерің көрсетпейді. Телевизор қоссақ, көтеріліп кетеді. Арқасы жаман боп жүр. Шулап, өлең айтып, түк естіртпейді.

Үсен. Неге?

Сағира. Жыны бар. Білмеймін. Алжыған адамнан не сұрайсың. Қой, тамақ салайын.

Үсен. Сағира, тұра тұршы, мына көкеме айтшы, ауылдағы мияны тракторымен шабайық деймін. Қазір тиеп алып кетуге дайын жігіттер бар. Миллионға жуық ақша түседі. Пайданы тең бөліп алайық деймін. Сендерге бір жағынан көмегім болсын.

Сағира Мынау көнбей тұр ма?

Үсен. Білмеймін.

Сағира. Әй, ана Алматыдағы баланың оқуын төлей алмай отырсың ғой? Неменеңе жетісіп бәлсініп қалдың?

Үсен. Соны түсіндірші.

Асан. Болды, қойындаршы.

Сағира (Үсенге). Тұра тұр. Қазір көндіремін.

Кемпір.

Исатайдың барында

Екі тарлан бөрі едім.

Ерегіскен дұшпанға

Қызыл сырлы жебе едім.

Жақсыларға еп едім,

Жамандарға көп едім.

Ерегіскен дұшпанның

Екіталай болғанда

Азыққа етін жеп едім.

Хан баласы ақсүйек –

Ежелден табан аңдысқан

Ата дұшпан сен едің,
Ата жауың мен едім!

Қайрат. Әй, деген!

Кемпір. Сен, бала, мені сат, мияны емес мені сатсаң, ақшаның астында қаласың.

Үсен. Апа, қойшы.

Сағира. Сені тегін сыйласа да ешкім алмас. Дәмесін көрдің бе.

Қайрат. Бірақ өлеңді қатырып айтады екен.

Асан. Басқа өлеңдері де жетеді апамның.

Қайрат. Мен де мына Анаргүлге ән айтып жатырмын. «Еееей, Ақшолпан, сұлу қыз-ей!».

Анаргүлді қытықтамақ болады.

Асан. Мына әумесерді қайдан тауып алғансың?

Кемпір. Балалар, айтқанымды тыңдасаңдар, мына мені сағыңдар, өкіметке өткізіңдер. Өкімет содан кейін өкіртіп ақша береді.

Сағира. Апа, қойыңызшы. Түк қызық емес.

Кемпір (*Ашуланып*). Әй, бала, Заидаға қашан жетеміз. Ұзақ жүрдік қой тегі.

Үсен. Ойбай, апа, келдік, түс машинадан.

Қолынан сүйеп сандықтан шығарады.

Үсен. Апа, міне, қызыңа да жеттің.

Сағираға көзін қысады.

Кемпір. Ойбай, жеттік пе? (*Орамалын түзейді*) Сандығым қайда?

Үсен. Жеттік, жеттік. Міне, сандығың да осында.

Сағира. Апа, қалайсың? Мен Заидамын.

Кемпір. Садағаң кетейін, Зайдашым менің. Саған да жеттім-ау, мына мың болғыр шопыр бала әкеліп тастады. Асанға күнде қақсаймын. Заидаға апар, Заидаға апар деп.

Асан (*Көзін қысып*) Апа, осы сенің Үсен деген де балаң бар еді ғой. Ол қайда?

Кемпір. Е, білмеймін, шырағым, күйеу баласың ба, көзі құрғыр су соқыр. Үсен көрінбей кетті, өліп қалған ғой деймін соған қарағанда.

Үсен. Мээээ-сссаған! Әй, апа!!!

Асан күліп жатыр. Сағира ыңғайсызданып қалады.

Сағира. Кел, апа, жоғары шық, отыр.

Кемпір. Отырамын, айналайын, отырамын.

Сағира. Қалың қалай, апа? Келінің жақсы қарай ма? Ренжітпей ме?

Кемпір. Е, несін сұрайсың, қарағым. Келінге күнді қаратпасын. Көрген күнімді итке берсін.

Кәрілік бізге келді кезіменен,
Келін жаман қарайды көзіменен,
Тұрып келіп қолымен ұрмаса да
Ұрғандай-ақ болады сөзіменен.

Ыңғайсыздық орнайды. Сағира жылап қалады.

Асан. Болды, қойыңдаршы. Үлкен кісіні күлкі етіп, бала болып кеттіндер ме.

Сағира. Бір кіседей күтіп жүрмін ғой. Телевизор көрсетпейді. Кейде түзге шықпай қалады. Мендей-ақ қарасын келін. Айтып отырғаны мынау. Масқара ғой біреу естісе.

Кемпір.

Қасыр-құсыр шайнайтын қайран тісім,
Тіс кеткен соң кетті ғой менің күшім,
Кесек-кесек турайды, өзі жейді,
Жаны ашиды деп сенген жақын кісім.

Сағира. Тамақтан басқа ешнәрсені ойламайды. Қу тамақ болса болды бұған.

Үсен. Ей, женеше, не болды? Ертең-ақ басыңа келеді.

Сағира. Күні-түні қақсап жыр айтады, жағы да талмайды, үні де сембейді. Әйтеуір осы қақпастың дауысын естімес үшін үйден безіп, көршілерде жүремін.

Асан. Сөйтіп шыныңды айтсаңшы. Қарап жатырмын, қатырып жатырмын демей. Қаңғырып дала кезіп жүремін, шешен сандықтың ішінде күс-күс болып жағады десеңші одан да.

Сағира. Осы сөзді дәтің барып қалай айтып тұрсың? Сен де алжығансың, білдің бе?

Үсен. Ей, болды, қойыңдар.

Сағира. Үсен, сен де сенбейсің бе? Мына ағаң екеуің бірігіп талайсыңдар ма енді мені?

Үсен. Қарап жүрсің ғой, қарамасаң өліп қалмай ма баяғыда.

Сағира. Естідің бе?

Қайрат. Жарайды, бопты, сонымен мияны не қылатын болдық? Далада кісілер трактор күтіп отыр.

Үсен. Иә, көке, ойын– ойнымен, күлкі – күлкісімен. Әр нәрсенің өз орны бар.

Асан. Сыртымнан уәде беріп келгеннен саумысың?

Үсен. Жоқ, көке. Ақылдасып, алдыңнан өтейін дегенім ғой.

Асан. Балаларды әкеліп тұрушы едің. Ренжіткен, ренжіскен кезіміз болған жоқ еді. Пәтер алдым деп келгенінде, сүйіншіңе

әкемізден қалған жалғыз көз – күміс ер-тұрманды сыйладым. Балаша қуандым. Коттедж үй салып алыпсың, оны енді сыртыңнан, Батырдан естідім.

Үсен. Көкөтай, қойшы. Батырдың өзін көрмедім, үйді қайдан біледі?

Асан. Сыртыңнан көріп біліп жүр де. Сенің қаның су болып кетсе де, біздікі әлі қою, бұзылмаған, туысын іздеп, ағайынға алаңдап тұрады.

Үсен. Өздерің де қалада інім бар деп іздеп келмейсіңдер, балаңды ағаң бар деп жібермейсің. Өкпең орынсыз. Мен де өкпелімін саған.

Сағира. Біз малдан шыға алмаймыз. Ағаңның кейде жүрегі қысылады, дәрігерге қарал десем аудан орталығына баруға да уақыт таппай отырған жоқ па. Бір күні мына кемпірден бұрын осы өлсе, таң қалма.

Асан. Шаңырақ мынау деп көрсетпесең, аға деп шақырмасаң, немене деп барамын сенің үйіңе?

Үсен. Аға, қояйықшы осы ренішті. Бос сөзді қайтеміз. Жайымды айттым ғой, үй жоқ менде. Бала-шағаға тастадық қой бәрін.

Асан. Бомж болдым десеңші.

Үсен. Солай десе де болады...

Асан. Қайда тұрып жүрсің?

Үсен. Пәтерде. Келмей кеттің дейсің. Келуге бет бар ма менде... Жағдай да жоқ, шынымды айтсам.

Асан. Біз не саған адам емеспіз бе, мен аға емеспін бе... Осылай да осылай деп жайыңды айтып келсең, бір амалын таппас па едік...

Асан жүрегін ұстап ауырсынып отырып қалады. Сағира жаны шығып жүзгіріп барып аузына дәрісін салады, Анаргүл шыныға су құйып әкеліп береді.

Үсен. Асан, уайымдама мені! Мен деген сен білмейсің, керемет өмір сүрем. Қыздар қырылып соңымда, достарым бар. Арман жоқ менде!

Асан. Бопты олай болса. Ақымақ...

Үсен. Дәрігерге өзім қаратамын. Мал, бала деп, әбден тоз-тозың шығыпты.

Сағира. Сөйтші, мың болғыр. Өзің қаратшы. Әйтпесе бала жас, мен мына шешелеріңмен-ақ миы ашып қалған адаммын. Өзің қаратшы бұл есалаңды.

Асан. Е, болды қойшы, ұят болады. (Үсенге) Ер-тоқым аман ба?

Үсен (*Қипақтан*) Аман... Бірақ аман емес. Ана бір жылы ақшадан қысылғанда сатып жібердім. Көке, ана жігіттерге не дейін? Тракторыңды бересің бе?

Асан. Мияны кетпенмен шауып, күрекпен қазып жатқан адамды көп көрдім. Жарға, қияға өсетін мияны трактормен қалай термексің?

Үсен. Ойбай, соқа байламаймыз ба? Жұмысты көбейтпей, жерді жыртып өтсек, жігіттер трактордың артынан жүріп отырып теріп алмай ма?

Сағира. Жарты ақшасын беремін дейсің бе?

Үсен. Қылдай етіп бөліп аламыз. Сендерді мен алдамаймын ғой.

Кемпір.

Дүниеге қызығамыз несін біліп,

Аз күнгі қызығына есерленіп.

Жалаңаш кеп, жалаңаш қайтамыз ғой,

Мойынға төрт қары бөз тесіп іліп.

Сағира. Бір қызық көрсетейін бе? Апа! НКВД!!!

Кемпір зу етіп сандықтың ішіне кіріп кетеді.

Үсен. НКВД? Есімде ме, біздің бала кезімізде апам НКВД келіп қалмасын деп сақтанып отыратын еді ғой.

Асан. Қазір тіпті күшейіп кетті. Бұрын мына сандығын аштырмайтын еді, енді тіпті ішіне кіріп жататын болды. Оянса, үстіне шығып отырады. НКВД келіп ақтарып, соттатып жібереді дейді. Бұл бір қызық алжу болды.

Үсен. Шыныменқызық. Сонымен, көке, келістік пе? Тракторыңды алып ауылдың сыртына барайық, жігіттер күтіп қалды деймін.

Асан. Ау, қойсаңшы, осының бәрін шын айтып отырмысың? Мия өскен жердің бәрін соқамен жыртытын болсаң, онымен құнарлы шөп қоса кетеді. Мал қайда жайылады сонда? Соқамен бір жыртылған жер оңалмайды. Арам шөптен өзге ешнәрсе шықпай қалады ертең.

Қайрат. Ағатай, далада мықты-мықты жігіттер тосып отыр. Олар дәл бүгін 500 мың теңгені санап, мына үстеліңнің үстіне қойып кетеді.

Сағира. Әй, Асан, далада жатқан жердің, шығатын шөптің камын жеп қайтесің? Жалғыз ұлды ертең оқудан шығарып тастаса, сонда болады әләулайлым. Құдай айдап келе қалған екен, кредит алмайсың, қарыз сұрамайсың, аспаннан өзі құйылып тұрған ақша. Бар, жырт деген жерін жыртып бер. О, несі-ай!

Асан. Бармаймын.

Үсен. Әй, ағатай, енді ана балаларға не айтамын?

Асан. Басқа трактор тауып ал. Онсыз да тонап жатыр. Енді менің жыртқаным қалып еді осы жерді.

Үсен. Қызықсың осы сен...

Сағира. Жыртады. Жыртпайтын болса, ал тракторды, басқа біреу рульге отырсын. Жақын маңда бізден басқа ешкімде трактор жоқ.

Үсен. Біліп тұрмын ғой.

Асан. Алмайды. Бермеймін тракторымды.

Кемпір сандықтың ішінен үрпий бас көтереді. Қолында шүберекке оралған бума қағаз бар. Кемпір саусақтары дірілдеп шүберектің орауын жазады. Шүберектің ішінен сарғайып кеткен қағаз, хаттар шығады.

Кемпір. Заида, саған жеттім бе, жоқ па, білмеймін. Аманатым бар. Соғыста мен пошташы болдым ғой. Құдай басқа салмасын. Халық мені көрсе, ажал көргендей қашады. Құзғын да бір мен де бір. Өзім балигатқа да толмаған баламын. Ауылда хат танытын жалғыз адам мен болдым да, содан пошташы етіп қойды ғой.

Сағира. Не айтып кеттің, апа. Андағың не?

Кемпір. Қара қағаз, қара қағаз... Мынаны Бибіге бере алмадым. Екі ұлынан қара қағаз келді. Апарып бергенмін. Мынау кенжесі, Қайыржанның қағазы. Жасырып қалдым. Үмітін үзбедім. Ақыры өлгенше екі көзі төрт болып күтіп кетті. Ал мынау... аналары баладан кетті сол екеуінің, үшіншісін босана алмай өліп кетті, ол кезде доғдыр бар ма қазіргідегідей, тас жетім Бақытбек пен Күлжанның әкесінікі. Сақтарын сындыра алмадым, үміттерін үзуге дәтім бармады. Тығып алып қалдым. Ал мынау... Мынау кім, құдай-ау? А, Күлбаршынның баласы екен ғой. Жалғыз ұл еді. Күлбаршын ол соғысқа аттанғанда-ақ шатаса бастаған. Қазасын көтере алмас дедім. НКВД, НКВД көрсе түрмеге салады ғой мені. Қашанғы астыма тығып жатамын. Бір күні өлемін, сөйтіп ана екі ұлға кесірім тие ме деймін. Енді сен жасыр. Саған аманат. Өлгі бала қайда? Шопыр бала қайда?

Үсен. Апа, мен мұндамын.

Кемпір. Өлгі Асандікіне қайтып апарып тасташы, балам. Олай бұлай болып кетсем, қыздың босағасында өліпті демесін.

Үсен. Құп болады, командир. Отыр. Әр кәлләда бір қиял деген...

Асан. Апамның бұл сырын кім біліпті...

Сағира. Алда бейшара, сол екен ғой НКВД десе зәресі ұшатыны...

Асан. Сен оны мазақ етіп мәзсің. Сәл қолайыңа жақпай қалса НКВД деп бар ете қаласың, апам бейшара сандықтан бір-ак шығады.

Үсен. Сағира, енді олай етпеші.

Сағира (жылайды). Қойдым, болды. Мен де адамның баласымын ғой, шаршаймын ғой кейде...

Үсен кемпірді сандыққа қайта отырғызып, әрі-бері жүре бастайды. Кемпірдің басы ғана қылтиып шығып тұр. Қолына қағаздарды ұстап қалған Сағира әлем тапырақ күйде.

Қайрат. Үсеке, болды қойшы. Тасташы андағы сандықты. Ана жігіттерден ұят болды. Қайдан таныстырып едім сендерді. Өзімнің ауылым, ағам бар, трактор бар деп ертіп келдің. Ендігін мынау. Аға, мына бауырыңды жаман жағдайға душар етіп тұрсың. Мен де сенімен қосылып қара тізімге еніп кететін болдым. Олар бандиттер ғой, нағыз бандиттер!

Асан. Мен сендерді шақырған жоқпын.

Қайрат. Шақырсаң да, шақырмасаң да, осы тұрған жеріңде қораға кіріп кетесің.

Асан. Сен мені қорқытпа. Есік анау, қалай кірдің солай шық.

Қайрат. Құрысын, делдал болып нем бар еді. Масқарам шықпаса болды. Үсен, ісім енді сенімен болсын. Өз қолыммен бауыздаймын. Қаныңды судай шашамын сен иттің. (Асанға) Сені де өлтіремін.

Асан. Кет, бар! Аузы қандай жаман еді пәтшағардың.

Қайрат далаға шығып кетеді.

Сағира. Жок, сенің есің дұрыс емес. Күні кеше ғана тентіреп ақша іздеп кетпеп пе едің. Ағайынға өлердегі сөзіңді айтып мың доллар таба алдың ба?

Үсен. Көке, аналар мені өлтіреді.

Асан толқып әрі-бері жүре бастайды.

Асан. Үсен, сен менің інімсің...

Үсен. Тракторыңды бермесең, жалғыз бауырыңнан айырылайын деп тұрсың.

Асан. Кішкентай кезінде барлығынан таяқ жейтінсің. Жаратылысың сондай еді. Көршінің сенің жарымыңдай ғана болатын тентек ұлы бажылдатып сабап кететін. Бойың мен денең тығыршықтай, тіпті қатарыңнан анағұрлым дәу болсаң да, алыстан ұшып келе жатқан тас топ баланың ішінде тек саған тиетін. Топ баланың ішінде ит сені ғана қабатын. Сол кезде сенің табаныңа кірген тікеннің менің маңдайыма қадалып жататынын сезбеуші едің. Жүгіріп шығып, саған қолы тиген баланы тепкінің астына аламын. Сені қапқан иттің басынан кесек атып жазым

еттім. Сені апам сабағанда, шыпылдаған шыбық сенің етінді осып жатса, менің жүрегімді езетін. Бір берекесіз сорлы едің. Бірақ мен бауыр ет, бауыр дегеннің не екенін білемін. Ал сен білмейсің. Сен әлі білмейсің.

Үсен. Жоқ. Мен де білемін! Неге білмеймін?

Асан. Содан кейін не болды? Оқыдың. Сен оқысын деп, мен ауылда қалдым. Қатын алдың. Үй алдың. Қалада тұрдың. Бойтұмарың болсын деп ырымдап, әкемізден қалған жалғыз көз ер-тұрманды тарту еттім. Ол қайда? Саттым дейсің. Кімге саттын айтшы? Барып өзім кері сатып аламын.

Үсен. Шетелге кетті ғой. Таба алмайсың...

Асан. Неге сатасың? Қалай дәтің барады? Саған не болды, Үсен? Балаларыңды неге ойламайсың? Ең болмаса елде, қазақта да қалмапты...

Үсен. Енді қу тіршілік қамы ғой... балалар үшін...

Асан. Адамды ашындырасың. Өкеңнен қалған ер-тұрманды сатып тапқан нәпақаң– балаларыңа құт бола ма? Харам тамақ, харам ақша емес пе... Енді келіп айтып тұрғаның мынау. Ауылдың миясын шабайық дейсің. Бес жыл жоғалып кетіп келгендегі бар шаруаң осы...

Кенет сырттан суыт жүріп, түрлері сұсты үш жігіт келіп кіреді. Сандықты ары-бері сүйретіп жүрген Үсенді көріп тұрып қалады.

Қайрат. Айттым ғой, үйге қалай кірді, солай есі ауысты. Жынданып кетті.

1-жігіт. Не істеп кеткенсіз? Трактор қайда?

Үсен. Сыртта тосындар дедім ғой.

1-жігіт. Бастадыңдар ма деп әкім екі рет келіп кетті.

Асан. Жол болсын?

1-жігіт. Ассалаумағалейкүм.

Қол беріп амандасады, екінші жігіт те амандасады.

1-жігіт. Мына кісі (*Үсенді нұсқайды*) осы үйде трактор бар деп кеткен. Жарты күн тостық. План күйіп барады. Уақыт есептеулі. Не кеңес құрып отырсыздар?

Қайрат. Міне, сандықпен ойнап жүр.

Анаргүлді жамбасынан қағады.

Үсен. Тиме дедім ғой саған!

Үсен жүгіріп барып бетінен ұрады, анадай жаққа ұшып кеткен Қайрат бүгжиіп отырып қалған.

2-жігіт. Тракторды берсең қолыңнан аламыз, бермесен жолыңнан.

Асан. Трактор жоқ.

1-жігіт. Жоғы қалай? Есіктің алдында тұрған не нәрсе?

Үсен. Бұзылып тұр.

2-жігіт. Шығып айтпайсың ба?

Үсен. Өңгімелесіп отырып қалыппын.

1-жігіт. Енді қайттік?

2-жігіт. Тракторды өзім айналдырып көрейін.

Асан. Тиюші болмаңдар.

2-жігіт. Мынау өтірік айтып тұр.

1-жігіт. Түсінбедім. Сен не (Үсенге) келіскен тағы біреулерің бар ма? Бізді лақтырып тұрсың ба?

Үсен. Жоқ, жігіттер. Ағам келісімін бермеді. Ренжімендер. Тракторға тиіспейсіңдер.

1-жігіт. Сонымен, аға, ақтық сөзіңіз?

Асан. Мияға тиісуге болмайды.

2-жігіт. Неге болмайды?

Асан. Жердің киесі ұрады.

Үсен. Әй, ағатай-ай. Далада жатқан мияны қорымасаң етті. Бұлар болмаса, баска біреу бәрібір шауып алады.

Асан. Ауылға жолатпаймын. Енді ешкімге бергізбеймін.

1-жігіт. Жалғыз сауал. Неге? Себеп?

Асан. Сендер қайдан шыққан бәлесіңдер, а? Ауылдың даладаласын шығардыңдар ғой! Не ақыларың бар, а?! Несі қалды?! Енді мына бейшара мияға көздерің түсті ме? Өлтіремін, әкеннің ауызын! Осыдан мияға тиісіп көр, өлтіремін!

1-жігіт. Түк ұқпадым.

2-жігіт (1-жігітке). Мен ұқтым. Кеттік.

Олар шығып кетеді де, сәлден соң трактордың оталған дауысы шығады.

Асан. Әй, әкеннің...

Жүгіре бергенінде Үсен тоқтатады.

Үсен. Кете берсін. Олардың тапаншасы бар. Шықпа.

Асан. Жібер.

Кемпір кенет сандығынан мылтық шығарып, далаға беттейді.

Кемпір. НКВД келгенде ағамын деп жүргенмін.

Сағира. Апа, тоқта өлесің!

Кемпір.

Толарсақтан саз кешіп,

Тоқтамай тартып шығарға,

Қас үлектен туған кәтепті

Қара нар керек біздің бұл іске.

Шығып кетеді. Оның артынан Үсен жүгіріп кетеді. Екі мәрте мылтық атылады.

Үсен (*жүгіріп кіріп*). Апам трактордың екі дөңгелегін атып түсірді. Жалмауызға да жан керек. Аналар тым-тырақай қашты.

Асан. Қайтып келмей ме?

Үсен. Білмеймін.

Асан. Не істейміз?

Үсен. Білмеймін.

Кемпір. Келін, шай жасап жібер.

Сағира. Апа, қайдағы шай?

Анаргүл. Мен қазір.

Сағира. Анаргүл, саған не болды?

Анаргүл. Білмеймін...

Сағира. Аналар келіп бәрімізді қырып кетпесін. Масқара болмайық.

Асан. Апа, мылтықта оқ қалды ма?

Кемпір. Сандықта бар. (Анаргүлге). Келін, дастархан қамына кіріс.

Анаргүл. Қазір.

Жүгіріп кетеді.

Сағира. Апа, қайдағы келін? Мен ғой келін... Асан, анау қайда кетті?

Асан. Білмеймін.

Сағира. Әлде менен жасырып жүрген бір нәрсе бар ма бұл үйде?

Асан. Түк те жоқ. Апа, келініңіз, міне, **Сағира.** Алдыңызда тұрған жоқ па?

Кемпір. Екіншісін айтамын.

Сағира. Асан!

Үсен (Мінгірлеп) Мені меңзеп тұрған шығар апам.

Сағира. Солай ма?

Кемпір. Солай!

Асан (*Таң қалып*). Қашан үлгердіңдер?

Үсен. Үлгердік.

Сағира. Бауырыңды қорғап тұрсың! Қазір ол қатынның шашын жұдайын. Бәсе, өзім де сезіп едім. Осы үйден шықпайтыны жаман еді. Анаргүл!

Анаргүл келеді.

Анаргүл. Ау!

Сағира. Бері кел!

Асан. Ұят болады деймін, түк те жоқ.

Сағира. Сен немене осы үйдің қатынына ұқсап жүрсің?

Немене, жүзіқара, немене сен? Басынып, қазан-ошағымды иеленіп... Мен қара басып сериал көріп жүргенде, мына жақта тындырып жүрдім де! Асан екеуіңді қатар буындырайын.

Анаргүл. Апай, сізге не болды? Апам жай айта береді. Өзіңіз білесіз ғой.

Сағира. Қайдағы апа саған ол? Бері кел! Өлтіремін!

Үсен. Апам маған нарек тастап жатыр... Неге түсінбейсіңдер?

Сағира Анаргүлді тұра қуады. Кемпір сандыққа кіріп кетіп, есігін жауып алады. Кенет үйге Қайрат келіп кіреді.

Қайрат. Әй, Үсен, бері шық!

Анаргүл. Ол бармайды ешқайда!

Сағира. Сенің Үсенде енді не ақың бар!

Асан. Апа, мылтық қайда?

Үсен. Апам, қайда, апа!

Қайрат. Үсен, еркек болсаң бері шық!

Үсен. Апа!

Анаргүл. Үсен, бері кел, бармайды ол ешқайда.

Қайрат. Немене жұлысып жатыр ма едіңдер?

Асан. Онда шаруаң болмасын.

Қайрат шығып кетеді. Артынан ерін екі бандит келіп кіреді.

Мылтықтары бар.

1-жігіт. Қане, қолдарыңды көтеріңдер!

Барлығы қолдарын көтереді.

1-жігіт. Өлгі есі ауысқан кемпір қайда?

2-жігіт. Көрінбейді.

Қайрат. Сандықтың ішінде.

1-жігіт. Бар, шығаршы.

Қайрат сандықты ашады.

Қайрат. Ммм, жоқ ешкім.

1-жігіт. Мылтық қайда?

Қайрат. Көрінбейді.

1-жігіт. Қысқасы былай. Мені ешнәрсе қызықтырмайды.

Тракторды бүлдірдіңдер ме, бүлдірдіңдер. Ойнап жүрген адам емеспін. Орнына трактор тауып беріңдер немесе осы тұрғанда ақшамды қайтарыңдар.

Сағира. Біз сенен ақша алған жоқпыз.

1-жігіт. Бір миллион теңге шығыңға батырдыңдар. Осы тұрғанда.

2-жігіт. Ақшамызды қайтарасындар, немесе түгел бауыздап кетеміз.

Үсен. Жігіттер, олай қатты кетпесеңдерші. Келісейік те. Мен басқа трактор тауып беремін қазір.

1-жігіт. Жоқ. Сенбеймін.

Анаргүл. Біздің үйде трактор бар. Бірақ жүрмейді.

1-жігіт. Жүрмейтін трактор керек емес.

2-жігіт. Көп сөздің керегі жоқ. Тез болындар.

Қайрат. Асан, сен осы ауылдың адамысың. Сен табасың тракторды.

Асан. Таппаймын.

Қайрат. Таппасаң, өлесің.

Асан. Өлтіре бер!

Сағира. Ойбай! Мен табамын, мен тауып беремін!

1-жігіт. Онда шық үйден.

Сағира. Қазір. Орамалымды дұрыстап байлап алайыншы. Апа, қайдасың!

Қайрат. Сендердің қаһарман мамаларың бір жерге барып өліп қалды шамасы.

Асан. Оттама! Сағира, ешқайда бармайсың. Есің дұрыс па?

Сағира. Өзім білем. Барам...

Асан. Тракторды қайдан табасың?

Сағира. Әкімнен сұраймын.

Қайрат. Әкіміңде трактор жоқ. Болса, сендерде неміз бар.

Сағира. Совхозда екі трактор бар еді ғой.

Асан. Оны түнегүні сатып жіберген.

Сағира. Енді қайттік?

1-жігіт Асанды ішінен атып жібереді.

1-жігіт. Онда есептестік. Жігіттер, кеттік. Үсен, сен бізбен жүресің.

Үсен. Жедел жәрдем шақыр. Сағира, неғып тұрсың! Асан, бауырым!

Кенет сахна сыртынан кемпір шығады, үстінде ақ көйлек.

1-жігіт. Кемпір мында жүр ғой.

Кемпір. Әй, балалар кетіңдер!

Асан. Апа, өлдім, көмектес...

Кемпір. Өлсең, көмілерсің. Ештеңе жоқ артыңда бала-шағаң бар. Ал жан алғыштар сендерге айтарым:

Басыңды ит кемірсін,

Сүйегіңе құрт-құмырска семірсін.

Құтырған иттей далақтап қал,

Ашыққан иттей жалақтап қал.

Көзіңе көк шыбын үймелесін.

Құдай бар болса, қолың кесіліп,

Түйменді шешең түймелесін.

Екі дүниеде жолдарың ашылмасын, мә, саған!

Қайрат. Жігіттер, құрысын, кеттік.

2-жігіт. Мына кемпір жынданған екен. Кеттік.

1-жігіт. Ақша ше? Қызыл мия ше?

Қайрат. Құрысын бәрі, кеттік!

1-жігіт. *(Үсенге)* Оңай құтылды!ң!

Суыт шығып кетеді.

Кемпір. Келін, шай қой.

Анаргүл. Қазір, апа.

Сағира. Жедел жәрдем шақырмайсыңдар ма? Асан қалайсың? Әл-дәрменім жоқ, дірілдеп барамын. Жедел жәрдем шақырындаршы шамаларың болса.

Асан. Сонда Анаргүл бізге келін бола ма?

Сағира. Ойбай, онда нең бар? Жаның қала ма жоқ па, ойбай-ай, соны ойласаңшы. Саңлағым-ай, боздағым-ай! Бір тоқал аласың ба, бес тоқал аласың ба, ала берші, тек өлмеші, жаным-ау! Тек өлмеші.

Асан. Оқ жай ғана сырып өтті. Тиген жоқ. Неменеге өлуім керек?

Сағира. Ала ғой, ала ғой тоқал.

Асан. Мына қатын қоя ма жоқ па? Сені көрген адам қайтып қатын ала ма? Фобия менде қатыннан! Фобия! Түсінесің бе? Алмаймын ешкімді. Ақымақты тапқан екенсің!

Сағира. О, жаным менің!

Үсен. Ух, ұрыспандаршы екеуің.

Асан. Үсен, Анаргүлді аласың ба?

Үсен. Тисе, алайын...

Асан. Жанымда, ауылда қаласың ба?

Үсен. Қалайын, ағатай.

Сағира. Анаргүл, ойбай, болшы. Мынау өледі қазір.

Анаргүл. Қазір-қазір.

Жүгіріп кетеді.

Кемпір *(сандыққа барып отырып).*

Жасымнан сірә кайғылы,

Жаудан алар кегім бар.

Кек алатын ерім бар.

Ер қаруын сайлаған,

Жеңіске белін байлаған,

Қаһарлы қалың елім бар...

Соңы

КОНЬЯК ҚОСЫЛҒАН КОФЕ

(екі актілі драма)

(Хичкокшалағанда)

ҚАТЫСУШЫЛАР:

1. Кейуана
2. Отағасы
3. Әйел (отанасы)
4. Бойжеткен (Шәмен) – 25-30 жаста.
5. Жігіт (Батыр) – 35-40 жаста

1-АКТ.

1-көрініс.

Қонақ бөлме. Ортада мерекелік дастархан жайылған. Төрде ақ орамал тартқан кейуана отыр. Орта жастағы әйел дастархан маңында күйбендейді. Тыныштықты ара-тұра ауыр күрсінген еженің демі ғана бұзады. Орта жастағы ер адам келіп кіреді. Қолында кітап.

Отағасы.

Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?

Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?

Махаббат, ғадауатпен майдандасқан,

Қайран менің жүрегім мұз болмай ма, – депті ғұлама Абай. Бұл жердегі «ғадауат» сөзі дұшпандық деген мағынаны білдіреді екен. Махаббат, ғадауатпен майдандасқан... Қандай керемет, ә?

Әйел. Не болса соны айтып мазаны алмай, бар, демала тұршы. Сенсіз де миым айналып тұр.

Бетін басып дастархан шетіне отыра кетеді. Еркек те келіп жайғасып, кітапқа үңіледі.

Кейуана. Жастар кешігіп жатыр ғой. Батыр айтқан уақытында жетуші еді.

Әйел. Бойжеткен жиналып бітпей жатқан шығар.

Кейуана. Келеді ғой, келеді. Тек Алла амандығын берсін.

Әйел. Білмеймін, тым жақсы болып өсіп еді ботам. Қандай қыздың тұзағына ілінді. Үйленбесе – бір уайым, үйленсе – тағы уайым.

Кейуана.

Құм жиналып тас болмас,

Құл жиылып бас болмас.

Екі жақсы қас болмас,

Екі жаман дос болмас, – деген екен бұрынғының адамдары. «Құда – мың жылдық, күйеу – жүз жылдық». Қыздың ата-анасы қандай адамдар екен? Әлгі біздің бала ұй-ішімен танысып па? Көріп пе қандай жердің баласы екенін? Соны білгенің бар ма, келін?

Әйел. Апа, оның әке-шешесін не қыласыз? Өзі қандай десеңші. Әке-шешесі келін болмайды ғой бізге келіп. Сіз де айтасыз.

Кейуана. Әй, балам-ай, қазақ «Аяғын көр, асын іш. Шешесін көр, қызын ал» деп бекер айтты дейсің бе? Текті жердің адамы – оқымаса да, шоқымаса да басқаша болады. Қоңыз теріп жанын бағып жүрсе де басқаша болады.

Әйел. Сіз балаң екеуің тақпақтап менің түбіме жететін болдыңдар. (Күбірлеп) Жүйкем жұқарып бітті. Көр ғана құтқарады мені сендерден.

Кенет есік қоңырауы басылып, артынша Батыр мен Шәмен келіп кіреді. Әйел барып алдымен баласының, содан кейін Шәменнің бетінен сүйеді. Олар отағасымен, кейуанамен амандасып, дастархан басына жайғасады. Әйел күйбеңдеп шай қамына кіріседі.

Кейуана. Сонымен, қызым, жөніңді айта отыр. Әке-шешен бар ма? Қай жердікі боласындар?

Шәмен. Шешем ауылда тұрады. Негізі осы Алматынікі. Әкем жоқ.

Кейуана. Әкең қайтып кеткен болды ғой.

Шәмен. Иә...

Кейуана. Иманды болсын, жарықтық. Қай елден боласындар?

Шәмен. Осы Алматыданбыз.

Кейуана. Сүйегінді сұрап отырмын, жарқыным. Сүйегінді.

Шәмен (қысылып қалып, Батырға қарап). Мен түсінбеймін.

Батыр. Әже, оны не қыласыз, мәселе онда емес қой. Танысыңыздар, әңгімелесіңіздер.

Әйел. Иә, апа, қазіргі жастар ондай нәрселерді білмейді. Одан да, Шәменжан, қай институтты бітірдің, қайда жұмыс істейсің соны айта отыр. Енді таныса келген соң бұндай сұрақтарсыз болмайды. Ренжіме.

Шәмен. Иә, әрине... бірақ мен оқымағанмын. Еш жерде оқымағанмын. Дүкенде сатушы болып істеймін (қатты қысылып, Батырға сүйенеді).

Жағымсыз тыныштық орнайды.

Еркек (*кенет тамағын кенеп*). Балтық жағалауында қарайлар деген халық бар. Еуропаланып кеткен ел. Солардың тілінде біздің кәдімгі желтоқсан айы «соғымай» деп аталады екен. Қаңтарды «қышай», ал ақпанды «қарақышай» дейді. Таң қаларлық жағдай. Сонда түркі халықтары Балтық жағалауына дейінгі аумақты алып жатқан болды ғой. «Соғым ай» деген түсінігі бар халық дегеніңіз, кезінде мал шаруашылығымен айналысқан, көшпелі ел болған дегенді білдірмей ме?

Әйел (*күбірлен*). Жарайды, оқыған-оқымағандықта тұрған ешнәрсе жоқ қой. Оқыса да түк бітіре алмай жүргендер көп.

Батыр. Әйелге жұмыс істеп, оқып түк қажеті жоқ. Үйдің берекесін келтіріп, балаларға дұрыс қарап отырса, басқа не сұрайсың әйел затынан.

Кейуана. Балам-ау, үй болғаннан кейін ұрпақ өрбиді. Алғаныңның тегі, тектілігі сол ұрпақ үшін керек. Өзің қазақтың ба, қызым?

Шәмен (*естілер-естілмес*). Иә, қазақтың.

Кейуана. Қазақ болсаң өзіңнің тегіңді неге білмейсің?

Шәмен. Маған шешем ешнәрсе айтқан емес.

Кейуана. Балам-ау, енді білмеймін не дерімді. Біз өзі өскен-өнген атаның ұрпағы едік. Бабамыз қол бастаған батыр болған, арғы атамыз сөз бастаған шешен, аузы дуалы би болған. Есімдері осы өздерің оқып жүрген тарих кітаптарына түскен еді. Мен не дерімді білмей отырмын, балам. Сен де біреудің әлпештеген қызы шығарсың. Батыр да кіндіктен жалғыз, бетіне қарап отырған ұлымыз. Менен келісім керек болса, бере алмаспын, айып етпе, жаным.

Еркек. Менің сөзім керек болса, өздерің білетін де шығарсындар, Галлей атты құйрықты жұлдыз 80 жылда бір Жерге жақын ұшып өтеді. Ғалымдардың айтуынша, ғасырда бір болатын бұл құбылыс дүниеге түрлі апаттар, соғыстар, жаман аурулар алып келеді екен.

Үнсіздік. Дастархан басындағылардың әрқайсысы өз ойымен өзі.

Еркек. Ғалымдар сонымен қатар құрлықтардың үнемі қозғалыста болатынын анықтаған. Ауқымы геологиялық дәуірлермен өлшенгенмен, миллиондаған жылдардан кейін Америка континентінің Азияға келіп соғылу қауіпі бар. Мен есептеп көрсем, Калифорния штаты Қытайдың Ляодун провинциясын сүзеді екен. Елестетіңдерші! Ғажап емес пе? Менің айтайын дегенім, осындай ғарыштық өлшемдермен қараған

кезде, біздің Батырдың қандай қызға, қашан үйленетінінде тұрған еш мағына, мән жоқ. Сондықтан, апа, сен бекер уайымдайсың.

Тағы да ауыр үнсіздік жайлайды.

Батыр. Рақмет, әке.

2-көрініс

Сахнада қала көшесі. Түнгі мезгіл. Фонарь. Бәйтерек. Скамейка. Онда Батыр мен Шәмен бірине-бірі тақалып отыр. Шәменнің үстінде Батырдың күртешесі.

Шәмен. Сонымен анаң мені ұнатпады.

Батыр (*күліп*). Мен сенің орныңа басқа қандай қыз әкелсем де ұнатпас еді. Ол мені қимайды. Әлі бала көреді. Осылай мәңгі қасымда жүре берсе дейді. Егер еркек әйел үшін жанын пида етуге дайын болса, демек ол оны сүйеді, ал әйел еркек үшін жанын пида етуге дайын болса, демек, ол оны туған дейді. Ананың ағы – ана.

Шәмен. Білмеймін. Ол кісіні ренжітіп бақыт таба аламыз ба? Әжең де өзін біртүрлі суық ұстады.

Батыр (*ойланып*). Осыны өзім де түсіне алмадым. Қалыптасқан әдет бойынша, анам ұнатпағанды әжем ұнатуға тиіс еді. Ол екеуі өмір бойы осылай бірінікін бірі жоққа шығарып келеді. Жас балалар секілді тайталасады. Бірақ, бұл жолы басқаша болды.

Шәмен. Екеуі бірін-бірі жек көре ме?

Батыр. Жоқ. Олай деуге болмайды. Енді... Ене мен келінді құдай әу бастан бірине бірін қарсы етіп жаратқан дейді ғой. Тек парасаты басқадан асып туған әйел заты, төмен етектінің сырттандары ғана тіл табысып, тату-тәтті ғұмыр кешеді екен. Ал, менің әжем мен анам... сырттандыққа кішкене, бір елі ғана жетпей туды ма деймін.

Шәмен. Сонда қалай?

Батыр (*күліп*). Енді... бірін-бірі жұлып, ауыр сөз айтуға бармаса да, өзара кішкене бәсекелесіп жүретіндері бар. Мына тамақты мен сенен жақсы істеймін, бала тәрбиесін мен сенен артық білемін, сенен мен пысықпын, сенің тапқан балаңнан менің тапқан балам ақылды деген сияқты әңгімелер ғой.

Шәмен. Бірақ екеуі де мені ұнатпады...

Батыр. Олар сені мүлдем білмейді емес пе. Бірінші рет көріп отыр. Содан кейін мен олардан рұқсат сұрап келген жоқпын, таныстыруға апардым сені. Жасым отыздың ортасына келгенде әжем мен шешем жақтырмады деп сүйіктіме үйленбей қалсам, менің кім болғаным?

Шәмен (*күліп*). Мені әйтеуір олардан бөлек тұратынымыз куантады. Күнде бетпе-бет келіп, кездесе бермейміз дегенім ғой.

Батыр. Ол жағынан саспа. Мен сені ешкімге ренжітпемеймін.

Шәмен. Оларға менің жетімдігім ұнамаған секілді, содан соң сенің теңіз емесің. Оқымағанмын, дүкенде сатушы болып істеймін. Күйеуде болғанмын.

Батыр. Сенің шешең бар емес пе. Жетімсің деп отырған ешкім жоқ. Күйеуде болсаң... Күйеуден шығып келген жоқсың, Құдайдың өз ажыратты сендерді. Ол қайтыс болғалы бері қанша уақыт өтті?

Шәмен (*мұңайып*). Төрт жыл болды ғой, міне.

Батыр. Неден қайтып еді?

Шәмен. Жүрек талмасынан...

Батыр (*Шәменді құшақтап*). Жарайды, тұнжырама. Жақында кішкентай бөпе келеді өмірге. Содан соң менің ата-анам, әжем барлығы сені менен де қатты жақсы көретін болады. Көресің. Барлығы тамаша болады.

Шәмен. Білмеймін, жүрегім қобалжи береді. Мені қойшы, қасымда сен барсың, туыстарың анамды ренжіте ме деп қорқамын. Білесің ғой, бұндай кезде қандай әңгімелердің болатынын. Ал шешем болса, мені жалғыз өзі тістелеп жүріп өсірді. Көп қиындық көрдік. Енді қазір өсіп-жетілген соң оған ауыр сөз естірткім келмейді. Түсінесің ба?

Батыр. Ол жағынан саспа. Ондай кезде артық сөзге баруға тек менің шешем ғана қабілетті. Ал, ол кісі менің айтқанымнан шықпайды. Өзім қатты-қатты айтып, тапсырып қоямын. Ешкім сенің мамаңа тік қарап сөйлемейді. Сөз берем саған.

Шәмен. Әкең ше?

Батыр. Ол кісінің қақ-соқпен ісі жоқ. Өзің де байқаған шығарсың. Отағасы болып, сыртқа жалын күдірейткенмен, біздің үйдің бастығы – шешем. Бірақ, ол – ашсам алақанымда, жұмсам жұдырығымда. Демек, бастық – мен. Қалай айтсам, барлығы солай болады.

Құшақтасады. Сахна жабылады.

2-АКТ.

1-көрініс.

Сахна ортасында модерн стиліндегі үлкен көк диван тұр. Шетте бір сары кресло және әйнектен жасалған журнал столы. Столда графинде су тұр және стакан. Ақ шаңқы қабырға. Ауруханада болатын мәмілесіз, жағымсыз тазалық

атмосферасы. Диванда Шәмен журнал парақтап отыр. Батыр кіреді.

Батыр. Есікті неге ашпайсың? Үйде екенсің ғой.

Шәмен. Кілтін бар ғой.

Батыр мырс етіп, галстугын ағыта бастайды.

Батыр. Шаршап келдім. Бастық миды жеп жіберді. Қан сорғыш. Нағыз қан сорғыш. Әйтеуір ретін тауып, амалын келтіріп, қаныңды ұрттап-ұрттап алады. Шаршадым. Егер сен екеуің болмасаңдар, барлығын тастап қаңғып кетер едім. Шын айтамын. Әбден саудам бітті.

Шәмен. Басымды қатырмашы. Әлде сен өз кезегінде менің қанымды ішейін дедің бе?

Еркек (*кенет селт етіп*). Әйгерім қайда?

Шәмен. Әйгерімді не қыласың?

Батыр. Не қылғаны қалай? Қайда жібердің Әйгерімді? Айт жаныңның барында.

Әйел (*журналдан көзін алмаған күйі*). Айқайлама. Басымды ауыртып жібердің.

Еркек сахна сыртына жүзіріп кетеді. «Әйгерім, Әйгерім» деген дауысы алыстан талып жетеді. Әйел журналдан басын көтеріп алыстағы нүктеге жанарын қадайды.

Шәмен (*өзімен-өзі күбірлеп, күңгірт дауыспен*). Сен адам өлтіріп көріп пе едің? Алқызыл ыстық қан алақаныңды жуып, жүрегінде мұз боп қатып жатқан кесек кекке нұрша құйылған сәтті бастан кешіп пе едің? Қан, тек қан ғана жуа алатын, тазарта алатын кек болады өмірде...

Еркек қайта кіреді.

Батыр (*дауысына жалыныш араласқан*). Шәмен, Әйгерімді қайда жібердің?

Шәмен. Апасына, ауылға апарып тастадым.

Батыр. Неге? Неге менімен келіспей білгеніңді істегенсің? Ол менің де қызым ғой.

Шәмен. Дем алайын дедім. Балаға қараған оңай ғой дейсің бе. Сен күні бойы жұмыстасың. Азабын мен тартамын. Содан соң келіп алып, «балам, балам» деп өбектейсің. Жыныма тиме.

Батыр (*естілер-естілмес*). Мен ақша тауып жатырмын ғой.

Шәмен қолын сілтейді де, журналға қайта үңіледі.

Батыр. Сенің шешең қайсыбір қарайды дейсің. Барғанда бір кесе шайды дұрыс бере алмайды.

Шәмен. Өлтіріп тастамас.

Батыр. Қазір күн суық. Ауыртып ала ма деймін. Бекер болды. Кішкентай баланы. Обал болар ма екен.

Шәмен. Бірақ сен оны кішкентай деп, обал деп қабылдамаған сияқтысың ғой.

Батыр. Немене айтып тұрсың?

Шәмен. Ішің сезіп тұрған шығар менің немене айтып тұрғанымды.

Батыр. Жоқ, еш нәрсе сезіп тұрған жоқпын. Айт, жаныңның барында айт. Жұмбақтама.

Шәмен қолымен басын қысып, бетін басады.

Шәмен. Батыр, мен бәрін білемін. Алдында да сезіп жүргенмін. Бірақ кеше Әйгерімнің өзі білдірді. Қуыршағына сенің жасап жүрген істерінді істеп ойнап отырғанының үстінен түстім. Бұрын да сезіп жүргенмін. Бірақ мұншама сұмдықты күтпеп едім. Қайдан, кімнен үйрендің дегенімде, әкем осылай істейді деді. Өзі айтты.

Батыр сахнаны әрі-бері кезіп жүре бастайды. Түрі әлем-тапырық. Адами кейпінен айырылып, әлдебір жартқышқа айналған тәрізді.

Батыр. Өтірік, өтірік. Сен, сен әдейі істеп отырсың мұның бәрін. Неге? Не үшін? Мен саған соншама не істедім, Шәмен? Жазығым қаңғып жүрген жеріңнен жуындырып, киіндіріп үйленгенім, үйіме кіргізіп, жар еткенім бе? Оқытқаным ба кінәм? Менен не жамандық көрдің?

Шәмен. Сен де, мен де, екеуміз де білеміз бұның шындық екенін. Мені алдағаныңмен Алланы қайда жібересің? Ол барлығын көріп тұр. Ертен Құдайдың алдына барамын деп қорықпайсың ба? Не бетіңді айтасың сонда? Ол сенің өз перзентің ғой. Мұнша неге тексіз болдың? Өз құлыныңа шауып не болды соншама?

Батыр. Жап ауызыңды!

Ұшып барып Шәменді мыжғылай бастайды. Диванға езіп, енгізіп жіберердей болып тұншықтырады. Әйел басында тырбыңдап, қарсылық көрсеткенімен, көп ұзамай қимылсыз қалады. Батыр сонда барып тоқтап, орнынан көтеріледі.

Батыр. Өлді ме? Қимылсыз. Не дейді? Не дейді мынау? Маскара. Әйгерім, Әйгерім... Қайда? Қызым қайда? Шәмен, Шәмен. Әйгерім қайда?

Әйелді жұлқылайды, Журнал столында стаканда тұрған суды әкеліп бетіне шашады. Шапалақтап, оята бастайды, әлден кейін Шәмен ыңырсып, жан кіреді. Басын көтеріп отырады, бірақ мең-зең.

Шәмен (өзіне-өзі). Бекер болды. Бекер болды. Бұлай болмау керек еді. Өзім кінәлімін.

Батыр. Шәмен, Әйгерім қайда? Шынымен шешен апарып тастадың ба?

Шәмен (*бір езулеп жымияды*). Әйгерімді қайтесің? Әйтеуір бір қауіпсіз жерде.

Батыр. Қайда? Қайда?!!

Шәмен. Батыр, байқайсың ба, Әйгерімді баласын іздеген әке сияқты емес, нақсүйерін жоғалтқан бозбалаша аласұрып іздейсін, сен ауруға шалдыққаның. Сен аурусың. Ең болмаса, өзің үшін, өзіңе өзің мойындашы. Бір сәтке болса да мойындашы.

Батыр (*әйелдің қасына келіп, бетіне бетін тақап сөйлейді*). Шәмен, Шәмен, Алланың атымен ант етемін, өтірік айтсам, Тозақта өртенейін, Әйгерімге саусағымның ұшы тиген емес. Не болған саған? Есіңді жи! Не болды саған? Қалай дәтің барып, ауызың барып, осындай нәрсені айтасың? Сен өзің неге Құдайдан қорықпайсың?

Шәмен. Әйгерімнің өзі айтты, өзі көрсетті деп тұрмын ғой. Төрт жасар сәби ондай нәрселерді қайдан біледі?

Батыр. Сен күні бойы телевизордан еркек пен қатын арасындағы махаббатты көресің. Ол да қарап жүреді ғой. Бала болған соң санасына сіңе берген шығар. Мен қайдан білемін оның қайдан білетінін, қайдан көргенін. Күні бойы сенімен қалады ғой ол. Жай айта салған шығар әкем көрсетті деп. Бала болған соң өтірік айтады ғой. Қиялданып, көп өтірік айтады ғой бала болған соң. Шәмен, сен не айтып тұрсың?

Шәмен. Ақталма. Мен егер сенімсіз болсам, егер тырнақтай күмәнім болса, бұл әңгіменің шетін де шығармас едім. Мен осы күнге дейін сені бақылап жүрдім. Күдігім баяғыда оянған. Бірақ күнәға бармайын, қателесіп, обалыңа қалмайын дедім, тек бақылаумен болдым. Сенің әрбір қимылыңа, әрбір көзқарасыңа қалт жібермей қараумен болдым. Басқа қыз балалармен қарым-қатынасың, кішкентай қыздарды көргенде саусақтарыңның ұштары дірілдеп, ерніңнің кезеретіні, өз-өзінді ұстай алмай әбес жағдайларға тап болатының – барлығы менің назарымнан бір сәтке де тыс қалған емес. Мен әбден көз жеткізген соң айтып тұрмын мұны. Сондықтан сен дәл менің алдымда ақталмай-ақ қой. Босқа арамгер болма. Одан да отыр. Өрі-бері жүрме, басым айналып кетті. Отыр.

Батыр барып креслоға отырады. Екі көзі еденде.

Шәмен. Шыныңды айтшы, Құндыздың өлімі сенің мойныңда ғой.

Батыр (*басын көтеріп*). Қай Құндыз?

Шәмен. Сен білесің менің қай Құндызды айтып тұрғанымды.

Батыр. Құндыз? Көршінің қызын айтасың ба? Иә, білемін.

Шәмен. Перденің артына жасырынып сол қыздың ауладағы жүріс-тұрысын аңдатыныңды байқағанмын. Сөйтіп жүргенде әйтеуір із-түзсіз жоғалды ғой ол қыз. Шешесі әлі қала кезіп іздеп жүр. Үміті үзілген жоқ. Бір жыл өтсе де үміті үзілмеді.

Батыр. Есімде. Ол өзгеше болатын. Селтиіп тұрысында, жалт-жұлт еткен тынымсыз жанарында қалыпқа сыймай өтетін жанның белгісін көруші ем. Сондай бір адамдар болады. Өмірдің өзіне бөтен.

Шәмен (*күбірлеп, бірақ Батыр оны естиді*). Азғын.

Батыр. Сен байқайсың ба, тіпті жезөкшеліктің, қарақшылықтың өзіндік реті, үйлесімі бар. Ондағы адамдар сол ортаға тастай батып, жарасыммен сіңіп жатады. Олардың тірлігі ешкімге оғаш көрінбейді. Байқадың ба? Дегенмен, адамзаттың бір ерекше жаратылған тобы қайда жүрсе де, не істесе де бөтендігі сезіліп, бөтендігін сезіп жүреді. Олар алдымен өз жанұясында, мейлі ол айрандай ұйып отырған үлгілі отбасы болсын, өз жанұясында бақытсыз. Бақсының моласындай одағай. Мектепте де, жұмыс орнында да жат. Состиып еш жерге сіңе алмайтын жаратылысы бөлек жандар. Олар жүрген жерлеріне беймаздық, әлдебір рухани ызғар ала келетін сияқты. Ешкім олардың өзгешелігін көзге түртіп айтып бере алмаса да, сезім деңгейінде бойларын қашық ұстайды. Мен ол жасөспірім қыздың бойынан осындай мінезді сезініп, ұзақ бақылайтын болдым. Рас, мен оны сыртынан бақылап жүрдім. Ауладағы сайғақ жүрісін, басқаларға ұқсағысы келіп, жұғысқысы келіп тырысқан әрекеттерін перденің тасасында тұрып көз алмай бақылайтын болдым.

Шәмен. Мейлі, солай-ақ болсын, бірақ неге өлтірдің? Алдымен қорлаған шығарсың, азғын. Денесін қайда жасырдың?!

Батыр (таңқала қарайды). Мен оған тиіскен емеспін. Мен тек сыртынан қарап жүретінмін. Не болғанын білмеймін. Не айтып тұрсың? Қайта бастадың ба?

Шәмен. Бұндай сұмдықты жасаған азғынның оны мойындамауға бетпақтығы жетеді. Сенен бұдан артық еш нәрсені күткен жоқпын. Жарайды, осымен доғар. Алла біледі, мен білемін, сен өзін білесің. Осы да жетеді.

Батыр. Мен ол қызды, Құндызды өзіме ұқсатамын. Мен де өмір бойы сенделумен келемін. Жасым қырыққа таяп қалды. Өмірден бар көрген қызығым Әйгерім ғана сияқты. Басқа бақыт сезбеппін. Шәмен, мен саған қызығамын. Сенің анаң бар. Ана жолы ауылға барғанда анаңмен екеуіңнің арандағы әңгімені құлағым шалып қалды. Сендер анаңның көңілдерің естеріңе

түсіріп, оларды санап, түстерін-түстеп ішек-сілелерің қатып жаттыңдар. Мен сол кезде тұңғыш рет сенің бақытты екенінді түсіндім. Көре алмай қызғанышқа тұншықтым. Далаға шығып кетіп жылап алдым. Сен мені білемін дейсің. Бірақ, сол жолы еш нәрсені сезген жоқсың.

Шәмен (*таңқала қарайды*). Менің неменемді қызғанасың? Сенің әкең де, шешең де бар. Өмір бойы екеуі қол ұстасып жүрді, қызмет істеді. Сендердің үшеуіне де жоғары білім берді, үй әперді. Не ішемін, не киемін деген жоқсыңдар. Ал мен... Мен әкемнің кім екенін де білмеймін, шешемнің өзі де білмейді. Сұрай қалсам, шатасып екі-үш кісінің атын айтады (жымыып). Үйсіз-күйсіз, қол ұстасып қаңғырып жүрдік. Шешем еті қоңдылау, мырзалау көңілде кездестірсе, үсті-басымызды жамап-жасқап, жылы үйге кіріп, жетісіп қаламыз. Әйтпесе... Әйтеуір Кеңес кезі болып өлген жоқпыз. Әйтпесе қазір, мына заманда адам болмас едік.

Батыр. Бұндай нәрсені бұрын айтпаушы едің.

Шәмен. Ауылдағы үйді кейін алдық қой. Менің шешем балалар үйінде тәрбиеленген, туыстары жоқ. Қиындықты көп көрдік. Рас, арамызда жасырын сыр жоқ. Екеуіміз де тұлмыз ғой. Әйтеуір Әйгерім келді дүниеге. Өмір жалғасып жатыр.

Батыр (*мысқылдан*). «Анасын көріп қызын ал» деуші ме еді. Иә...

Шәмен. Бірақ мен анамнан бір нәрсені жасырып қалдым. Өлі де жасырамын. Өлгенде өзімнен кететін құпиям бар. Менің сол әлгі Құндыздай кезім. Он үш-он төрт жастамын. Бәлкім, он екіде ме екенмін. Әйтеуір ешқашан өспейтіндей, бойжетпейтіндей көрінетінмін өзіме. Уақыт сағызша созылып өтпейді. Тезірек есейгім келеді. Содан соң оқуға түссем деп армандайтынмын. Адамша өмір сүргім келетін. Өзімнің үйім болса дейтінмін. Анама дүниенің бар қызығын көрсетсем деуші едім.

Батыр. Біз бүгін тамақ ішеміз бе, жоқ па? Басым сынып бара жатыр.

Шәмен. Қазір мен кофе жасап әкелейін. Әлде шай ішесің бе?

Батыр. Қою кофе болса. Бүгін бәрібір жатпайтын сияқтымыз ғой.

Шәмен Қазір (*шығып кетеді*).

Батыр (*өзімен-өзі*). Шәменнің анасы балалар үйінде тәрбиеленген екен ғой. Кезінде жақсы жүргенін білуші едім... Ол кісі өзінің барлық болмысымен, мінез-құлқы, қылықтарымен шексіз жиіркеніш-ызамды оятады. Тамақ аңдып, ас үй жақты айналсоқтайтыны, дастархан жайылған соң тез шақыра қоймасаң – шақ-шәлекейі шығып жұлынаатыны, дұға кітаптарын әлдебір

өшпенділікпен парақтап, төсегінің үстінде зығырданы қайнап отырып алатыны – айта берсе сөз жетпес, осындай мінездері жынымды қоздырады. Тамақты ішіп-жегенінің өзі бір хикая. Жапырайып, алдына қойылған асты терлеп-тепшіп, рахаттанып апандай үлкен, тіссіз қызыл иек аузына тыққыштайды. Не тамақ берсең де қолымен жейді, сорпасын тәрелкеге басып салып жіберіп, сылқылдатып жұтады. Содан кейін екі қолын кезек-кезек жалап, әр саусағын жеке-жеке сорып, тағы біраз рахаттанады. «Тәтетай, жүрегім айнып бара жатыр, қойыңызшы» десең, «Онда өле қалайын, ешкімге керегім жоқ болса, арақты ішіп-ішіп өле қалайын» деп аттай тулап шыға келеді. «Сөйлесем де жақпаймын. Тамақ ішсем де жақпаймын. Бұйткен өмірі құрысын. Бұлай азаптағанша бұл құдай мені неге алмайды» деп, әлдебір аза бойынды қаза қылатын ызың дауыспен миынды шағып жібереді. Адам кейпіндегі мақұлық сияқты. Жас кезінде қандай болды екен?

Шәмен жылжымалы ас столын сүйретіп кіреді. Дастарханда екі кофе шынысы, кофе шәйнегі, және жеңіл-желпі, тіске басар тамақ. Диванға отырып, кофе құйып Батырға ұсынады.

Батыр (*ұрттап*). Не қосқансың? Ненің дәмі?

Шәмен. Коньяк қаттым. Өзіме коньяк құйып әкелдім. Бір ауыр әңгіме айтқалы отырмын. Мен үшін ауыр. Бұрын-соңды тісімнен шықпаған еді. Саған айтайын. Мен он екі-он үшке келген кезімде шешем екеуіміз бір еркектің үйінде тұрдық. Елуден асқан, қара сақал, үлкен кісі. Әйелі өлген екен. Балалары жан-жаққа тарап, жалғыз қалған-ау деймін түсінгенім. Кәдімгідей үйлі-баранды жандай арқа-жарқа болып қалдық. Шешем сол жердегі тәтті жасайтын фабрикаға жұмысқа кірді, ал мен мектепке баратын болдым. Бірақ, әлгі еркек шешемнің көзін ала бере маған қол жүгіртетін. Жыланға арбалаған бозторғайша шырылдатып, қуып, неше түрлі сұмдықты көрсетті ғой, қысқасы.

Батыр. Неге айтпадың? Неге айтпадың шешене?

Шәмен. Аядым. Шешемді аядым. Бірақ бірде әлгі құбыжық ішіп келіп, шешемді сабады. Оңдырмай сабады. Содан кейін маған көшіп, жағымнан періп жіберді. Сол кезде менің арық, әлжуаз шешемнің жолбарысша ширығып барып, анаған атылғанын көрсең. Өзінен екі есе үлкен еркекті ұрып жығып, алқымын сығымдағанын көрсең. Мен өлтіріп, сотталып кетеді екен деп анамды кері тартамын. Әрең ажырады. Аяғы ауыр еді. Баласы түсті бірақ. Ұл бала екен. Қазір інім болар еді.

Батыр. Сұмдық, сұмдық. Бірақ, мен сені түсінбеймін. Мен сені түсінуден баяғыда қалдым. Қалайша аузың барып осындай

нәрселерді айтып отырсың. Бала түсіп қалса қуанбайсың ба? Ондай адамнан туған бала қандай болады? Сенің есіңе сол кезді мәңгі түсіріп өтпеуші ме еді. Інім болар еді дейді ғой...

Шәмен. Баланың қандай кінәсы бар. Бұның бәрін айтып отырғаным, мен бұл тектес нәрселерді қатты сеземін. Орыстар «алтыншы түйсік» деп жатады ғой. Мен бұны саған Әйгерімге... және Құндызға қатыстырып айтып отырмын.

Батыр. Ой, Алла-ай, қайта бастадың ба? Шаршаған жоқсың ба? Мен саған түсіндіріп айттым емес пе? Қойшы. Тағы бір кесе құйып жіберші одан да. Содан, әлгі еркек қайда қазір?

Шәмен (*кофе құйып беріп жатып*). Кім біледі. Сол оқиғадан кейін анам екеуіміз жиналып, тағы кеттік басымыз ауған жаққа. Қайтып кездестірген емеспін. Жаңа сен шешен екеуің бірігіп көңілдерің санамаладыңдар дедің ғой. Бірақ, ол кісінің аты ешқашан содан кейін аталған емес екеуіміздің арамызда. Аталмайды да.

Батыр. Сен Бәтесті жақсы көресің ба?

Шәмен (*таң қалып*). Ол менің шешем ғой. Қалай жақсы көрмейін. Ол – менің жүрегім.

Батыр. Білмеймін, ондай шешені қалай жақсы көруге болатынын. Бірге отырып тамақ ішу мүмкін емес. Нас. Басына зақым келген сияқты. Бұрын да осындай ма еді?

Шәмен. Бұрын жас болды ғой. Оның үстіне өмірі былай өтті. Бәрі әсерін тигізді. Мен оны ақтамаймын. Сен кішкене үстірт ойлайсың, үстірт қабылдайсың. Бәтестің көкірегі тұнған қазына. Оны тек көре алатын көреді.

Батыр. Жаңағы сен айтқан оқиғаға анаңды кінәлі деп есептемейсің бе? Егер ол ондай жолға түспесе, дұрыс тұрып, дұрыс жүрсе, бәлкім тағдырларың мүлде басқаша болар еді деп ойламайсың ба?

Шәмен. Менің тағдырға еш ренішім жоқ. Анамның да өмірге өкпе-назы бар деп ойламаймын. Неғайбыл. Дұрыс өмір ол сеніңше қалай?

Батыр. Білмеймін. Менің ата-анам... Сен білесің ғой, олар өмір бойы жақсы тұрды, қалған халық кезекте тұрып, нан мен шайға, майға жете алмай жүргенде, біздің үйде барлығы болды. Таршылық көрген жеріміз жоқ. Екі қарындасым да, мен де – өзгеде жоқты кидік, іштік-жедік. Ата-анам өзгенің әке-шешесі секілді ажырасқан жоқ, тіпті өлген де жоқ. Барлығымыз аман-есенбіз. Бәлкім, осы шығар дұрыс өмір деген. Мен білмеймін, Шәмен.

Шәмен. Қайдам. Сенің қарындастарына қарап, дұрыс еш нәрсе көрмеймін. Күйеулерімен ажырасқан, бала-шағаларының көзінше ішіп те жатады, құсып та жатады.

Батыр (*естімегендей*). Бірақ мен бақытты болдым, алаңсыз өстім деп айта алмаймын. Өке-шешем, екеуі де жақсы қызметте болды, үйдің бетін көрмейтін. Күтуші қыздар келеді, тамақты бөтен біреу жасайды, тағы біреуі келіп кірімізді жуады. Ананың жылы алақанын сезінген кезім, ана әлдиіне маужырап ұйықтаған кезім есімде жоқ. Қарындастарым да солай, жабайы мысықша өсті. Бәлкім, сондықтан да шығар... Сенбі-жексенбіде бізге қонақ келеді немесе олар қонаққа кетеді. Содан соң қызып алған әкемнің даусы... Анамның саңғырлаған мас күлкісі... Миымды күйдіреді, әлі күнге дейін басымда жаңғырып, миымды күйдіреді.

Шәмен. Тірі жетіммін десеңші...

Батыр. Сондықтан, Шәмен... Мен жаңа айттым ғой, сенің Бәтес екеуіңнің арандағы әңгімені естіп, қызықтым, ішім күйіп, жыладым деп. Мен сендердің араларыңдағы жақындықты сездім. Екеуіңнің күлкілерің, сенің оны құшақтағаның... Сондағы айтып отырғандарың – анаңның көңілдері... Менің әке-шешем естісе, беттерін басып, беттерін шымшылап бастары ауған жаққа безіп кетер еді. Ал мен жыладым. Қызғаныштан жыладым. Мен де өзімнің әке-шешемді жақсы көремін ғой, Шәмен. Бірақ кешіре алмаймын. Білмеймін. Ішімде, жүрегімде әлдебір ыза, өкпе бар. Кеше алмаймын.

Шәмен. Саған қарағанда, менің балалағым бақытты екен. Дүние төңкеріліп түскен тәрізді. Енді түсінікті неге мұндай болғанын.

Батыр (*естімегендей*). Олар менен бір ғана нәрсені талап етті. Ешкімнен кем болмауды. Жоқ, барлығынан артық болуды. Сабақты тек беске оқуым керек, институтты тек қызылға бітіруім керек. Ананың баласынан да, мынаның баласынан да артық болуым керек. Артық, артық, тек бес, бес, бес... Ақша, ақша, ақша... Ал, менің жүрегімде не болып жатыр? Мен нені қалаймын – қызықтырмайды.

Шәмен. Батыр, мен саған у бердім.

Батыр (*басын шалт көтеріп алады*). А?

Шәмен. Мен саған кофеге у қатып бердім. Қазір өлесің. Жүрек талмасынан өлгендей боласың.

Батыр. Немене?

Шәмен. Бұл әңгімеден кейін біз бәрібір бірге тұра алмас едік. Ал, мен кете алмаймын. Әйгерім мен көрген қорлық-зорлықты көрмесе деймін. Сен мені түсін, Батыр.

Батыр. Не үшін? Мен саған не істедім?

Шәмен. Сен Құндызды өлтірдің, сен Әйгерімді қорладың. Тағы қандай себеп керек саған?

Батыр. Шәмен, есің дұрыс па? Қайдағы Құндыз? Әйгерім. Әйгерімді қайда жібердің? Жедел жәрдем шақыр жаныңның барында!

Жүгіре беремін деп құлайды, жүрек тұсын басады.

Батыр. Шәмен, мен кінәсызбын. Бекер болды бұның, бекер. Жедел жәрдем шақыр, жалынамын. Мен сені кешіремін. Мен сені сүйемін ғой, Шәмен. Маған сенші. Әйгерім мен сенен басқа ешкімнің керегі жоқ. Маған сенші, жаным.

Шәмен (*қасына келіп жұлқылайды*). Батыр, Батыр, сен өліп бара жатырсың. Мен саған у бердім. Естисің ба? У бердім. Енді айтшы, кетіп бара жатып шындықты айтшы, мен қателескен жоқпын ғой, иә? Мен қателескен жоқпын ғой?

Батыр (*бүк түсіп*). Қателестің. Сен қателестің. Шәмен.

Батыр өледі.

Шәмен (*аз үнсіздіктен соң*). Жоқ, қателескен жоқпын.

Сахнада шам сөнеді. Шәменнің сұлбасы ғана қарайып қалған. Өлең.

–Хақ – думаным үшін

О баста дәл сен сынды пәк туғаным үшін,

Ал одан кейін өлеңімді өлтіріп,

Өзімді лайға лақтырғаным үшін

Кешір мені, жаңбыр!

Бағпақ өмір, сатпақ тірлік, лай күн

Бірде – Нұрмын!

Ал біресе... былаймын...

Сонау көктен құлдырап кеп құлаймын.

Арман қуып Алматының көшесіне тарс еткен

Маңдайымның сорын кімнен сұраймын?

Жалған күліп... Көз ұшында жалт еткен,

Содан кейін сары лайға жалп еткен,

Сезімімнің құнын кімнен сұраймын, Жауын?..

Ертелеу келген көктемнің еркесі ме едің?

Ғашықтың дауын қай кезде тең шешіп еді тағдыр?

Алладан, Одан, Өзімнен өтіне алмадым,

Тым болмаса сен кешір мені, Жаңбыр!

Сен кешір мені...

Сахна жабылады.

*Өлең – Нәзира Бердалынікі



КВАРТИРАНТТАР

(Екі көріністі комедиялық драма)

Қатысушылар:

1.Есімбек – 50-55 шамасындағы еркек

2.Гүлсім – 40-45 шамасындағы әйел

БІРІНШІ КӨРІНІС

Зәулім биік, салтанатты үйдің алдыңғы жағы.Сахнаға жақын тұста «Жалға беріледі» деген жазуы бар тақтайша қағулы. Аула ішінде бір адам өзімен-өзі шахмат ойнап отыр. Оған Гүлсім жақындайды.

Гүлсім. Осы дұрыс көше ме жоқ па? Қайда түсіп кеттім? Мына кісіден сұрайыншы. Ағай, ағай! Керең бе немене өзі? Ағай деймін! Жоқ, қозғалмайды. Керемет болды. Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан. Өзі шахмат ойнап отыр. Демек саңырау шахматшы. Өте жақсы.

Қасына жақындап барып.

Гүлсім. Сәлеметсіз бе, ағай! Жоқ... естімейді. Қандай қиын, бейшара. Жердің түбіне тығылып, бір өзі шахмат ойнап отыр. Тас керең болса қайтсін, не шара бар? Жолда жүре алмайды, музыка тындап ләззат алу деген жоқ. Ағай деймін! (жұлқылайды)

Кенет еркек отырған орындығынан құлап түседі.

Гүлсім. Ойбай! Сізге не болды?

Еркек тырп етпей жатыр.

Гүлсім. Масқара! Қорқамын, мына кісі өліп қалған сияқты. Енді қайттім? Телефонымды үйде қалдырып едім. Жақын маңда адам жоқ. Не қылған елсіз жер. Енді қайттім? Әлде мына кісінің телефоны бар ма екен. Жоқ, қарай алмаймын. Қорқамын. Енді қайттім? Әлде кеудесінде жаны бар ма? Жүрегін тыңдап көру керек. Тірі шығар, жедел жәрдем керек шығар. Біссімілде.

Бүк түсіп жатқан еркекті шалқасынан жатқызады.

Гүлсім. Жоқ, өліп қалыпты. Енді не істеймін?

Есімбек. Көміңіз.

Гүлсім. Ойбай! Жүрегім, жүрегім-ай! Зәрем зәр түбіне кетті-ау. Есіңіз дұрыс па?

Еркек жерден көтеріліп отырады.

Есімбек. Енді... өлген адамды көмбей ме?

Гүлсім. Тәңірім-ай, неше түрлі адам бар бұл дүниеде. Жүрегім тоқтап қала жаздады-ау. Әумесер, жынды! Жас бала болса бір жөн. Дап-дардай адамсыз, шашы-басыңыз аппақ құдай. Істеп отырғаныңыз мынау. Ұятсыз, оңбаған!

Есімбек. Жерден алып жерге салдыңыз ғой. Не болды соншама? Сізге менің өліп қалғаным керек пе сонда? Тірі болып шыққанымға қуанбайсыз ба?

Гүлсім. О, шешек шыққыр, албасты! Сенің тірлігіңнің құны маған бес тиын! Қуанбайсыз ба дейді ғой. Ұятсыз!

Есімбек. Жарайды, жарайды. Қайтер екен десе, құтырып бара жатыр ғой. Аузыңызды жабыңыз.

Гүлсім. Сен енді маған аузыңды жап дейсің бе? Біресе саңырау болып, біресе өлген адам болып білгеніңді істегеннен кейін енді маған аузыңды жап дейсің бе? Қазір андағы шахматыңды басына қаптаймын жыныма тиме!

Есімбек. Болды дедік қой, кешіріңіз. Не деген шаптыққан катынсыз.

Гүлсім (*кенет жуасып*). Сізге айтылған сөздің бәрі зая екен. Құрысын қойдым. Түсіндім.

Есімбек (*міңгірлеп*). Аю көрсендер өтірік өліп қалыңдар деп кеңес беріп жатады ғой...

Гүлсім. Олай болса, өте дұрыс істеген екенсіз. Сізді түсінбей, жерден алып жерге салғаным үшін кешіріңіз.

Есімбек. Жарайды, барлығы ойын-күлкі үшін ғой. Қалжың көтермейтін неғылған адамсыз.

Гүлсім. Жүрегім шаншып кетті-ау, құдай-ай.

Есімбек. Валидол бар. Берейін бе?

Әйел басын изейді. Волидолды алып, аузына салып, алысқа телміріп орындықта отырады.

Есімбек. Жана бірдене сұрамақ болдыңыз ғой. Ағай, ағай деп.

Гүлсім. Ешнәрсе керек емес.

Есімбек. Кешіріңіз, сізді бұлай қатты шошиды деп ойлаған жоқпын.

Гүлсім. Жарайды, бопты.

Есімбек. Түріңіз біртүрлі болып кетті.

Гүлсім. Сіз сияқты қаныпезер болсам, қазір орындықтан құлап есіңізді шығарар едім. Өкінішке қарай, ондай мінез жоқ.

Есімбек. Не деген кекшіл едіңіз.

Гүлсім. Болды, сөйлеменіңші. Үндемей сәл отыра тұрыңызшы. Содан соң мен кетемін.

Есімбек (*ренжіп*). Жақсы.

Күйбеңдеп шахматын жинайды. Әйел оның сыртынан қарап отыр.

Гүлсім. Бұл өзі бір қызық болды.

Есімбек. Неменесі қызық?

Гүлсім. Жай, ешнәрсе.

Есімбек. Жаңа сіз мені алдымен саңырау дедіңіз ғой. Сол шымбайыма батып кетті. Ойымда түк жоқ, өзімше отырсам, сіз келіп алып, бейшара-ай саңырау ғой деп әрі айналасыз, бері айналасыз. Өзіңізді менің орныма қойып көрсеңізші.

Гүлсім. Енді сәлем алмайсыз.

Есімбек. Ал алдық! Сәлеметсіз бе.

Гүлсім. Сәлеметсіз бе. Қалыңыз қалай?

Есімбек. Сен сұрағалы жақсымын.

Гүлсім (*күліп*). *Қойыңызшы.*

Есімбек. Рас айтамын.

Гүлсім. Осы маңда бір үй жалға беріледі дейді, соны іздеп жүрмін.

Есімбек. Міне, қызық! Ол үйіңіз осы, міне.

Гүлсім. Қалайша осы?

Есімбек. Осы үй, әне тактайша ілулі тұр ғой: «Жалға беріледі» деген.

Гүлсім. Рас, бірақ. Менің іздегенім осы үй ғой. Сіз қожайынсыз ба?

Есімбек. Ұқсамаймын ба?

Гүлсім. Ұқсайтын шығарсыз... Білмеймін...

Есімбек. Ұнаймын ба?

Гүлсім. Ренжіменіңші, жаңағы жағдайдан кейін бұл сұрақты жауапсыз қалдырғым келеді. Бірақ үйіңіз керемет. Осындай тыныш, жайлы жерден үлкен үй іздеп жүр едім.

Есімбек. Ұнай ма?

Гүлсім. Жақсы екен. Бағасына келіссек болар еді.

Есімбек. Жалғыз өзіңізге тым үлкен емес пе?

Гүлсім. Мен жалғыз емеспін.

Есімбек. Иә?

Гүлсім. Балаларым бар.

Есімбек. Күйеуіңіз ше?

Гүлсім. Ол да бар.

Есімбек. Дұрыс. Үй сонымен ұнайды? Бірақ күйеуіңіз бар...

Гүлсім. Ішін аралап шықсақ...

Есімбек. Осылай, бірден бе?

Гүлсім. Енді қалай?

Есімбек. Ең болмаса этикет үшін шахмат ойнамаймыз ба?

Гүлсім. Қандай этикет?

Есімбек. Енді бірден біртүрлі емес пе?

Гүлсім. Қалжыңңыз тұманданып, күлкілі болудан қалып барады. Сіздікі осы не мінез?

Есімбек. Қалжыңсыз, шахмат ойнаңызшы менімен.

Гүлсім. Бұл үйді көрудің маңызды шарты ма?

Есімбек. Үстінен түстіңіз.

Гүлсім. Қызық.

Есімбек. Сонымен шахмат ойнай білесіз бе?

Гүлсім. Аздап.

Есімбек. Онда кеттік.

Гүлсім. Керемет шахматшымын деп айта алмаймын.

Адам. Әйелдердің қылымсымаса бір ісі бітпейді.

Гүлсім. Мұнда шахмат ойнауға келген жоқпын.

Есімбек. Онда тұрған не бар.

Гүлсім. Білмеймін, әй жоқ, шәй жоқ...

Есімбек. Жас емеспіз...

Гүлсім. Сізді білмеймін, өз басым қалтылдап тұрғаным жоқ.

Есімбек. Қалжыңым қатты тисе, ренжімеңіз, қарындас.

Гүлсім (*күліп*). Уау!

Есімбек. Қуанып кеттіңіз ғой.

Гүлсім. Қарындас дегенді естімегелі қай заман.

Есімбек. Онда соның құрметіне бір партия. Нысыпыңыз?

Гүлсім. **Гүлсім.**

Есімбек. Менің есімім – Есімбек.

Гүлсім. Танысқанымға қуаныштымын.

Есімбек. Ойнайсыз ба жоқ па?

Гүлсім. Тек ұзаққа созылып кетпесін.

Есімбек. Ол енді сізге байланысты. Сіздің шеберлігіңізге... тәжірибеңізге...

Қуанышпен тақтаға фигураларды тізе бастайды.

Гүлсім. Ой, құдай-ай!

Есімбек. Не болды?

Гүлсім. Жай.

Есімбек. Жоқ айтыңыз енді, көкірегіңіз қарс айырылып күрсініп отырсыз. Қызық бір нәрсені жасырып отырған сияқтысыз.

Гүлсім (*мұңданып*). Маған осы ең болмаса мақтаныш үшін есі дұрыс бір адам неге кездеспейді деп ойлаймын да.

Есімбек. Сонда сізге кездескен адам біткеннің барлығынын шапқасы қысық болып шыға ма?

Гүлсім. Иә.

Есімбек. Естімеген елде көп деген осы.

Гүлсім. Неменеге мәзболасыз? Сіздің өзіңіз солтаныстарымды түгел жинап, қол бастауға жарап тұрсыз.

Есімбек. Мәссаған, мен не жаздым?

Гүлсім. Адам өз мінін білмейді деген осы. Жарайды, бопты, бұл тақырыпты әрі қарай қозғамайық.

Есімбек. Жоқ, керісінше, өте қызық тақырып. Менің нем жақпай отыр сізге?

Гүлсім (*қолын сермеп үй жақты көрсетіп*). Жалпы барлығы, атмосфера... Сөздеріңіз... Қылықтарыңыз...

Есімбек. Менің есім абсолюттік деңгейде дұрыс.

Гүлсім. Мойындай қояр деп өзім де күткен жоқпын. Жылдамдағыңызшы.

Есімбек. Асығыс па едіңіз?

Гүлсім. Өзіңіз түсінгендей, пәтер іздеп жүрмін.

Есімбек. Үйіңіз жоқ па?

Гүлсім. Сол жоқ болған соң жалға іздеп жүрмін емес пе.

Есімбек. Үйі мүлде жоқ адамдар да болады екен ғой.

Гүлсім. Түсінбедім.

Есімбек. Енді ең болмаса ауылда үйіңіз жоқ па?

Гүлсім (*мұңданып*). Сіз мені табалап отырған сияқтысыз.

Есімбек. Кісі табалайтын шама жоқ.

Гүлсім. Үй менікі деп тым қатты кетпесеңізші енді.

Есімбек (*күліп*). Жарайды, көңіліңізге келсе кешіріңіз.

Гүлсім. Қатын сияқты тіміскіленетін еркектерді жек көремін.

Есімбек. Сонда қатындардың үнемі тіміскіленіп жүретін болғаны ғой.

Гүлсім. Сізге әйеліңіз қалай шыдайды екен.

Есімбек. Ол орын бос. Бақ сынап көремін десеңіз, кәнеки.

Гүлсім. Түсінікті.

Есімбек. Немене түсінікті? Мені өміріңізде бірінші рет көріп тұрсыз, он минут өткен жоқ. Сізге ненің түсінікті болуы мүмкін?

Гүлсім. Немене әдейі хабарландыру беріп, мен сияқтыларды мазақ етіп көңіл көтересіз бе?

Есімбек. Ойпырым-ай деген, мен сияқты дейтіндей не боп қапты сізге. Қол-аяғыңыз балғадай... Жүріңіз енді.

Гүлсім. Көңіл-күйімді бұзып жібердіңіз. Ойнамаймын. Үйдің ішін көрсетесіз бе жоқ па?

Есімбек. Кішкентай бала сияқты ойнамаймын деп шыға келетінің қызық екен.

Гүлсім (*орнынан тұрып жатып*). Қой, құрысын. Есім барда елімді табайын. Алматыда жалға берілетін жалғыз үй осы емес шығар.

Есімбек. Ренжітсем, айып етпеңіз. Барлығы ойын-күлкі, сөз үшін ғой. Мына үйдің ақшасын қалай төлейсіз соны айтыңызшы.

Гүлсім. Саспаңыз, жұмыс істеймін.

Есімбек. Сөйтсе?

Гүлсім. Құдайға тәуба, төрт балам бар. Күйеуім бар.

Есімбек. Мәссаған!

Гүлсім. Не мәссаған?

Есімбек. Сонда туа берген болып тұрсыз ғой.

Гүлсім (*орнынан тұрып*). Құдай көп көрмесін. Шын айтамын, сіз мені шаршатып жібердіңіз. Вампир екенсіз.

Есімбек. Отырыңыз, ойнаңыз!

Гүлсім (*отырып жатып*). Маньяксыз ба немене?

Есімбек. Әйтеуір әйелдердің ойы бұзық.

Гүлсім. Мен білсем, сіз мүлде жалғыз тұрасыз. Үйленіп көрмеген де шығарсыз.

Есімбек. Қазақтан шыққан Шерлок Холмс сіз болмаңыз.

Гүлсім. Қайдан білді дейсіз бе?

Есімбек. Қайдан?

Гүлсім. Адам психологиясына терең бойлай алмайды екенсіз. Коммуникациялық қасиеттерден мүлде жұрдайсыз!

Есімбек. Мәссаған!

Гүлсім. Иә.

Есімбек. Бекер олай дейсіз, әйелім болған.

Гүлсім. Қайдам...

Есімбек. Қайтыс болып кетті.

Гүлсім. Кешіріңіз... Ойыннан от шығады деген осы.

Есімбек. Жарайды, кешірдім, жүріңіз.

Гүлсім (*ойынға назар аударып*). Рақмет. Неден қайтып еді?

Есімбек. Баладан...

Гүлсім. Қазақ екіқабат әйелді бір аяғы жерде, бір аяғы көрде деп бекер айтпайды ғой.

Есімбек. Осыдан отыз жыл бұрын болған жай ғой.

Гүлсім. Қайтып үйленбедіңіз бе?

Есімбек. Жоқ.

Гүлсім. Бала ше?

Есімбек. Қызым бар.

Гүлсім. Ол да болса алданыш.

Есімбек. Қазір тұрмыста. Шетелге кетті. Жылына бір келеді.

Гүлсім. Сонда шынымен мүлде жалғызсыз ба?

Есімбек. Осы уақытқа дейін анаммен тұрдым.

Гүлсім. Ол кісі қайда?

Есімбек. Қайтыс болғанына жыл жарым болды.

Гүлсім. Иманды болсын.

Есімбек. Қатты сырқаттанды. Өзім қарадым. Жаны әбден қиналды марқұмның. Соңғы сәтіне дейін қасында болдым. Қолынан ұстасаң, әбден жұқарған, қағаздай құрғақ терісін сезесің, ар жағында майда ғана, буын тәрізді солқылдақ сүйектері бар. Екі көзі шүңірейіп, жағы солған. Сол шүңірейген көздердің арғы жағынан тіршілік жылтырайды. Кеудесіндегі жаны жылтындап, маған таңырқай қарайтын тәрізді. Тән қартайғанмен жан қартаймайды. Осыны ұқтым. Маған жабырқай қарап отырған бұл шал кім дейтін тәрізді. Сәби жаны жылт-жылт етіп жанып тұрып-тұрып, бір уақытта сөнді. Ұшып кетті. Содан кейін жерледім. Перзент парызы ғой.

Гүлсім. Сізге қиын болған екен.

Есімбек. Анамсыз қиын. Бұрын бала кезімде анам маған: «Мен сені үйлендіремін, тойыңды жасап беремін» дегенде мен: «Ал мен сіз өлгенде көмем» дейтінмін. Екеуміз де сөзімізде тұрдық.

Гүлсім. Жақсы ғой.

Есімбек. Кім білсін. Кейде дүниеге мүлде келмеген жақсы ма деймін.

Гүлсім. Олай күпірлік жасамаңыз. Алла өмір берген соң, оны сүру керек.

Есімбек (*күліп*). Сүріп жатырмыз ғой.

Гүлсім. Шах!

Есімбек (*селк ете қалып*). Тұу, зәремді ұшырдыңыз... Тактаны ұмытып кетіппін. Қайта ойнайық.

Гүлсім. Кешіріңіз... Негізі мен онша ойнай алмаймын.

Есімбек. Иә, кездейсоқ болды. Қайта ойнаймыз.

Шахматтарды қайталап тізеді.

Есімбек. Сонымен мұғалімсіз ғой?

Гүлсім. Оны қайдан білдіңіз?

Есімбек. Мұғалімдер мен дәрігерлер басқа мамандық иелерінен өзгеше болып тұрады, шатастыру мүмкін емес.

Гүлсім (*күліп*). Несімен?

Есімбек (*күліп*). Өз-өздерінен маңғазданып, біртүрлі жер-көкті басқарып па... сондай бір нәрселері бар.

Гүлсім. Байқамаппын.
Есімбек. Назар салып жүрсеңіз байқайсыз.
Гүлсім. Иә, мұғаліммін, дәлірек айтқанда мұғалім болғанмын.
Есімбек. Қазір не істейсіз?
Гүлсім. Жеке кәсіп.
Есімбек. Зауыт па, фабрика ма?
Гүлсім. Түсінбедім.
Есімбек. Қандай өндіріс орнының қожайынысыз деймін?
Гүлсім. А, жоқ, мына Бішкектен тауар әкеп сатамын. Шағын дүкенім бар.
Есімбек. Тамаша. Мәссаған! Атымды жеп қойдыңыз ғой! Есіңіз дұрыс па?
Гүлсім. Енді өзіңіз қорғаусыз қалдырдыңыз.
Есімбек. Ойнай алмаймын дегенге мән бермей отырсам. Бәлесіз ғой!
Гүлсім. Қойыңызшы. Өзіңіз ғой. Міне, тағы шах.
Есімбек. Ей! Мүмкін емес!
Гүлсім. Тақта көз алдыңызда тұр ғой.
Есімбек. Жоқ, бұлай болмайды. Қайта ойнаймыз. Сіз мені алдадыңыз.
Гүлсім. Мәссаған!
Есімбек. Ойнай алмаймын дейді. Өзі үш жүрістен кейін шах қояды. Астапыралла, әйел – зымиян деген осы. Осы! Жоқ, болмайды, қайта ойнаймыз.
Гүлсім. Қызықсыз ғой. Осымен доғарайық.
Есімбек. Жо-жоқ, тұра тұрыңыз. Тағы бір партия. Содан соң болды.
Гүлсім. Жақсы. Біртүрлі болып кеттіңіз ғой.
Есімбек. Иә, өзім кінәлімін. Сізге қарап есім ауып қалыпты.
Гүлсім. Қойыңызшы.
Есімбек. Рас. Жасыңыз қаншада?
Гүлсім. Қанша бересіз?
Есімбек. Отыз жеті.
Гүлсім (қылымсып). Отыз жетіде сияқты көрінемін бе?
Есімбек. Шындығында отыз екідесіз бе?
Гүлсім. Жоқ.
Есімбек. Астапыралла!
Гүлсім. Қырық алтыдамын.
Есімбек. Ойламас едім. Жақсы сақталыпсыз.
Гүлсім. Ал сіздің жасыңыз қаншада?
Есімбек. Отыз жетідемін.
Гүлсім. Қойыңызшы.

Есімбек. Рас.

Гүлсім. Мүмкін емес.

Есімбек. Неге мүмкін емес. Міне, сізге өте әдемі шах. Енді әділдік орнады.

Гүлсім. Иә. Жақсы.

Есімбек. Бәсе, өзім де бұл қалай болды деп ойлап едім. Үш жүрістен кейін маған шах қою деген ел естіп, көз көрмеген уақиға.

Гүлсім. Қойыңызшы енді. Ұмытыңыз. Жүйкеңіз жұқа екен.

Есімбек. Енді... жас емеспіз.

Гүлсім. Сонымен қаншадасыз?

Есімбек. Елу алтыдамын.

Гүлсім. Не қызмет істейсіз.

Есімбек. Жазушымын.

Гүлсім. Өтірік соқпаңыз.

Есімбек. Рас айтамын.

Гүлсім. Сонда не жазасыз?

Есімбек. Бәрін, реті келсе, сәті түссе бәрін жазамын. Тіпті бүгінгі кешті де жазып жіберуім мүмкін.

Гүлсім. Бүгінгі кештің несін жазасыз...

Екеуі де үнсіз қалады.

Есімбек. Сонда мында төрт балаңмен келмексің бе?

Гүлсім. Иә.

Есімбек. Білмеймін, қожайынға ұнай қоймас...

Гүлсім. Қандай қожайын? Бағаналы бері мен сізді қожайын деп отырмын ғой.

Есімбек. Жоқ, мен өзім де қожайынды күтіп отырмын.

Гүлсім. Онда неменеге сізбен шахмат ойнадым?

Есімбек. Білмеймін. Өзің ғой.

Гүлсім. «Сіз қожайынсыз ба» дегенде: «Иә» дедіңіз ғой.

Есімбек. Жоқ, иә деген жоқпын.

Гүлсім. Түү!

Есімбек. Ренжімеңізші.

Гүлсім. Басымды әбден қатырдыңыз. Ренжімеңіз, бірақ жан төзгісіз кісі екенсіз.

Орнынан тұрып, жиналып, кетуге ыңғайланады.

Гүлсім. Танысқанымға қуаныштымын. Жоқ, өтірік айтып тұрмын. Түк те қуанышты емеспін. Сізбен танысқанымға түк те қуанышты емеспін. Бірақ бәрібір сау болыңыз.

Кетіп қалады. Есімбек мүлде жалғыз. Шахматтарын дұрыстап, жеке-жеке сипалап отырып қалады.

Есімбек. Бекер ренжіттім-ау. Осы әумесер мінезімді-ай. Қандай жақсы әйел. Бейшараны неге сонша мазақ еттім. Кешіріңіз. Сіз мені кешіріңізші, Гүлсім. Қайда болсаңыз да аман-есен жүріңіз. «Мен болмасам болмайын, сол аман ба...», «Жүрегі еттен бе әлде қоладан ба...». Қалай шаршадым. Жалт еткен бір сәуле шығып еді, қандай қылдым... Қашып кетті, безді. Ол да қашқан еді. Осындай бір сәулені бұрын, өте бұрын студент кезімде кездестіргенмін. Жақсы көруші едім. Бірақ тыным бердім бе? «Былай отыр, былай сөйле, былай қара»... «Мына киімді киме, ананы ки»... «Көзіңмен былай қарама, олай қара»... Шұқылап, отырса опак, тұрса сопақ еткен жоқпын ба. Ол мені жақсы көретін. Жоқ, ол мені сүйді. Бірақ қашты. Себебі менімен өмірінің тозақ болатынын білді. Ол өмірге құштар жан еді. Күлегеш... Жоқ, кейін басқаға, Күләндаға үйлендім. Марқұм жақсы әйел болды. Жанын қинамадым, барлығы бірқалыпты. Тату-тәтті. Неге мен онымен басқа болдым? Себебін білемін. Себебін мен беске білемін. Сүймейтінмін. Себебі мен оны ешқашан сүйген емеспін. Дауа жоқ маған... Сауап, сауап... Өл! Шындап неге өлмейсің сен? Мені кешіріңізші, Гүлсім.

Кенет Гүлсім қайтып оралады. Есімбек состиып аң-таң.

Гүлсім. Сіз менен кешірім сұрап отырсыз ба?

Есімбек. Жоқ, жоқ, әрине. Бір нәрсеңізді ұмыттыңыз ба?

Гүлсім. Жоқ. Жас балаша тұра қашқаным ыңғайсыз болды.

Ақыры келген соң, үйді көріп, бағасын біліп кетейін деп... Енді шын қожайын қайда?

Есімбек. Білмеймін. Телефон шалғанымда аулада күт, келемін деген.

Гүлсім. Маған да солай деген еді. Содан кейін ғой, сізді қожайын екен деп қалғаным... Сонда сіздің де үйіңіз жоқ па?

Есімбек. Пәтерім бар... Бірақ анам қайтқалы... ол жерден біртүрлі... жеріп кеттім.

Гүлсім. Аруақ мазалай ма?

Есімбек. Жоғада. Өзім ғой... тұрғым келмейді, қысқасы.

Гүлсім. Онда неге сатып жібермейсіз?

Есімбек. Өзір ол шешімге келген жоқпын.

Гүлсім. Иә, мына жер сондай жайлы екен. Тыныш, табиғат...

Есімбек. Мен де сонысына қызығып отырмын. Жазу жазғанға ыңғайлы.

Гүлсім. Сіздіңше, қожайын мені төрт баламен мына үйге кіргізе ме?

Есімбек. Балаларың жас па?

Гүлсім. Жоқ, кішкентайы екеу ғана, қалған екеуі ересек, өзіммен жұмыс істейді.

Есімбек. Онда кіргізетін шығар. Хабарландыруда «баласы бар жұптардың мазаламауын сұраймыз» деп жазылмаған ғой.

Гүлсім. Солай жазылған шығар деп шошып кеттім.

Есімбек. Жазылмаған деймін.

Гүлсім. Ал мен жазылған екен деп қалдым.

Есімбек. Жолдасыңыз не жұмыс істейді?

Гүлсім (*күмілжін*). Уақытша жұмыс істемейді.

Есімбек. Төрт баласы бола тұра, жұмыссыз жүрген неғылған еркек.

Гүлсім. Жұмыстан шығып қалғанына көп болған жоқ.

Есімбек. А-а, түсінікті. Күйеуіңізді жақтайтыныңыз ұнайды, әйтпесе әйелдер ішеді, ұрады, жүреді деп еркек бейшараны жердей етеді.

Гүлсім. Қол көтерген емес, бірақ қалғанын көрдік қой.

Есімбек. Әлі де көре беремін дейсіз ғой.

Гүлсім. Баска салса көрерміз.

Есімбек. Әйелдерді тындасаң, еркек біткенді екі аяқты хайуан деп қаласың.

Гүлсім. Мен де солай дер едім.

Есімбек. Еркектер хайуан ба сонда?

Гүлсім. Кішкене келеді.

Есімбек. Ұлдарың бар ма?

Гүлсім. Екі ұл.

Есімбек. Онда сізге олай айтуға болмайды.

Гүлсім. Біз ерте қосылдық. Бір класты бітірдік. Қалада оқып жүрген кезімде келіп жүрді. Содан сөз бұйдаға көп салмай, алып қашып кетті. Жиырмаға да толмаған кезім.

Есімбек. Бұл да бір тіршілік... Оны сүйесің бе?

Гүлсім. Мұқағалидың бір өлеңі бар ғой. Қалай еді?

Есімбек. Жүргенде қатал тұрмыс илеуінде,

Білмеймін, сүйдім бе мен, сүймедім бе...

Гүлсім (*күліп*). Иә, осы. Тым жас қосылдық. Балалар дүниеге келді, алдымен екеуі, содан кейін араға он жыл салып, тағы екеуін тудым. Ол там-тұмдап суи бастады. Үйге алдымен кеш келетін болды, содан соң қонбауға айналды. Апталап жоғалып кетеді, ішеді, бір сөзбен айтқанда... Жарайды, бос әңгіме ғой барлығы (тітіркеніп). Дала салқындап барады.

Есімбек. Мына кісі келмейін деді ғой деймін. Телефоны сөндірулі.

Гүлсім. Енді не істейміз?

Есімбек. Кафеге барып, шай-пай ішіп, жылынамыз ба?

Гүлсім. Жақын маңда кафе бар ма?

Есімбек. Білмеймін.

Гүлсім. Үйге қайтуым керек. Балалар қайда кетті деп жатқан шығар.

Есімбек. Иә, сіз қайта беріңіз. Мен тағы біраз отырамын. Телефон нөміріңізді қалдырып кетіңіз. Қалай болғанда да хабарласып, уақиғаның немен аяқталғанын айтамын.

Гүлсім. Қай уақиғаның?

Есімбек. Мына үйдің хикаясын да.

Гүлсім. А! Иә, әрине. Сіз нөміріңізді қағазға жазып берсеңізші, үйге барған соң звондаймын, сол кезде менің нөмірім сізде шығады.

Есімбек. Былай айта берсеңізші. Соншама күрделендіріп жібердіңіз ғой.

Гүлсім. Соны жатқа білмейтін болып тұрмын ғой. Қалта телефонымды қалдырып кетіппін.

Есімбек. Иә, жағдай қиын болды. Менде қағаз-қалам жоқ.

Гүлсім. Сізді де жазушы дейді ғой.

Есімбек. Егер нөмірімді айтсам, жаттап аласыз ба?

Гүлсім. Айтып көріңіз.

Есімбек. Бірақ сіз нөмірді қағып, жаттап алатын адамға ұқсамайсыз.

Гүлсім. Иә, жаттай алмаймын.

Есімбек. Енді қайттік?

Гүлсім. Жарайды. Кішкене отыра тұрайын. Келіп қалар.

Есімбек (костюмін шешіп). Мынаны жамыла тұрыңыз.

Гүлсім. Иә, рақмет.

Гүлсім. Сіз әйеліңізбен қанша жыл тұрдыңыз?

Есімбек. Екі жыл.

Гүлсім. Ал біз жиырма бес жыл. Екі жыл деген не ол? Жарыңыздың күнделікті күйбең тірлікпен, кәрілікпен, түрлі сырқат-дерттермен, сүйектен өтер ауыр сөздермен ластанбаған асыл бейнесін жүрегіңізде сақтап келе жатырсыз. Бақыттысыз.

Есімбек. Солай болса солай шығар.

Гүлсім. Жазушы болған қызық па?

Есімбек. Қызық.

Гүлсім. Мысалы?

Есімбек. Жазасың...

Гүлсім. Осы-ақ па?

Есімбек. Жазушыны адам психологиясының майталманы деп бекер айтпайды ғой. Адам танысың. Психолог мамандарың шаң қауып жолда қалады. Барлығын көріп тұрасың.

Гүлсім. Ал менен не көріп отырсыз?

Есімбек. Тағы бір партия ойнайық. Содан кейін айтамын.

Гүлсім. Жақсы, реттеңіз.

Есімбек. Содан кейін не болды?

Гүлсім. Не айтып отыр едім?

Есімбек. Күйеуім ішкіш, жүргіш дедің.

Гүлсім. Ойбай, қойыңыз, олай деген жоқпын.

Есімбек. Сүймеймін деген де жоқсыз ба?

Гүлсім. Олай деуім мүмкін емес...

Есімбек. Онда сүйесіз ғой?

Гүлсім. Сіз қызықсыз, жиырма бес жыл бірге келе жатқан адамды қалай сүйемін немесе сүймеймін дейсің.

Есімбек. Қайдам, өзім ешкіммен жиырма бес жыл тұрып көрмеппін.

Гүлсім. Әлдене деу қиын, көнуге тура келеді.

Есімбек. Кім мәжбүрлейді?

Гүлсім. Ешкім. Өзің.

Есімбек. Ажырасу деген нәрсе келмеп пе еді басыңа.

Гүлсім. Жоқ, қайдағы! Керісінше, енді балаларды құтты орындарына қондырып, немере сүйсек, ата-әже болсақ дейміз.

Есімбек. Сондай әдемі әйелсіз.

Гүлсім. Олай қалжыңдамаңызшы.

Есімбек. Қайдағы қалжың, сізді жасы елуге келіп қалған, төрт бала тапқан деп кім айтады.

Гүлсім. Қатты қалжыңдайды екенсіз.

Есімбек. Өтірікші екенсің демегеніне рақмет. Пілді қайда апара жатырсың? Алдында пешкі тұр ғой.

Гүлсім. Байқамаппын, кешіріңіз. Онша ойнай алмаймын деп айттым ғой. Мынау Уәзір ме еді.

Есімбек. Иә. (*Өзіне өзі*) Кенет жынды болып қалды.

Гүлсім. Сонымен неге сонша көп және көпе көрнеу өтірік айтасыз?

Есімбек. Ақыры айттыңыз-ау өтірікші деп.

Гүлсім. Жақсы, неге сонша қалжыңқойсыз?

Есімбек. Әдет болып кеткен.

Гүлсім. Түсінікті. Өстіп жүріп, шыныңызды айтқанда ешкім сенбей қояды. Мен балаларға үнемі осылай деймін. Өтірікті кейде, айтпауға болмайтын кезде ғана айту керек, әйтпесе шын сөзіне ешкім сенбейтін болады деймін. Шах!

Есімбек. Былай алып кеттім. Дегенмен сіз бәлесіз.

Гүлсім. Қойыңызшы. Қазір көзіңіз тиеді.

Есімбек. Жарайды. Өтірікті айтпауға болмайтын кез деген қай кез сонда?

Гүлсім. Білмеймін. Өмірде түрлі жағдайлар болады ғой. Аса маңызды, екіталай кезде, жаның қысылғанда ғана айту керек.

Есімбек. Мынауыңыз керемет жаңалық болды ғой.

Гүлсім. Сол кезде өтірігіне жұрт күмәнданбай сенеді. Бұрын ешқашан өтірік айтпайтын адамды кенет өтірік айтады деп ешкім күтпейді.

Есімбек. Керемет. Бұған өз ақылыңызбен жеттіңіз ба?

Гүлсім. Иә, өмір үйретті. Пешкі былай жей ме?

Есімбек. Жейді. Енді жеңіз, неге тосылып қалдыңыз, жалмауыз. Кешіріңіз, сізге айтпаймын.

Гүлсім. Енді кімге айтып отырсыз?

Есімбек. Ал маған, бүгін, осы танысқалы бері өтірік айттыңыз ба?

Гүлсім (*күмілжиді*). Сіз қызықсыз, адамнан олай сұрауға болмайды.

Есімбек. Неге?

Гүлсім. Сұрауға болмайтын нәрселер болады, бұл соның бірі.

Есімбек. Онда айтқан болдыңыз ғой.

Гүлсім қатты ыңғайсызданады.

Есімбек. Сонда не жаныңызға зор келді? Ешқандай қауіп-қатер төніп тұрмаған сыңайлы. Өз-өзіңізден өтірік айтатын болып тұрсыз ғой.

Гүлсім. Кейде жапсырып жамау үшін, қиысып кетсе айтасын ғой.

Есімбек. Неге?

Гүлсім. Білмеймін.

Есімбек (*таң-тамаша қалып*). Сізге қарап ішегімді тартып таң қалғым келіп тұр.

Гүлсім. Қойыңызшы. Ұялта бердіңіз ғой.

Есімбек. Сонымен?

Гүлсім. Не сонымен?

Есімбек. Сөзіңіздің қай жерінде кетті өтірік?

Гүлсім (*тездетіп, жиналып*). Қой, құрысын, кеш болып бара жатыр. Қайтайын. Ренжімеңіз. Танысқаныма қуаныштымын. Сау болыңыз.

Есімбек. Ей, қарындас, қарындас!

Гүлсім (*күліп жібереді*). Сіз де қоймайды екенсіз.

Есімбек. Кетіп үлгересіз. Ең болмаса айтып кетсеңізші. Әйтпесе түрлі жорамалмен мына шақшадай басым шарадай болады ғой.

Гүлсім. Жаман ыңғайсызданып тұрмын...

Есімбек. Жарайды, не боп қалды соншама, о несі! Құдайдың алдында тұрған жоқсыз ғой. Өтірікті қарша боратқанда ұялмайды да, мойындауға ұялады. Оқушыларға қандай өнеге бергенсіз өзіңіз?

Гүлсім. Иә, дұрыс айтасыз. Мойындай білу керек. Дұрыс.

Есімбек. Со-ны-мен...

Гүлсім. Иә. Күйеуіме қатысты... айтқанмын...

Есімбек. Сонда немене күйеуіңіз жоқ па?

Гүлсім. Қазір жоқ, бірақ ол қайтып оралады.

Есімбек. Міне, қызық-тамаша! Сонда қайда? Сайыпқыраныңыз бас бостандығынан айырылып, абақтыда жатыр ма?

Гүлсім (*үш түкіріп, үстелді үш рет тақылдатады*). Жоға, құдай сақтасын. Уақытша бірге тұрмаймыз.

Есімбек. Басқа қатын алып кеткен болып тұр ғой.

Гүлсім. Қазір онымен де ажырасып кетті.

Есімбек. Сонда сізге қайта қосылғысы келеді ғой.

Гүлсім. Иә.

Есімбек. Ал сіз ше?

Гүлсім. Білмеймін. Төрт баланы жалғыз асырап баққан қиын.

Есімбек. Түсінікті.

Гүлсім. Солай.

Есімбек. Білесіз бе, мына үйді сіз-ақ алыңыз, маған керегі жоқ. Қара басыма баспана табылар. Сіздің жағдайыңызда керегірек. Төрт бала, алда байыңызбен қайта қауышу бақыты күтіп тұр.

Гүлсім. Жоқ, сіз дұрыс түсінбедіңіз.

Есімбек. Жоқ, бәрін өте дұрыс түсіндім, қош болыңыз.

Кетіп қалады. Сахна қараңғыланады. Сахнада Гүлсім жалғыз қалады.

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Сол баяғы сахна. Гүлсім отыр. Есімбек қайтып келеді.

Есімбек. Шахматымды ұмытыппын. Жүре беріппін ғой. Дженгельмендік дегенді қойсаңшы.

Есімбек шахматын жинап күйбеңдеп жүр. Гүлсім жақындайды.

Гүлсім. Сізге рақмет. Мынандай су тегін, хан сарайындай зәулім үйді тастап жүре бергеніңізді ерлікке балаймын.

Есімбек (*күбірлеп*). Ерлік түгі де жоқ.

Гүлсім. Жоқ, бұл сіздің азаматтық болмысыңызды көрсетеді.

Есімбек (*ыңғайсызданып*). Қайдағыны айтпанызшы. Төрт бала деген оңай емес, төрт баламен ойнауға болмайды...

Гүлсім. Иә...

Есімбек. Содан кейін әлі қожайынмен келіскен жоқсыз... Кім біледі... Дегенмен онымен де шахмат ойнасаңыз, бағыңыз жанып қалар.

Гүлсім (*күмілжіп*). Ойнайық десе... білмеймін... көреміз.

Есімбек. Бірақ күйеуіңіз болса, екі балаңыз жұмыс істесе, сіздің сипатыңыз, міне, қос білегіңізді сыбанып тұрсыз... Сіздің отбасыңыздың қасында мен қорғансыз бейшара болып қалады екенмін де.

Гүлсім. Олай деменіз. Тепсе темір үзетін жігіт ағасысыз. Соншама асылық жасамаңыз.

Есімбек. Мүгедекпін.

Гүлсім. Қойыңызшы.

Есімбек. Рас.

Гүлсім. Баяғы қырық өтірігіңіздің бірі шығар.

Есімбек. Өз басыма ондай нәрсе тілеп өтірік айтпайтын шығармын.

Гүлсім. Қайдам...

Есімбек. Сенбейсің бе? Құжаттарымды көрсетейін.

Гүлсім. Былай сап-сау сияқтысыз.

Есімбек. Есім кіресілі-шығасылы. Бүгін көрген нәрсемді ертең тып-типыл ұмытып қаламын. Мысалы, бүгін сізбен танысып, сөйлесіп отырмыз ғой, ертең көшеде кездесек қасыңыздан танымай өте шығамын.

Гүлсім. Егер мен тоқтатып, амандассам ше?

Есімбек. Жылы жымып, қолыңызды қысуым мүмкін. Ал егер жанарыңызда сиқырлы сыр сезсем, мықыныңыздан битіп сипауым да ғажап емес.

Гүлсім. Ойбай!

Есімбек (*ыңғайсызданып*). Кешіріңіз, жай, көрсеткенім ғой.

Гүлсім. Жақсы, бопты, түсіндім. Тіпті жақсы. Жолыңыздан қалмаңыз, жаңа кетіп бара жатыр едіңіз. Танымасаңыз, танымай-ақ қойыңыз.

Есімбек. Қиялға беріліп кетіппін, айып етпеңіз... Өзіңіз асау байталдай секіріп тұрсыз ғой.

Гүлсім (*жылап қалады*). Айдалаға келіп, кім көрінгенге мазак болғанымды-ай. Қу тіршілік-ай не істетпедің...

Есімбек қатты сасады.

Есімбек. Кешіріңіз енді, ренжітейін деген ойым болған жоқ.

Гүлсім. Шаршап кеттім, бұл ит өмірден қатты шаршадым. Не кәсібіммен жұмыс істей алмадым, анда тартсаңмында, мында тартсаң анда жетпейді, байымның түрі анау, ал сіз... сіз болсаңыз мынау...

Есімбек (*күбірлен*). Кешіріңізші. Қаласаңыз, тізерлеп тұрып кешірім сұрайын.

Гүлсім. Көзіме көрінбеңізші. Кетіңізші. Еш нәрсенің керегі жоқ. Тек кетіңізші.

Есімбек тізерлеп отырады.

Гүлсім (*шошынып*). Қой, тұрыңыз, не болды сізге? Еркек емессіз бе?

Есімбек. Жыламаңызшы.

Гүлсім. Қайдан таныстым сізбен, қайдан кезіктіңіз...

Есімбек. Жыламаңызшы.

Гүлсім. Болды, жыламаймын. Неменеге жылаймын, ел аман, жұрт тыныш...

Есімбек (*өзі де жылдарман болып*). Сөйтiңiзшi ендi.

Гүлсім. Тұрыңыз.

Сүйемелдеп тұрғызады.

Гүлсім. Шындығында ешнәрсені ұмытпайсыз ба?

Есімбек. Өкінішіме қарай, ешнәрсені ұмытпаймын. Сізді әсіресе... ұмытуым неғайбыл...

Гүлсім (*үмітпен*). Мүгедекпін деп те қалжындадыңыз ба?

Есімбек. Қалжындаған жоқпын.

Гүлсім. Сенбеймін.

Есімбек. Чернобыльда радиация алғанмын. Ішек-қарнымның сау тамтығы жоқ.

Гүлсім (*сенбей мазақтап*). Ойбуу, құдай-ай! Алда байқұс-ай.

Есімбек. Қалжың емес. Күніне бір келі дәрі ішемін.

Гүлсім. Қиын екен.

Есімбек. Құдайдан өлім тілесең азап береді. Чернобыльге сұранып өзім барып едім.

Гүлсім (*илана бастап*). Сонда... өлу үшін бе. Олай болмайды ғой. Кешіріңіз... Былай қараса, сап-сау сияқтысыз. Бойыңыз, дененіз...

Есімбек. Денем ұнай ма?

Гүлсім. Жоқ. Сіз мені дұрыс түсінбедіңіз.

Есімбек (*шахматты тез жинастырып*). Демек ұнамаймын ғой.

Гүлсім. Жоқ, ұнайды... Ұнайсыз.

Есімбек (*жақындап*). Сіз де маған бір көргеннен қатты ұнадыңыз.

Гүлсім. Рақмет. Сіз де маған қатты ұнап қалдыңыз.

Есімбек. Қызық. Бүгін таңертең тұрғанда бүгінгі күннің басқа күндерден өзгеше болатынын тіпті сезбедім де. Барлығы әдеттегідей еді. Енді міне күтпеген жерден Сіз кездестіңіз.

Гүлсім. Иә, өмірдің тосын сыйлықтары мол.

Есімбек. Сізді қайдам, өзімді тосын сыйлыққа малынып жүрмін деп айта алмаймын.

Гүлсім. Мен де, мен де малынып жүрген жоқпын.

Есімбек. Бірақ бүгін тосын күн болды.

Гүлсім. Иә.

Есімбек. Мен осында мәңгі қалуға келісер едім. Шахмат, Сен, жасыл желекке бөленген аула.

Гүлсім. Керемет.

Есімбек. Ал сенің балаларың үйде телевизор көріп отыр.

Гүлсім. Иә, олар телевизорды бас алмай көреді.

Есімбек. Ал біз екеуіміз аулада шахмат ойнап отырмыз.

Гүлсім. Керемет. Мына жерде ыстық шай, ыстық бауырсақтар тұр. Кесең босағанда, мен шай құйып қоямын.

Есімбек. Иә... Мен өз бақытыма өзім сене алар емеспін.

Гүлсім. Мен де...

Әндетеді.

Асыл жарым,

Жайнаған жасыл бағым...

Арманды дара қумаймыз,

Құстың қос қанатындаймыз.

Жанарға от жағып,

Тауларды бетке алып

Бірге ұшып барамыз болашаққа...

Есімбек (*толқып*). Осында қалайықшы.

Гүлсім. Бір-бірімізді танымай, білмей, қала береміз бе?

Есімбек. Барлығы түсінікті емес пе.

Гүлсім. Мен сізді білмеймін ғой...

Есімбек. Бұл жоқ дегенің бе?

Гүлсім. Сіз бәрібір балаларыма туған әкесіндей бола алмайсыз.

Есімбек. Оны қайдан білесің? Бәлкім, туған әкелерінен артық болатын шығармын?

Гүлсім. Білмеймін...

Есімбек. Батылдығың жетпей ме?

Гүлсім. Жетпейді. Мүдде...

Есімбек шахматын қолтығына қысып, орындыққа отырады.

Есімбек. Бұл өмірде не тындырғанымды өзім де білмеймін. Не отбасын құрмадым, не үй салмадым. Қызыма да жөнді тәрбие бере алмаған сияқтымын.

Гүлсім. Қойыңызшы, неге олай дейсіз?

Есімбек. Әйтпесе осылайша тойғанына мәз болып жат жерде қалар ма еді. Анам бақты ғой ол қызды. Ал мен сағым қуып, көз алдым тұманданып жүре беріппін. Қиял әлемі мекенім болыпты. Ол да болса анамның арқасы. Ал қазір... Ол кісі кеткелі... білмеймін. Кенет есімді жиғандаймын. Мүдде жалғызбын.

Гүлсім. Туыстарыңыз жоқ па?

Есімбек (қолын сермеп). Қайдағы туыс?

Гүлсім. Ағайын-туған, бауырларыңыз, нағашы-жекжат.

Есімбек. Жоқ. Ешкім жоқ!

Гүлсім. Иә, қиын екен.

Есімбек. Бірақ сізді тыңдап отырсам, сіздің де жетісіп жүргеніңіз шамалы сияқты.

Гүлсім. Неге олай дейсіз, балаларым бар, күйеуім бар. Аллаға тәуба.

Есімбек. Ол не өмір, күйеуіңізді не сүйетініңізді не сүймейтініңізді білмейсіз.

Гүлсім. Қызықсыз, дүниеде барлығы сүю мен сүймеуге тіреліп тұрған жоқ қой.

Есімбек. Қалайша? Мен түсінбеймін! Сүймейтін адамыңмен бірге тұру, оның қойнына жату қылмыс емес пе? Сіз қылмыскерсіз!

Гүлсім. Ашуланбаңызшы.

Есімбек. Жоқ, ашуланып тұрған жоқпын. Жоқ, шыныңды айтшы, сен ол адамнан іштей тітіркенесің ғой. Шыныңды айтшы...

Гүлсім. Әсіресе тамақ ішіп отырғанда... Шалп-шалп етіп шайнап, қылқ етіп жұтқаны, содан кейін ернін шыны ішіне батырып шай ішкені...

Есімбек (*сыбырлап*). Көрдің бе?

Гүлсім (*сыбырлап*). Иә...

Есімбек. Онда неменеге қаласың? Не ұстап тұр сені? Обал емес пе? Саған да, оған да... Малсыңдар ма?

Гүлсім. Жок...

Есімбек. Енді кетпеймісің?

Гүлсім. Қайда?

Есімбек (*шалт түзелін*). Кетем деген адамға кететін жер табылады ғой.

Гүлсім. Мысалы?

Есімбек. Өзіңнің жеке кәсібің бар, екі балаң өскен, өз қолдары өз ауыздарына жеткен, екі баланы өйтіп-бүйтіп асырауға болады ғой.

Гүлсім. Сосын?

Есімбек. Сосын – болды.

Гүлсім. Мақсат не?

Есімбек. Өтірік айтпайсың, арыңның алдында таза боласың, Құдайдың алдына барғанда мен жалған өмір сүрген жоқпын, денем тітіркеніп, жек көре тұра сүймейтін адамыммен бірге тұрған жоқпын, өзіме өзім, Саған адал болдым дейсің. Бұл аз ба?

Гүлсім. Шынымен қияли екенсіз...

Есімбек. Сіз мені түсінбедіңіз.

Гүлсім. Жок, түсіндім. Айтып отырғаныңыз идеалдағы өмір ғой. Ол мына фәни жалғанда мүмкін емес.

Есімбек. Неге мүмкін емес? Сіз екеуімізге Алатаудың ең биік шыңына көтерілу мүмкін емес. Бірақ оның өзін мақсат етіп қойса, мүмкін. Мүмкін! Адал өмір сүру әбден мүмкін нәрсе. Түкке де тұрмайды. Сенбейсіз бе? Неге сенбейсіз?

Гүлсім. Ал ол ше?

Есімбек. Кім?

Гүлсім. Менің жолдасым. Аяғының астында тұрған қара жер бір-ақ сәтте бұлк етіп бұлқынып, тайып шыға келсе, оның күні не болады? Соны ойладыңыз ба? Ол мүлде жалғыз қала ма сонда?

Есімбек. Неге жалғыз? Өзін сүйетін, ас ішкеніне сүйсіне қарап, рахаттанатын басқа біреуді табады. Сіз оны күн сайын аз-аздан улап өлтіріп жатырсыз ғой. Көңіл-күйіңізбен, жиіркенішіңізбен. Ал ол өзін сүйетін басқа жанды тауып, нұрға малынған гүлше рахаттанып жапырақ жаяды, құлпырады.

Гүлсім. Шын айтасыз ба?

Есімбек. Шын.

Гүлсім. Ал сіз ше? Сіз осы уақытқа дейін сондай біреуді неге таппадыңыз? Неге жалғызсыз?

Есімбек. Менің жырым басқа...

Гүлсім. Құпия болмаса ол қандай жыр?

Есімбек. Маған жан баласы ұнамайды. Ешкімді жақсы көрмеймін. Бірақ адамдар мен сияқты емес. Олар басқа. Сіз де басқасыз. Сіз, мысалы, өзіңізге сүйікті болатын жанды кездестіре аласыз.

Гүлсім. Рақмет, әрине. Қой, құрысын, есім барда елімді табайын шынымен де.

Есімбек. Бірақ сіз маған ұнайсыз. Кетпей-ақ қойыңызшы.

Гүлсім. Мүмкін емес...

Есімбек. Неге? Өмірді біз өзіміз күрделендіреміз, барынша күрделендіреміз. Ал шындығында барлығы оп-оңай, қарапайым.

Гүлсім. Мен сізді мүлде түсінбеймін. Бірақ сіз маған өте ұнайсыз.

Есімбек. Қаласыз ба?

Гүлсім (*күледі*). Ал сіз қалай ойлайсыз?

Есімбек. Білмеймін.

Гүлсім. Мен де білмеймін...

Есімбек. Сонда кім біледі?

Гүлсім. Білмеймін.

Есімбек (*мұңданып*). Өмір өтіп бара жатыр.

Гүлсім. Иә. Мен кеттім. Балалар алаңдап жатқан шығар.

Есімбек. Иә, әрине, сау болыңыз. Мен үйді жалға алып қоямын. Сізді осы жерде күтемін. Естіп тұрсыз ба? Күтемін!

Гүлсім. Иә. Алла жар болсын Сізге.

Есімбек. Сен бірақ ораласың ғой?

Гүлсім (*жылап*). Білмеймін. Оны қайдан білемін?

Есімбек. Мен күтемін.

Гүлсім (*жүгіріп кетеді*). Иә-иә.....

Гүлсім кетеді. Есімбек жалғыз қалады.

Соңы



Гүлнәр мен Нұржамал
(Бір актілі трагикомедия)

ҚАТЫСУШЫЛАР:

Гүлнәр – 60-тағы әйел
Нұржамал – 60-тағы әйел
Шал

1-акт

Бір бөлмелі жұпыны пәтер. Ортада темір төсек тұр. Онда бүк түсіп біреу жатыр. Кенет қаңғыр-құңғыр етіп шелекке шалынып, орта жастағы Гүлнәр кіріп келеді.

Гүлнәр. Ах, антұрған! Мына шелекті кім жолға қойып қойған? Нұржамал! Нұржамал! Осындамысың? Жолға шелекті әдейі тастадың ба? Аяғы сынып, ажалы жетпей өлсін дедің бе мені?

Нұржамал төсектен басын жұлып алады.

Нұржамал. Гулешка, жеттің бе, жаным?

Гүлнәр. Есің дұрыс па, бұл жерде неғып жатырсың? Әрең таптым ғой! Бұл не пәтер?

Нұржамал. Мен енді осында тұрамын.

Гүлнәр. Пәлі... Ақылынан алжасқан болар мына қатын. Өзіңнің үйің қайда?

Нұржамал. Балаларға тастадым.

Гүлнәр. Сосын?

Нұржамал. Осында көшіп алдым.

Гүлнәр. Сатып алдың ба?

Нұржамал. Жоқ, жалға алдым.

Гүлнәр. Тәуірлеу пәтер таппадың ба? Ит өлген жерде... Және сиқын қара. Барлығы тозған, біртүрлі иіс шыға ма қалай?

Нұржамал (*жан-жағына қабағын шытып қарап*). Иә, көгерген бір иіс бар. Сыздан ба деймін.

Гүлнәр. Тәуірлеу пәтер таппадың ба?

Нұржамал. Зейнетақымның жеткені осы болды...

Гүлнәр. Дәурен көмектеспей ме? Және олардан неге кеттің?

Нұржамал. Ой, сұрама...

Жылайды.

Гүлнәр. Дәурен ренжітті ме?

Нұржамал. Дәурен ренжітпейді ғой...

Гүлнәр. Келін бе?

Нұржамал басын изеп, көз жасына тұншығып жылайды.

Гүлнәр. Ах, атаңа нәлет, келсап! Мінезің жұмсақ, басынған екен. Жүр, жылама, әкесін танытайық барып!

Нұржамал. Бармаймын...

Гүлнәр. Қорықпа, өзім жайғаймын бәрін. Көрсетейін мен оған. Сені де сабайтын адам жоқ! Кеше ғана институт бітірген шілтиген бокмұрынға әлің келмеді ме? Сен ынжықсың білдің бе! Мен саған айттым емес пе, «келінді бастан», есіртпе, еркелетпе, құтыртпа деп. Енді неменеге жылайсың? Семіздікті қой ғана көтереді, білдің бе! Қой ғана!

Нұржамал. Айқайламашы.

Гүлнәр. Айқайлама дейді ғой! Өлтірейін бе осы тұрған жерінде! Өсірдің, жетілдірдің, оқыттың, қатын әпердің! Енді отырысың мынау! Мүк сасыған пәтерде сораңды ағызып! Кәне, тый көз жасыңды! Тұр, жүр! Сен неменеге кетесің? Олар кетсін пәтерден. Олар жас, жас семья! Оларға үкімет өзі-ақ береді пәтерді.

Нұржамал. Аяқаны аяймын... Кішкентай ғой әлі. Пәтерден пәтерге көшіп жүргенде ауырып қалса ше.

Гүлнәр. Ал сені олар аяп отыр ма?

Нұржамал. Дәурен әлі білмейді. Жаңа смс жазыпты (телефонын шығарып оқығады). Міне, «Мама, қайда кетіп қалдың? Бізді шошытпай қайтып орал. Анар мен Айка жылап отыр» депті.

Гүлнәр. Қалайша? Балаңа айтпай қалай кеттің?

Нұржамал. Олар киноға кеткенде жиналып кетіп қалдым.

Гүлнәр. Неге?

Нұржамал қайта жылай бастайды.

Гүлнәр. Мынаның дені сау ма?

Нұржамал өксігін әрең басады.

Нұржамал. Сені не үшін шақырдым, білесің бе?

Гүлнәр. Жоқ, әрине. Бір тосын сый әзірледі ме деп ойладым. Содан соң салып ұрып жетіп келген түрім. Тіпті түскі асымды ішіп үлгерген жоқпын. Тамақ бар ма?

Нұржамал. Әлі азық-түлік алған жоқпын.

Гүлнәр. Енді қайттік? Жақын маңда кафе-сәпе де жоқ.

Нұржамал. Менде арақ бар. Ішесің бе?

Гүлнәр. Мәә! Сен қашаннан бері арақ ішетін болғансың? Жалғыз ұлыңның тойын ішімдіксіз өткізіп, бәрімізді қаңтарып қойып ең ғой? Мынау жаңалық қой! Қайсы арағың?

Нұржамал қол сөмкесінен арақ шығарады.

Гүлнәр. Қарным ашып тұр, содан кейін білесің ғой менің қышқылым жоғары, гастритім бар. Аш қарыңға арақ ішкізіп өлтірейін деп пе едің? Қалжыңдап отыр екен десем.

Нұржамал (*мұңайып*). Қайдағы қалжың... (*Кенет серпіліп*)
Құрбым-ау, сенің көмегің керек болып тұр емес пе...

Гүлнәр (*қарны ашып мұңайып*). Иә, айта бер.

Нұржамал. Дәуренге мынандай жауап жаздым.

Қол телефонын ашып Гүлнәрға оқытады.

Гүлнәр. «Менде бәрі жақсы. Мен тұрмысқа шықтым». Немене?

Нұржамал. Оқысаншы әрі қарай.

Гүлнәр. «Менде бәрі жақсы. Мен тұрмысқа шықтым. Сенбі күні біз сендерге қонаққа келеміз. Сонда таныстырамын».

Нұржамал. «Жаңа әкеңмен» деп жазайын дедім де, қойшы это слишком деп ойлады. Дұрыс па?

Гүлнәр. Енді... қайда?

Нұржамал. Не қайда?

Гүлнәр. Жаңа әке... жоқ, ойбай, жаңа күйеуің қайда?

Нұржамал. Жоқ қой. Сені сол үшін шақырдым емес пе!

Гүлнәр. Мен еркек болып киінем бе?

Нұржамал. Жоға, құдай-ау, табайық! Маған күйеу іздеп табайық. Тезірек. Сенбі күні баламның үйіне күйеумен баруым керек.

Гүлнәр. Тұра тұршы. Мейлі, құйшы, мынауынды. Өлсем өліп-ақ кетейін.

Нұржамал бір жақтан екі стакан алып келіп арақты құяды. Гүлнәр қағып салады. Нұржамал стаканды шұқылап ішпей отыр. Бір уақытта жылай бастайды.

Нұржамал. Енді не істеймін? Олар мені мазак етіп күлетін болды-ау... Тіпті жындыханаға өткізіп жіберер... Екі күнде күйеуді қайдан табамын?

Гүлнәр. Күйеуден басқа нәрсе айтуың керек еді.

Нұржамал. Мысалы?

Гүлнәр. Шындықты! Шындықты неге айтпайсың?

Нұржамал. Екеуі қырлысады ғой. Ұлымның отбасын бұзғым келмейді.

Гүлнәр. Білмеймін. Интернеттен іздейк.

Нұржамал. Ол қалай?

Гүлнәр. Мені күнде тұра салып интернеттен бай іздейді дейсің бе? Мен қайдан білем! Не деген қатынсың, үйінде тіске басар қатқан нан да жоқ. Өзінде ми жоқ. Қайдағы бай? Бір рет болдың ғой байда. Сол жетпеді ме саған!

Нұржамал. Шаптықпашы. Онсыз да басым қатып отыр. Енді көмектесеңші. Сен кішкене пысықтаусың ғой.

Гүлнәр. Күйдіргі! Бар тамақ тауып әкел, тек тамақ үшін көмектесемін.

Нұржамал (*қуанып*). Қазір. Қазір. Мен тез келемін.

Бір нәрсе етіп тез жиналып, жүзгіргендей болып шығып кетеді. Гүлнәр бөлмені әрі-бері кезіп жүреді. Кенет тоқтап, Нұржамалдың стаканындағы арақты да қағып салады. Содан кейін кенет мұңданып, темір төсекке барып отырады.

Гүлнәр. Кезінде неткен әдемі еді. Әдемінің әдемісі, көріктінің көріктісі болатын. Бірақ сорлы аңқау-тұғын. Сол аңқаулығынан маскүнемге жолықты ғой. Әйтпесе үйленбей тұрып-ақ бір сау күні болмайтын. Есі дұрыс қыз маскүнемге жолай ма. Ал Нұржамал жолады. Бала тапты. Өзі өмір бойы архивте істеді. Итең-итең, итең-итең... Алатыны көк тиын. Түгіне жетпейді. Анау маскүнем. Жұмыс істемейді. Дәуренді қалай адам қылды, соған таң қаламын. Қазір де аңқау ғой. Бірақ жас кезіндегі аңқаулығын сипаттауға сөз жетпейді. Мысықты көрсетіп: «Мынаны қарашы, Нұржамал, мынау мысық емес, ит» десең, соған күні бойы таң қалып жүретін. Оның әдемілігін құдай маған берсе ғой, онда мен... Наташа Ростоваға ұқсап балға барушы едім. Содан кейін та-та-та-та-та (вальс ырғағына салып билей бастайды, музыка пайда болады)... Рақмет, сударь. Жоқ, сударь. Жарайды, сударь. Сөмкемді көтерсеңіз көтеріңіз енді... хи-хи...

Бірақ мен кішкене домалақтауымын және тапалдауымын... сондықтан Ростоваға кішкене келіңкіремеймін... Нұржамал болса, өзінің маскүнемімен жиырма жыл тұрды. Содан соң ол ауырды, сүйрелеп емдеді, ақыры түкке жарамай өліп қалып еді, аурап жерледі. Сөйтіп бүкіл өмірі өтті де кетті.. Енді, міне...

Мында көрші шал-шауқан жоқ па екен, а? (*Терезеден басын шығарып айқайлайды*). Кто здесь оставил бутылку водки?! Кто говорю оставил здесь бутылку водки!!! (*Терезеден жан-жағына бағдарлап қарайды*). Тыныштық. Өстіп айқайласа, шалдар атып-атып шығушы еді ғой...

Шошынып Нұржамал келіп кіреді.

Нұржамал. Гүлнәр, саған не болды? Бір нәрсенің шалығы тиді ме? Мен ғой ол арақты әкелген. Өзің көрдің емес пе... Келші, таңдайыңды көтеріп қояйыншы...

Гүлнәр. Жоға да. Мында шалдар бар ма екен деп тексеріп жатырмын. Не алдың?

Нұржамал. Міне, жұмыртқа, қазір қуырып жіберемін. Қызанақ, қияр. Пицца алдым. Сен пицца жақсы көруші едің ғой.

Гүлнәр. Немене мен туралы өткен шақта айтып қалғансың?

Нұржамал. Дауысың жаман шықты да.

Гүлнәр. Саған бай іздедім, бай іздеп айқайладым.

Нұржамал. Адам күйсуді сөйтіп те іздей ме екен?

Гүлнәр. Барлық мүмкіндікті байқап көруіміз керек.

Нұржамал. Жарайды. Ренжімеші енді. Қазір екеуміз жақсылап тұрып шай ішеміз.

Дастарханды жайлап, екеуі отырады.

Гүлнәр. Есінде ме... «Бойында Арыстың, өзіңмен таныстым...».

Екеуі қосылып айтады. Содан соң мұңайып отырып қалады.

Гүлнәр. Мен саған жаңа өтірік айттым.

Нұржамал. Не деп?

Гүлнәр. Интернеттен бай іздемеймін деп.

Нұржамал. Қойшы.

Гүлнәр. Интернеттен бай іздеймін. Іздегенде қандай... Бірақ бір жөні түзу адам кездеспеді. Неше түрлі адам бар ғой...

Нұржамал. Қойшы.

Гүлнәр. Шын айтамын. Бір жыл бұрын бір кісімен таныстым. Интеллигент. Сондай! Болады ғой бір! Нағыз интеллигент! Үйіне қонаққа шақырады. Жетіп барамын! Жайлап сүт қатып шай береді. «Бір-бірімізді білейік, жақындасуға асықпайық» дейді. Өртүрлі әңгіме айтады. Сирия дей ме, құдай-ау, Путин дей ме... Түк түсінбеймін. Бірақ тамақ істеп апарып беремін, ауруханаға жатып еді, тура бар ғой, қатыны сияқты жүгірдім ғой. Өзім тура әбіржіп кеттім. Аттай бір жыл! Бір жыл кеткен асыл уақытым-ай десеңші...

Нұржамал. Сөйтсе? Өліп қалды ма?

Гүлнәр. Сол өліп қалса дұрыс болар еді. Ана жағы да интеллигент болып шықты. Түсіндің бе? Ана жағы.

Нұржамал (*ернін сылп еткізін*). Сен де қатырасың.

Гүлнәр. Сондай жағдай... Басында айтса да болады ғой. Сағат алты жарым деп. Адамды жынды қылмай. Саған да сондай біреуді табуға болады.

Нұржамал. Ондайды мен не қыламын?

Гүлнәр. Көрдің бе. Проблема. «Бойында Арыстың, өзінмен таныстым...».

Кенет Гүлнәр сылқ етіп отырған жерінде құлап түседі.

Нұржамал (түсін күрт суытып). Әп, бәлем! Қалай екен! Берген дәрім енді әсер етті. Мықтысын көрдің бе, малтасын езіп жарты сағат отырды.

Тұра салып Гүлнәрды орындыққа арқанмен байлап тастайды.

Нұржамал. Қолыма түстің... (мазақтап) «Бойында Арыстың өзінмен таныстым» дейді ғой...

Үстелдің астынан балта алып, Гүлнәрге қарайды.

Нұржамал. Бейшара. Жаным ашиды бір жағынан. Далақ-далақ етіп әрі жүгіреді, бері жүгіреді. «Нұржамал, жиналайық», «Нұржамал, мен көйлек сатып алдым», «Нұржамал, тәтті балмұздақ сағатын жер таптым», «Нұржамал, Нұржамал...». Осымен танысқалы естігенім ұрыс. Көрдіндер ғой, жанымды шығарып, тура бар ғой, жердің астына түсіп кетсем де іздеп табады, кірген тесігімнен шашымнан сүйреп суырып алады. «Нұржамал, жүр, кеттік», «Нұржамал, барып кел, алып кел, шауып кел». Шыдамның да шегі бар, қарағым! Білдің бе! Не байға тимеді, байқұс. Бұны кім алады? Сұрын көріп отырсыздар. Мінезі болса мынау. Жоқ, мен бұны өлтіріп жағын қарыстырмасам, құтылмайды екенмін. Соны түсіндім.

Қолындағы балтасын көтереді.

Нұржамал. Бірақ... бірақ... аяймын... Өмірден не қызық көрді? Өртіс боламын деді. Содан қырыққа келгенше тапсырды ғой актерлыққа. Өтпейді. Өзі су ми. Бір шумақ өлеңді жаттай алмайды. Қазір супермаркетте еден жуады. Ақшасы жетпейді. Қашан көрсең, ақшасы жоқ, қарны аш. Бірақ жалмаң-жалмаң, Нұржамал, Нұржамал. Жоқ, өлтіріп тастайын. (Өзін-өзі қайрап) Нұржамал, құрбыңа жаның ашыса, қақ маңдайдан пер. Бұйткен өмірі құрысын. Содан соң өзін де у ішіп қата қаласың. Ынжық болма! Давай! (қайта өзгеріп). Жо-жоқ! Қалайша? Ол менің Гүлнәрым ғой! Құрбым, бауырым... Мейлі зейнетақысы түкке жетпесін, мейлі, аш-жалаңаш қалсын, бірақ мына тіршілікке, бір күн тірі жүргенге жететін не бар? Оның өмірін көпсінгенім бе? Маған не болды? Не істесем болады?

Гүлнәр қозғалып, есін жинай бастайды. Нұржамал балтаны қайта көтереді.

Гүлнәр. Нұржамал, Нұржамал...

Нұржамал. Жап аузыңды!

Гүлнәр. Ойбай, саған не болды? Тауып берем, тауып берем. Ант етейін, саған бай тауып бермесем, жер басып жүрмей-ақ қояйын. Өзім өлем! Тек балтамен ұрмашы! Жалынамын, балтамен ұрмашы.

Нұржамал. Мен сені ол үшін шақырған жоқпын! Жоспар басқа! Мен сені өлтіремін!

Гүлнәр. Ойбай, енді балталамасаң болмай ма? Өлтірудің амалы көп қой, есің дұрыс па?

Нұржамал. Аузыңды жап! Сен-ақ менің қанымды ішіп біттің! Бүкіл өмірімді құртқан мына сен! Білдің бе! Сен менің ата жауымсың!

Гүлнәр. Мәссаған! Мен сенің өміріңді қайтып құртыппын?

Нұржамал. Менің байым сенің кесіріңнен алқаш болып, ақыры өліп тынды...

Жылайды.

Гүлнәр. Нұржамал! Нұржамал деймін мен саған! Босат мені! Ақылыңнан алжассаң, алжасқан шығарсың, бірақ менде не ақың бар? Жөніңмен жындан! Ненормальная!

Нұржамал. Мен бе ненормальная? Ненормальная ол сенсің! Сен білесің бе маған не істегеніңді? Сен... Сен...

Жүгіріп барып чемоданынан портрет шығарып, теріс қаратып, өзі қарамай портретті Гүлнәрдың бетіне тықпалайды.

Нұржамал. Есінде ме? Мына адам есінде ме деймін?

Гүлнәр. Арырақ ұсташы. Иә, Ленин!

Нұржамал (*мазақтап қайталап*). Иә, Ленин! Арсыз! Барып тұрған арсыздың өзісің сен білдің бе?

Гүлнәр. Мәээ, қатты жынданыпсың. Енді қайттім? Қайдан келіп едім мында. Күл болмасаң, бұл бол деп неге жата бермедім? Ес жоқ. Ес жоқ... Сосын келдім... Демек өзім кінәлімін. Демек өзім...

Нұржамал. Есінде ме? Сол жылы қазан айында қар жауды... Екеуміз Құрманғазы көшесін бойлап келе жаттық... Күн кенет күрт суытқан...

Гүлнәр. Немене? Не айтып тұрсың?

Нұржамал. Ленинді! Ленинді айтып тұрмын!

Гүлнәр. Немене Ленинді де мен өлтіріппін ба?

Нұржамал. Сен! Сенің нағыз өзің!

Гүлнәр. Нұржамал, қолымды шеш, босат. Әйтпесе боқтаймын! Аямай боқтаймын!

Нұржамал. Боқтап көр. Мына балтамен жағыңды айырамын!

Гүлнәр. Ойбай! Құдай-ай! Бұл қорлықты көрсеткенше неге бұрын алып кетпедің?

Нұржамал балтасын ала ұмтылады.

Гүлнәр. Жок! Стоп! Тек балтамен емес!

Нұржамал. Онда тыңда. Қазан. Алакөлеңке. Кеш батып келеді. Екеуміз Құрманғазы көшесін бойлап келеміз. Шаршағанбыз. Кенет сен өз-өзіңнен... Сонда не айтқаныңды білесің бе?

Гүлнәр. Жок. Есімде жок.

Нұржамал. Сен маған Ленин мерезбен ауырып өлді дедің... Сондай бір деректі фильм көріпсің?

Гүлнәр. Сөйтсе?

Нұржамал. Сен не? Түсінбедің бе? Сен сол апақ-сапақ, кешқұрым шақта Ленинді өлтіргенінді сезбедің бе?

Гүлнәр. Жок, не могу оказывается. Давай, шап! Мейлі, балта болса, балта болсын. Мұндай сандырақты естіп тірі отыра алмайды екенмін.

Бұлқынады.

Нұржамал (*жылайды*). Сен менің жүрегімдегі, менің жүрегімдегі Лениннің асыл бейнесін өлтірдің, өшірдің. Салдақы! Содан бері, содан бері... міне... Портретіне қарай алмаймын. Теріс қаратып ұстап жүрмін... Мерез деген... Жыныстық ауру ғой... Мен Ленинді қимаймын ондай лас нәрсеге...

Гүлнәр. Ленин де еркек болған шығар. Крупская оған күн көсем болғаны үшін табынбаған болар?

Нұржамал. Сен бұзылған қатынсың...

Гүлнәр. Инесса Арманд ше?

Нұржамал. Ол кім тағы?

Гүлнәр. Лениннің ашынасы.

Нұржамал. Болды, маған еш нәрсе айтпашы. Шаршатып жібердің. Әйтпесе укол саламын.

Гүлнәр. Немене? Түсіндім. Кешір. Ештен кеш жақсы. Кешірім ет. Ал сенің байыңды қалай өлтіріппін?

Нұржамал (*жылап*). Қойшы, соны...

Гүлнәр. Жок, айт, бәрін айт. Біліп жүрейін. Ол адам кейпіндегі айуан, алқаш, сенің бүкіл өміріңді өксітті. Ана баланың ынжық, сорлы болып қалғаны да сол азғынның кесірі! Өмір бойы тепкісінде болдыңдар! Ең болмаса о дүниеге бір іс тындырдым деп қайтайын, айт! Айт оны қалай өлтірдім?

Нұржамал (*лирикалық күйде*). Жарайды. Гүлнәр... Сен есінде ме, Азаматпен екеуінді мен таныстырдым ғой. Жігітім деп... Содан сен оны дереу ұнатпадың. Ұнатпағаның соншама, сенің сол күйің маған да өтіп, оған тұрмысқа шығудан бас тарттым.

Гүлнәр (*лирикалық күйде*). Ол сол балғын, жас шағынан ішуші еді ғой. Оны қалай ұнатамын, қалай жақсы қабылдаймын?

Нұржамал (*лирикалық күйде*). Сосын ол мені алып қашты... Сосын Дәурен дүниеге келді... Ал сен, сен болсаң азаннан кара кешке дейін: «кет те кет, таста да таста. Ол оңбаған, ол жексұрын, ол қанішер» деп құлағымның құрыш етін жедің. Ал мен оны жек көрген үстіне жек көре бердім... Ол да сезді ғой... Менің оны жек көретінімді сезді. Содан одан сайын ішті, одан сайын ұрды. Алдымен мені, содан соң Дәуренді... Енді кеттім дей бергенде, бауыры церроз екені анықталды. Қалдым... Қазір ойлаймын... Қазір ойлаймын егер сонда сен мені азғырмағанда жап-жақсы тұрып та кетер ме едік... Барлығы сол, менің оны жек көретінімнен болды ғой. Ал менің оны жек көрген себебім, сен азғырдың. Әйтпесе басында қатты ұнаттым ғой оны мен.

Гүлнәр. Түү! Құдай-ай, жылаттың ғой. Білмеймін. Мен саған жақсы болсын дедім ғой. Енді не істеймін, кеш, кеш мені, Нұржамал!

Нұржамал. Болары болды. Бояуы сіңді. Енді өмірді айналдырып қайталай алмайсың.

Гүлнәр. Қайтаруға болса не істер едік?

Нұржамал. Мен сенімен араласпай кетуші едім.

Гүлнәр. Қойшы? Мені сонша жек көресің бе?

Нұржамал. Иә.

Гүлнәр. Сенбеймін.

Нұржамал. Өзің біл.

Гүлнәр. Білесің бе, менің басыма мынандай ой келді. Сен ғой мені жек көресің. Балталап шауып тастау үшін мында шақырған екенсің. Сен менің жүрегімнің тас-талқанын шығардың, Нұржамал. Бұл дүниеде менің сенен басқа жақыным жоқ қой. Әке менен шешеден жалғызбын. Бала таппадым, байға тимедім. Барым – сенсің. Ал сен былай болып отырсың. Бәлкім, тіршіліктің мен үшін шынымен де мәні жоқ шығар... Сен шынымен Дәурендерден кетіп қалдың ба? Әлде мені алдап шақырып алу үшін ойлап тапқан амалың ба?

Нұржамал. Шын. Ол – шын. Бірақ маған байдың керегі жоқ. Сені өлтіріп, содан кейін өзімді өлтірейін дегенмін.

Гүлнәр. Мээ... (*жаман сөз айтады*)

Нұржамал. Боктама!

Гүлнәр. Жарайды, кешірші. Аузымнан шығып кетті. Сен мені тыңда. Мен ақылдымын ғой. Сен мені босат. Мен осы жерден шығып барып банк тонайын. Тонай алсам, ақшалы боламыз. Тонай алмасам, күзетшілер атып тастаса, ол да мақұл. Түбі бір өлім. Түсініп тұрсың ба? Сен, көк тиынсыз, жалдамалы пәтерде тұратын кемпір, кімге керексің? Мына заманның шалдары ақымақ

емес! Олар ақылды! Олар бай кемпір іздейді. Ал мен банк тонап келсем, ақшаны бөліп аламыз.

Нұржамал. Бүкіл Еуропаны аралаймыз! Музейлерге барамыз!

Гүлнәр. СПА салон дейсің бе... киімдер! Киімге қарық боламыз!

Нұржамал. Онда мен тура бар ғой, 50 мың теңгеге етік алып киемін.

Гүлнәр. Киесің! Содан кейін қарамай көрсін шалдар! Көздерін шұқып аламыз!

Нұржамал. Алақай! Көздерін шұқып-шұқып аламыз!

Гүлнәр (*оган сескеніп қаран*). Алла-ай, сен қашан маньяк болып кеткенсің?

Нұржамал (*ыңғайсызданып*). Енді мына өмір, мына тіршілік...

Гүлнәр. Онда бол, тез, қолымды шеш.

Нұржамал оны босатады. Босатуы мұң екен, Гүлнәр үстелде тұрған балтаны алып оны бастан салып қалады. Нұржамал сылқ құлайды.

Гүлнәр. Мынау өліп қалмасын. Нағыз жан алғыш мен болып жүрмейін түбі.

Тамырын ұстап көреді. Шүберекті сулап басына басады.

Гүлнәр. Енді қайттім? Қой, баласына звондайын, келіп алып кетсін.

Нұржамал (*есін жиып*). Жоқ, жоқ, звондама! Екі дүниеде құлың болайын тек Дәуренге звондама. Бармаймын. Мен оларға қайтып бармаймын.

Гүлнәр. Саған соншама не істеген?

Нұржамал. Отырсам, опакпын, тұрсам сопақпын, Гүлнәр. Зейнетақым ғана жақсы да өзім жаманмын, Гүлнәр. Бармаймын. Құлың болайын, әрең құтылғанда қайта апара көрме оларға.

Гүлнәр. Енді маған бұрын неге айтпадың бәрін? Маған неге келмедің? Жатақхана демесең, қуықтай тар бір бөлме демесең, саған деген бір орын табылатын еді ғой.

Нұржамал. Сен адам баласы атаулыны жек көресің ғой. Мен былай (*ауыр дем алып көрсетеді*) дем алсам, жөтелсем, қорқасың ғой...

Гүлнәр. Иә-иә, бірақ... Бірақ мен психиатрға барып емделер едім ғой...

Нұржамал. Олар сені қамап қойса ше?

Гүлнәр. Ол да бар... Енді не істеміз?

Нұржамал басын ауырсынып, сүлгімен сығымдап басады.

Нұржамал. Білмеймін.

Гүлнәр. Қарттар үйіне барамыз ба? Мен қашанғы осылай жүремін, жалғыздан жалғыз, жатақхана... Ертең еден жууға жарамай қалсам қалай күн көремін? Зейнетақым түкке де жетпейді. Қарттар үйіне қабылдаңыз деп өтініш жасамыз ба?

Нұржамал. Ол жақта қатындары өліп қалған шалдар көп шығар...

Гүлнәр. Иттің басынан көп...

Нұржамал. Бірақ местный кемпірлер баяғыда бір-бірден иемденіп алған шығар.

Гүлнәр. Ол да мүмкін, бірақ біз бақытымыз үшін күресеміз ғой.

Нұржамал. Қарттар үйінің қақшандаған кемпірлерімен күресуге желание жоқ, айналайын. Одан басқа қандай варианттар бар?

Гүлнәр. Банк тонау, қарттар үйі, интернет... Залдан іздеп көреміз бе? Алло! Залда мынандай алтын кемпірді алатын қайсар шалдар бар ма екен?

Залмен диалог.

Гүлнәр. Бірақ бұларға мен сенбеймін. Қазір спектакль біте салысымен алды-арттарына қарамай зытады. Көресің ғой.

Нұржамал. Неге олай жаман ойлайсың?

Гүлнәр. Сен бағаналы бері өз репутацияңды құрттың ғой. Бұл шалдарға жан керек емес дейсің бе.

Кенет залдан бір шал сахнаға шығады (Әрине, ол театр актеры).

Шал. Қыздар, бағаналы бері мен сендерге қарап отырмын. Екеуің де жаман адам емес сияқтысыңдар. Екеуің де былай (өз омырауын сипап) жақсы сияқтысыңдар. Егер қарсы болмасаңдар, Нұржамалдың ұлымен танысуға мен барайын. Сендер мені сынап көріңдер, мен де сендерді жақын біле түсейін. Сөйтіп, жайлап ортақ бір шешімге келіп те қалармыз.

Нұржамал. Ой, келіңіз, төрлетіңіз. Шай ішіңіз.

Шал (шошып кетеді). Жоқ, шай ішіп келгенмін.

Нұржамал. Әлде арақ ішесіз бе?

Шал. Жаңағы сіздің дәріңіз арақта ма еді әлде шайда ма еді?

Нұржамал (қақты қысылып). А, дәріні айтасыз ба... Енді ол деген... арақта болатын...

Гүлнәр. Есіміңіз кім?

Шал. Құдайберген.

Гүлнәр. Төбеден түскен демегеніңізге рақмет. Нұржамал, бері шықшы. Әңгіме бар.

Екеуі оңашаланады.

Нұржамал. Мынау бір керемет болды, иә?

Гүлнәр. Мен сенбей тұрмын мына кісіге.

Нұржамал. Неге?

Гүлнәр. «Бұл не қылған батпан құйрық, айдалада жатқан құйрық» дегенді естудің бар ма?

Нұржамал. Гүлнәр, қайта бастадың ба?

Гүлнәр. Неменені?

Нұржамал. Менің өміріме араласуды. Қысқартсаңшы енді.

Гүлнәр. Мынаған шынымен тиесің бе?

Нұржамал. Тисе несі бар?

Гүлнәр. Кім екенін де білмейсің ғой.

Нұржамал. Түрінде тұр ғой, қазақтың кәдімгі қарапайым азаматы.

Гүлнәр. Пәлі!

Нұржамал. Өлде қызғанып тұрсың ба?

Гүлнәр. Жоға да!

Нұржамал. Онда болды!

Екеуі үстел басына қайтып оралады.

Гүлнәр. Сіздер жақын танысып, әңгімелесіп отыра беріңіздер. Кеш батып бара жатыр, мен осы тойғаныммен қайтайын.

Нұржамал. Қона салсаңшы.

Гүлнәр. Серігің бар ғой, мен неменеге қонамын?

Шал. Кешіріңіздер, мен сіздердің кезекті жанжалдарыңызға себеп болғым келмейді. Кішкене әдептілік сақтап, менің көзімшеұрсыспауларыңызды сұраймын.

Гүлнәр. Немене, немене?

Нұржамал. Иә, сіз өте дұрыс айтасыз. Кешіріңіз бізді.

Гүлнәрді жұлқылап оңашалайды.

Нұржамал. Гүлнәр, кетпе. Есің дұрыс па? Мына шал екеуіміз жеке сөйлескенде осылай келісті деп ойлап қалады ғой.

Гүлнәр. Ойлай берсін!

Нұржамал. Мені жеңіл жүрісті әйел екен деп ойлап қалады ғой.

Гүлнәр. Енді не істейміз?

Нұржамал. Үшеуіміз отыра берейік.

Гүлнәр. Білмеймін. Мына шалдан да айырылып қалмасак екен.

Нұржамал. Енді барынша тырысайық та.

Гүлнәр. Жігітке қырындамағалы қай заман. Бұндайда не істейтінін вообще ұмытып қалыппын.

Нұржамал. Ол – менің шалым. Сен оған неменеге қырындайсың?

Гүлнәр. Иә, айтпақшы...

Нұржамал. Күбірлесіп оңашалана бермейік. Ол өзін ыңғайсыз сезіне бастаған сияқты.

Екеуі сызылып үстел басына қайта оралады.

Нұржамал. Мен үстелді жаңалап жіберейін. Шайды ысытайын.

Гүлнәр. Мына бөтелкені лақтырып жіберші.

Нұржамал. Иә-иә. Әрине.

Нұржамал үстелді жөндеп, шәйнек пен бөтелкені алып шығып кетеді.

Гүлнәр. Өзіңіз туралы айта отырсаңызшы. Не қызмет істейсіз? Бала-шағаңыз бар ма?

Шал. Иә, дұрыс. Атым – Құдайберген дедім ғой бағана. Сүр бойдакпын.

Гүлнәр. Қайда тұрасыз?

Шал. Әзірше еш жерде тұрмаймын.

Гүлнәр. Қалайша?

Шал. Бұйыртса, осы пәтерде тұрып қалармын...

Гүлнәр. Қалайша? Бомжсыз ба?

Шал. Төбеден түскендей жаман сөйлейді екенсіз. Сізге карағанда құрбыңыз жақсы екен.

Гүлнәр. Түсінбедім?

Шал. Адамның көңіліне карауды білмейді екенсіз. Бомжсыз ба деген не сөз ол?

Гүлнәр (*абдырын*). Енді қалай айтамыз бомж деген сөзді?

Шал. Уақытша тұрғылықты мекенжайы жоқ адам, жұмыссыз.

Гүлнәр. Түсінікті. Жағдайыңызды зейнетақысы бар кемпір алып түземек екенсіз ғой.

Шал. Неге дереу жаман ойлайсыз? Театрға келіп, әйел табамын деген нәрсе түсіме де кірген емес. Өздеріңіз ғой, бір сағат болды, міне, қайдан бай табамыз деп аласұрып жатқан. Мен тіпті ойымда түк жоқ өзімше отырғанмын.

Гүлнәр. Ал-да, бейкүнә бейшара-ай! Қалған еркек бұғынып, жасырынып, қашып жатса, сен ғой: «Мен! Мен қатын іздеп жүрмін» деп атып тұрдың. Содан-ақ бір шикілікті сезуге болатын еді. Басымыз істемейді.

Шал. Мен немене сенің ырысыңды ішемін бе? Подружкан көрсетсін мені баласына! Несі бар?

Гүлнәр. Содан соң не істейсің?

Шал (*көзін алып қашып*). Содан соң әрі қарай тағы көреміз.

Гүлнәр. Мен саған сенбеймін.

Шал. Маған сенің сенгенің керек емес, подружкаң сенсе болды.

Шал бөлмені бір айналып шығады.

Шал. Жаман бөлме емес. Тұруға болады. Баласының үйі тіпті хан сарайы шығар. Сен сияқты подружкалардың көзін құрту керек.

Гүлнәр ауызын ашып, таң қалып тұрып қалады. Содан кейін тез есін жинап, ашуланып кетеді.

Гүлнәр. Ей, сен немене бұл жерде жөн айтып, шікірейіп тұрсың? Қане, табаныңды жалтырат!

Шал. Ақырын, ақырын сөйле. Қазір өзің жалтыратасың табаныңды.

Гүлнәр жерде жатқан балтаны қолына алады.

Шал. Мынау қайтеді, құтырған қатын! Керек едіңдер сендер маған! Екі дүниеде де байсыз өтіндер аумин!

Гүлнәр тұра ұмтылады, шал қаша жөнеледі. Қолында ыстық шәугімі бар Нұржамал кіреді

Нұржамал. Ей, тоқта! Қайда! Гүлнәр, мұның не? Бар қайтар!

Гүлнәр (балтаны жерге тастап). Қойшы соны. Кете берсін.

Нұржамал. Бұл не қылғаның?

Гүлнәр. Бомж! Таңдағаның бомж болып шықты! Түсінесің бе?

Нұржамал. Пәлі... Міне, қасқа! Өзі айтты ма?

Гүлнәр. Иә...

Нұржамал. Мүмкін жақсы адам шығар.

Гүлнәр. Жоқ, жақсы адам емес.

Нұржамал. Енді не істейміз?

Гүлнәр. Мен барып банк тонаймын...

Гүлнәр орнынан тұрып күйбеңдеп жинала бастайды.

Нұржамал. Бірге тонайық олай болса...

Гүлнәр. Сөйтейік...

Нұржамал. Маған да ол шал бірден ұнамады.

Гүлнәр. Солай ма?

Нұржамал. Біртүрлі, энергиясы жаман екен.

Гүлнәр. Жарайды, миллионер болғанда, шалдың да керегі болмайды.

Нұржамал. Келінге де, балаға да сыйлысың...

Гүлнәр. Қарттар үйін сатып алып, екеуміз бірдей директор боламыз!

Нұржамал (*секіріп қуанып*). Алақай!

Гүлнәр. Басы бос шалдарға ғана арналған Қарттар үйін ашамыз!

Нұржамал қолын шаттана соғады.

Нұржамал (*кілт тоқтап*). Тек Қазақстанның банкін тонамайықшы.

Гүлнәр. Енді?

Нұржамал. Қытайдың банкін тонайық. Әкелерін танытайық сөйтіп...

Гүлнәр. Сен де бір, өлгелі жүріп патриотсың.

Нұржамал. Әйтеуір елімізге зияндығымызды тигізбейікші.

Гүлнәр. Жарайды... Ал, онда не тұрыс? Барайық та тонайық!

Нұржамал. Ал, Алла, өзің жар бола гөр!

Гүлнәр. Бұның енді артық.

Нұржамал. Иә, кешір, кешір, Алла бізді!

Гүлнәр. Тек қана іске сәт дейміз! Іске сәт!

Екеуі өте жігерлі музыка аясында бастарына екі шөлкей киіп, оның сыртынан орамалдарын тағып, қолдарына балта мен балғаны ұстап, ширақ басып шығып кетеді.

Соңы



ЖОЛАУШЫ

(үш көріністі пьеса)

ҚАТЫСУШЫЛАР:

1. Қария – ақсақал
2. Гүлбаршын – Қарияның әйелі
3. Жамал – Қарияның келіні
4. Баймырза – полицей, алыс туыс
5. Жомарт – Қарияның інісі, егде кісі
6. Жұмагүл – Жомарттың қатыны
7. Айдар – Қарияның кенже ұлы
8. Рахат – Айдардың досы
9. Шопыр жігіт
10. Белгісіз жан.

ПРОЛОГ

Айдалада бір кісі өзімен өзі сөйлесіп жүр. Жынданып кеткен адам іспетті.

Белгісіз жан. Мен Оның алдынан өтпедім емес, өттім. Мен Оның Елшісімен сөйлестім. Мен Оның Елшісіне айттым: «Менің тәу еткім келеді, кешірім алғым келеді, маған арашашы бол» дедім. Бұл маған оңай тиді ме? Бәрінен соң, бәрінен кейін... қалай қиналдым... қисапсыз күмән. Өлгі атың өшкір күн тақаған сайын... Мен кешірім алғым келді... Қақым бар! Бар қақым! Мен Оны мойындамаймын ба? Мен Оған күмән келтіремін бе? Ей, Алла!!! Құдіреті күшті Алла, менің күмән келтірген сәтім болды ма? Барлығы кешіріледі. Кешірілмейтін күнә жоқ. Тек шын өкіну керек. Ал Мен өкінбедім бе? А?! Сен бәрін білесің! Өкінгенімді де білесің!!! Сен маған сонда не дедің? Бәрін көріп, біліп тұрып сен маған не дедің деймін? «Адамның қабіріне бар да сәжде ет, сонда кешірілесің...». Жоқ! Жоқ! Ешқашан! Тірісінде сәжде етпедім, өлгенінде сәжде етпеймін! Жоқ! Ешқашан!

Кенет прожекторлар жанып, автобустың тақап келе жатқан дыбысы естіледі.

Белгісіз жан. Келе жатыр! Бір автобус, толып отыр. Қазір көрсетемін бұларға...

Жасырынады.

БІРІНШІ КҮН

Айдала. Қазақтың кәдімгі бетпақ даласы. Сахнаның арғы бетінен автобустың сұлбасы көрінеді. Бірнеше адам жүр. Алыс жолға шыққан жұртшылық аялдап, демалғанға ұқсайды.

Шопыр жігіт (*абыржып*) Автобус оталмайды.

Жұмагүл. Ойбай, не дейді?

Жұрт үрпийсіп қалады.

Шопыр жігіт (*ыржалақтап*). Жылан баскандай шошыдыңыздар ғой.

Жұмагүл. Мынау жынды ма?

Баймырза. Оталмағаны қалай?

Шопыр жігіт. Жүрмейді.

Жомарт. Неге?

Шопыр жігіт. Бұзылып қалды.

Жомарт. Қай жері бұзылды?

Шопыр жігіт. Білмеймін.

Баймырза. Бұл қай жер өзі?

Шопыр жігіт. Білмеймін.

Жомарт. Қалай білмейсің?

Шопыр жігіт. Сайын дала ғой, ажырата алмайды екенмін, әйтеуір осы жолмен жүре берсек, Бектеміске жететінімізді білемін.

Жұмагүл. Өте жақсы.

Баймырза. Өзің бұл жердікі емессің бе?

Шопыр жігіт. Жоқ.

Баймырза. Онда неге қашыққа адам алып шығасың?

Шопыр жігіт. Ағам ғой барып кел деген.

Жомарт. Бұл не деген жауапсыздық. Ағаң екеуіңе біз ойыншық болған екенбіз.

Гүлбаршын. Балам, бұл барып кел дегенге шауып барып келе қоятын сапар емес. Әр жердің өз мінезі бар. Оны білмесең, алыс жолға бекер шыққан екенсің.

Жұмагүл. Жетіскен екенбіз.

Шопыр жігіт. Енді... кешіріңіздер...

Баймырза. Кешір дейді ғой, нақұрыс!

Жұмагүл. Не істейміз?

Шопыр жігіт. Осы жақтың адамысыздар ғой. Маған неғыл дейсіздер. Маған, мысалы, бәрібір.

Жомарт. Жоқ, мынаның есі дұрыс емес. Бұнымен біз бекер сөйлесіп тұрмыз.

Баймырза. Тұрған жеріңде тепкілеп тезегінді шығарайын ба.
Гүлбаршын. Е, Байеке, қой. Сабыр, сабыр.

Баймырза. Жоқ, жеңге. Қазақ осы мінезін қашан қояды? Маған бәрібір, құл болмасаңдар бұл болындар деп қасқайып жатады төбеге қарап. Мынаның түрін көрдің бе, қолыңнан келсе шауып ал деп тұр ғой. Қазір шабамын, басыңды кесіп қолыңа беремін, иттің баласы.

Шопыр балаға ұмтылады, ол қашып жүр. Барлығы жабылып жатып ажыратып алады. Жұмагүл Баймырзаның жағында, шопыр баланы жұлып жүр.

Гүлбаршын. Әй, Баймырза, Жұмагүл, сендерге не болды? Аталарың қиналып қалады. Өне, сыртымыздан қарап тұр. Тоқтатындар.

Айдар. Бұндай да болады екен ғой...

Рахат. Төбелескенше жабылып автобусты жөндейік те.

Жұмагүл. Сен екеуің ауыздарыңды жабыңдар. Кетіндерші әрі.

Айдар мен Рахат ренжісіп шетке ығысып тұрады.

Жомарт. Әй, көкем, барлық кінә сенде. Алыс жолға көлігінді сайлап шықпаймысың. Бұл жердің сырын білесің.

Шопыр жігіт (*екіленіп*). Білмейді екенмін. Өлтіріп тастасаңдар да білмеймін.

Жұмагүл. Ешнәрсені білмеймін, бұл жердің адамы емеспін деді емес пе. Бұнымен атаңның басына сөйлесіп тұрсың ба?

Жомарт. Кетші әрі. Мынандай жерде көлігі бұзылған адамның кейде сүйегі де табылмай қалады. Ең болмаса, сондай-сондай нәрселерді естіген шығарсың.

Шопыр жігіт. Қолымнан не келеді? Әдейі істеп тұр дейсіз бе?

Жомарт. Жөнде көк теміріңді. Қолымнан келмейді деп өлеміз бе?

Жұмагүл (*дауыс салып*). Ойбай-ай, қу құдай-ай, тағы нең бар еді көрсетпеген.

Жомарт. Ей, көк ми, ауызыңды жап!

Жұмагүл үнсіз егілуге кіріседі

Айдар (*шыдай алмай жақындап*). Бұл – жын-пері иектеген жер.

Гүлбаршын. Балам, беталбатты сөйлеме.

Айдар. Ана жолы өстіп бір машина адам адасып кетіп еді ғой, газетке де шықты. Не болған сіздерге, барлығымыз бірге оқыдық емес пе?

Гүлбаршын. Болса болған шығар, бірақ жол үстінде ондай әңгіменің керегі жоқ.

Жұмагүл. Баршын, осы сенің мінезінді-ай. Бар нәрсені жоқ деп бетбақтырмай қоятының-ай.

Гүлбаршын. Босқа дүрліккеннен не шығады. Қорыққанға қос көрінеді.

Айдар. Апа, мен қорқып тұрған жоқпын. Жеңешем ғой (*Жамалды нұсқайды*). Түсі бұзылып кетіпті.

Жамал. Енді не істейміз? Апа, менің өлгім келмейді.

Гүлбаршынды құшақтайды.

Баймырза. Қорықпа. Қоянның көжегі сияқты қалтырайды ғой. Өзім қойныма алып жатамын (*қарқылдайды*).

Айдар. Аға, артық сөйлемеңіз.

Баймырза. Ойбай-ай, сен де жігіт болып қалыпсың ғой. Зымыраған уақыт-ай. Бірақ қатын алу қайда саған! Қай сыныпта оқисың?

Қария (*жақындап келіп*). Қысыр сөзді қысқарт, Баймырза, ауызыңды жап.

Баймырза. Ауызыңды жап, ауызыңды жап. Онда арақ ішемін барып.

Жомарт. Арақ автобустың артындағы жәшікте.

Баймырза. Хоп, мырзалар мен ханымдар.

Кетіп қалады.

Шопыр бала. Газетке не жазды? Сөйтсе не бопты? Өлгі адамдарды құтқарды ма?

Рахат. Құтқаруын құтқарды ғой, бірақ тең жарымының есі ауып қалыпты.

Шопыр бала. Қойшы.

Рахат. Рас.

Шопыр бала. Біз неге естімедік?

Рахат. Сонда не болды деп сұраса, бір ауыл көрдік, сонда қонақта болдық дейді екен. Бірақ ол маңда ешқандай ауыл жоқ, болған да емес. Енді, міне, біз де...

Жұмагүл. Жаңа осында тоқтай қалайық дегенде жүрегім бір нәрсені сезіп еді.

Рахат. Бопты. Бастысы ауыл көрсек, жоламайық.

Шопыр жігіт. Мұнда ауыл түгіл қорым жоқ. Теп-тегіс дала. Көріп тұрсыздар ғой.

Рахат. Бұл жер – тұтас қорым. Осы уақытқа дейін неше миллиард адам өлді, солардың мүрдесі қайда кетті ғой дейсің. Осында жатыр.

Шопыр жігіт. Сонда Жер бетінде өлген адамды осында әкеп жерлей берген бе?

Қария. Көлік өзі жөнделетін көлік пе?

Шопыр бала. Қазір көрем.

Қария. Жақын маңда ауыл-пауыл бар ма?

Рахат. Мына кісі қызық қой. Ауыл көрінсе жолауға болмайды деп тұрған жоқпын ба.

Қария. Сен екеуің аулағырақ барып ойнаңдаршы.

Шопыр жігіт. Әзір саспай тұра тұрыңыздар. Бәлкім, түкке тұрғысыз нәрсе шығар.

Жұмагүл. Ойбай-ай, той тойлаймыз деп жүргенде жеткен жеріміз осы болмаса бопты.

Қария. Жаман ырым бастама, түге.

Жұмагүл. Осындай бірдененің болатынын сезіп едім.

Гүлбаршын. Әй, Жұмагүл, тойға, қуанышқа бара жатқан жоқпыз ба. Гүлжан өзінің өкіл қызың.

Жұмагүл. Барлығын біліп тұрмын ғой, Гүлбарыш. Кеше бір түс көрдім.

Жомарт. Әй, болды, жап ауызыңды.

Гүлбаршын. Не түс, жай ма?

Жұмагүл. Мына Жомартқа осы жолға шықпай-ақ қояйық дедім. Бірақ ұят, парыз деп қоймады. Жалғыз ағамның қызы деп шыр-шыр еткен соң не де болса көрелік дедім. Бірақ көрген түсім жаман. Жомарт дүйсенбіде шетелге аттануы керек. Бармай қалса, болмайды. Өзің білесің ғой, мен түс көрмеймін, көрсем, кателескен кезім болған емес.

Гүлбаршын. Не көрдің соншама?

Жамал. Қазақ үйдің ішінде осы ата, Жомарт әулетімен түгел отыр екен. Кереге шеті түрулі. Кенет үлкен, аузынан сілкейі аққан қап-қара төбет келіп, әлгі үйді жұлмалап тістелей бастайды. Парша-паршасын шығарып барады. Сосын шошып ояндым.

Гүлбаршын. Пыссымылда-пыссымалда.

Қария. Болды, қойыңдар. Балаларды шошытпаңдар (*қиналып*). Неғылған адамсыңдар?

Жұмагүл. Жарайды, жарайды.

Қария айналып алыстау барып тұрады. Қасына Жамал жақындап келеді.

Жамал. Ата, қалайсыз?

Қария. Жақсымын, қарғам. Қорықпа.

Жамал. Қорықпаймын. Дәріңізді салып берейін.

Қария. Сөйте қойшы. Кішкене қиналыңқырап қалдым.

Жамал. Қазір.

Қария (*қиналып*). Мынау өзі қалай болды.

Жамал. Осы сапарға бекер шықтыңыз.

Қария. Ана қыздың артынан әкесі келмепті демесін деп.

Жамал. Бармасаңыз түсінер еді ғой.

Қария. Аты жаман дерт демесең, бір сапарға жетер қауқар бар. Рақмет, қарғам. Бара ғой. Токташы... Саған ана Баймырза тиісіп жүрген жоқ па?

Жамал (*қызарақтан*)/. Жоқ, ата.

Қария. Өзінді Гүлжанды ұзатқандай қолымнан ұзатсам, арманым болмас еді...

Жамал. Ата, олай деменіз... Мен ешқайда кетпеймін.

Қария. Әлі жассың, бар өмірің алда...

Жамал. Ата, бұл не, қуғаныңыз ба?

Қария. Жоқ, қалкам, бар, бара ғой. Сосын сөйлесеміз.

Құмғанын алып аулаққа кетеді. Сол жерге барып басы айналып құлайды. Барлығы жүгіріп жетеді.

Жамал. Ата!

Гүлбаршын. Ойбай, не болды? Тірі ме?

Қария (*сыбырлап*). Өлді деп үміттеніп пе ең?

Гүлбаршын. Ойбай, сен өлгенде не табам?

Қария. Қайдан білем, байға тиетін шығарсың. Жамал, карағым, әлгі дәріңді қайта салшы. Әсері болмады ма деймін.

Жамал. Дәрігер шамасын өзім айтқанда ғана өсіресің деп еді...

Гүлбаршын. Жолда бола береді. Сал!

Қарияны ақырындап ағашқа сүйеп отырғызып, Жамал дәрі егеді.

Жамал. Ата дем алсын. Үймелемендер. Болды, жақсы.

Қарияның қасында Гүлбаршын мен Жамалдан өзге ешкім қалмайды.

Қария (*күбірлеп, қиналып*). Е, Аллам, жанымды қинамай ал.

Белгісіз қонақ. Ассалаумағалейкүм!

Қария (*селк ете қалып*). Ойбай, бұл кім?

Белгісіз қонақ. Шөп теріп жүріп, адастым. Өлдім деп ем, сіздерді көріп қуанып келемін. Көлік бұзылды ма?

Қария. Иә.

Белгісіз қонақ. Су беріңізші. Өліп барамын.

Қария. Әй, Жамал, Гүлбаршын! Су, су әкеліндер бері.

Гүлбаршын. Қазір, Жамал, автобустан ал.

Қолында бір шиша суы бар Жамал келеді. Белгісіз қонақ су ішеді. Жамал бұрылып кетіп қалады.

Гүлбаршын. Шөпті неменеге тересің? Есірткі емес пе?

Белгісіз қонақ. Жо-ға. Емшімін.

Гүлбаршын. Емші болсаң, мына атаңды қарашы, балам.

Қария. Болды, қой, есін жисын. Маған бір Алладан басқа енді ешкім көмектесе қоймас.

Белгісіз қонақ. Олай деменіз. Үмітсіз – шайтан ғана.

Қария. Менікі – жаман ауру.

Белгісіз қонақ. Қане, көрейін.

Тамырын ұстайды. Таңдайын қағып, айналып жүреді.

Белгісіз жан. Неге емі жоқ, емдеуге болады.

Гүлбаршын. Е, аузыңа май, балам.

Қария. Қайтып емдемексің?

Белгісіз жан. Сіз молдасыз ба, қалай өзі?

Қария. Молда болмасам да, жиырма үш жасымнан намазымды каза қылып көрмеппін, балам.

Белгісіз жан. Иә, өте тақуа адам екенсіз. Барлық гәп осында.

Гүлбаршын. Жұмбақтамай сөйлеші.

Белгісіз жан. Әңгімем ұнамаса, айтпай-ақ қояйын. Жарамсақтанып, жабысып тұрған дәнемем жоқ, білмесем айтпас едім. Өзім осы өңірге есімі мәшһүр емшімін, атам баксы болған. Ойнап жүрген бала емеспін.

Қария. Өй, өй, қарап отырып атша туладың ғой. Балам, аман бол, бар бол. Мені емде деп сұранып отырған жоқпын, өзін айтпасаң, емші екенінді де білмейтін едік. Шала бүлінгенің не?

Белгісіз жан. Кешіріңіз. Әбден шаршап шалдыққандікі ғой. Шынымен артық кеттім, кешіріңіздер.

Гүлбаршын. Оны қойшы, сен шал да, аяқ астынан бекзада бола қаласың. Емдей аламын деп отыр ғой, соны айтсаңшы. Мына атаңды шынымен емдей аласың ба?

Белгісіз жан (*нығыздан*). Иә, дертінің бағыт-бағдарын сезіп отырмын, емдей аламын.

Гүлбаршын. Онда емде. Ақысына не сұрасаң да, емде.

Белгісіз жан. Осы сөзіңіз рас болса, емдеп, құлан таза айығып, шауып кететін қыламын. Міне, қол!

Қарияға қолын ұсынады.

Гүлбаршын. Немене сіресіп қалдың, берсеңші қолыңды, баланың меселін қайтармасаңшы.

Қария. Енді айтсын да ақысын?

Белгісіз жан. Ақысын емдеп болған соң айтамын.

Қария. Жоқ, болмайды.

Гүлбаршын. Түу, сен де... Мынандай мүмкіндік тұрғанда... Жоқ, сен адам болмайсың... Сен ешқашанда адам болмайсың... Осы кеткенің кеткен. Сені тек көр түзейді... Мейлі, өле берсін.

Емдемей-ақ кой, балам... Бұндай қырсықты емдеп қоғамға қайтармай-ақ кой.

Белгісіз жан. Жарайды, өздеріңіз білесіздер.

Қария. Енді ақысын кейін сұраймын дейді, бұл дұрыс па?

Гүлбаршын. Ақысын емім қонған соң бір-ақ айтамын деп тұр. Дұрыс емегенде. Ақысын емі қонған соң сұрайтын қанша емшіні кездестірдің осы күнге дейін? Бұл бала әділ сөз айтып тұр.

Қария. Не сұрайтыныңды тұспалдап болса да айтсаңшы...

Белгісіз жан. Жарайды, ақысыз-ақ емдейін Сізді. Тек бір шартым, осы сәттен бастап сәждеге бас иіп, намаз оқығанды тоқтатасыз?

Қария. Мәссаған, керек болса!

Белгісіз жан. Себебі, ем-дом барысында бар ынта-шынтаңызбен мендік болуға тиіссіз.

Гүлбаршын. Дұрыс болды! Балам, сен бәрін дұрыс айтып тұрсың! Осының намазын қойдыршы. Құлың болып өтейін...

Қария. Немене есің ауысқан ба, кемпір? Не тантып тұрсың?

Гүлбаршын қолын бір сермен кетіп қалады.

Қария. Шартың қызық екен. Көңіліме қонбай тұр.

Белгісіз жан. Енді бір күн болса да көрсеңізші. Кейін нәпіл етіп қайтарасыз ғой. Ештеме жоқ.

Қария. Иә, бәлкім...

Белгісіз жан. Онда, ата, сізге арнап шөп қайнатам.

Қария. Жарайды, балам, ана кемпірді бұлқан-талқан етпей көрейін. Жалғыз қызымыз күйеуге тиіп, соның артынан төсек-орнын апара жатырмыз.

Белгісіз жан. О, құтты болсын, құтты болсын. Мен қазір. Лезде емімді бастаймын. Саспаңыз, ата.

Жамал мен Баймырза оңаша.

Баймырза. Менен неге қашасың? Әрі қазсаң, әменгерлік қақым бар. Серікбай марқұм өзімнің інім болатын.

Жамал. Сіздің әйеліңіз бар ғой.

Баймырза. Әйеліммен бақытсызбын. Көзі өмірі бір ашылмаған сормандаймын. Сені көргенде ішім оттай жанады.

Жамал. Аға, қойыңыз, ұят болады!

Гүлбаршын. Жамал, не болды, даусың қатты шықты ғой?

Жамал. Мына кісі қызық екен.

Гүлбаршын. Әй, Баймырза, бұл қай басынғаның?

Баймырза. Немене? Серікбайдың өлгеніне екі жыл болды ғой. Енді қашанғы аза тұтып отырады? Әлде немене жасырып жүрген біреуі бар ма?

Жамал. Не деген оңбаған адамсыз.

Гүлбаршын. Аулақ! Аулақ, имансыз.

Баймырза. Құдалыққа жүр, погондарыңды тағып ал, форманды киіп кел дегенде иманды екенмін де.

Гүлбаршын. Болды, жап аузыңды. Милицияның киімі Серікбайдың көзіндей болған соң сұрадық. Құлыным тірі болса, саған жалынар ма едім. Құрт көзінді.

Баймырза. Соншама не айттым? Барлығы заңды, жөнімен. Мына балаға обал жасап отырсыңдар. Жібермейсіңдер ме. Немесе әмеңгерлік ретпен мен алайын. Какраз қатыным жоқ.

Гүлбаршын. Сенің қатының қазір жоқ, ертең бар. Оның да сен сияқты есі дұрыс емес.

Баймырза. Есі дұрыс емес дейтін психиатрсың ба! Білмейтін нәрсеңді айтпа.

Гүлбаршын. Ата сақалың аузына түскенше есі кірмейтін неғылған адамсың. Бар, кетші! Байқұс бала жылап қалды, әне.

Баймырза. Неменеге жылайды беті ашылмаған қыз ба? Бала кеткен соң келінді жібермейтін сендерді көрдім. Обал емес пе.

Гүлбаршын. Обал сауап туралы сен әңгіме айтпа. Істеп жүрген ісінді халық көрмей отырған жоқ, барлығын көріп отыр. Құдай көріп отыр!

Баймырза. Ойбай-ай, не істеппін мен? Дәлелің бар ма? Бос сандырақтамай алдымен дәлелде мықты болсаң.

Жамал күліп жібереді.

Гүлбаршын. Әй, күйдіргі, баршы, көрінбеші көзіме.

Баймырза кетеді.

Гүлбаршын (*басын шайқап*). Не жыларыңды, не күлеріңді білмейсің.

Жамал. Бұл бізді мазақ етсе, өзін Құдай мазақ етсін.

Гүлбаршын. Қарғыстан адам өлетін болса, бұл Баймырза бала күнінде-ақ өліп қалатын еді.

Жамал. Ит.

Гүлбаршын. Қой, атаңа барайық. Өлгі жігітпен сөйлесіп қалып еді, қалай болды екен.

Шал мен Белгісіз қонақ отырған жерге аяңдайды.

Қария. Адам сенбейді, бірақ мына баланың үшкіргенінен-ақ жақсы болып қалдым.

Белгісіз қонақ. Мен сізге шөп беремін. Ішкен соң судай жаңа болып шығасыз.

Гүлбаршын. Аузыңа май, аузыңа май, қарағым.

Қария. Түстерің бұзылып кетіпті ғой. Не болды?

Гүлбаршын. Өлгі Баймырза ғой. Сол баяғы әңгімесін айтып, мына Жамалдың көңілін бұзып жүр де.

Қария. Ит-құсқа дейін басынған соң не шара.

Белгісіз қонақ. Ол кім?

Гүлбаршын. Қалада полицей, полковник. Нағашы ағамның кенжесі.

Қария. Сужұқпастың нағыз өзі. Ал мына бала – келінім. Ұл екі жыл бұрын қайтыс болды. Ол да полицей еді. Өлген соң Қаһарман атағын берді. Үш кісіні ажалдан арашалап, өзі шейіт кетті. Несін сұрайсың... Келін әлі қолымызда.

Гүлбаршын. Қимаймыз. Рұқсатымызды бердік. Ол да бізді қимайды.

Белгісіз қонақ. Дұрыс...

Шопыр бала. Ата, автобус бүгін жүрмейді. Қонатын болдық.

Жомарт. Қайда қонамыз?

Қария. Далаға, осында жата кетеміз де. Несі бар?

Жомарт. Ағатай, бір шара қылыңыз. Мен айдалада қонып жата алмаймын. Жаяу шығып барлау жасайық. Мүмкін жақын маңда ауыл бар шығар.

Қария. Ал бұл жігіт – менің жар дегенде жалғыз інім. Жомарт атаң. Өзі қалада коммерсант.

Жұмагүл. Коммерсантыңыз не, бизнесмен.

Қария. Иә, арақ шығарады.

Белгісіз жан (*күбірлеп*). Жақсы екен.

Жомарт. Жексенбі күні шетелде алкогольды сусындардың көрмесіне қатысуым керек. Екі күнде қайтам деп жоспарлап ем. Қоңғаны қалай? Бауырым, жақын маңда ауыл бар ма?

Белгісіз жан. Мен өзім екі күн адастым. Тып-типыл, түк жоқ.

Жомарт. Енді қайттім? Барлау жасап келейін ең болмаса.

Қария. Кеш батып барады, ертең барлаймыз. Бүгінше ешкім қозғалмайды.

Жомарт. Жоқ, болмайды, мен қала алмаймын.

Шопыр бала. Енді автобус жүрмей қалды ғой.

Жұмагүл. «Қырсыққанда қымыран іриді». Сен албастыны бізге қай құдай жіберді. Бір есі дұрыс шопыр табылмады ма.

Шопыр бала. Шыққанда, барлығы дұрыс еді. Не болғанын өзім де ұқпай қалдым. Түк кінәрат жоқ, тек оталмайды.

Жұмагүл (*мазақтап қайталап*). Тек оталмайды. Тұрған жеріңде қылқындырып өлтірейін бе?

Шопыр бала. Қолыңыздан келсе өлтіріңіз.

Жұмагүл. Неге келмейді? Неге келмейді екен? Жаныңды суырып аламын.

Белгісіз қонақ мырс етіп күліп жібереді. Барлығы оған жалт қарайды.

Белгісіз қонақ. Кешіріңіздер.
Жұмагүл. Мынау кім тағы?
Гүлбаршын. Адасып жүрген жігіт. Кездейсоқ біреу.
Жұмагүл. О, Құдайым-ай!
Жомарт. (*қарияға*) Ағатай, бұл қалай болды сонда?
Жұмагүл. Енді жат осылай, ағатайым да ағатайым, қызының артынан жұртқа көз қылып мен бармасам, кім барады деп едің.
Қария. Құдалар да бекер күтетін болды-ау.
Гүлбаршын. Біз келмеген соң бері қарай машина жіберетін шығар.
Жомарт. Жоқ, мен күте алмаймын. Жаяу алыс па?
Шопыр бала. Алыс.
Жомарт. Арада ауыл бар ма?
Айдар. Ауылдарға жолауға болмайды.
Жомарт. Неге?
Рахат. Болды, қой деймін саған. Жай, аға, жай қалжыңдап жатыр. Бері жүрші одан да мен саған бір нәрсе айтамын.
Айдар. Немене?
Рахат. Мына жігіт арамызға қайдан сап ете қалды?
Айдар. Шөп теріп жүрген емші ғой. Әкеме көмектесіпті. Жеңілдеп қалдым деп отыр.
Рахат. Жоқ, күдікті, өте күдікті. Түріне қарашы.
Айдар. Иә...
Рахат. Мынау елес деймін саған.
Айдар. Елес болса бола берсін. Енді қайтеміз?
Рахат. Бір қаракет қылмаймыз ба? Өстіп отыра береміз бе?
Айдар. Енді не істейміз? Елеске не істей аламыз?
Рахат. Білмеймін. Жастықпен тұншықтырып көрейік.
Айдар. Кетші бар. Елес өлмейді ғой. Ол баяғыда өліп қалған.
Рахат. А! Онда Құран оқиық.
Айдар. Бар, әкеме айтшы.
Рахат. Анау бір нәрсе сезіп отыр. Бізге қарап қалды.
Айдар. Әке, құран оқып жіберіңізші!
Қария. Қараптан қарап неменеге құран оқимын?
Гүлбаршын. Балам, бос сөйлеме.
Рахат. Енді жат жер. Қоңғалы отырмыз. Құранның артығы болмас.
Айдар. (*қонаққа жаман көзімен қарап*). Бәлкім, аруақтар бар ма, бәлкім, моланың үстінде отырмыз ба.
Баймырза. Әй, әй балалар, не деп кеттіңдер.
Белгісіз жан. Мен оқиын.
Айдар. Жоқ, әке, өзің оқы.

Рахат. Иә, аға, өзіңіз оқыңызшы бір.

Қария. Болды, жетеді. Ешкім ешнәрсе оқымайды. Жайғаса беріндер, әркім өз ыңғайын өзі тапсын. Қыздың артынан апара жатқан көрпе-жастық жетеді. Таң атсын, бір жөні болар.

Барлығы жайғасып жата бастайды.

Рахат. Көз алдына елестетші, сен батырдың ұрпағысын. Бірақ оны өзің білмейсің. Бірақ перінің қызы біледі. Ол саған түнделетіп келіп, азғыра бастайды.

Айдар. Неменеге азғырады?

Рахат. Ұрпақ алу үшін.

Айдар. Алса ала берсін.

Рахат. Есің дұрыс па, ол сенің балаң болады ғой.

Айдар. Бола берсін.

Рахат. Сенің балаң – белгісіз пері қызының қолында өседі. Сенің қаның. Түсінесің бе?

Айдар. Сонда не істеуім керек?

Рахат. Азғырғанына көнбе.

Айдар. Мені кім азғырыпты? Ешкім азғырып тұрған жоқ қой.

Рахат. Азғырса деймін! Өзің сөз түсінбейді екенсің.

Екеуінің көзі ұйқыға кете бастағанда кенет шымылдық артынан хор қыздарының елесі пайда болады. Олардың арасынан екі қыз бөлініп шығып, бұларға жақындайды.

Бірінші қыз. Пай, пай, мына жігіттің сұлуын-ай.

Екінші қыз. Иә, керемет екен.

Бірінші қыз. Мен ғашықпын. Мен осы мезеттен бастап ғашықпын.

Екінші қыз. Онда екіншісі менікі.

Рахат пен Айдар көрпелерін бүркеніп, үрейленіп қалтырай бастайды.

Бірінші қыз. Жоқ, ояу екен.

Екінші қыз. Жігіттер, бері қараңдаршы.

Рахат. Айдар, ойбай, қарама.

Бірінші қыз. Сұлу жігіт сужүрек болады деуші еді анам. Рас екен.

Рахат (*жалма-жан*) Мен қорқып жатқан жоқпын.

Бірінші қыз. Онда неге бүркенесің?

Рахат бетін ашып жөнделіп отырады.

Рахат. Сендер кімсіңдер?

Бірінші қыз. Біз мына жақта, ауылда тұрамыз.

Рахат Айдарды бүйірден түртіп қалады. Ол әлі бүркеулі. Шоршып түседі.

Екінші қыз. Досыңыздың ұйқысы қатты екен.

Рахат. Иә, шаршап жатыр.

Бірінші қыз. Жүріңіздер, біздің ауылға қонақ болып қайтыңыздар.

Рахат. Жоқ, рақмет. Бұл жерде де жаман емес.

Бірінші қыз (*сиқырланып*). Бірақ біздің ауылға жетпейді. Жүріңіздер.

Қария. Әй, балалар, күңкілдеп кіммен сөйлесіп жатырсындар?

Рахат. Жай, ата! (*қызға бұрылып*). Жоқ, болмайды. Кетіңдер!

Ол бұрылғанда қыздар ғайып болған екен. Айналада ешкім жоқ. Рахат Айдарды жұлмалайды.

Рахат. Айдар, Айдар, әлгі қыздар жоқ, жоқ болып кетті.

Айдар. Қайдағы қыздар?

Рахат. Қазір ғана осында екі қыз келіп, бізді ауылдарына шақырды ғой.

Айдар. Жатшы, а? Қыз, қыз деп қанды іштің ғой. Не болған өзіне?

Рахат шошынып, жатуға әзірлене бастайды.

ЕКІНШІ КҮН

Таң атады. Қария аулақта дәрет алып жатыр. Гүлбаршын жерге дастархан төсеп, шай қамымен жүр. Жамал мен Жұмагүл қасында.

Гүлбаршын. Түнде атаң тағы қиналды.

Жамал. Мені неге оятпадыңыз?

Гүлбаршын. Ұйқыңды қимадым.

Жамал. Болмайды олай, апа.

Гүлбаршын. Өзімнің шалым ғой, азабына да тоймаймын.

Жұмагүл. Қанша қалды?

Гүлбаршын (*жылап*). Білмеймін.

Жамал. Бүгін қызық түс көрдім.

Гүлбаршын. Айт, айта ғой.

Жамал. Түсіме Серікбай кірді. Өнімдегідей ап-анық. Ақ боз үйдің ішінде отыр екенмін, ол есікті айқара ашып суыт кіріп келді де: «Жамал, ана Баймырзаға ти, көңілін қалдырма» деп шалт бұрылып шығып кетті.

Гүлбаршын мен Жұмагүл ауыздарын ашып Жамалға қарап қалады.

Жамал. Қалай ойлайсыз, бұнысы несі?

Жұмагүл. Кім білсін.

Гүлбаршын. Пыссымылда-пыссымылда деп қойшы.

Жамал. Иә, пыссымылда-пыссымылда.

Гүлбаршын. Құрысын, Баймырзаны қайтесің.

Жамал. Білмеймін ғой.

Қария мен Белгісіз жан келіп, дастархан басына жайғасады.

Қария. Балалар қайда?

Гүлбаршын. Автобусты шұқылап жатыр.

Қария. Шұқылай-шұқылай қиратып тастамаса бопты.

Гүлбаршын. Жамал, бар, шайға шақыршы.

Қария. Мына бала жақсы болды. Кешегі шөбі көмектесіп жатыр.

Гүлбаршын. Түнде қиналдың ғой.

Белгісіз жан. Дертіңіз асқынып кеткен. Бірден сылып алып тастай алмаймын.

Жұмагүл. Дәрігерлер дауасыз дейді ғой.

Белгісіз жан. Дәрігерлер не біледі...

Жұмагүл. Иә, сен білесің, албасты.

Қонақ мырс етіп күліп жібереді.

Қария (*қуанып*). Емдеймін, қолымнан келеді деп отыр.

Гүлбаршын. «Жақсы сөз – жарым ырыс». Ылайым солай болсын.

Белгісіз жан. Құлан таза айығып кетпесе, атымды басқаша қойыңыз.

Гүлбаршын. Қалай емдейсің?

Белгісіз жан. Емдеймін. Бүгін тағы бір шөп ішкіземін.

Қария. Сөйтсе?

Белгісіз жан. Көресіз.

Қария (*қобалжып*). Япырым-ай, а.

Гүлбаршын. Мейлі, бер, бер, шөбіңді.

Қария. Бұл қалай болар екен?

Гүлбаршын. Іше берсеңші, байқұс-ау.

Қария. Жарайды, балам.

Белгісіз жан. Уәде осы болсын.

Елдің барлығы дастархан басына келіп отырады.

Жұмагүл. Әй, шопыр бала-ау. Не істеп жатырсындар? Мына көлік жүре ме жоқ па?

Шопыр бала. Жүретін шығар.

Жомарт. Бұл баланың қолында тұр дейсің бе, мазасын ала бермей қойсаңшы.

Шопыр бала. Иә, таңғы асымызды тыныш ішейік.

Жұмагүл. Атауыңды ішкір.

Гүлбаршын. Ойпырым-ау, Жұмагүл. Жүрегімді тас төбеме шығардың ғой. Ауыз менікі деп сөйлей бересің осы сен.

Жұмагүл. Енді немене. Дүйім жұртты айдалаға иіріп қойып, жүретін шығар деп кергиді.

Шопыр бала. Апа, қолымда тұрса, қазір-ақ жүргізер едім. Еш ақауы жоқ, барлығы орнында, тек оталмайды.

Жұмагүл. Бензині бар ма?

Шопыр бала қолын бір-ақ сермейді. Барлығы күліп жатыр.

Баймырза. Жамал, Жамал, Жамал.

Барлығы жалт бұрылып оған қарайды.

Баймырза (*ішіп алған, топқа жақындайды*). Жер де – Жамал, көк те – Жамал.

Жамал ұялып, сызылады. Елдің барлығы таң-тамаша.

Жұмагүл. Мына бейшара таң атпай тойып алғаннан сау ма?

Баймырза. Іштім. Несі бар? Ғашықтықтан іштім!

Қария. Немене оттап тұрсың? Бар демал.

Баймырза. Немене, тірі адам тіршілігін істейді. Жамал сенің қатының емес.

Гүлбаршын. Ойбай, не дейді?

Баймырза. Неменеге қызғанасың? Әлде қатының ба?

Жомарт. Токтат! Жап ауызыңды!

Баймырза. Сүйемін мен оны! Құда түсіп келсем, беремісің? Әлде мына бәйбішенді сұрап тұрғандай шалқаннан түсемісің? Әлде кәрі деймісің? Ол да оң жақта отырған қыз емес!

Қария. Баймырза, Баймырза. Дәл осы бүгін, дәл осы сәтте қозғайтын сөз емес бұл. Шектен шықпа. Сабаңа түс. Мен сені қор тұтып тұрған жоқпын. Бірақ сен де абайлап сөйле.

Белгісіз жан. Егер келін қарсы болмаса, онда тұрған не бар, ақсақал. Ұлыңыздың қайтқанына екі жыл болыпты. Рұқсат беретін кез келген де шығар.

Барлығы Жамалға қарайды.

Жамал. Қызық, мен бір қызық түс көрдім бүгін...

Гүлбаршын. Жарығым, сосын айтасың түсіңді. Жүрегім қысылып бара жатыр.

Айдар. Әй, еселең, саған қайдағы қатын? Қайдағы Жамал?

Баймырзаны жағасынан ала кетеді. Апыр-топыр, төбелес. Келесі сәтте, Баймырза байлаулы. Қалған жұрт бір шетте ақылдасуда. Арғы жақта Баймырза мас дауыспен айқайлап жатыр.

Баймырза. Босатындар, ей, босатындар мені, бәріңді түрмеде шірітем!

Айдар. Таспен атайық. Өлтірейік. Қанын ішейік.

Қария. Балам, қой, сабыр сақта.

Гүлбаршын. Қалай-қалай сөйлейсің өзін?

Жұмагүл. Енді қайтсін, намыстан өліп барады.

Гүлбаршын. Осылай жата берсін. Автобус жүрген соң шешеміз.

Жұмагүл. Құдалардан ұятын айтсаңшы. Бас құданың бірін байлап матап әкепті дейді ғой.

Қария. Есін жиған соң қояды ғой.

Жомарт. Ағатай, осы сенің жүйкең мықты, мені солай қорласа, қалтасындағы мылтығын суырып алып, атып өлтірер едім.

Қария. Ақымақтың қорлағаны қорлық емес. Саналы адам қатты айтса, ауыр.

Гүлбаршын (*жылап*). Намыс жоқ сенде...

Жомарт. Өмірде бәрінен құр қалып жүргенің осы пәлсапаңнан ғой.

Белгісіз жан (*тостаған ұсынады*). Ата, мынау әлгі шөп. Ішіңіз.

Гүлбаршын. Ішсеңші енді, құдай-ай.

Қария ішін алады. Гүлбаршын мен Жамал оны сүйемелдеп, апарып жатқызады. Осы сәттен бастап Қария аздап мәңгіріп қалады.

Баймырза. Әй, халайық, босатыңдар мені. Ертең елге барғанда аяғымды құшып жылайсыңдар. «Бәке, кешіріңіз, кешіре көріңіз» деп бүкшендейсіңдер. Ақымақтар! Соны неге түсінбейсіңдер? Алам мен, ерегіскенде аламын мен Жамалды!

Айдар. Аузын жауып келейін.

Гүлбаршын. Балам, оттай берсін. Қайтесің оны?

Баймырза. Лаңкестер отырған пәтерге мен жібердім Серікбайды. Ал қайтесіңдер! Басқа жерде, қаланың басқа бөлігінде жүрген Серікбайды әдейілеп шақыртып, лаңкестер жатқан пәтерге мен жібердім. Білдім өлетінін, өлсін дедім!

Гүлбаршын (*шыңғырып жібереді*). Ойбай, не дейді!? Не ақың бар бізде?

Баймырза. Биттай болып алып өзінше адал, өзінше көкірек. Иттің етінен жек көрем! Өлтірем, өлтірдім!

Айдар. Ах, атаңа нәлет. Болды, сен де өлдің онда!

Жерден кесек алып жіберіп ұрады. Баймырзаның басына тиіп, үні өшеді.

Гүлбаршын. Ойбай, өлді! Өлді ме?

Жұмагүл жүзгіріп барып кеудесін тыңдайды.

Жұмагүл. Демі жоқ, өлді!

Жомарт барып тамырын ұстайды. Сосын басын шайқайды.

Айдар. Әп, бәлем, сауап болды.

Жомарт. Сорлы, неменеге мәз боласың, сотталасың ғой енді.

Шопыр бала. Шынымен өліп қалды ма не?

Гүлбаршын (*жылап, басын тоқпақтап*). Бір баладан өлі, бір баладан тірі айырылатын болдым. Құдай, саған не жаздым, ойбай!

Жамал. Апа! Апа! Әлде тірі ме?

Жүгіріп барып, жұлқылап көреді. Баймырза былқ-сылқ етеді.

Рахат. Көміп тастайық! Айдалада сүйегін кім іздейді?

Жомарт. Дұрыс айтасың. Сонда Айдар сотталмайды.

Гүлбаршын. (*жанталасып*). Көмейік, тезірек көмейік.

Шопыр бала. Әй, әй, қойыңыздар! Бұл қылмыс қой!

Қылмысты жасырған адам – қылмыскер! Білесіздер ме осыны?

Белгісіз жан. Иә, барлығыңыз ағайын-туыссыздар. Баймырзаның сиқын көріп тұрсыздар. Кім біліп жатыр. Мына бір жапырақ баланы түрмеге кім қияды?

Жұмагүл. Олла-білла мен ешнәрсе айтпаймын. Бірақ мынау (*шопыр баланы нұсқайды*), мынаның айтуы мүмкін.

Жомарт. Әй, ауызыңа ие боласың ба?

Шопыр бала (*күмілжіп*). Жасырсақ бәріміздің басымыз кетеді...

Жұмагүл. Айттым ғой!

Жомарт. Әй, бері кел.

Екеуі оңаша шығады. Жомарт оған ақша ұсынып жатқан тәрізді. Талас, әрі қарай сауда кетеді. Жұртшылық соларға аңтарылып біраз қарап қалады.

Айдар. Жомарт аға, керек емес. Ешнәрсе керек емес. Мен кетемін. Мен кеттім.

Гүлбаршын. Қайда барасың?

Айдар. Мында ауыл бар. Кеше Рахат сен ұйықтап қалғанда мен қыздардың ауылына бардым. Раушан деген қызбен таныстым. Қайтып ораламын деген уәдемді алып қалды. Сонда барамын.

Рахат. Ей! Маған айтпай қызға бардың ба? Мен сені түрмеден қалай құтқарамын деп жанталасып жүрсем, сен маған айтпай қызға бардың ба немене? О, қарабет!

Айдар. Саған болмайды. Олар адам емес.

Жамал. Біссімалда деші, ерке бала, біссімалда деші.

Гүлбаршын. Ойбай, мынау жынданып кетті!

Айдар. Баймырзаны өлтіріп, айдалаға безіп кетті деңдер. Қош!

Рахат. Ей, тоқта, мен де барам.

Жұмагүл. Неғып тұрсындар, ұстандар аналарды!

Белгісіз жан. Жоқ, барсын.

Гүлбаршын. Барсыны қалай?

Белгісіз жан. Бұл жақта ел жоқ. Өздері сандалып қайтып келеді. Қайта кішкене сабасына түседі, кісі өлтірген оңай ма?

Жомарт (*Жұмагүлге сыбырлап*). Мынау үй әперсеңдер айтпаймын, әйтпесе ондай күнәні арқалап жүре алмаймын деп тұр.

Жұмагүл (*бетін шымшып*). Өлээ, енді үй әпересің бе?

Жомарт. Баска не амал бар?

Жұмагүл. Ақымақ, не амал барың не? Баймырзаның артынан жөнелт. Әй, бірақ сенің батылың жете қоймас. Өзім, өзім жөнелтем.

Жомарт. Есің дұрыс па?

Жұмагүл. Үндеме.

Жомарт. Әй, қалада не көп, ескі үй көп. Біреуін әперем. Ағатайымның жалғыз ұлы, әулеттің тұяғы. Аямаймын еш нәрсе!

Жұмагүл. Санасыз, қазір үй ғана әпер деп тұр, ертең сол үйді дүниеге толтыр, сосын қатын әпер, сосын балаларымды оқыт дейді. Жиған-тергеніңнің бәрін осыған беріп қарап отырасың мөліп.

Жомарт. Рас, бірақ.

Жұмагүл. Өзім қатырамын, саспа. Әй, шопыр, бері келші.

Жомарт (*үрейленіп*). Жеңеше, Жамал қарағым, жүріңдер, Баймырзаны жерлейік.

Жұмагүл. Көлігің жүре ме жоқ па?

Шопыр бала. Өздеріңіз ғой, быт-шыт болып кеттіңіздер.

Жұмагүл. Жүр, көрсет.

Шопыр бала. Аха, сіз жетпеп едіңіз енді.

Жұмагүл. Қазір көресің жетпегенді. Сөз бар сенімен.

Шопыр бала. А, сөйтпейсіз бе, автобус жөндеймін дегенше.

Гүлбаршын. Жамалды араластырмайық, қайным.

Жомарт. Екеуіміздің әліміз келмейді. Көр қазу керек.

Гүлбаршын. Шопыр қайда?

Жомарт. Жоқ, ол шопыр.

Гүлбаршын. Қазір ғана осында еді ғой. Неге үндемей қалдың? Жұмагүл әлгі баланы қайда алып кетті?

Жомарт. Баймырзаны Айдар өлтірді деп полицияға айтам деп бой бермей тұр. Жұмагүл сөйлессін енді. Менің сөзім таусылды. Бол, жүріңіз. Күн ыстық, иістеніп кетеді.

Белгісіз жан. Мен жәрдемдесемін.

Жомарт. Иә, келіңіз.

Белгісіз жан. Шопырды да өлтіріп тастадыңдар ма? Дым да етпейді, айдала кім біліп жатыр.

Гүлбаршын. Немене дейді?!

Жамал. Атам қаннен қаперсіз ұйқыда.

Жомарт. Ұйықтасын, ұйықтай берсін, келіңдер, іске кірісейік.

Сәлден кейін дастархан басында Белгісіз жан (Қарияның орнында), Гүлбаршын, Жамал, Жомарт, Жұмагүл состиып-состиып шай ішіп отырады.

Жұмагүл. Енді автобусты кім айдайды?

Жомарт. Автобус айдап көрмеппін.

Гүлбаршын (*жылайды*). Балалар үшті-күйлі жоқ, Айдар жоқ.

Жамал (*жылайды*). Бұлай боларын білгенде, Баймырзаға тие салар едім ғой.

Жұмагүл (*жылайды*). Осы жолға шықпай-ақ қояйық дедім.

Белгісіз жан. Иә, бір қызық болды.

Гүлбаршын. Атаң қалай?

Жамал. Білмеймін.

Гүлбаршын. Шақыршы, балам. Мында келсін.

ҮШІНШІ КҮН

Кенет тұман көтерілді де, бұл адамдардың сұлбасы көмескіленіп, өзге, өткен бір дәуірдегіше киінген, тұрпаттары сәл басқа адамдар тобы көрінеді. Бір топ еркек шал мен келіншекті желкелеп, төбе басында тұрған адамға әкеле жатыр. Біздің замандастарымыз мына бір тылсым көрініске ауыздарын ашып қарап қалады.

Қамқа. Жаным-ау, адам баласысың ғой, осы айыбымыз не? Не қылмақсындар? Айтып өлтірсендерші?

2-еркек. Анау атаңмен – Қодармен жақын болғаның үшін қазір екеуің де жайрайсың.

Қодар (*төбе басындағы адамға айқайлап*). Уай, халайық, мені құдайдың жылатқаны аз ба еді? Бұ не қырсығың?

1-адам. Тарт тілінді.

2-адам. Қысқарт!

3-адам. Жап ауызыңды!

Құнанбай. Шығартпа үнін! Жоғалт көзін!

1-адам. Өй, қуарған көктөбет!

Қордар. Иә, мен көк ит болсам, сендер көп итсің. Жабыларсың, таларсың да жерсің!

Бір топ адам Қодар мен Қамқаны жар басына қарай сүйрей жөнеледі.

Қодар. Ақ, карамды тексермедің бе, өңшең кан жұтқан, кара бет?!

2-адам. Шық алып мынаның басына! Құлатыңдар содан кәпірлерді! Бітсін сонымен! Ей, таркама түге! Токта былай! Өлі жандары шыққан жоқ. Енді анау кәпірлерден өз жанымызды ақтап, аулақ әкету үшін, қырық рудың қырық кісісі кесек атсын. Ал осы жиындағы әр атаның баласынан бір-бір кісі кесек алыңдар қолдарына!

Барлық жұрт қолдарына бір-бір кесек алады. Ата бастайды. Сол кезде оқшаулау, осы топтың арасында, бірақ шеттеу тұрған бір адамның сұлбасы көрінеді. Ол – айдалада көлігі бұзылып қалған топтың жаңа серігі – Белгісіз жан. Осының бәріне Қария сырттан қарап тұр. Оны алдымен Жамал көреді.

Жамал. Ата, Ата!

Гүлбаршын. Ойбай, әкесі, біз мында тоз-тозымыз шықты ғой. Айдар жоқ, кетіп қалды.

Жомарт. Ойбай, мына қонағымыз анда да жүр ғой.

Қолымен сағымды нұсқайды. Ол сейіліп кеткен екен.

Қария (*ешнәрсеге мән бермейді, Белгісіз жанды ғана көріп тұр*). Кімсің?

Белгісіз жан. Менің кім екенімді сен түсіндің ғой.

Қария. Қу жанымның қамын ойлап, бетіңмен жіберген екенмін. Намазыңды таста дегенде-ақ сезіктенуім керек еді. Балалар қайда?

Белгісіз жан. Баланы қайтесің, қақпас. Жаның мұрныңның ұшында шығар-шықпас болып тұр. Күлкімді келтірмеші.

Гүлбаршын. Ойбай, бұл кім?

Қария. Танысып қойыңдар, Шайтанның нақ өзі.

Гүлбаршын. Балалар қайда?

Белгісіз жан. Олар енді менікі.

Қария жерге малдас құрып отыра қалып, Ән-Нас сүресін зуылдата жөнеледі.

Белгісіз жан (*жанұшырып*). Токта, ақсақал, тоқта!

Гүлбаршын. Балаларды қайтар.

Белгісіз жан. Қайтады барлығы, қайтады.

Қария. Өзің кет!

Белгісіз жан. Дертіңе дауа болар ем...

Қария. Алла салғанға көндім.

Белгісіз жан. Олай болса, көліктерің жүріп тұр. Кеше мен... жай... тоқтатып едім. Жүре беріңдер. Рұқсат.

Баймырза орнынан тұрады, Айдар мен Рахат, Шопыр бала барлығы қайтып оралады. Жаңағы оқиға түгел сиқыр, иллюзия болғанға ұқсайды.

Жамал *(қысылып)*. Сіз ше?

Белгісіз жан. Мен осында қаламын. Қаладан тағы бір автобус шықты.

Адамдар қараңғыға сіңіп жоқ болады. Тым-тырыс. Тек Белгісіз жан ғана қалады.

Белгісіз жан. Мені үш жағдайда есіңе ал. Ашулансаң мені есіңе ал, мен сенің қан тамырыңмен жүремін. Жауға бетпе-бет келгенде есіңе ал, мен ондай адамға бала-шағасын және әйелін есіңе салып қашуға итермелеймін. Бөтен әйелмен отырудан сақ бол. Себебі, мен екеуіңнің аранда елшілік жасаймын. Сақ жүр, Адамның ұрпағы, мен осындамын...

Соңы



ӘДІЛЕТ

(Екі көріністі драма)

ҚАТЫСУШЫЛАР:

Әділет – 35 жастағы жігіт

Дәулет – 35 жастағы жігіт

1-көрініс

Қолында пистолеті бар Әділет үлкен студия бөлменің ішінде әрі-бері жүр. Бөлме футуристік стильде жасақталған, төбедең қызыл шам төгіліп тұр. Ұйықтайтын бөлме (қос адамдық төсек), ас үй, демалатын жер зоналарға бөлінген.

Әділет. Бір. Екі. Үш. Бір. Екі. Үш. Бір. Екі. Үш. Әрі қарай санай аламын ба? Мысалы, төрт. Содан соң бес. Жоқ, болмайды. Бұлай емес. Бір. Екі. Үш. Төрт. Бес. Бір. Екі. Үш... Біз жинаймыз күш... Жоқ. Қайта бастауға болмайды. Жүзге дейін санаймын да, мына мылтықты кеудеме тіреймін. Тіреймін де, атамын. Тіреймін де атамын. Содан соң... Содан соң өлуім керек. Не деп кеттім... Қайта бастаймын. Бір. Екі. Үш. Неге жүзге дейін санаймын? Оңға дейін санасам ше? Неге оңға дейін санамаймын? Жоқ. Болмайды. Жүзге дейін дедім бе, жүзге дейін санауым керек.

Пистолетті столға қойып, графиннен стаканға су құйып алып ішеді.

Әділет. Мына өмір... Фәни жалған... Мына фәни жалған... Сонымен бәрі бітті... Мен туған жылы қыс қатты болыпты. Иә-иә... Ондай аяз біздің жаққа бірінші рет келген екен. Мені әкем мен анам перзентханадан үйге дейін жаяу көтеріп апарыпты. Кішкентай ғана ауыл ғой. Кеңес кезінде сол шағын совхоздың өзінде үш орындық перзентхана болған екен. Болған екен-мыс делік... Қазір адам сенбейді. Мен дүние есігін ашқан фельдшерлік бөлімшенің орны жермен-жексен. Бір кірпіш жоқ, үйіліп құм мен топырағы ғана жатыр. Қайдағы бір фельдшерлік нүктені айтамын-ау, атандай совхоз да жоқ. Бірақ ауыл тұр. Барып қайтқанмын. Кіндік қаным тамған туған жерім емес пе. Тура мағынасында. Қазір жермен жексен. Сол туған елін аңсап алып ұшқан мына менің жүрегім де қан топалаң, жермен жексен болады қазір.

Бір, екі, үш, төрт, бес. Болды. Қайтадан бастамаймын. Алты, жеті. Қайран әкем... Мені, жүн көрпеге оранып, беті бүркеулі жатқан шақалақ сәбиін қайран әкем ауыл ішімен зор мақтаншыпен алып өтіпті. Кеудесін керіп, былайша талтаңдап жүрген ғой. Артынан анам тыпың-тыпың етіп, әрең еріп жетіпті. Ал әкем қалмақтың қолын қырғандай, кемінде сәбиін тоғыз ай көтеріп, үш күн толғатып өзі туғандай болған ғой. Оны кейін анам мен әжем айтып отыратын. Қыс қатты болыпты. Бірақ әкем тоғыз тонна көмір түсіріп, үйді моншадай қайнатыпты. Үш қой сойыпты сол қыста.

Өзім әкемді көрген жоқпын. Бірақ осы бір аңызға бергісіз әңгімелер әлі күнге дейін менің қойны-қоншымдағы, мына ішек-қарнымдағы тоғыз тонна көмір сияқты. Жоқ, тоғыз тонна көмірдің шоқтары тәрізді. Отыз бес жылғы өміріме тамызық болды, мені локомотивше атойлатып, алға жылжытып келе жатқан ұлы күш – осы ықылас, осы махаббат. Инстаграмды ашыңыз, фейсбукты ашыңыз, ВК-ның өзінде менің дизайндарым. Дизайн интерьерера, эксклюзивная архитектура домов. Авторы – мына мен. Әділет пақырларыңыз. Жыным қайнайды! Сегіз, тоғыз, он.

Әділет пистолетті қайта алады. Әрі-бері жүре бастайды. Маңдайына кезейді.

Әділет. Айтпақшы, менің көлеңкем бар. Ол қайда жүр? Осындайда, керек кезінде жоқ болып кетеді. Керек емес кезде пайда болады. Ау, енді қайдасың?

Барып қабырғаны ұрады.

Әділет. Қайдасың, досым? Дос сымағым! Досым болса дейтінім. Бла-бла-бла!

Қабырғаны төмештейді.

Әділет. Ол көрші тұрады. Мына пәтерде. Әй, қайдасың? Осы бір ақылды сөз бар еді ғой. «Жаман дос көлеңке. Күн шықса, қасыңнан қалмайды. Күн батса, ол тоже жоқ болып кетеді» дейтін. Әй, Дәулет, күн батып бара жатыр. Соңғы шансыңды жіберме. Келіп неге табаламайсың мені? Процесті жылдамдатып жібер, ең болмаса сондай көмегің тисін... Әйтпесе айнып қаламын. Айнып қаламын... (дауысы баяулап кетеді). Айнып қаламын. Айни аламын ба?

Ас үй жасақталған жаққа барып, кофе қайнатқыш машинаға кофе әзірлей бастайды.

Әділет (*нық дауыспен*). Айни алмайтын шығармын.

Қалта телефонын алып, әлдебір нөмірді тереді.

Әділет. Сәлеметсіз бе. Бұл анықтама бөлімі ме екен? О, жақсы болды! Даусыңыз неткен жайлы еді. Әбу-Дәбиге дейін

екі билеттің құнын төлеп қойып едім. Иелері ұшты ма? А, жақсы болды. Рақмет. Сіз мынандай дауыспен анықтама бөлімінде қалай отырсыз? Өнді керемет салатын шығарсыз. Қайдан білгенде, үніміз жұмақтың хор қызының лебізіндей. Өрбір сөзіміз жанымды тербеп барады. Жоқ, ақын емеспін. Иә, түсінемін. Онда қалта телефоныңыздың нөмірін айтсаңызшы. Неменге қорқасыз, барлық дерегім қолыңызда тұр емес пе. Сіздің компанияның тұрақты клиентімін. Клиентті ренжітуге бола ма? Жақсы, айта қойыңыз. 8-6-3-4-5-9-10. Оннан аспағаны қызық болды. Сіз, бәлкім, періште шығарсыз? Жүз дей ме екен деп жүрегім тоқтап қала жаздады. Қалжың. Қалжыңдаймын. Өзім хабарласамын. Міндетті түрде.

Тұтқаны жабады.

Әділет. Есімін сұрамаппын. Қызда нем бар? Немене айтып жатыр едім... Түу...

Кофесін құйып алып, креслоға жайғасады.

Әділет. Он бір, он екі, он үш. Мен он үшке келгенде шешем қайтыс болды. Шешемнің әпкесінің қолында өстім, әрі қарай мені сол кісі тәрбиеледі. Осы пәтерде. Дәулет деген де сол кезде пайда болды. Дәулет, Дәулет деңіз... Көңілдің бір кездері болады, көк майса шөп кешкің келіп, кең далаға шығасың. Жаның ән салып, көктегі періштедей шалықтайды. Жұмақта жүргендей рахаттанасың... Бірақ кенет әлдебір жағымсыз сезім пайда болады. Басында бұл не деп түсінбейсің, әлдене балтырынды жыбырлатып, піскілейтін сияқты ма? Мың сан ине сұғып жатқандай. Тоқтай қаласың. Қарасаң балағына тікен жабысқан болып шығады. Содан кейін әуелеген көңіліңді «сори» деп жинап қойып, әлгі тікенектерді ажыратып, жиіркене лақтырумен айналысып кетесің. Өзіңнің кәдімгі ет пен сүйектен жаратылған адам екенінді ұғып, артыңды қысасың. Жан-жағыңа жіті, пайда іздеген көзбен қарап, әкелген тамағыңды самарқау ішіп жей бастайсың. Дала да, аспан да, жусанның ащы иісі де жайына қалады. Дәулет – сол тікенек!

Орнынан тұрып қабырғаны соғады.

Әділет. Әй! Әй! Досым, қайдасың? Дос болуға жарамайтыным! Бірақ жанымнан бір сәт те қалмайтыным! Қайдасың деймін саған!

Кенет ту сыртынан Дәулет пайда бола кетеді. Тура көлеңке сияқты әлде жылан сияқты ма. Сумаңдаған бір нәрсе. Бірақ, адам. Қара киінген. Әділет шошып кетеді.

Дәулет. Не болды?

Әділет. Астапыралла! Қайда жүрсің?

Дәулет. Келдік, міне.

Әділет. Қайдан пайда болдың?

Дәулет. Не шаруа, айта берсеңші.

Әділет. Қабырғаны тесіп қойған жоқсың ба?

Дәулет. Есігің ашық тұр. Немене айқайлап жатырсың, ұйқымды бұзып жібердің.

Әділет. Сен-ақ күні-түні ұйықтай береді екенсің.

Дәулет. Көңілім тыныш, алаңсызбын. Содан соң ұйықтаймын.

Әділет. Ә... Жақсы. Жақсы екен. Кофе ішесің бе?

Дәулет. Сен байсың ғой. Виски құйсаңшы.

Әділет. Иә, әрине. Бай демекші... Менде бір коммерциялық ұсыныс бар. Саған ақша керек қой?

Дәулет. Керек екенін өзің де білесің.

Әділет. Бірақ, бұл өзі бір қызық болып тұр. Қазір тұра тұр.

Әділет сейфті ашып, ішінен бір бума ақша шығарады.

Әділет. Міне, мынаның бәрі сенікі болады.

Дәулет ысқырып жібереді.

Дәулет. Нифига себе! Суретке түсіріп алсам бола ма? Жоқ, давай, селфи.

Ақшамен селфиге түседі.

Әділет. Бірақ бұл ақша сенікі болу үшін саған мені өлтіру керек.

Дәулет. Немене?!

Әділет. Мені өлтіресің. Міне, пистолет. Басымнан атсаң болады. Глушителі бар, шу болмайды. Атасың да, ақшаны жинап алып қойныңа тығып, кете бересің. Есікті жаба сал. Содан соң мәйітімді әйтеуір біреу келіп тауып алғанша тып-тыныш жата бер. Болды.

Дәулет. Сен мені кім деп тұрсың?

Әділет. Мені өлтіретін адам деп тұрмын. Кергімеші. Дүниеде бір ісім түскен екен. Еркексің бе жоқ па?

Дәулет. Сен немене шын өлмекпісің?

Әділет басын изейді. Дәулет пистолетті алып әрі-бері аударыстырып қарайды. Екеуі бір-бірінен көз алмай арбасып, қатып қалады.

Әділет. Бұндай нәрсемен қалжындай ма?

Дәулет. Не үшін? Сенде бәрі жақсы ғой.

Әділет. Себеп бар.

Дәулет. Өлтіретін болсақ, себебін білейік те.

Әділет шыдай алмай көзін тайдырып әкетеді.

Әділет (*сәл қырылдан*). И такхреново. Не лезь в душу.

Дәулет. Түсінікті. Міндетті түрде бастан ату керек пе, іштен атсам ше?

Әділет. Өлмей қалып, ауырғанға шыдамай айнып қалуым мүмкін.

Дәулет күледі. Содан соң қарқылдайды.

Дәулет. Ойбай, ішегім-ай. Ойбай-ай, ойбай-ай. Мені сол үшін шақырдың ба? Ішім-ай, ішім-ай!

Әділет оған өте бей-жай қарап тұр. Дәулет әбден күліп болып, өзіне виски құйып ішеді. Содан соң екінші стаканды қылғытады.

Дәулет. Ой, слабак. Не деген сорлы едің. Не могу... Сені өлтіру... Маған сенің өлімің емес, осылай сорлы болған тіршілігің керек, білдің бе? Маған сенің көк тиыныңның керегі жоқ. Сен қазір өз-өзіңді атып қан-жоса болып жатсаң, мен сені мына боқ-сідігіңмен қоса өртеп жіберер едім. Менде тек жиіркеніш тудырасың сен, білдің бе?

Әділет *(сол салқынқанды қалтында).* Дәулет, сен мені неге сонша жек көресің?

Дәулет. Мен сені жек көрмеймін. Жиіркенемін. Екеуі екі баска нәрсе.

Әділет. Дәулет, менде видеорегистратор бар ғой.

Дәулет. Сөйтсе?

Әділет. Ол түнде де істейді. Көлік тұрақта тұрса да.

Дәулет ыңғайсызданып қалады.

Дәулет. Түкіргенім бар.

Әділет. Сен құдайдың құтты түні, ерінбей таңғы төртте тұрып, менің машинамың доңғалағына кіші дәрет сындырасың ғой. Бір түн жібермейсің. Бұл не сонда? Сен аурусың ба? Немене бұл? Мені сонша жек көретін болсаң, неге көшіп кетпейсің, неге ұрмайсың, неге қазір өлтірмейсің? Неге таңғы төртте келіп менің машинамың үстіне... дәретке отырып кетесің? Мен түсінбеймін. Түсіндірші.

Дәулет. Менің сиіп бастағанымға үш жыл болды. Содан бері бұл сұрақты неге қоймадың? Кездескенде сәлемімді аласың, қабырғамды тоқпақтап үйіңе шақырасың. Еркек тәрізді «неге менің машинама сиіп жүрсің» деп бетіме неге айта алмайсың? Неге?!
Неге?!

Әділет. Тіпті ыңғайсыз көрдім. Бұл өзі біртүрлі, адам санасына сыймайтын нәрсе.

Дәулет. Әйеліне де айтпадың ба?

Әділет. Айтпадым.

Дәулет. Жарайды, бет моншағың төгіліп ыңғайсызданып кал *(ызаланады)*. Придурок! (қайта сабасына түсіп) Бірақ сол

бейнежазбаны көрсетіп, полицияға неге шағымданбадың? Бұзақылық деген бапқа сай маған айыппұл салар еді, тәртіпке шақырар еді. Бұны да істемедің ғой. Неге?

Әділет. Неге дегенде, білмеймін. Ыңғайсыздандым. Бұл өзі өте сорақы, санаға сыймайтын нәрсе...

Дәулет. Айтайын ба не себеп екенін? Себебі сен қатынсың! Қатынсың, қорқақсың. Қазір өзіңді өлтіруге дәтің шыдамай, маған ақша ұсынып тұрсың. Білесің бе неге екенін? Себебі қолыңнан түк келмейді! (келсекелеп) Дәулет, жаным, дос болуға жарамағаным, ит болсаң да, құс болсаң да, машинамы түн сайын сиіп жүрсең де, келе қойшы. Мені өлтіріп берші, жарығым. Әйтпесе бо-бо-дан қорқам. Құтқаршы мені! Міне, мынаны көрдің бе? (Дәулет қолын шығарады) Осы! Это мой ответ! Интеллигент хренов! Сен интеллигент емессің, қорқақсың! Содан соң өзіңше мәдениетті адам болып, ырбиып жүресің! Мен интеллигентпін деп ақталып, насамом деле кишкатанка!

Дәулет тағы виски құйып ішеді. Әділет барып кофесіне қант қосып, жақсылап тұрып араластырады, қасықтың бокалға үйкеліп шаққұр-шұқыр еткен дыбысы өте қатты. Ол жынданып-жынданып барып, лезде (без перехода) сабасына түседі.

Әділет. Жарайды...

Дәулет. Немене жарайды?

Әділет. Өлтірмесең қой. Он төрт, он бес, он алты, он жеті, он сегіз, он тоғыз... Он жеті, он сегіз, он тоғыз жасымда мен Гүліммен бірге болдым.

Дәулет. Сендер мектепте-ақ қосылып алдыңдар ғой.

Әділет. Иә, он бірінші сыныптан бірге тұра бастадық. Ол тұл жетім еді, балалар үйінің тәрбиеленушісі. Біздің үйдің жертөлесін паналап жүрген кезінде үйге шақырдым. Мәңгі біргеміз деуші едім. Екі мұңлық, екі жалғыз. Біз екеуміз де сәби болдық қой. Тағдырдың жазуымен мына жарық дүниеде жападан жалғыз қалған екі сәби. Қол ұстасып, қалт-құлт етіп әлемді тани бастадық... Оқыдық, кәсіп игердік. Жұбымыз жазылмайтын... Әпкем мына пәтерді менің атыма жазды да, арғы бетке аттанып кете барды. Ол кісі менің кәметке толудымды ғана күтіп жүргендей екен. Апыл-ғұпыл аттанды. Екі-ақ апта тұмауратып жатты да, кете барды. Шок, стресс, одиночество... Состиган жалғыздық. Әрине, сен болдың. Бірақ сол кездің өзінде істемейтінді істейтін едің... Мектепте кілтімді ұрлап алып, үш күн үйге кіре алмай подъезде қонып жүрдім. Зинаида Михайловна болмаса, сол күйі қаңғыбас болып кетер ме едім. Марқұм Зинаида апай слесарь шақырып, есігімді ашып, құлпын ауыстырып берді.

Жаны жәннатта болғыр... Содан бастап сақ болуды, ешкімге сенбеуді үйрендім. Такчто сен менің алғашқы ұстазымсың.

Дәулет (*мазақтап, қолын құсырып*). Ұстаз болуға жарап жатсам... рақмет.

Әділет (*елемей*). Ол екеуміз Сәулет және құрылыс институтын бірге бітірдік. Еңбек жолымызды бірге бастадық.

Дәулет. Сенің осы күнге дейінгі жетістіктеріңнің бәрі соның арқасы. Мойындашы. Ол болмаса сен қай жерде жүрер едің. Мына байлық, мына атақ-даңқ – барлығы соның еңбегі. Сені алға итеріп, өзі көлеңкеде қалды, қара жұмыстың бәрін Ол істеді.

Әділет. Оның Музам болғаны рас. Чертеждарды сызатыны рас. Бірақ бәрі тек соның арқасы дегенің артық.

Дәулет. Шындықты өзіңнен жасыра алмайсың. Мойындашы.

Әділет. Жобалардың барлығы – менікі. Не оттап тұрсың?

Дәулет. Сенің қойныңда жатып қиялдамаса, ертегі сарайлар жайлы таңғажайып ойларымен бөліспесе, ол идеялардың бәрі сенің басыңда қайдан туушы еді?

Әділет. Сен оны қайдан білесің?

Дәулет мырс етіп күледі.

Әділет. Сен не?

Әділет қабырғаға қарайды.

Әділет. Бейнебақылау орнатып қойғансың ба?

Дәулет. Мен күн сайын сендердің әрбір сөздерінді естимін. Мына қабырғада апандай тесік бар, ана картинаның артында. Бәрі естіледі.

Әділет. Сендер жақтан ешнәрсе естілмейді ғой.

Дәулет. Ал біз тып-тыныш жүріп-тұрамыз. Ол бөлмеде сөйлеспейміз. Бұл менің анамнан қалған ақыл. Біз сендерді өмір бойы аңдып келеміз.

Әділет барып картинаны көтеріп астын қарайды. Ар жағынан Дәулеттің бөлмесінің сұлбасы шығады.. Әділет басын шайқап, таңдайын қағып біраз тұрады.

Әділет. Сенен шығып қалуы мүмкін. Бірақ ананды араластырмасаңшы. Аруағынан қорықсаңшы.

Дәулет. Осының бәрін істеген анам. Оның несін жасырамын?

Әділет. Мені сыйламасаң да, Гүлімді сыйлауға болатын еді ғой.

Дәулет. Мен бұны Гүлімді сыйлағандықтан жасадым. Оны сенен қорғау мақсатында.

Әділет. Күлкімді келтірмеші. Оны неменеге қорғайсың?

Дәулет. Себебі ол сенен қорқады.

Әділет. Менен? Бірінші рет естіп тұрмын.

Дәулет. Ол сенің өз-өзіңді ұстай алмай қалатын кездерін болатыны жайлы анама айтқан.

Әділет. Немене?

Дәулет. Иә.

Әділет. Бірінші рет естіп тұрмын.

Дәулет. Әрине, анам оған сенбеді. Керісінше балалар үйінің тәрбиеленушісі Әділетке зияндығын тигізер деп, қабырғаны бұрғылап тесік жасады да, сендердің бөлмеде айтылған әрбір сөз бізде естілетіндей етіп жарақтап қойды.

Әділет. Сендер оны жарақтап жүргенде мен қайда болдым?

Дәулет. Іс сапармен кеткенсің.

Әділет. Гүлім біле ме?

Дәулет. Иә, біледі.

Әділет. Оның кей мінезін енді түсіне бастағандаймын... Да ну вас, маньяки!

Аңтарылып қалған Әділет есін жиып, жұдырығын ала ұмтылады. Столда тұрған пистолетті ала салып Дәулет оны қақ шекеден бір-ақ ұрады. Әділет құлап түседі. Содан соң Дәулет оны тұрғызып, диванға отырғызады. Холодильниктен мұз шығарып, сүлгіге орап қолына ұстатып қояды.

Әділет. Воттыманьяк!.. Анаң да, марқұм, қара жер хабар бермесін, маньяк болған екен. Өте мәдениетті болып көрінуші еді... Не деген сұмдық...

Дәулет. Анам марқұм сені аузынан тастамайтын. Әділет бақылаудан бес алыпты, Әділет жас суретшілердің халықаралық байқауынан жүлде алыпты, Әділет, Әділет... Менің анам... Менің анам сенің фанатың болды. Өлгенше сені мақтаумен, сені маған үлгі тұтумен өтті. Тіпті ауруханада, соңғы демі үзілерде маған «Әділет, ұлым, аман бол, жолың ашық болсын» деп, бір нәрселерді былдырлап барып өлді. (Айқайлайды) Бұл не мазақ?! Мен ше? Мама, мен ғой сенің ұлың. Менің атым Әділет емес, Дәулет қой. Саған не болған, анашым? Сен осы үйге, Гүлнар әпкенің қолына келгелі тек Әділет, Әділет деген сөзді ғана естумен келемін! Миым ызындайды! Жүрегім айнаиды! Бұл Әділетте соншама не бар? Түк жоқ! Түк жоқ қой!

Мама, ал, енді мында қара. Егер көріп тұрсаң, көзіңді ашып қара, Әділетіңнің түрі мынау. Міне! Өзін өзі өлтіруге шамасы жетпей, сенің жолы болмаған, жаман оқитын ұлыңа өлердегі сөзін айтып жалынып отыр. Міне! Түрін көрдің бе? Сені маньяк дейді өзінің сұрына қарап алмай. Әйелі, сен аузыңның суың құрып табынатын Ақылды, Сұлу әйелі ойнасымен дем алуға курортқа кетті.

Әділет. Путевка мен билетті Әділеттің өзі алып берді де.

Дәулет таң қалып қарайды.

Дәулет. Немене?

Әділет. Екеуіне де.

Дәулет. Ха-ха-ха! Естіп тұрсың ба! Путевка алып беріпті. Ой, не могу! Енді өзін-өзі өлтірмек болып отыр. Мынау анекдотқа бергісіз оқиға ғой... (Жыламсырап) Мама, қарашы, көрші осының бәрін!

Кенет тоқтай қалады.

Дәулет. Сен оның ойнасын көрдің бе?

Әділет. Көрдім.

Дәулет. Қандай екен?

Әділет. Жап-жас бала. Жиырма үш-жиырма төрттерде. Сары ауыз балапан.

Дәулет. Одан не тапты екен?

Әділет. Кім біледі... Жиырма, жиырма бір, жиырма екі, жиырма үш, жиырма, төрт, жиырма бес, жиырма алты, жиырма жеті, жиырма сегіз, жиырма тоғыз, отыз.

Дәулет. Оның бұндай қадамға баруына сен кінәлысың.

Әділет. Не айтып тұрсың?

Дәулет. Сен оның қадірін білмедің.

Әділет. Отыз бір, отыз екі, отыз үш, отыз төрт, отыз бес... Екеуміз де отыз бестеміз. Дәулет, біз не деген бақытсыз едік. Сен де, мен де...

Дәулет (*мұңдана*). Давай, онда қосылайық.

Әділет. Ендігі жетпей тұрғаны осы еді да бізге...

Дәулет. Бақыт, бақытсыздық... Кімге керек...

Жарық сөнеді. Бірінші көріністің соңы.

2-көрініс

Сол бөлме. Әділет бөлмені әр-бері кезіп жүр. Қолында пистолет.

Әділет. 36, 37, 38, 39, 40, 41. Мен шынымен сендерді көрмеймін ба? Бейтаныс цифрлар... Мен ешқашан қырық бір жасқа келмеймін. 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48. Қырық сегіз, сен қандайсың?

Дәулет. Сенің есіңнің ауысқанына куә болып, жаным жәннаттың төрінде қалықтағандай керемет бір рахат сезімге бөленіп, балкып бара жатырмын...

Әділет. Қырық тоғыз. Қырық тоғыз. Қырық тоғыз. Неге соншама таныс сан? Қырық тоғызыншы жыл. Қырық тоғыз жас.

Қырық тоғыз. Анам марқұм қырық тоғызыншы жылғы екен ғой. Қой аузынан шөп алмайтын момын еді жарықтық. Жоқ, ол ешқашан ешкімнің өміріне құлақ түріп, басқа біреудің өмірімен өз өмірін былғамайтын. Құдайға да жақсы адамдар керек. Кешір мені, анашым! Мына дүниенің ызғарына жаным төзбей, өзіңнің соңынан аттанып барамын. Аттануға ниет еттім. Елу, елу бір.

Дәулет. Сонда менің анам жаман болды дегің келіп тұр ма?

Әділет. Бәрімізге бір құдай төреші. Бірақ қабырғаның ар жағындағы көршілердің сөзіне құлақ түріп, өзінің қол-аяғы балғадай ұлын місе тұтпай, біреудің тас жетімегіне қызыққан адам жайлы не деуге болады? Ол осылай сенің жүрегіңе қызғаныштың қызыл отын тұтатты емес пе? Енді, міне. Отырысымыз мынау.

Дәулет. Менің анам жайлы олай айтуға сенің қақың жоқ. Ол өлгенде сенің есіміңді күбірлеп кетті.

Әділет. Оған менің қандай қатысым бар? Ол – өз санасының тұтқыны.

Дәулет. Осы сен тиген жеріне қасірет әкелесің, иә? Қарашы, әкең сен туған жылы қайтыс болды, содан соң анаң, содан соң әпкең, содан соң сені туған баласынан артық көріп жақсы көрген менің анам. Тіпті мектеп жасынан қосылған жарың болса, әйтеуір шыбын жанын олжа көріп, көлденең көк атты біреудің етегінен ұстап тайып тұрды. Енді отырып алып жалғыз жақының, құдайы көршің мені косякқатықпақшысың. Мені өлтірші деп ақша ұсынып қоясың. Ертең ұсталсам, жиырма жылға сотталып кете барамын ғой. Сен соны ойладың ба? Жоқ, ойлаған жоқсың. Тек кара басыңды ғана ойлайсың.

Әділет. Енді не істеймін?

Дәулет. Нартәуекел. Өзіңді өзің өлтір.

Әділет. Жарайды. 52, 53, 54, 55, 56, 57.

Дәулет. Цифрлардың астында қалып, тұншығып өлемін деп елестетіп тұрсың ба? Неге санай бересің?

Әділет (ыңғайсызданып). Жоқ... Жай өзім...

Дәулет. Жарайды. Мә, пистолетті қолыңа ал. Жүр, диванға отыр. Жайланып отыр. Жақсы.

Әділет. Дәретханаға барғым келіп тұр.

Дәулет. Маңызды емес. Қазір бір минутта бөк қабыңнан босап шығасың. Қуығыңды ойлама.

Әділет. Жоқ, олай өле алмаймын.

Дәулет. Балалар бақшасының тәрбиеленушісің бе, еркексің бе. Жақсы, барып кел.

Әділет шығып кетеді.

Дәулет. Өзін өзі өлтіріп, тозақтың отына қақталсын. Мынау немене біржолата пәтерден шығып кетті?

Орнынан тұрып барып қарап келеді.

Дәулет. Иә, шығып кетіпті... Қызық. Осының мінезі қызық. Негізі өмірде қиындық көрмеген адамдар аңғал болады. Былай қарасаң жетім дейсің. Өзі мектептен де жетім ретінде нешегүрлі көмек алып жүрді. Ал менің шешем бар. Жоқ, болды ғой, қазір өлді, дегенмен бала кезімде де, жігіт кезімде де анам болды. «Әкесіз жетім – ерке жетім, анасыз жетім – нағыз жетім» демекші, тұл демесең, анам екеуіміз көп қиындық көрдік. Ол кісі дімкәс, есімді білгелі науқас. Қара жұмыс істей алмайды, жоғары білімі жоқ. Мүгедектікке түсетін ақшаны бір бөлмелі пәтердің коммуналдық ақысына төлерінді не тамаққа жұмсарынды білмейсің. Дәрісі бар. Анамның қиналғанын көріп мен мың есе, он есе қиналамын. Мына теріме сыймай өзімді өзім тілгілеймін былай. Ал мынанікі не? Не ішем не кием деген емес. Әке-шешесі өлсе де әпкесі болды. Өмір бойы саудада істеген адам. Ол өліп еді, Гүлім қағып алды... Гүлім... Сенің бұл не еткенің?

Әділет кіреді.

Әділет. Кіммен сөйлесіп жатырсың?

Дәулет. Дайынсың ба? Қайда барып келдің?

Әділет столдан пистолетті алып, орындыққа қайта отырады. Бірақ оның жүзі өзгерген, желініп тұр.

Әділет. Сенің пәтеріңе.

Дәулет. Немене?

Әділет. Сенің пәтеріңе барып, төсегіңе Гүлімнің мәйітін жатқызып келдім.

Дәулет. Немене?

Есікке тұра жүгірмек болғанында Әділет оны құлақ шекеден пистолетпен бір ұрып, құлатады.

Әділет. Қозғалма.

Дәулет. Немене... Гүлімнің мәйітін? Мен сенбеймін.

Әділет. Маған сенің сенгенің керек емес. Полиция сенсе болды.

Дәулет. Не үшін?

Әділет. Сол үшін.

Дәулет. Ол Әбу-Дәбиге кеткен жоқ па?

Әділет. Жоқ, сенің төсегіңде жатыр. Әдеттегісіндей.

Дәулет. Сонда бәрі өтірік пе?

Әділет. Біреуге өтірік, біреуге шын. Сонымен, сен Гүлім екеуің көңілде болғансыңдар, оны қызғаныштан өлтіріп, мені

өлтірмек болып келгенінде мен қорғанып, сені өлтірдім. Қалай? Сенімді ғой?

Дәулет. Түк түсінсем бұйырмасын. Не айтып тұрсың? Мен Гүліммен көңілдес емеспін.

Әділет. Қалайша? Ол сенің үйіңе менің көзімді ала бере кіріп-шығып жүрген адам. Бірнеше көрші куәларым бар. Екеуің оңашаланып дойбы ойнамайтын шығарсындар.

Дәулет айран-асыр таң қалады.

Дәулет. Жок. Сонда осы тұрғанда сен мені алдап соғып тұрсың ба?

Әділет. Иә.

Мылтығын кезеп атпақ болады.

Дәулет. Жок, тоқта. Тұра тұршы.

Әділет. Неменені күтеміз?

Дәулет. Қазір. Есімді жинап алайыншы. Саған не болған? Бұндай емес едің ғой.

Әділет. Сен мені қайдан білесің? Сен мені білмейсің ғой.

Дәулет. Солай болып тұр.

Әділет. Жарайды, өзіңнің тәртібің жайлы ойлана тұр. Мен жүзге дейін санаймын. Содан соң атамын. Елу сегіз, елу тоғыз, алпыс.

Дәулет. Неге елу сегіз? Бірден бастамайсың ба?

Әділет. Баяғыда бастап қойғанмын. 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70...

Дәулет. Зуылдатпайшы! Токта деймін саған! Жарайды. Жарайды. Иә. Біз Гүлім екеуіміз көңілдес болдық. Ол – рас. Менің сені жек көретінім соншама әйеліңді де...

Дәулет пистолетке қарап, сөзін доғара қояды.

Әділет (қабасын түйіп). Айта бер.

Дәулет. Ол сені сүймейтін. Ешқашан сүйген емес. Ол сенімен амалсыз тұрды. Алдымен көшеде қаңғып жүргенімде үйіңе кіргізіп, жоғары білім алып берді деп кете алмады, содан кейін мына бейшара, қауқарсыз кейпіңе қарап менсіз күні не болады деп жауапкершіліктен тұрды. Ол сенен кеткісі келіп жүрген. Әбу-Дәбиге көңілдесімен кетті дегенге сенгенім де сол. Мені де, оның сенімен өткен өмірінің еріксіз куәсі болған мені де тастағаны ғой деп ойладым. Осының бәрін айтып, талай жылады ғой ол.

Әділет. Сен ше? Сол кезде сен де жыладың ба?

Дәулет. Мен неменеге жылаймын?

Әділет. Мені аяған жоқсың ба?

Дәулет. Мен сені неменеге аяйды екенмін?

Әділет. 61, 62, 63, 64, 65, 66...

Дәулет. Аядым!

Әділет күліп қарайды.

Дәулет. Аядым деуге де болады... Санамай тұра тұршы... Демімді алып алайын. Тұу! Гүлімді шынымен өлтіріп тастадың ба?

Әділет. Өлтіруге тура келді...

Дәулет. Әбу-Дәбиге ұшып кетті деп... Өтірікші. Кім ойлаған?

Әділет. Жай айта салғам. Сенің реакцияңды көрейін деп (күледі). Қызғанады екенсің.

Дәулет. Сені бекер жек көрмеппін. Осындай азғын екенінді сезгенмін. Баяғыдан сезгенмін.

Әділет. Иә, жарайды. Әбу-Дәбиге менің көңілдесім, құрбысымен ұшып кетті. Эх, Дәулет, Дәулет, менің көңілдесім бар ғой... Сондай керемет, жас, денесі деген... Бал ғой. Тура бал! Сенесің бе, ал мен Гүлімді аяп жүрдім. Шынымен менің проектілерімнің бәрінің иесі сол Гүлім ғой. Екеуіңнің араларындағы қозғалысты баяғыда байқағанмын. Егер ол кетіп қалып жатса жағдайымның нашар болатынын түсіндім... Ертең сөз шығуы, абыройыма дақ түсуі мүмкін ғой. Содан соң... осындай шешімге келуге тура келді. Айып етпессіңдер, дос сымактарым менің. 67, 68, 69, 70...

Дәулет, мен оны шынымен сүйдім ғой. Шынымен... Бірақ балалар үйінде тәрбиеленген адам деген... Саған қалай айтсам екен... Оны өзің де сезген боларсың, сондай салқын. Ешқашан, биттей кезінен, құдай-ау, біз қашан табыстық, он беске толмаған кезі ғой. Қаңғырып, жабайы мысық сияқты подвалда жатқан жерінен тауып алдым емес пе. Жуындырып, киіндіріп, емдеп... Бәрін істедім ғой. Өзі токсикоман болды... Мен көзге көрінбейтін талай жын-шайтанмен алыстым ғой. Гүлімді ажыратып алып қалу үшін алыстым! Сен мына қабырғаның ар жағында құлақ тігіп жатсаң, біздің тарихымызды жақсы білесің ғой! Сен! Айуан!

Әділет есіне бәрі түсіп әрі-бері бөлмені кезіп жүреді. Сабасына әрең түседі.

Әділет. Бірақ бар ғой. Ол бір жылымай қойды. Сол бір салқындық, тоң, мұз бір жібімеді... Не деген ділі қатты еді...

Дәулет. Адам жасаған жамандықты кешірсе де, жақсылықты кешіре алмайды, Әділет. Мүмкін сен шын айтып тұрған шығарсың. Сүйсең сүйген шығарсың...

Жақсылықты шақтап жасау керек. Соны да білмейсің бе? Шамадан тыс жақсылықтың салмағы ауыр болады. Гүлім сені сол үшін жек көрді. Сен оны жасаған жақсылығыңмен байлап-матап

тұсап тастадың. Ал адамға ең бастысы – бостандық. Әділет, сен оның жанын, жүрегін торда ұстадың. Соны ол көтере алмады.

Әділет. Осыны өзі айтты ма?

Дәулет. Мен оны сездім. Бұл – айтылмайтын нәрсе ғой, **Әділет.** Тек сезу керек.

Әділет. Әділет, Әділет дей бермеші! Өз есімімді сенің аузыңнан естігім келмейді! 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83. Немене үндемей қалдың?

Дәулет. Білмеймін. Өлтірсең өлтіре берші. Шаршап кеттім бұл өмірден...

Әділет. Ваша воля будет исполнена, подсудимый!

Пистолетін атпақ болып ыңғайлайды.

Дәулет. Тұра тұршы. Мына өмірді қиып кету – қандай қиын...

Әділет. 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90.

Дәулет. Өмірдің секундтары сияқты.

Әділет. 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100!

Пистолет дауысы шаңқ ете қалады. Дәулет құлайды. Әділет пистолеттің ұңғысын үрлеп, столға қояды. Содан соң қалта телефонын алып тереді.

Әділет. Сәлеметсіз бе, қарындас. Жаңа есіміңізді сұрамаппын. Қызметтен қолыңыз босады ма? Кешке кездессек қалай болады? Сағат сегізде, өзім барып алып кетемін. Әбу-Дәбиге ұшақ аман-есен қонды дейсіз бе? Жақсы болды. Иә, жақын адамдарым еді. Екеуі де емес, біреуі ғана. Бірақ ол – өткен шақта қалған адам. Осы шақта тек сізді көргім келеді. Жоқ, қазақ тілінің мұғалімі емеспін...

Осылай сөйлей басып, ол сахнадан шығып кете барады. Сахна бос, ешқандай Дәулет жоқ. Бұл біз күә болған полемика Әділеттің өз өзімен, өзінің жармақ егізімен болғанға ұқсайды...

Соңы



ЖҮЗДЕСУ

(бір актілі мистикалық драма)

ҚАТЫСУШЫЛАР:

1. Берік
2. Айдос
3. Гүлсара
4. Ажар
5. Алпамыс

Алпамыстан басқасы 36-38 жас шамасында, кластастар.

Сахнада жақсы ағаштан соғылған тау-ормандарда болатын демалыс үйі. Камин. Каминнің алдында аюдың терісі жатыр. От маздап жанып тұр. Мамыражай, жайлы көрініс. Кенет сахнаға ербиіп-ербиіп, үріккен төрт адам шығады.

Гүлсара. (Берікке). Айтқан жерің осы ма?

Берік. Жоқ, әрине.

Айдос. Ертегі сияқты. Қазір хор қызы шыға келетіндей.

Гүлсара. Бұл болмаса, кеттік онда.

Берік. Қайда?

Гүлсара. Сыртқа шығайық.

Берік. Содан соң?

Гүлсара. Телефон шал ауылға.

Берік. Таудың арасында телефон ұстамайды.

Ажар. Иесі келсе, бәле қылар. Далада күтейік шынында.

Берік. Тұра тұрындаршы.

Айдос. Бәлі, дастархан жаюлы, ішімдік, қазы-қарта. Мынау бір керемет жер болды ғой!

Гүлсара. Қонақ күтіп отырған шығар.

Берік. Ау, қожайын! Қожайын!

Ажар. Жігіттер, кетейікші. Не деген қорқынышты үй. Суық, қалтырап барамын.

Берік (*ашуланып*). Тұра тұрындаршы. Кім бар мұнда!

Гүлсара. Ешкім жоқ.

Ажар. Болды деймін, сыртта күтейік, ұят болады.

Гүлсара. Бір нәрсесі жоғалса, бізден көрер.

Айдос. Қатындар, қақылдамаңдаршы.

Гүлсара. Сайланып шықпайсындар ма. Сендерді де еркек дейді-ау.

Айдос. Осындай да еркекке жете алмай жүрген жоқсың ба.

Гүлсара. Пішту! Сен сияқты еркек керек болса, он байға тиер ем.

Айдос. Алмай кеттің деп жылаған кім еді сонда? Не деген памятың қысқа? Қарғап-сілеп, есігімнің алдына көкбеттеніп отырып алған жоқсың ба. Бүкіл ауыл бетін шымшыды.

Гүлсара. Сонда құдай сақтады мені! Саған тисем жетісер ем. Жаксы еркекті қатын тастай ма, бір емес үш қатын бірінен соң бірі тастады!

Айдос. Сенің қарғысың тиді. Ақыры алмайтынымды көрдің, бақыт тілеп қала берсең, сен де жаксы, мен де жаксы, тымпиып отырар едік.

Гүлсара (*қолын шығарады*). Міне, саған! Міне, не тілмеймін мен саған!

Айдос. Ойдойт! Маған ғой үш қатын тиді, ал сені бірде бір еркек алған жоқ!

Ажар. Болды қойындаршы, не болды сендерге?

Гүлсара. Иә, отырайын содан соң шапылдасып сен сияқты біреумен. Аллаға тәуба, тәуба, тәуба, тәуба!!! Ешкім алмаса да, арым таза!

Берік мырс етіп күліп жібереді.

Гүлсара. Сен неменеге жетісіп күлесің?

Берік. Жай... Ешкім жоқ деймін... мында.

Ажар. Иесіз үй емес екені және анық.

Айдос. Мыстан кемпірдің үйі болып шықса...

Гүлсара. Қияли, придурак!

Ажар. Қойындаршы, басым ауырып кетті.

Берік. Қожайын!

Ешкім жауап бермейді.

Гүлсара. Не істейміз.

Берік. Күте тұрайық. Басқа не амал бар?

Ажар. Жаяулатып болса да кете берейікші. Мына жер біртүрлі.

Айдос. Не болды көлеңкеңнен шошып. Төрт баланы қалай тапқансың.

Берік (*өз-өзімен сөйлескендей ойлы*). Қорқа-қорқа тапқан болып тұр ғой.

Ажар. Кетші!

Күледі. Алпамыс шығады. Ол бозбала, оныншы кластың оқушысы бейнесінде қалған.

Алпамыс. Ассаламағалейкүм! Төрлетіңіздер! Сендерді күтіп отырмын.

Берік пен Айдос қол беріп амандасады.

Берік. Сен бізді біреумен шағастырдың.

Айдос. Мында машинамыз өшіп қалды. Жанармай таусылды.

Ажар. Үй тұрған соң кіре салдық. Айып етпеңіз.

Гүлсара. Түрің сондай таныс. Кімнің баласысың?

Алпамыс. Сендер мені танысыңдар. Мен тап сендерді күтіп отырмын. Асықпай жайғаса беріңдер. Дәм алыңдар. Асықпаңдар. Қазір бәрін шешеміз. Мен қазір.

Берік. Әй, інішек!

Алпамыс. Қазір, қазір...

Шығып кетеді. Қалғандары аң-таң.

Ажар. Байқұс бала біреумен шағастырды-ау бізді.

Гүлсара. Жүзі таныс. Өлгенше таныс.

Айдос. Мен білдім кімге ұқсайтынын.

Берік. Тек айтпашы. Айтпашы...

Ажар. Кімге?

Айдос (*Берікке жалтақтап*). Неге айтпаймын? Сен де байқадың ба?

Гүлсара. Иә, есіме түсті. Жүріңдер, кеттік құрысын.

Айдос. Тұра қашқанымыз біртүрлі болмай ма?

Берік. Түк те етпейді.

Олар есікке жүгіреді. Есік жабық. Ары-бері әрекеттеніп, аша алмай қайта оралады.

Ажар. Түсінбедім. Айтсаңдаршы, не бұл?

Гүлсара. Ана бала... шынымен байкамадың ба? Тұп-тура Алпамыс!

Ажар. Қай... Ал-па-мыс...

Гүлсара. Сол. Тұп-тура сол.

Ажар. Мүмкін емес...

Айдос. Әлде баласы ма? Жап-жас. Алпамыс біздің құрдас қой. Бұл жай, кездейсоқ біреу...

Гүлсара. Қайдағы баласы? Ол кімге бала жасап үлгерді? Ботагөзді сен алдың. Ол тіпті сенен де көтерген жоқ.

Берік. Иә, бірақ. Түү! Жүрегім ұшып кетті ғой. Алпамыс болса, қартайр еді ғой...

Күледі.

Берік. Дегенмен, жындымыз! Жоқ жерден шошып.

Ажар. Онда неге есік жабық?

Гүлсара. Әй, бала! Бала қайдасың?!

Алпамыс келіп кіреді.

Айдос. Әй, көкем, бізді қамап кеткенің не?

Алпамыс. А, есік пе? Сондайы бар. Іштен ашылмай қалады.

Берік *(өзімен-өзі сөйлеп)*. Жоқ, дегенмен, аумайды. Беті, шашы... Бұл мүмкін бе? Әй, бала, аты-жөнің кім?

Алпамыс *(күліп)*. Алпамыс.

Бәрі өре түрегеледі.

Ажар. Қай Алпамыс?

Алпамыс *(нығыздан)*. Алпамыс. Алпамыс.

Берік. Дұрыс-дұрыс.

Айдос. Жай, біздің бір танысымызға ұқсайды екенсің.

Алпамыс. Мен сол Алпамыспын.

Гүлсара. Қай сол?

Алпамыс. Гүлсара, Ажар, Берік, Айдос! Бұл менмін. Алпамыспын!

Ажар шыңғырып жібереді. Гүлсара есікке ұмтылады. Есік жабық.

Берік. Бала, қалжыңды қой. Алпамыс... біздің Алпамыс сонау бала кезде, мектеп кезінде үшті-күйлі жоғалып кеткен. Тауға шығып адасып кеткен... Сенің ол болуың мүмкін емес.

Алпамыс. Неге мүмкін емес?

Берік. Онда неге қартаймағансың?

Алпамыс *(мұңайып)*. Білмеймін. Жарайды, сендер әзір отыра тұрындар. Дәмнен ауыз тиіңдер. Барлығы сендер үшін жасалған. Сендер келеді деген соң бәрін өзім әзірледім. Қорықпандар. Қазір бәрін түсіндіремін. Сәл шыдаңдар.

Алпамыс шығып кетеді. Гүлсара дастарханға барып, жүзімнен алып жей бастайды. Берік арақ құйып алып қағып салады, оны көріп Айдос та ішеді.

Ажар. Бізге де құйсандаршы.

Гүлсара. Берік сен рөлдесің ғой. Ішпе.

Айдос. Кішкене ешнәрсе етпейді. Асудан өтіп алдық қой.

Гүлсара. Іш-же десе, ішіп-жей бересіңдерме? Қорықпайсындар ма? Мынау маньяк шығар, одан кетсе, призрак болар? Тамаққа у қосса ше?

Берік. Қиыспайды. Не десеңдер де қиыспайды... Біріншіден, сол қалпы, жап-жас... Екіншіден... екіншіден... ұмытып қалдым... не айтайын деп едім...

Гүлсара. Айттым ғой, у қосылған деп. Есінен айырыла бастады.

Берік. Мына арақ басыма шығып кетті. Тұра тұршы.

Айдос. Гүлсара, иди нафиг! Егер ол табылса, ауылға оралса, біз естір едік қой. Әке-шешесі айтар еді... білмеймін... Мүмкін емес!

Гүлсара. Бірақ Алпамыс. Алпамыстың нақ өзі!

Ажар. Әлде оны сол жолы басқа планеталықтар алып кетті ме екен...

Гүлсара. Мүмкін емес. Қиялданбандаршы. Бұл Алпамыстың інісі болар, бізден ағасының кегін қайтарғалы отыр.

Берік. Біздің бұл жерден өтетінімізді, тап осы арада көлігіміздің бұзылатынын қайдан білді?

Гүлсара. Мен сен-дер-дікү-тіп отыр-мын деді ғой. Не болған сендерге?

Ажар. Қашайық.

Берік. Есік тарс жабық. Сындыруға келмейді, шойыннан құйылған.

Ажар. Терезеден секірейік.

Гүлсара пердені ашып, қайта жаба салады.

Гүлсара. Құз. Мына үйдің ар жағы шыңырау құз.

Барлығы жапатарғамай барып қарайды.

Айдос. Сұмдық-ай. Зағондағы мал сияқты болып тұрмыз ғой. Бұл – ұйымдастырылған іс.

Берік. Бізді күтіп отырдым дейді... Машинаның тура осында бұзылатынын қайдан білді сонда?

Гүлсара. Демек, Алпамыс өлмеген болды ғой?

Ажар. Ол тауда адасып кетпеп пе еді? Өлі-тірісін ешкім білмейді емес пе?

Берік. Бізден басқа...

Гүлсара. Айтпа!

Берік. Неге? Неге айтпаймыз? Енді мына психты Алпамыс деп қабылдаймыз ба? Кімді алдаймыз? Өзімізді қосып алдаймыз ба? Мынау, кім екені белгісіз біреу Алпамыспын десе, соған сенеміз бе? Алпамыс өлген! Не болды сендерге? Өзіміз, мына төртеуіміз емес пе оны көмген!

Ажар (*бетін басып*). Және... өлтірген...

Гүлсара мен Ажар бірін-бірі құшақтап, теңселіп жылайды.

Ажар. Мені неге алып шықтындар үйден. Бармаймын десем қойдыңдар ма. Не іздеп келдім мұнда. Құдай-ай, тып-тыныш үйде отыра бермей нем бар еді...

Гүлсара. Берік, сен ғой шығарған. Тауға барайық, демалайық деп...

Айдос. Содан бері, сол жаздан бері тауға шықпап едім... Неменем бар еді... Берік, сен, сен кінәлі...

Берік. Мен? Алпамысқа пышақ сұққан мен бе сонда?

Айдос (*бірден жуасып*). Өзі келіп пышаққа ұрынды ғой. Маған неғыл дейсіңдер. Бәрің сонда болдыңдар ғой.

Гүлсара (*үзін-үзін*). Иә-иә. Жүгіріп келіп екпінмен, сенің қолыңдағы пышаққа құлады. Есімде. Не болғанын түсініп үлгердік пе? Шошып кеттік. Ал ол жатты, аппақ болып кеткен. Содан соң қан. Жердің бәрі қан болды ғой.

Айдос. Менде кінә жоқ.

Берік. Сенің жалғыз кінәң содан кейін Ботагөзге үйленгенің болды.

Гүлсара (*жылап*). Иә, содан кейін Ботагөзге үйлендің... Сен маған... екеуміз... Ал сен Ботагөзге.

Ажар. Ол кездікке құлаған жоқ. Сен кезеніп тұрған пышаққа ұрынды. Мен қарап тұрдым.

Гүлсара. Жоқ!

Берік. Ажар, абайла. Қорқынышты нәрсе айтып тұрсың.

Айдос. Ажар, білмесең, көрмесең, адамды бекер қаралама.

Ажар. Иә-иә. Сол бір сурет көз алдымнан кетер емес. Алпамыс жүгіріп келеді, айтпақшы, ол кімнен қашты сол түні? Біз жөндеп сөйлескен де жоқпыз ғой. Асығыс қоштастық, бұл тақырыпқа қайтып оралған емеспіз, енді міне, жиырма жылдықта кездескенде, Алпамыс та келді. Бұл қалай болды?

Берік. Ажар, сандырақтама. Бұл Алпамыс емес.

Айдос. Алпамысқа ұқсайтын басқа бозбала. Не болды сендерге? Бекер, бекер бас қостық. Неменеге желіктік? Бекер болды бәрі.

Гүлсара. Сен неге Ботагөзге үйлендің? Екеуміз сөз байласып жүрдік те, кенет бір күнде Ботагөзді апарып түсірдің. Неге?

Айдос. Жиырма жыл бұрын болған нәрсені қазбаламашы.

Берік (*кекетін*). Әйелдің өтінішін жерге тастамасаңшы, **Айдос.** Түсіндірсеңші.

Айдос. Ботагөзден кейін мен тағы екі қатын алдым. Соларды неге сұрамайсыңдар?

Гүлсара. Себебі Ботагөз Алпамыстың қызы болатын. Олар үшінші кластан жұптары жазылмайтын. Егер... Егер Алпамыс үшті-күйлі жоғалмағанда үйленетін еді. Алпамыс жоғала салысымен, сен оның қызына үйлендің. Ал Ажар сені Алпамысқа

пышақты әдейі сұқты деп тұр. Міне, менің айтпағым! Бәлкім, сен Алпамысты әдейі өлтірген шығарсың! Ботагөз үшін.

Берік. Ойбай! Ойбай! Алпамысты ешкім өлтірген жоқ, не айтып кеттің, Гүлсара!

Ажар. Біз құдайдың қаһарына іліктік, достар.

Айдос. Ботагөз үшін... Ботагөз үшін... Ботагөз үшін мен он Алпамысты өлтірер едім.

Гүлсара (*жылайды*). Міне, міне...

Берік. Айдос, не болды саған? Сен үшін бәріміз кетеміз. Өзіңе өзің ие бол. Сабыр сақта. Иесіз тауда жүрсек те артық нәрсе айтпа. Мына бала Алпамысқа ұқсайды екен, бір жерде жасырын камера тұрмағанына кім кепіл. Топырлап тобымызбен сотталып кетпейік.

Айдос. Сол жолы бәрін мойындап түрмеге отырғанда ендігі шығатын едік.

Берік. Не айтып тұрсың? Онда мына өмірді кім сүрер еді?

Айдос. Осы өмір деп өкінсең сен өкінетін шығарсың, менің өмірімді итке тастасаң, ит жемейді

Ажар (*өзімен-өзі*). Біз құдайдың қаһарына ұшыраған жандармыз.

Гүлсара. Жарайды, мені қойшы, міне қырыққа келдім, не бай жоқ, не бала жоқ. Қара басым саусылдап әлі жүрмін. Сен неменеге өкпелісің, **Ажар.** Алтын асықтай төрт балаң бар. Үлкен қызыңды ұзаттың. Ұлың – студент. Байың қасында.

Ажар. Бала өскен соң өз қызығы өзінде, ұшқан ұясына бұрынғыдай қайырылмайды екен. Байың бар дейсің, оның да өз қызығы өзінде. Қырыққа енді шығып қылшылдаған дер шағы.

Гүлсара. Жарайды, ертең немере сүйесің, барлығы ұмытылып кетеді.

Ажар. Қайдам...

Айдос. Қыздар, қыздар, не будем о грустном. Мен тамадамын ба, жоқ әлде тамада емеспін бе. Жаңағы бала дәм-тұздан ауыз тиіп отырындар деді. Көңіл көтерейік. Сендердің әйел екендерің рас болса, бізге шай беріндер. Ал біз арақ құяйық. Бәрін ұмытайық, күлейік. Тек жақсы нәрселерді еске алайық.

Ажар. Айдос, шыныңды айтшы, Құдайдың алдында тұрғандай болып шыныңды айтшы, Алпамысқа кездікті әдейі сұқтың ба?

Айдос жауап беріп үлгермейді, Алпамыс келіп кіреді. Барлығы үрпін тым-тырыс болып қалады.

Алпамыс. Дұрыс, дастарханға келіндер.

Берік. Балақай, менің ұлымдай екенсің, сен дегенің түрпідей тиіп тұр.

Алпамыс. Кешіріндер...

Берік. Есімің кім болады өзіңнің? Жөндеп жөніңді айтшы.

Алпамыс. Мен Алпамыспын ғой. Сендер не, шынымен танымай тұрсыңдар ма?

Барлығы қайта шошып кетеді.

Берік. Бала, сен біздің басымызды қатырма. Сен Алпамысты қайдан білесің?

Алпамыс. Қайдан білгені қалай? Мен Алпамыспын.

Гүлсара. Берік, қоя тұр, аттас біреу шығар.

Айдос. Аттас, түрлес, бет-әлпеттес.

Ажар. Балақай, олай қалжыңдама үлкендермен.

Алпамыс. Мен кәдімгі Көкпарбаев Алпамыспын. Өздеріңнің кластастарыңмын.

Берік. Егер шын Алпамыс болсаң, сен мектепте кіммен жүрдің.

Алпамыс. Ботагөзбен.

Берік. Нешінші кластан бастап жүре бастадың?

Алпамыс. Үшінші.

Айдос. Оған содан кейін кім үйленді?

Алпамыс. Сен.

Айдос. Сені өлтірген кім? Мен ба? Мен сені Ботагөз үшін өлтірдім ба?

Алпамыс. Жоқ, өлтірген жоқсың.

Айдос (*алақанын соғып қалып*). Әп, бәлем! Айттым ғой сендерге!

Ажар есінен танып құлайды. Оған Гүлсара жүгіріп барып медициналық манипуляциялар жасап жатыр.

Берік. Мүмкін емес.

Айдос. Онда неге қартаймағансың?

Алпамыс. Енді қартаймайтын жерге аттандырдыңдар ғой.

Гүлсара (*айғайлап*). Жігіттер, сенбеңдер, бұл подстава. Еш нәрсе айтпаңдар!

Берік. Бала, шыныңды айт, сен Алпамыстың бауырысың ба? Ұлысың ба әлде? Бізді қайдан білесің?

Айдос. Бәлкім актер... Біреу жалдап әдейі камераға түсіріп жатқан болар. Берік, сен депутат боламын деп жүрсің ғой, сен үшін осының бәрі.

Берік. Иә, жауларым жетеді.

Гүлсара Ажарды орнынан тұрғызып орындыққа отырғызады.

Ажар. Бұл әруақ. Қалай түсінбейсіңдер. Бұл Алпамыстың аруағы келіп тұрған. Ах, Айдос, Айдос, сен оны неге өлтірдің... Өлдің бе сол Ботагөзді алмасаң... Ол саған қатын болып та

жарытқан жоқ қой... Үш ай тұрды ма? Қанша тұрдыңдар? Сол үшін енді міне өмір бойы азап шегудеміз. Өлдің бе сол қатын үшін адам өлтіріп? Жауыз, жауыз...

Алпамыс. Мені Айдос өлтірген жоқ деп тұрмын ғой.

Гүлсара. Енді кім?

Алпамыс. Өлтірген адамның өзі біледі.

Айдос. Онда сол адамды алып қал да қалғанымызды босат.

Ажар. Босата гөр бізді, о, аруақ!

Берік. Әй, жынды болдыңдар ма? Немене қуып кеттіңдер бәрің?

Ажар. Әлде Берік сен бе? Сен бе өлтірген мына күнәсіз бейшара Алпамысты?

Берік. Мыналар қиын болды ғой. (Алпамысқа) Ақша ма саған керегі? Қанша? Айтшы, тауып беремін. Қанша сұрасаң сонша тауып беремін. Миллионер емеспін, бірақ мына тозақтан шығу үшін бәріне дайынмын.

Алпамыс. Жоқ, маған ақша керек емес.

Берік. Енді не?

Ажар. Оған біздің қанымызды ішу керек. Кек! Кек оның көксегені.

Айдос. Сонымен сені кім өлтірді?

Берік. Дәл қазір бұл соншалықты маңызды ма?

Айдос. Мен үшін маңызды. Осы күнге дейін ит азапта өмір кештім. Пышақ менің қолымда болды. Алаудың басында ет турап отырғанмын. Қыздар ет аспаймыз, кәуап жасаңдар деді ғой. Ойымда ешнәрсе жоқ. Кенет апыр-топыр қарбалас болды да кетті, қараңғыда біреу қорбандап маған жүгірді, орнымнан тұрдым. Көзді ашып жұмғанша біреу келіп мойныма асылды, қолымдағы пышақ жып-жылы болып кетті. Қою, жабысқақ сұйықтық құйылып жатыр, құйылып жатыр. Ол сенің қаның екен, Алпамыс. Сосын, сосын өздерің білесіңдер...

Берік (*басын шайқан*). И тыБруд туда же. Ты, дурак, понимашьчтоменяподставляешь. Сыбайлас болып, осы отырған төртеуіміз түгел кетеміз. Бұл – Алпамыс емес!

Ажар. Арулап көмілмеді, жаназасы да шықпады.

Берік (*кекетін*). Әке-шешесі ас берді ғой.

Ажар. Үш жылдан кейін...

Гүлсара. Берік, демек сен өлтірген. Басқа ешкім болған жоқ ол жерде. Бесеуіміз ғана болдық. Айдос емес, Ажар емес, мен емес, демек сен. Болды. Точка.

Берік. Гүлсара, бұл енді дәл сен айтатын сөз емес.

Гүлсара. Неге?

Берік. Неге екенін мына бұрынғы жігітіңнің көзінше айта берейін бе?

Гүлсара. Екеуміздің оңашаланған сәтіміз бе меңзеп тұрғаның?

Берік. Иә, оңашаланған сәтіміздің бірі.

Айдос. Ах, жезөкше!

Гүлсара. Сөйтсе не болыпты. Сен бұрын кетіп қалдың. Мен келгенде Алпамыс... Алпамыс жерде жатты... жансыз... Ал сен кетіп қалғансың...

Айдос. Ах, жезөкше, сайқал! Ботагөзге үйленгенімде немене оттап мені қарғап-сілеп жүрсің? Өзіңнің істегенің мынау... Онда неге үйленбедің Гүлсараға, Берік?

Берік. Қайтып үйленем, ол сенің қызың еді ғой.

Айдос. Мені құдай сақтапты. Мынаны алсам, қас маскара болғалы тұр екенмін ғой.

Берік. Ботагөзді алып, абыройлы болған екенсің ғой. Сол қыздың дені дұрыс болған жоқ. Мен адам танымын ғой. Бойында адуынды бір нәрсе бар еді.

Алпамыс. Берік, дұрыс айтасың.

Айдос. Мен осы күнге дейін жүз қатын көрдім, бірақ дәл Ботагөздей бір төмен етекті көрген жоқпын. Мен оны сүйемін!

Гүлсара. Мәээ.

Айдос. Маңырама қой сияқты!

Гүлсара. Есек! Көк есек!

Айдос. Үш қатын шығарсам да, дәл сен сияқты опасызы болған жоқ.

Гүлсара. Қайдан білесің олардың адал болғанын?

Айдос. Ах, тыкәззап!

Тұра кеп қуады, Гүлсара тұра кеп қашады. Жете алмай қайтып келеді.

Айдос. Берік, сен ше? Жігіт емес екенсің. Сендерді де дос деп жүрмін-ау, ақымақ басым.

Айдос бетін басып отырып қалады. Ажар оны ақырын барып, арқасынан сипап жұбатады.

Гүлсара (аңтарылып қайтып келеді). Дала тас қараңғы.

Айдос. Көр соқыр болып қалған шығарсың, көр соқыр болып қалғыр.

Ажар. Болды, қой, қой. Ашуланба. Барлығы өтті, кетті...

Берік. Немене қараңғы, тапа тал түсте.

Шығып кетеді де, қайта кіреді.

Берік. Көзге түртсе көргісіз.

Барлығы сыртқа қарады. Меңірейген қараңғылық.

Ажар. Қашан түн болып үлгерді...

Айдос. Уақыт қалай тез өтті...

Берік. Сенің истерикаларыңды қызықтаймыз деп, күннің батқанын байқамай қалыппыз. Алпамыс, бауырым, кім болсаң да, біз қайтайық. Көлік қайда?

Ажар. Сонымен сені кім өлтірді?

Берік. Нен бар, ойбай!

Айдос. Мен де шаршадым, осы тойғанымызбен қайтайық...

Алпамыс. Мен қалай айтарымды білмей тұрмын...

Гүлсара. Тағы не қалды айтылмаған?

Алпамыс. Әкесі өлгенді де естіртеді дейді ғой...

Берік (Гүлсараға). Валидол бар ма?

Гүлсара басын шайқап, Алпамысқа қарайды.

Алпамыс. Сендер бұл жерден шыға алмайсыңдар.

Берік. Неге?

Алпамыс. Себебі дәл осы жерден басқа орын жоқ.

Ажар. Қандай орын?

Алпамыс. Сендер үшін.

Гүлсара. Түсінікті. Орын жоқ.

Гүлсара ымдап, таласпаңдар, келісе беріңдер дегенді жеткізеді.

Ажар. Гүлсара, сен неге ұқпайсың? Бұл есі ауысқан адам емес, бұл аруақ.

Гүлсара. Иә, әрине, аруақ. Аруақ, біліп тұрмын ғой.

Берік пен Айдосқа ымдап, мына екеуінің де есі ауысқан дегенді білдіреді. Таласпаңдар деп өтінеді.

Ажар. Алпамыс, сені кім өлтірді? Айтшы.

Алпамыс. Ол адам араларыңда жоқ.

Берік. Ух.....

Айдос. Біз бесеуміз ғана болдық қой.

Алпамыс. Ботагөз келді артымыздан...

Айдос. Ботагөз???

Алпамыс. Мен Алматыға оқуға кетемін дедім. Ол жібермеймін деді. Содан кейін бұрылып кете бергенімде арқамнан кездік сұқты, содан кейін тағы сұқты, мен қаша жөнелдім. Әрі қарай білмеймін. Есімді осы жерде жидым.

Айдос. Не айтып тұрсың?

Алпамыс. Ал сендер... Сендер мені өлтірдік деп ойладыңдар... Әрі қарай өздерің білесіңдер...

Гүлсара. Масқара...

Ажар. Қазір Ботагөз қайда?

Алпамыс. Кезбе болып кеткен. Берік, сен дұрыс айттың, оның бойында жыны бар. Қылмысым ашылып қала ма деп қорқып,

Айдосқа тиді де, ақыры мені жоғалдыға санап қойған соң, қалаға кеткен. Кезбе болып жүр. Жағдайы нашар. Жын әбден иеленіп алған. Оған көмектескім келеді. Бірақ болмайды. Маңына жуи алмаймын. Тым қараңғы. Бірақ ол әлі тірі... Ана дүниеде әлі.

Берік. Тірісі қалай?

Гүлсара. Ал біз қай дүниедеміз?

Айдос. Біз сонда не өліміз бе?

Алпамыс. Иә...

Гүлсара. Қалайша?

Алпамыс. Көлік апаты.

Берік. Мынау шын жыннанған жынды екен.

Алпамыс. Далаға шыға алмайсыңдар.

Гүлсара шыңғырып далаға қарай жүгіреді де, қараңғылыққа шарға соғылғандай соғылып, кері серпіледі. Ажардан басқасы шығуға әрекет жасайды. Шыға алмайды.

Берік. Сонда бұл қалай болды?

Алпамыс. Солай...

Ажар. Алпамыс. Бізді кешірші. Жүзінді жасырмадық. Таспен бастыра салдық. Бірақ ол кезде біз бала едік. Бүкіл өміріміз алдымызда болатын. Болашағымыз үшін қорықтық.

Айдос. Ботагөздің арбауына түстім... Кеш мені де...

Алпамыс (салқын). Кешіретін құдай емеспін.

Айдос. Берік, рөлде сен болдың. Демек біздің өлімімізге кінәлі сенсің.

Гүлсара. Жігіттер, кінәлі деген сөзді айтпайықшы. Кінәлі деген сөз өте ауыр, жүрегіңді езетін жаман сөз. Ешкім кінәлі емес. Берік әдейі жасады ғой дейсің бе?

Берік. Сонда қай жерде болды?

Алпамыс. Асудан өте алмадыңдар. Құздан ұштыңдар.

Айдос. Тіл тартпай кеткен шығармыз.

Алпамыс. Солай... Жігіттер, қыздар, өте өкінішті. Жүрегім қарс айырылады сендер үшін.

Ажар. Сонда осы тұрғанда бәріміз аруақымыз ба?

Алпамыс. Иә...

Гүлсара. Мына қол-аяғымыз ше, бет-әлпетіміз?

Алпамыс. Естелік, жады. Қазір сендерге осылай ыңғайлы. Содан кейін бірте-бірте өздеріңнің Құдай жаратқан қалыптарыңа түссендер.

Ажар. Ол қандай қалып?

Алпамыс. Нұрлы...

Гүлсара. Қорқынышты емес пе?

Алпамыс. Жок.

Айдос. Білмеймін неге екені, өкініш жок.

Алпамыс. Ақ өлімде солай болады...

Барлығы әлдебір әдемі күйде үнсіз қалады.

Берік. Олай болса, жігіттер, қыздар, өміріміз оқыстан үзіліпті. Өзірше адами кейіптеміз. Өзірше бәрі жақсы, инстинкт біткен ұрып тұр. Төрт көзіміз түгел. Тіпті, міне, Алпамыс та қатарымызға қосылды.

Айдос (*кекетін*). Кім кімнің қатарына қосылыпты.

Берік. Сайқымазақ кекесінді осымен доғарайық. Өзімізді өлген адамдар сияқты салмақты ұстайық.

Айдос. Сен мұнда әкім емессің, қалай ұстасак та өзіміз білеміз.

Берік Алпамысқа сұраулы жүзбен қарайды. Ол басын изейді.

Берік. Онда жігіттерше шешеміз. Шық, былай!

Гүлсара. Әй, қойыңдар, идиоттар!

Айдос. Мен сенімен төбелеспеймін.

Берік. Неге?

Айдос. Бәрібір жеңіп кетесің.

Берік. Вооот! Міне, шындық қайда. Сонымен мына ақ дастарханнан алып жеп отырайық. Бокалдарыңды сусыннан босатыңдар. Менің қуанып отырғаным, Алпамысты біз өлтірген жоқпыз!

Гүлсара. Алақай! Алақай!

Кенет бәрі көңілденіп кетеді.

Айдос. Ал, алаулап жанайық, до конца алайық!

Гүлсара. Урра! Алпамыс, би бола ма?

Берік. Ішпегеннің іші өтсін!

Ажар (көпшілікке қосылмайды, ойлы). Мен бәрібір сенбеймін.

Берік. Неге?

Ажар. Біз өлген болсақ, неге осыншама көңілді жүрміз?

Айдос. Енді не істейміз?

Ажар. Білмеймін. Кішкене қорқып... былай. Жылау керек сияқты.

Берік. Біз жылаймыз ба? Тірілер жыласын.

Гүлсара. Бар ғой жылайтыңдар.

Ажар. Енді ең болмаса бір-бірімізді неужели не жалко...

Айдос. Жалко... шыны керек.

Берік. Жарайды, қойыңдаршы. Болары болса, амал қайсы?

И если мой огоньпогас

Жалейте не меня.

А тех, сидевших столько кораз

У моего огня...

Айдос. Берік, ағатай, мойындашы, сен әкім болып жетістірген жоқсың ғой. Не істедің айтшы? Ауыл үшін не істедің? Қоқыстан тазаладың ба, жаңа үйлер салдың ба, өзіңе салған үйден басқа? Енді немене оттап отырсың, жәлейте не меня деп? Тебжалеем и все! Қалғандары қуанады! Ду қол шапалақ! Шымылдық жабылды!

Берік. Ал сен не тындырдың, сайқымазақ, черт! Өзіңе қарап ал! Өмір бойғы арманың бір ду қол шапалақ еді, оған да жетпей кеттің. Бездарный актер, бездарная жизнь!

Айдос. Солай-ақ болсын, бірақ мен ешкімнің ақысын жеген жоқпын.

Берік. Мен кімнің ақысын жеппін? Дәлелің бар ма?

Айдос. Вот, қазір Құдайдың алдына барғанда дәлел сұрайсың. Қазір көресің, әкенді танытады сенің!

Берік (*шоштып*). Алпамыс, бауырым, мынау не дейді?

Алпамыс (*күледі*). Меніңше, түк те болмайды. Ақымаққа мұнда да сот жоқ. Бәрі жақсы, қойыңдар, жігіттер.

Гүлсара. Иә, ұрсысуға болмайды, кішкене тәубаларыңа келсендерші. Ауылдың сыртында маевқада жүргендей болмай. Иmandарыңды үйіріп дегендей.

Айдос. Иә, құрысын, Берік, кешір.

Берік. Иә, сен де... Тіршілікте артық кетіп, көңіліңе қаяу түсіріп, жүрегіңді жараласам кешір, бауырым. Бәрің кешіріңдер мені...

Айдос. Мені де кешіріңдер.

Гүлсара. Мені де...

Ажар (сол ойлы қалпы, басқаларға қосылмайды, Алпамысқа). Өбеке, қайта оралуға тіпті мүмкіндік жоқ па?

Алпамыс. Көліктеріңмен құздан ұшып кеттіңдер ғой. Денелеріңнің мылжа-мылжасы шықты. Орала алмайсың.

Ажар. Ал егер, егер мылжа-мылжасы шықпаса оралу мүмкін бе еді?

Алпамыс. Жол жоқ. Қалай ораласың?

Ажар. Бір амал-айласы болмай ма?

Алпамыс (*күледі*). Құдайдың күдіреті күшті. Мен білмеймін.

Ажар. Сонда бұл не?

Алпамыс. Не?

Ажар. Осының бәрі?

Алпамыс. Жүздесуісіз жібермейді. Бұл – жүздесу. Жүздесу.

Берік. Немене жүздесу?

Алпамыс. Бақылдасу де. Білмеймін.

Берік. Жарайды, солай-ақ болсын. Сен... сен ше? Өлгенде сен де жүздестің бе?

Алпамыс. Иә...

Берік. Кіммен?

Алпамыс. Әкеммен...

Айдос. И?

Алпамыс. Жүздестік.

Гүлсара. Сосын?

Алпамыс. Сосын әрі өттім. Бұл – табалдырық. Қазіргі.

Ажар. Ана жақта не бар?

Алпамыс. Өмір.

Берік. Енді неге қайта мына жақта жүрсің?

Алпамыс. Әкелді ғой. Сендерді қарсы алу үшін.

Гүлсара. Басқа адам табылмай қалды ма? Менің әкем қайда, мысалы?

Ажар. Иә... менің анам... ол неге қарсы алмады мені?

Алпамыс. Себебі сендер мені сұрадыңдар.

Айдос. Мен сені ойлаған жоқпын.

Ажар. Мен де.

Берік. Менің де сені қалауым мүмкін емес.

Гүлсара. Өтірік!

Алпамыс (*жайлап, ептен*). Мені өмір бойы ойлаумен келесіңдер. Мені ойға алмаған бірде бір күндерің болған емес.

Берік. Иә...

Гүлсара. Рас...

Алпамыс. Олай болса, достар, жүріндер.

Айдос. Алпамыс, қолыңнан ұстап алсам бола ма?

Алпамыс. Кел.

Олар қол ұстасып, апақ арайлы әлемге кіріп кетеді.

Соңы



ҰЙЫҚТАП ҚАЛМА

(бір актілі трагикомедия)

ҚАТЫСУШЫЛАР:

1. Жанұзақ қария
2. Сақан ата
3. Назымгүл апа
4. Тұмар апа
5. Сәния апа
6. Кәрі парторг
7. Аудан әкімі
8. Аудан әкімінің көмекшісі
9. Елена Семеновна – психиатр дәрігер
10. Ауданның бас дәрігері
11. Жансерік – Жанұзақ қарияның немересі
12. Елестер

Бірінші көрініс

Сахна төріндегі экраннан (телевизор) диктор сөйлеп жатыр:

Диктор: Ақмола облысының Калачи атты шалғай ауылының тұрғындары ұзақ ұйқыға кететін белгісіз дертке шалдыққаны туралы оқтын-оқтын хабарланып келеді. Ауылдағы ұйқы дертінің себебін анықтау үшін медицина қызметкерлері мен Курчатов қаласында орналасқан ұлттық ядролық орталық мамандары жұмыс істеп жатыр. Белгісіз ауру жыл сайын асқынып келеді. Бұрын адамдар тек ұйықтап ояна салатын болса, қазір дертке шалдыққандардың көзіне елес көрініп, балалар ашушаң болып кеткен...

Сахнаға Жанұзақ қария шығады. Теледидарды біраз тыңдап тұрады да, басын шайқап қолындағы пультпенен экранды сөндіреді. Сахнаға ауыл адамдары: Сақан ата, Тұмар апа, Назымгүл апа, Сәния апа шығады. Әрқайсысы үнсіз күйбеңдеп, дастархан қамымен, үй ішіндегі тірлікпен айналысып жүр. Сақан атаның қолында домбыра. Төрге отырып, күмбірлетіп толғанысқа түседі.

Назымгүл апа. Ленаның екі немересі бір-ақ ұйықтап қалыпты. Мектептен келген соң далада ойнаған. Түскі асқа кірген балалар төсектеріне жата-жата қалыпты. Өлі оянбай жатыр дейді.

Сәния апа. Лена өткен аптада көшіп кетпеп пе еді.

Назымгүл апа. Балалар ауруханада. Қалай көшеді?

Сақан ата. Иә, Лена көшіп кетті. Өзім шығарып салдым.

Жанұзақ қария. Төсекке келіп жата қалса жақсы екен. Нұрбану көшеде келе жатып ұйықтап кетіп, сайдан төмен домалады емес пе.

Сақан ата. Сүйек-саяғы аман ба екен?

Жанұзақ қария. Аман!

Сәния апа. Кеше жалмандап дүкенде жүрген.

Сақан ата. Қара албасты ұзақ баспаған екен.

Тұмар апа. Астапыралла, тіпа-тіпа. Ғалымдар тексеріп жатыр ғой. Бір мәнісі болар.

Жанұзақ қария. Оянбай қалсаң, жеңіл өлім ғой. Жаныңның шыққанын сезбей қаласың.

Назымгүл апа (*ұрсып*). Өліп жатқан ешкім жоқ, бәрі оянып жатыр. Ештеңе жоқ.

Сақан ата бәле іздегендей, ойнақыланып Тұмар апаға қарайды.

Сақан ата. Тұмар, байға тимедің, бала таппадың. Бұзылмаған сәби қалпыңда кемпір болдың.

Сәния апа. Өзінің айтуы бойынша.

Сақан ата. Иә, өзіңнің айтуың бойынша. Бәрінен де саған обал болатын болды.

Тұмар апа. Сәния, өзінің айтуы бойынша деген не сөз? Менің сырымды дәл сендей білетін адам жоқ бұл жерде. Қызғаныштың қызыл иті қартайсаң да ішіңді ту-талақай талап жатыр ма?

Назымгүл апа. Басталды тағы. Сақан, нең бар еді?

Сақан ата. Іш пысты.

Сәния апа (*Тұмар апаға*). Ойбай! Сенің немененді қызғанамын?

Тұмар апа. Ішің біліп тұр - неменемді қызғанатыныңды.

Сәния апа. Немене екен, біліп кетейік, өле қалсақ?

Сақан ата. Иә, иә, бәріміз құлағымызды түре қалдық.

Тұмар апа. Менің сұлулығымды қызғанасың!

Сәния апа. Пішту! Сенің нең сұлу? Мылжа-мылжа болып, күлкімді келтірмеші.

Назымгүл апа. Қыздар! Қойыңдар. Қазір аналарға не дейміз, не дәйек айтамыз соны ойластырайық. Сақан, Сәния, не болды сендерге?

Жанұзақ қария. Маңғыстауда «Ұйқылы сай» деген жер болушы еді, бұрындары қой бағып жүрген казактар өздері де, қойлары да ұйықтай беретін болған соң «жын жайлаған жер» деп алыс жүруге тырысқан. Осыны айтайық.

Сақан ата. Бұндай орын ықылым заманнан казакта бар, бізге таңсық емес. Жылы орнымыздан қозғалмаймыз дейміз. Басқа не айтамыз.

Тұмар апа. Шал-шауқан! Кемпір-сампыр! Мен сендерге жалынамын, тек елес көреміз деп айтпаңдаршы. Ашқан ауызыңды жауып үлгере алмайсың, жындыханаға апарып қамап қояды. Талай жыл комиссияда істедім, олардың әдеті сол. Қит етсең, нормадан сәл ауытқысаң, жындыханаға апарып сала салады!

Сәния апа. Талай адамды өзің де жаптың ғой!

Тұмар апа. Есі шын дұрыс болмаса, жаппағанда не істейсің?

Сәния апа. Өзіңнің есің қалай қазір?

Тұмар апа. Саған қарағанда тәуірміз!

Жанұзақ қария. Жә! Қақылдамандаршы. Бас ауырып кетті. Жағдайға қарай көреміз.

Сақан ата домбырасын күмбірлетіп отыр. Тұмар апаға көзін қысады.

Тұмар апа. Біздің ауылды жын жайласа, жын жайлаған шығар. Оны мына Сақанға қарап айтып отырмын. Желігің қашан басылады сен шалдың? Ұят емес пе?

Сақан ата. Мен не қылдым?

Тұмар апа. Немене көзінді қысасың?

Сәния апа. Тұмар, не болды саған, сіркең су көтермей қапсың ғой?

Сақан ата. Бұрындары көзімді қыссам, ырбың ете қалушы едің.

Тұмар апа. Бір жеті көз ілген жоқпын. Оңай деймісің.

Назымгүл апа. Біз де ұйықтаған жоқпыз.

Сақан ата. Тұмар, Құдайдан ұялсаңшы. Бейкүнә етіп жіберіп едім, бейкүнә қалпыңда қайтып келіп отырсың, не бітірдің дейтін болды-ау.

Тұмар апа. Астапыралла! Күнәһар сорлы! Секс қоспай бір ауыз сөз айта алмай кететін болдың-ау жалған дүниеден.

Сәния апа. Бұның совхоздағы кличкасысексолог еді ғой.

Сақан ата. Несі бар! «Мың күн атан болғанда бір күн бұра бол» деген атам казак.

Сәния апа. Сенің буралығыңның шама-шарқын білеміз. Есінде ме моншашы Зәмзәгүл...

Сәния апа мен Тұмар апа екеуі құшақтаса кетіп ішек-сілелері қатып күледі. Қиқылдап-шиқылдап, жөтеліп-шашалып тоқтай алар емес.

Сақан ата (қатты қапаланады). «Қатын – жау» деген осы да... Зәмзәгүлмен отыз жыл көңілдес болдық... Өлгенде де жаназасын мен шығарып, жылына малды мен сойдым. Жалғыз-ілік еді ғой, бейшара... Сонда деймін-ау, мына қақпастарға мен жайлы айтып, күлкі етіп жүріпті-ау. О, Алла-Тағала! Біссімлда, біссімлда. Шайтан ғой мыналарың...

Сақан ата жағасын ұстап күбірлеп өз-өзімен сөйлесіп кетеді.

Жанұзақ ата. Жә, қойындаршы, бала болып кеттіңдер ме.

Назымгүл апа. Мына түрімізбен шынымен жындыханаға алып кетеді-ау...

Сәния апа мен Тұмар апа орамалдарын түзеіп, дұрыстап отырады. Бәрі бір сәт тұнжырай қалады.

Сәния апа. Естайды айтамын да. Осының бәрін көрмей ерте кетіп қалғаны дұрыс болған екен. Ол бұл ауылды керемет сүюші еді ғой. Ауылдың мына тоз-тоз қалпын көрсе, жаны қалай киналар еді.

Сақан ата. Ауылдың бүгінгі қалпы бәріміздің ет бауырымызды езіп тұр.

Сәния апа. Жоқ, біз тастамаймыз ауылды.

Тұмар апа. Тастамаймыз...

Сәния апа. Бірақ қолда дәрмен жоқ...

Тұмар апа. Жанұзақ, осы Жансерік ғылыми институтта жұмыс істемейтін бе еді. Бізге көмектесе алмас па екен?

Сақан ата. Келе жатыр деп едің ғой.

Жанұзақ қария. Келе жатыр. Бірақ әкім қаралар одан бұрын жететін тәрізді ғой.

Тұмар апа. Араларында дікендеп Олжасбеков жүр дейді.

Сақан ата. Сенің ғашығың.

Сәния апа. Сақан, неменеге мәз боласың? Олжасбеков екеуің қанша тыраштансандар да қолдарың жетпеді ғой Тұмарға.

Сақан ата күліп, домбырасын әрі қарай күмбірлетеді.

Назымгүл апа. Сәния, оларда нең бар. Ойымызды жинақтайық деймін, қазір әкім келгенде не бетімізді айтамыз?

Сәния апа. Не бет керек екен? Көшпейміз дейміз. Олардың бізде не ақысы бар? Өзіміз білеміз. Өз ауылымыз, жекеменшік үйіміз. Қазір демократия, қайда тұрамын десе де адамның өзі біледі.

Тұмар апа. Оған әкім көнбей отырған жоқ па? Жоғарғы жаққа есеп беремін, ауылды көшіруге қаржы бөлінді, соны игеруім керек дейді.

Сәния апа. Оның есеп-қисабында біздің шатағымыз жоқ. Мен Естайдың моласын тастап, бес жүз шақырым жердегі орталыққа көшпеймін. Бес жүз шақырым дегенің жердің түбі, содан кейін мұнда қайтып жетемін... Тапқан екен ақымақты!

Сау етіп бес адам кіріп келеді. Оның екеуі ақхалатты дәрігер. Әкім және оның көмекшісі. Және Кәрі парторг, Олжасбеков, ол кісі індет шыққанда ауылдан алғашқылардың бірі болып көшіп кеткен.

Кәрі парторг. Иә, отырсындар!

Әкім. Сәлеметсіздер ме, сәлеметсіздер ме, ауылдың абыз ақсақалдары, ақ жаулықты әжелері. Не деген керемет күн! Не деген бақытты, керемет күн! Сіздерді көргеніме қуаныштымын!

Барлығы амандасады. Ауылдың абыз ақсақалдары мен ақ жаулықты әжелері қысылып, тосырқап тұр.

Әкім.

Не деген керемет күн!

Жаныңа бәрі даяр не керектің!

Көрінеді гүлдердің бүр жарғаны!

Естіледі ұшқаны көбелектің!

Әкімнің көмекшісі. Танысып қойыңыздар. Бұл кісі біздің ауданның жаңа әкімі. Өте білімді, халықтың қамын жеген азамат. Есімі де Азамат. Азамат Халықович. Гарвардтан оқып келді!

Әкім. Иә, мен он жыл Америка университетінде оқып, содан кейін сонда ғылыми диссертация қорғадым. Содан сол оқу орнында қызметке калып, дәріс оқыдым. Профессор деген атаққа ие болдым. Дегенмен, өзге елде ұлтан болғанша, өз елінде сұлтан бол деген. Туған жеріме, атажұртыма қайтып оралдым. Алған білімімді, білігімді өз елімнің игілігіне жұмсауды мақсат еттім, кадрлі жарандар!

Әкімнің хатшысы мен ауданның бас дәрігері «браво!», «браво!» деп қол соғады.

Әкім. Рақмет, рақмет! О, сіз өзіңіз өнерден мақұрым емес сияқтысыз. Домбыра ұстап алыпсыз. Әдемі, әдемі! Не деген жарасым! Не деген үйлесімділік! Әу деп жіберіңіз!

Сақан ата. Мен әртіс емеспін, қарағым.

Кәрі парторг. Сақан, бәлсінбесеңші.

Сақан ата. «Өнерден мақұрым емес сияқтысыз» деген не сөз?

Кәрі парторг. Бәлсінбе. Әу деп жібер.

Сақан ата. Қазір мына домбырамен басыңды жарамын.

Кәрі парторг. Жарайды, бұл өте қырсық шал, мән бермеңіз, әкім мырза.

Әкім. Халқымның абыз ақсақалдарының еркелігін көтеруге мәдениетім жетеді. Түк естімеген бола саламын былай.

Назымгүл апа. Дастархан жасап қойдым. Алдымен дәмнен ауыз тиіңіздер!

Кәрі парторг. Япырым-ай, а. А, Жанұзақ деймін де! Кемпіріңіз әлі лыпылдап тұр ғой тегі.

Жанұзақ қария. Енді қалай деп едің?

Кәрі парторг. Келін қайда?

Жанұзақ қария белгісіз бағытта қолын сермейді. Балалар да көшіп кетті деген мағынада.

Әкім. Не деген керемет! Бұл деген сұмдық керемет қой! Қазақтың дархан көңілі, кең дастарханы, жомарт даласы. Қандай мақтау айтсаң да артық емес. Елена Семеновна, бағалаңыз. Өзіңіздің әділ бағаңызды беріңіз. Айтпақшы, танысып қойыңыздар, бұл Елена Семеновна, жоғарғы дәрежелі психиатр-дәрігер, психиатрия ғылымдарының докторы, доцент. Бір сөбен айтқанда, ғалым, білікті маман. Астанада арнайы келіп отыр.

Сақан ата. Не мақсатпен?

Әкім. Кешіріңіз?

Сақан ата. Елена Семенованың Астанада ат арылтып келудегі мақсаты не? Бізбен кездесуге осындай жоғары дәрежелі маманды не мақсатпен шақырдыңыз?

Ауданның бас дәрігері. Кешіріңіздер. Әкімнің бұған еш қатысы жоқ. Елена Семеновна біздің комиссия құрамына менің өтінішім бойынша еніп отыр. Сонымен сіздер ұйықтамағалы неше күн болды?

Назымгүл апа. Оны кім санапты... Сырым қай күні соғым сойып еді?

Тұмар апа. Жоқ, Сырым соғым сойғанда мен ұйықтамай жүргенмін. Одан есептеме.

Сәния апа. Мен ұйықтамағалы тоғыз күн болды.

Барлығы оған таң қалып қарайды.

Сәния апа. Кірпік қаққан жоқпын.

Тұмар апа. Бұл енді өтірік.

Сәния апа. Сен қыз кезіңнен суайтсың. Судыр Ахмет в юбке! Ал менің ұйықтамағаным – хақ!

Тұмар апа. Немене сандалып тұрсың? Қай өтірігімді ұстап едің?

Сәния апа. Естай барлығын біледі! Түү, тағы Естай дедім...

Кәрі парторг. Жарайды, көп сөйлей бермендер (сыбырлап) мынаның көзінше.

Імдап Елена Семеновнаны меңзейді.

Сақан ата. Қыздар, қыздар, қойындар. Ұят болады.

Ауданның бас дәрігер. Қысқасы, біз сіздердің психикаларыңызды тексереміз. Елена Семеновна сол үшін келіп отыр. Мен шақырдым. Әкімнің бұған ешқандай қатысы жоқ.

Жанұзақ қария. Оның не қажеті болды? Біздің деніміз сау. Аллаға тәуба шағымданбаймыз.

Әкім. Жанұзақ қария, сіз мені түсінуге тиіссіз, сіз деген біздің ауданның Құрметті азаматысыз. Ауылды көшіру үшін ел қазынасынан 2 млрд теңге қаржы бөлінді. Ол қаржыға бірнеше көпқабатты тұрғын үй салынды. Ауыл адамдары түгел көшіп алды. Өте жайлы үйлер, керемет, керемет. Өзім барып көрдім. Ыстық суы да, суық суы да, дәретханасы да барлығы ішінде. Құдды бір жұмақ дерсің. От жақпайсың. **Рахат.** Мына үйлеріңіз салқын екен.

Назымгүл ана. Е, біз осындай қоңыр салқынға үйренгенбіз. Ыстықтан жүрегіміз көтеріледі.

Әкімнің көмекшісі. Төрт-ақ үй қалдыңыздар. Міне, қадірлі әкіміміз жоғары жақтан бұл ауылды жермен жексен ету жөнінде нұсқау алып отыр.

Назымгүл ана. Ауылдың не жазығы бар?

Ауданның бас дәрігері. Адамдар аяқасты ұйқыға кетіп жатыр, олардың дені балалар. Жеті күнге дейін оянбау деректері кездеседі. Бұл жер – өте қауіпті аймақ. Біз сіздерді жұртта қалдырып кететін болсақ, басымызбен жауап береміз. Түсінесіз бе? Басымызбен!

Әкімнің көмекшісі. Сіздердің кесірлеріңізден Әкім мырза жоғарғы жақтың бұйрығын орындай алмай отыр. Сіздер әкімге проблема жасап отырсыздар біле білсеңіздер.

Кәрі парторг. Әу, әу, қарағым, шаптықпай тұра тұр. Мен түсіндірейін. Сендер ғой көшпейміз деп қырсығып отырсындар. Өздерің ұйықтап қалғаннан өлердей қорқасындар. Мысалы, бірігіп алып бір үйде бастаңғы жасап сандырақтап отырғандарыңа неше күн болды? Сақан Тұмарға тиіседі. Мен ана жақта бәрін біліп отырмын.

Сақан ата. Тұмардың уәдесін алдым. Маған тиетін болды.

Тұмар ана. Оттапсың!

Кәрі парторг. Бұл адамшылыққа жата ма? Ең болмаса, Тұмар, сен жүрсенші. Бұларда нең бар? Ана жақта дайын үй, көгалды аула... Бұл ауылдың несін қимайсың?

Сақан ата. Сөзіңнен ауытқыма. Әкім қараның шашбауын көтеріп бастап, лағып қайта Тұмарды айтып кеттің.

Кәрі парторг (*жөңделіп*). Иә... Сендердің кесірлеріңнен мына әкім бала күйіп жатыр. Белгісіз дерт сендерге де қауіпті. Жастар да, балалар да ұйықтап қалып жатыр... Ал, сол күйі оянбай қалсаңдар не істейсіңдер? Не істейсіңдер деймін?

Жанұзақ қария. Бір нәрсе етіп көмерсіңдер.

Кәрі парторг (мазақтап). Көмерсіңдер дейді ғой. Жауапкершіліктерің қайда? Рахаттанып өліп жатасыңдар, бүкіл кара жұмысты біз істейміз сонда! Ал сендердің өлімдеріңе кім кінәлі болады сонда? Мына бала, жап-жас жігіт, елім деп, жерім деп, жұртыма қызмет етемін деп Америкадан қайтып келген мына әкім күйіп кеткелі тұрған жоқ па? Өлсеңдер жайларыңмен өлсеңдерші.

Сақан ата. Әй, Олжасбеков, бұл баланың тарихын естідік қой. Немене айта бересіңдер? Әлде шешесіне мен туғызыппын ба оны? «Сен тимесең мен тимен бадырақ көз» деп жайымызбен отырмыз, өздерің ғой мазамызды алып жатқан. Бұны әкімдіктен, көрші ауданнан қуып жіберіпті ғой. Бізге келіп неге аяулы бола қапты?

Әкім. Кім! Кім айтты! Өтірік! Өтірік! Өзім кеттім!

Сақан ата. Интернет айтты. Интернет қараймыз біз де, карағым.

Әкім. Оппозициялық сайттарды қарайтын болып тұрсыз ғой. Нельзя, нельзя!

Жер тепкілейді.

Жанұзақ қария. Ауылдың абыз ақсақалының бір еркелігін көтеріп қоя салыңыз.

Сәния апа. Бұл оттай береді, тыңдама оны, балам.

Әкім. Ештеңе жоқ, мен бәрін көтеремін. Әсіресе ақсақалдардың еркелігін жақсы көтеремін.

Сақан ата. Сот жоқ екен! Осындай шолақ белсенділерден құдай құтқармады. (саңырауға түсіндіргендей айқайлап) Көзіміз ашылмады деймін шолақ белсенділерден!

Әкім. Сіз мені дұрыс түсініңіз. Иә, егер сіздерді көшіре аламаса, менің басым кетеді. Иә, мені бұл ауданнан да алып тастар. Бірақ мәселе онда емес. Мен одан қорқып отырған жоқпын. Мәселе сіздердің денсаулықтарыңызда! Ертең осы отырған қалыптарыңызда қатып-қатып ұйықтап қалсаңыздар... Сіздерге кім жедел жәрдем шақырады? Кім сіздерге көмек көрсетеді? Босқа өліп қаласыздар ғой...

Жанұзақ ата. Үш кемпір, екі шал – онсыз да бір аяғымыз жерде, бір аяғымыз көрде, карағым. Біздің уайымдама. Жөніңмен жүре бер.

Тұмар апа. Иә. Бізді қайтесің. Бізге қарайлама, балам.

Әкім. Сіздер түсінбейді екенсіздер.

Әкім шарасыздықтан бөлмені әрі-бері кезе бастайды.

Сақан ата (*әкімге*). Басым айналып кетті, көлбеңдемеші, қарағым... Еті тірі бала екенсің.

Назымгүл апа. Сақан, сенің етің сол мектептен тірі болды емес пе. Бәрімізді суретке түсіріп, оны шығарып әкеліп, әрқайсымыздан бір сомнан шырқыратып жинап алушы едің ғой. Есіңде ме?

Тұмар апа. Маған тегін беретін...

Сақан ата. Сонда да қадірімді білмедің ғой-ау... Не айтып жатыр едім?.. Қысқасы, көшпейміз, басты қатырмаңдар.

Жанұзақ қария. Әкім бала, психиатр дәрігер, ренжімендер, біз көше алмаймыз, қарақтарым. Атамекен, қара шаңырақ жұртымызды тастап кете алмаймыз.

Сәния апа. Менің күйеуімнің қайтыс болғанына, міне, қырық жыл болды. Төрт баламен қалдым. Барлығы өсті, жетілді. Қазір қалада. Қолдары жұмыстан босамайды. Мен де көше алмаймын, шырағым.

Сақан ата. Есептеріңді бере берсеңдерші. Көшірдік деп. Біз отыра берейік. Қырық өтіріктеріңнің бірі болсын.

Әкім. Қадірлі ақсақалдар, қадірлі әжелер. Неге, неге, неге? Неге бұлай дейсіздер? Мен өлсем де өтірік айтпаймын.

Әкімнің көмекшісі. Сіздер түсініңіздер. Бұл ауылда әлеуметтік нысандар болмайды. Фельдшерлік пункт те, учаскелік полиция тірегі де, шаруашылықтар да барлығы есептен шығарылады, барлығы таратылады. Біз төрт үйге бола адам жалдап, оларға жалақы төлей алмаймыз.

Жанұзақ қария. Айналайын, оның барлығын түсініп отырмыз. Бізге еш алаң болма.

Әкім санын соғып, басын ұстап шыр айналып кетеді. Елена Семеновна қариялардың әрқайсысына келіп, жүйке жүйесін тексерудің амалдарын жасап жүр.

Елена Семеновна. Ұйқы қанбаған, шаршаған бұл кісілер. Ол дегенің ми нейрондары үшін өте қауіпті, ұйқысыздық бета-амилоид сынды өнімдерді жоя бастайды. Бұл өз кезегінде нейрондар арасындағы байланысты бұзып, ойлау қабілетін нашарлатады. Ақыр соңында адамның жағдайы болмайды. Альцгеймер ауруына соқтыруы мүмкін. Жынданып кетеді. Мысалы, мына кісілер түгел жындана бастаған.

Ауданның бас дәрігері. Сіздер мұнда қалай тұрмақсыздар. Өздеріңіз ұйықтап қалудан қорқып, бір үйге жиналып отырады екенсіздер. Қанша күн болды ұйықтамағандарыңызға?

Сақан ата (көзін қысып). Біздің «ұйқы ашарымыз» бар.

Елена Семеновна. Спирттік ішімдіктер ішесіздер ме?

Тұмар ана. Астапыралла!

Ауданның бас дәрігері. Елена Семеновна, сізге алдында да айттым. Кеңес үкіметі кезінде уран шахтасына байланысты бұл село құпия болған. Шахта 1980 жылдары жабылғанымен, «ұйқы дерті» шыға бастады. Жергілікті тұрғындардың жартысынан астамы бұл дерт шахтадан келді десе, қалған жартысы оны құпия елестерден көреді. Мысалы, мына кісілер ұйықтап қалу себебін сол елеспен байланыстырады. Ата-баба аруағы әлдебір аян жеткізеді деп сенеді. Соны күтеді. Осы кісілерге қатысты медициналық-психикалық сараптама нәтижесін берсеңіз, бізге көшу, көшіру мәселесін оң шешуге мүмкіндік туар еді.

Әкімнің көмекшісі. Сіз бізді дұрыс түсініңіз. Біз түптің түбінде осы кісілердің жағдайын ойлап отырмыз. Бірнеше күн ұйықтамаған, сандырақтай бастаған. Өзіңіз көріп отырсыз. Мына кісі (Тұмар апаны көрсетеді) тіпті айтуға ұят.

Елена Семеновна. Неменесі ұят?

Әкімнің көмекшісі Елена Семеновнаның құлағына сыбырлайды. Елена Семеновна Тұмар анаға басынан аяғына, аяғынан басына көзбен шолып қарайды.

Ауданның бас дәрігері. Бұл кісі дәрігер-терпавет болған, ауданның құрметті азаматшасы. Бұрын ешқашан оғаш қылық танытқан емес. Қазір тек осы жөнінде айтады. Бұған не дейсіз?

Елена Семеновна. Қызық екен... Негізі рас па?

Ауданның бас дәрігері. Не?

Елена Семеновна. Әлі күнге қыз екені...

Ауданның бас дәрігері де Тұмар апаны сын көзімен шолып өтеді.

Ауданның бас дәрігері. Кім біледі... Енді қалай болғанда да, Елена Семеновна, бұл ұят емес. Жасы сексенде.

Әкімнің көмекшісі. Сексен екіде.

Ауданның бас дәрігері. Сексен екіде.

Әкім. Қадірлілерім менің. Мен сіздерге бір өлең оқып берейінші. «Қадірлі менің қарияларым» деп аталады. Авторы – мен.

Тасыды көңілім, шалқыды,

Сүйінді мың сан балқыды.

Келе жатыр қалың топ,

Ту, ту, сонау, сонадан,
Қияда қиыр даладан,
Шаттана, шалқи шықты топ.
Электрлі жұлдыздай,
Гудогі күйлі андыздай...

Сақан ата. Бұл өлең Иса Байзақовтікі. «Қадірлі қонақтар» деп аталады.

Әкім (қарқылдап күліп). Аааа, қу шал, қу шал. Ешкім таппаушы еді. Сен таптың. Әкел қолды!

Назымгүл апа. Ойбууу, шай қоймаппын ғой. Ойбай, кара басқыр басым-ай. Қонақтарға шай бермеймін бе.

Бірақ өзі орнынан тұрып, әрекет жасамайды.

Елена Семеновна. Сіздер елес көреді дейді. Ол қандай елес?

Сақан ата. Ауылға ұйқы шақыратын елесті айтасыз ба?

Елена Семеновна. Иә.

Сақан ата. Енді ол баршаға белгілі жай ғой.

Елена Семеновна. Сіз өз тарапыңыздан не ойлайсыз?

Сақан ата. Қарағым, мен еш нәрсе ойламаймын. Мені зерттемеші. Өзімді өте ыңғайсыз сезініп отырмын. Мен совет заманында саудамен айналыстым. Сонда сотталып кете жаздап, жындыханаға жатып әзер құтылып едім. Тура сол заманға тап болғандай зәрем ұшып барады. Сен әрі барып, аналарды зертте. Бұл жерде ең қызық экземпляр мына Олжасбеков. Соны зертте.

Аудан әкімінің көмекшісі. Олжасбеков мырза бізге ешбір ауыртпалық түсіріп отырған жоқ. Ол кісі барлығын түсінеді, заманға сай, өте жаңашыл адам. Алғашқылардың бірі болып көшті.

Елена Семеновна. Мен ешкімді зерттемеймін. Қорықпаңыз.

Аулағырақ барып тұрады.

Елена Семеновна. Дегенмен, менің сұрағыма жауап берулеріңізді өтінемін. Сіздердің көздеріңізге көрінетін қандай елес? Тарқатып баяндап беріңіздерші. Бәлкім галлюцинация болар. Ондай жағдай да ғылымға мәлім. Бізге бұл елді мекенді толық зерттеу үшін кез келген ақпарат қымбат.

Назымгүл апа. Мен өзім түнегүні анамды көрдім. Таң алдында сиырды сауып, өріске жібере қояйын деп далаға шықсам, кашаны жағалап келе жатыр. Тұрған жеріме отыра кеттім. Тірі, сол қалпы, жап-жас, ақ мамам.

Жылайды.

Жанұзақ қария. Ол рас. Кәдімгідей келіп, үнсіз қарап отырып-отырып кетеді.

Елена Семеновна. Сіз де көресіз бе?

Жанұзақ қария. Бәріміз көреміз.

Елена Семеновна. Сіздер барлығыңыз бір-біріңіздің елестеріңізді көресіздер ме?

Жанұзақ қария. Бұны қалай түсінеміз?

Елена Семеновна. Мысалы, сіз Назымгүл апаның анасының елесін көресіз бе?

Жанұзақ қария. Бәріміз ап-анық көреміз. Бұл – өте киелі жер. Құдайдан қорқындар, қарақтарым. Бізді мазаламаңдар.

Тұмар апа. Бәріміз көреміз. Сол өлгендерді кимаймыз.

Сәния апа. Елестер туралы айтпаймыз деп келістік емес пе?

Тұмар апа. Шынымызды айта салайықшы. Өзіміздің балалар ғой. Зияндық жасай қоймас.

Назымгүл апа. Анам ерте өтті дүниеден. Бейнесі еміс-еміс қана есімде еді. Енді келіп, ауыл ішінде, аулада әрі-бері жүргенін көргенде қалай шыдайсың егілмей? Құдды суреттегідей. Одан да әдемі.

Кәрі парторг. Өз басым түк көрмеймін.

Ауданның бас дәрігері (Елена Семеновнаға). Енді не айтасыз?

Елена Семеновна. Жаппай галлюцинация. Ол елестердің шынайы өмірде болуы мүмкін емес. Сіздер бұны түсінуге тиіссіздер. Олар тек сіздердің саналарыңызда ғана.

Назымгүл апа. Мейлі, бәрібір. Тек көрінсе болды.

Сәния апа. Естай маған күнде келеді. Жап-жас, сол бір әдемі қалпында. Қарасаң көз тоймайды. Мен қалған өмірімді соған көз айырмай қараумен өткізуге бармын.

Тұмар апа. Иә, Естай маған да келеді! Шіркін!

Сәния апа оған жаман көзімен қарайды.

Сәния апа. Бұнысы енді өтірік. Естай сені не қылады, пішту!

Тұмар апа. Өзінен сұра. Аруақ өтірік айта қоймас. Келгенде қалай келеді!

Сәния апа. Сонда қалай келеді?

Екі кемпір бір-бірімен жұлыса жаздап басылады. Қалғандары араң ажыратып алады.

Әкім. Қойыңыздар! Ұят! Ұят! Өте ұят!

Сақан ата. Тұмар, саған не болды? Не айтып кеттің?

Тұмар есін жиып, орамалын түзеп орнына отырады.

Әкімнің көмекшісі. Сіздер сол өмірде жоқ елестер үшін тірі адамдарды, яғни өз бастарыңызды және ауданның басшылығын – барлығын қатерге тігіп отырсыздар...

Әкім. Әрбір сөзіңіз жүрегімді қанжардай тіліп жатыр. Мен қазір жылайтын шығармын... Ұяттан скореевсего... жылаймын...

Әкімнің көмекшісі (әкімнің тілмашы тәрізді жалғастырады). Бұның барлығы түсінікті. Бірақ біз қазіргі өмірдің талаптарына көз жұмып қарай алмаймыз. Сіздер мына келісімшартқа қол қоясыздар. Содан соң ертең жүк көлігі келіп, бүкіл заттарыңызды тиіп, жаңа пәтерлеңізге апарып жайғастырып береді. Қолдарыңызды қойсаңыздар болды.

Кәрі парторг. Жігіттер, қыздар, бұндай әңгімені доғарындар. Бәріміз бір жерде болайық. Ертең олай бұлай болып кетіп жатсақ та, біріміздің жайымызды біріміз білеміз. Қартайғанда бөлектенбейік, бір-бірімізден алыстамайық. Бірге болайық.

Сақан ата. Одан да жаңа жерде сендерсіз ішім пысты демеймісің?

Кәрі парторг. Иә, пысты. Несін жасырамын? Мектепте де жұбымыз жазылған жоқ, кейін оқу оқып, арман қуып ауылдан алыстап кетсек те, оралған отанымыз, қасиетті қонысымыз осы ауыл. Енді, міне, атажұртымыз осындай түсініксіз жағдайға душар болды. Ауылдағы адам біткен ұйықтап кетіп жатыр. Біз де ұйықтап кетпей тұрғанда үкімет берген пәтерлерге көшіп алайық. Бала-шағаның жүрегін ауыртпайық.

Сәния апа. Сен өзің көшіп алдың ғой.

Кәрі парторг. Сендерді де алып кеткім келеді. Сендер мында ерігіп, бір үйге жиналып әдейі ұйықтамай отырсаңдар, мен ана жақта сендерді уайымдап ұйықтай алмай дөңбекшімін.

Тұмар апа. Ештеңе жоқ, өлмейсің.

Күліп, қылымсиды.

Кәрі парторг. Ең болмаса сен жүрші, Тұмар. Естайды қайтесің. Ол – өлі, мен тірімін ғой.

Сақан ата. Жайыңа кет, айналайын. Бұның бірде бір сөзіне ешқашан сенбе, Тұмар.

Сәния апа. Екеуің осылай біріңнен бірің жерітіп Тұмардың обалына қалдындар. Әйтпесе ендігі біреуіңе тиіп, балалы-шағалы отбасы болып отырар еді.

Кәрі парторг. Өлі де кеш емес.

Сақан ата. Оттама!

Елена Семеновна. Дұрыс емес. Бәрі дұрыс емес. Сіздердің психикаларыңыз бұзылған. Мен солай деп жазамын. Галлюцинация. Ұйқысыздық. Сандырақ. Инфантилизм!

Кәрі парторг. Әй, Жанұзақ, Сақан. Енді қартайғанда осындай диагноз алғандарың ұят емес пе. Қазақстанның қай аймағы болмасын, қай жері болмасын біздің отанымыз. Бір жапырақ бұл ауылды мен де оңай қиып кеткен жоқпын...

Жанұзақ қария. Барлығы дұрыс қой...

Ол кісі сөзін бастай берген кезде кенеттен Әкім, әкімнің көмекшісі, ауданның бас дәрігері, Елена Семеновна ұйықтап кетеді.

Жанұзақ қария. Ұйықтап кетті

Назымгүл апа. Шай да ішпеді-ау! Өттеген-ай!

Сақан ата. Енді не істейміз?

Тұмар апа. Звонда. Скорый шақыр.

Сақан ата. Иә-иә. Қазір.

Кәрі парторг (*қорқып кетеді*). Тұмар, жүрсен жүр, жүрмесен қал. Мен кеттім!

Кәрі парторг зытып кетіп қалады. Қараңғылық.

Екінші көрініс

Сол бөлме. Жанұзақ қария, Назымгүл апа, Сақан ата, Сәния апа, Тұмар апа отыр. Сақан ата домбырасын тыңқылдатады. Жанұзақ қарияның немересі Жансерік приборларын сайлап жұмысқа кірісейін деп жатыр. Аулақтау жерде елестер тұр. Бірақ тірілер үшін олар қалыпты жағдай сияқты. Сағына күрісініп ара-тұра көз тастағандары болмаса ешкім аса мән бермейді. Елестер арасында ескіше киінген қариялар, кейуана әжелер, әскери киім киген жастар бар.

Жанұзақ қария. Қашпақ болсаң, зымыра деген. Барлығы зытты.

Тұмар апа. Әкім бала да келмейтін болды.

Сақан ата. Психиатр келіншек қандай сүйкімді еді. Үріп ауызға салғандай.

Жанұзақ қария. Балам, жұмысыңа қашан кірісесің?

Жансерік. Алдымен бірнеше жерді бұрғылау керек. Жерасты суларының деңгейін, олардың тербелісін бақылау керек. Ондағы газ құрамын зерттеу керек. Жұмыс көп.

Жанұзақ қария. Ауылды тастап, біздің де тұра қашқанымыз мыналардан (елестерді нұсқайды) ұят қой. Көздері жәудіреп бір нәрседен үміттеніп тұрады осылай.... Ең болмаса, тұяқ серпер болсын, зерттеуіңді жаса, балам. Ал біз ұйықтамай тұра тұрамыз.

Назымгүл апа. Иә, балам, біз шыдаймыз.

Жансерік. Мамандар ауылда радон газының құрамы мөлшерден тым көп дейді.

Тұмар ана. Ештеңе етпейді, балам. Асықпай тексер.

Олар жайлап барып елестердің қатарына барып тұра бастайды, содан кейін көмескеленіп көрінбей кетеді. Сахнада тек Жансерік қалады.

Жансерік. Калачидегі «ұйқы дертінің» себебін Астанадан келген бірнеше комиссия мамандары анықтай алмады. Ресейден де ғалымдар келіп тексерді. Олар тұрғындарға вирус, бактерия не радиация әсер етуі мүмкін деген болжамдарды жоққа шығарады. Дегенмен белгісіз дерт аймақтағы қауіпті өндіріс ошағының экологиялық зардабы нәтижесінен пайда болған деседі... Қазір мұнда ешкім тұрмайды. Тек өздері де аруаққа айналған қариялар ғана атамекенге адал...

Соңы



ҚАДІР ТҮНІ

(Бір актілі драма)

ҚАТЫСУШЫЛАР

1. Шал.
2. Қыз
3. Қонақ келіншек

Ас үйі. Үстел, төрт орындық, шетте диван, оның жанында журнал үстелі. Әдеттегі ортанқол ас үйі. Диванда бойжеткен қыз шалқалап отыр. Екі көзі жұмулы. Тыныштық. Кенет есік қоңырауы шырылдайды. Қыз селк етіп, оянып, орнынан тұрады. Есікке барып, сәл кідіреді де, сұрамай аша салады. Табалдырақтан қаңғыбас шал аттайды. Тоз-тозы шыққан шал. Жасқаншақтай кіреді. Қыз кейін шегініп бөлмеге өткізеді. Екеуі де қорқып тұр. Бұл жағдай әсіресе сезіледі.

Шал. Құдайы қонақпын.

Қыз. Келіңіз.

Шалдың өзіне-өзі сенбей тұрғаны байқалады.

Шал. Кірейін бе?

Қыз. Кіріңіз.

Қолымен ишара жасайды.

Шал. Балам, бір жұтым шай, бір тілім нан берші. Қаным карайып, аштан бұратылып өліп барамын.

Қыз. Кіріңіз деп тұрмын ғой, кіріңіз.

Қыз тағатсыздық танытады, бұрылып кетіп дастархан әзірлеуге кіріседі.

Шал. Шам жанып тұрғанын көріп, кірдім. Бүгін Қадір түні ғой. Мұсылман баласы болса, кіргізер деп үміттеніп келдім. Айып етпе, қарағым.

Қыз. Жо-жок. Отырыңыз, өтіңіз бері.

Шал үстел басына отырып, алдына қойылған табақтағы асты қомағайланып жей бастайды. Қыз кесеге шай құяды. Шал тамағын тастай салып шайдан жұтады.

Шал. Алла разы болсын, қарағым. Бүгін Қадір түні ғой. Далада қалсам, үсіп өлем бе дедім. Кішкене бой жылытып отыра тұрсам.

Кенет шал жылап жібереді. Оған қосылып қыз да жылайды. Қыздың жылағанын көріп, шал өз-өзіне келе бастайды.

Шал. Айналайын, қорқып отырған жоқсың ба. Қорықпа. Менің зияндығым жоқ. Жылан екеш жылан да шақпайды басына ақ құйған кісіні. Менің өзіндей қызым бар. Анадан өстіп, бомж болып туған жоқпын. Өзіндей әдемі, ақылды екі қызым бар менің. Қорықпа. Кішкене отыра тұрайын деп едім. Әлде кетейін бе? Кет десең кетейін.

Орнынан тұра бастайды. Қыз басын шайқап, ыммен отырыңыз деген ишара білдіреді.

Қыз. Жок, ата, отыра беріңіз. Мен бәрібір ұйықтамаймын. Қыдыр атаны күтіп отырмын. Өзімше ниеттеніп.

Шал. Дұрыс-дұрыс, біз де бала кезімізде күтуші едік. Бірақ, менің басыма қонбады Қыдыр. Бәлкім, саған қонар. Мына үй өзіндікі ме?

Қыз. Жок. Бөлме жалдаймын. Үйдің иесі үлкен кісі, бүгін бір туыстарына кетті. Шай құяйын, кесеңізді беріңіз.

Шал кесесін береді.

Шал. Тұрлауы жоқ дүние. Қара басымда барлығы да болып еді. Басымда – үйім, қызметім, екі қызым, қатыным. Оның алдында бір әйелім болды. Керемет еді жарықтық. Қазір о дүниелік болып кетті. Иманды болсын, аумин. Тамақ істегенде, барлығын майда-майда етіп турағанда. Сондай сүйкімді, жұғымды етіп істегенде... Тап сен ондай тамақ жеп көрген жоқсың. Ал, мен жедім. Айткүлдің жасаған тамағын.

Қыз. Неден қайтты?

Шал. Е-е, білмеймін. Ана жылдары елге барғанда Марғасқа айтты. Марғасқа деген құрдасым менің. Қайтыс болды деп. Ал, өзі менің көзіме қарайды қалт жібермей, қайтер екен дегені. Жылай алмадым. Не бетіммен жылаймын? Неден кетті, қайтып кетті деп сұраған жоқпын. Нем бар?

Қыз. А-а-а, сіздер ажырасып кеткен екенсіздер ғой.

Шал. Ажырастық қой. Ажырастық. Осыдан қырық жыл бұрын болған оқиғаны несіне қазбалайын. Темекі бар ма сенде, қыз.

Қыз. Жок.

Шал. Бар, дүкеннен алып келші онда.

Қыз. Әкеле алмаймын. Қызықсыз ғой өзіңіз.

Шал. Темекі тартқым келіп өліп барамын. Қазір шығып, темекі алып келсем, сен қайта кіргізесің бе үйіңе?

Қызға сынап қараған болады.

Қыз (*ойланып барып*). Жарайды, әкеліп берейін. Қазір.

Шығып кетеді.

Шал. Қай-қайдағыны қозғап. Айткүл де. Кейде қасымдағы алқаштар қатын жайлы неше түрлі әңгіме айтады. Бірінен бірі өтіп мақтанып... Қарқ-қарқ күліп отырып есіме Айткүл түседі. Жүрегім қан жылайды. Әлдене жезтырнақтарымен осықылап, іші бауырымды еседі-ай дейсің келіп. Шешем тастатқызды ғой Айткүлді. Сегіз жыл тұрдық, бала таппады. Бедеу еді. Қара жер хабар бермесін. Шешем бір сөзді, қатал кісі. «Таста» деді. Қарсы сөз айтуға қауқар болмай тастадым. Ол қайтып тұрмыс құрған жоқ.

Қыз кіріп, шалдың алдына бір қорап темекі тастайды. Шал бас салып, тұтатып, тарта бастайды.

Шал. Әй, сен қыздың түйсігі бар екен. Қазір бір жасық түтін әкеп, қарық қыла ма деп отыр едім.

Қыз. Ең арзанын, ең уыттысын әкелдім. Әкем осыны тартатын содан соң.

Шал. Менің де екі қызым бар. Алты жиенім бар екі қыздан.

Қыз. Соларға бармайсыз ба енді?

Шал. Немене деп барамын. Не қадір қалды ғой дейсің. Олар да аттай тулап жолатпайды. Әбден зәрезап болыпты. Әй, мен жетіскен адам емеспін. Несін сұрайсың?

Үнсіздік орнайды.

Шал. Сен шынымен Қыдырды күтіп отырсың ба?

Қыз. Күтіп отырмын.

Шал. Қалай ойлайсың келе ме ол?

Қыз. Келуі керек. Әйтпесе қалай болғаны.

Тағы үнсіздік орнайды.

Қыз. Ата, шай демдейін бе?

Шал. Сен шипр дегенді естуің бар ма?

Қыз. Ол қалай?

Шал. Жарайды, қой. Қызылынан ғана құйып бере бер.

Қыз шай демдеп, Шалға, өзіне құяды. Кенет есікті қаққан дауыс естіледі. Шал да, қыз да селт ете қалады.

Шал. Қой, қалқам, рақмет саған, бақытты бол, мен кетейін. Пәтер иесі келді ме деймін.

Қыз есікті ашады. Үйге әдемі келген, жақсы киінген келіншек кіреді. Шал сытылып шығып кетеді. Келіншек шалға қарап, тіксініп қалады.

Қыз. Сізге кім керек?

Келіншек. Сен Айданасың ба?

Қыз. Ия.

Келіншек. Мен – Еркебайдың келіншегі боламын.

Қыз аңырып тұрып қалады. Келіншек төрге рұқсатсыз өтіп, диванға барып отырады. Қыздың бетіне тесіліп қарайды. Қыз ары-бері жүріп, содан соң дастархан басына, өзінің бұрынғы орнына отырады.

Келіншек. Айдана, міне, сен қандайсың?

Қыз. Сіз бекер келіп отырсыз. Барлығы баяғыда біткен. Сіздің күйеуіңіздің маңына енді жоламаймын. Біздің арамызда барлығы шешілген. Бекер келіп отырсыз. Кетіңіз.

Келіншек. Қадір түні қонақты осылай қабылдаушы ма еді...

Қыз. Сіз маған келу үшін бұл түнді бекер таңдадыңыз.

Келіншек. Жоқ, мен сенімен ұрсысу үшін, айыптау, балағаттау үшін келіп отырған жоқпын. Осыдан аз уақыт бұрын, бұның барлығы мүмкін болар еді. Ал, қазір... Қазір жай, сөйлесу үшін. Егер сенсең маған.

Қыз. Жанымды жегідей жеу үшін келдім десеңізші...

Жылайды.

Келіншек. Сен жылама. Ішіндегі бала менің заңды күйеуімдікі, баламның бауыры, кішкене қақым бар ма деймін.

Қыз. Сіз қайдан білесіз? Айтқан екен ғой...

Келіншек. Айтты...

Кенет кідіреді.

Келіншек. Міне, шыдамай келіп отырмын.

Қыз. Әпкетай, бәрі бітті деп тұрмын ғой. Мен, мінеки, сағат онда, бүгін дәрігердің қабылдауына барамын. Бұл баланы дүниеге әкелуге мүмкіндігім жоқ. Не далада, не қалада жанашыр панам жоқ. Бекер келген екенсіз. Сіз аландайтын, алдын алатын еш нәрсе қалған жоқ бұл жерде.

Келіншек. Сен мені түсінбедің... Әке-шешен бар ма?

Қыз. Әкем өлген. Міне, алты жыл болды. Шешем басқа үйдің түтінін түтетіп кетті. Ол кісінің де аяғы ауыр деп естіміз.

Бетін басып отырады.

Қыз. Шаңырақта шынашақтай ғана інім отыр. Шынашақтай әйелі, ұлы бар. Олардың үстеріне баратын жайым жоқ менің.

Келіншек. Ұяттан өлгенше, ішімдегі баланы өлтірейін деп шешкен екенсің ғой.

Қыз. Бұл – менің ұятым. Оны бауырымның мойнына апарып не бетіммен артамын.

Келіншек. Жарайды. Бар болсын. Менің мұнда келу себебім басқа еді. Қай жағынан шығарымды білмей отырмын. Жалпы сен маған ұнадың. Бет-әлпетің, мінезің...

Қыз. Айттырып келгендей болдыңыз ғой.

Келіншек. Жоқ, олай емес. Мен айтайын. Сен білесің, Еркебай екеуміздің арамызда бір бала бар. Бір бала. Мен енді қайтып көтере алмаймын. Бір дерт жабысты маған. Енді қайтып туа алмаймын.

Қыз. Оны маған неменеге айтып отырсыз? Ішіндегі баланы туып бер дейсіз бе? Балаға жаның ашыса, алғызба, өмірін үзбе дейсіз бе? Япырай, а.

Толқып әрі-бері жүреді.

Қыз. Мен көнер едім. Мен көнер едім.

Келіншек бетін басып жылайды.

Қыз. Бойыма біткен түйіршік тіршілік иесін, алқызыл қан, бүлкілдеген жүректі дүниеге әкелуге септессеңіздер, одан кейін басы бүтін бер десеңіздер. Мен көнер едім. Көнер едім.

Келіншек. Жок-жок, олай емес. Мен саған Еркебайға ти деп келіп отырмын. Үйге кіріп отыр, балаңды ту, менің баламды бауырың бас деп келіп отырмын. Менің дәм-тұзым таусылып бара жатыр. Көзім тіріде отбасымды тапсырып кетейін деп отырмын. Ана жаққа тыныш кету үшін.

Қыз. Қалай? Қалайша?

Келіншек. Бұның барлығы маған оңай емес. Кеше Еркебай екеуміздің арамызда ауыр әңгіме болды. Мен өзім көп балалы отбасынан шыққан адаммын. Менен үлкені де, кішісі де бар баланың. Бірақ, әрқайсысының өз өмірі бар. Қайсысына барып салмағыңды саласың. Содан Еркебай сен туралы айтты. Сен оған ренжіме. Көзіңнен көріп тұрмын, сүйесің сен оны.

Қыз. Олай деменіңші...

Келіншек. Сені ол да қалап отыр. Әйтпесе айтпас еді. Асығыс, ағат әрекет жасама. Өмір – таңғажайып. Өмір – сыйлық. Алла қалап алмаса, өз қолыңмен қылмыс жасама. Маған жауабыңды бер.

Қыз. Әпкетай, мен ойланайын. Мен жауабымды ойланып айтайын.

Келіншек орнынан тұрып есікке беттейді.

Келіншек. Ойлан. Тек ұзаққа созылып кетпесін (шығып бара жатып). Айтпақшы, мен кіргенде шыққан шал кім, туысың ба?

Қыз. Жоқ, ол Қыдыр ата ғой. Қыдыр ата...

Соңы



ШАҚАН ШЕРІ

*Жазушы Мұхтар Мағауинның
«Шахан шері» романының
желісі бойынша сахнаға бейімделген*

Қатысушылар:

Шакан
Шакан-Нәпсі
Шакан-Рух
Жантай
Шаканның әйелі
Шаканның баласы
Құба мерген
Қара батыр
Атабек шал
Меңсұлу
1-жігіт
2-жігіт
3-жігіт

Бірінші көрініс

Үлкен бөлме, ортада емен үстел, орысша-қазақша аралас жарақталған. Жантай торға түскен жолбарысша әрі-бері жүр, 3-ші жігіт кіреді, оның артынан есік алдында мылтық ұстап тұрған күзетші қоса кіреді.

Күзетші. Рұқсат па?

Жантай. Иә, бара бер (дегіберсіздене қол сілтейді). Не, не жаңалық? Не істеп жатыр анау қаныпезер, жаналғыш?

3-жігіт. Білдім, білдім, мырзам. Бүгін таң қылаң бере қатын-баласын, азын-аулақ дүниесін жалғыз түйесіне артып, атына мініп, Іле жағалап көшіп кетіпті. «Токта, қызбалық қылма, битке өкпелеп тоныңды отқа жакпа» деп, тоқтатқан жұртты тыңдамапты.

Жантай. Қорлықты осындай ит қырсықтардан көріп біттік. «Бояушы, бояушы десе, сакалын бояпты» деп, батырдың ұлы, асылдан қалған тұяқ деп әбден басымызға шығарып алдык. Сөзге көнбейді, бұйрықты тыңдамайды. Көзін біржолата құртқызамын. Кенесарыға қосылған! Садыққа жансыз болған дегізем! Атқызамын, жоқ алдымен қаматамын, содан соң атқызамын. Ит! Ит! Ит!

Әрі-бері қайта аласұрып жүре бастайды.

Жантай. Бұл не қорлық, бұл деген сүйекке түскен таңба. «Әй, айдағаның бес ешкі соларға ие бола алмадың ба? Бүйтіп Верный сын отечества болмай қал, бордай тоз» дейді ғой ертең мына орыстар? Жалған намыстары оянып, Шақанның артынан басқа жұрт үдіре көшсе ше ертең? Қайсысын қуып, қайсысының атының сауырына жабысып жүреміз? Қас масқара болды деген осы. Әй, ит, ит, Шақан! Қырсык!

3-жігіт. Мырзам, мырзам, сәл дамылданңызшы. Маған бір ой келіп тұр. Шақан осылай Іле жағалап, қамыс пен сексеуілі, суы мен нуы бар, аң-құсы мол жерді таңдап, қонады. Маған бір ой келді, мырзам.

Айтасм ба, айтпасам ба деп тосылып, Жантайға сынай қарайды.

Жантай. Айтсаңшы енді бастаған екенсің.

3-жігіт. Бізде әлгі Сырда ұсталған жолбарыс бар ғой. Соны Шақан қонған жерге апарып тастайық, торын жазып, сол маңға жіберейік...

Жантай. Ой, қаныпезер, ой, ақылдым.... Адам жейтін жолбарысты....

3-жігіт. Дәл соның өзін, мырзам. Қамауда ит-құспен қоректеніп сарылып отырған адам етіне жерік жалмауыз, жалғыз үй Шақанның тәбет шақырар, танау қытықтайтын дәмді иісіне басы айналып, түте-түтесін шығарар... Содан кейін ел ішін үрей билейді... Содан соң бір адам соңынан ерер ме екен, ел шетін сөгіп кетер ме екен жолбасшысы жолбарысқа жем болып жатқанда...

Жантай. Дұрыс-дұрыс, айтасың... Бірақ әрең қолға түсіріп еді, сонау Петербордан ғалым алдырып әрең тірідей қолға түсіріп еді... Бұл сайтан еркіндікте дария бойын кезіп жүргенде мал – бағусыз, от – жағусыз қалып еді. Жалмауыз ғана емес, зымиян да еді. Көзге көрінбейді, қолға түспейді... Сыр жағасына аңыз болған залым. Өзімізге, ағайын-бауырға обал болмай ма?

3-жігіт. Енді оны өзіңіз шешерсіз, мырзам, бірақ басқа шара жоқ. Жалғыз үй Шақанды бауыздап тастауға отряд жібермесеңіз, оның өзінде кісі қолынан қаза тапқанын ел естімей жатпайды,

наразылық өршіп кетеді. Ие бола алмай қаласыз. Ал мында табиғат, жолбарыс, қандай шара бар? Сіздің мұртыңызды балта шаппайды... Шаруа біткеннен кейін атып аламыз өзіміз.

Жантай. Атып алғанда... ол жалмауызды орыстар зерттейміз деп жүр ме еді. Тағы қаһарына ілігіп қалмаймыз ба? Қалай болар екен?

3-жігіт. Қашып кетті дейсіз де. Тілсіз мақұлыққа сот бар ма?

Жантай. Дұрыс айтасың, олай болса, аруак! Бұл істі өзіңе тапсырдым, қажетінше жігіт ал, сенімділерін іріктеп ал. Жалмауыз жолбарысты жіберіндер Іле сағасына. Іске сәт!!!

Екінші көрініс

Қос жармалы сары есік шотқа шалынып, тоқпаққа түскендей мылжа-мылжа: бетін зерлеген оюлы сүйектері пышырай сынған, ағаш жақтаулар жаңқалана уатылған, топса үзіліп, ілектері опырылған. Үй-іші астаң-кестең: ошақ аударылып, қазан төңкерілген, киім, төсек шашылып, текемет, кілемдер ұйпалана жапырылған. Адам мен ажал бетпе-бет келген, арпалыса айқасқан ғаламат күрес ізі айқын танылады.

Құба мерген. Сорлы бала қайтпай қаржысқан екен.

Қара батыр. Атадан асып туған ер еді, қадірін білмедік.

Екеуі құбылага бет қойып тізерлей отырды да, дұға қайырды. Бар мақамын келтіріп құран оқыған – Қара батыр еді, еңсегей бойлы, арық Құба мерген ұзын сүре аяқталғанша неше бүктеліп, қозғалақтап, үңірейе ызғар төккен есікке қарағыштап, әбден берекесі қашқан. Бет сипалар-сипаланбастан атып тұрды да, еңкейдеп төрге жүгірді. Абалақтап әлдене іздеді.

Құба мерген. Мылтық қайда? Найза мен кісе қайда? Жолбарыс кісі жейді, ағаш пен темірді жемейтін еді ғой... Шақанның өзінің сырт киімдері де көрінбейді.

Қара батыр. Апыр-ай, адамда иман қалмады. Ойран болып жатқан үйді тонаған қандай бейбақ.

Құба мерген. Батыр-еке, біз тірі адамға жаназа оқыдық білем... Әлдебір сұғанақ келсе өзге дүниеге тиіспей ме? Мұнда басқа гәп бар. Меніңше, жиеніңіз жолбарыспен алысқан. Алып жыққан. Содан соң... әлде ауыр әлде жеңіл жаралы, әйтпесе он екі мүшесі бүтін, киімін киіп, жарағын асынған, атқа мінген де елге тартқан. Қалың қар жауып, бар ізді жасырыпты. Әйтпесе сайрап жатар еді.

Қара батыр. Аузына май. Тек... кешелі, бүгін өткен іс емес, бір хабары естілсе керек-ті. Әйткенмен сөзің қисынды. Бірақ

жолбарысымыз қайда? Шелектеп төгілген қан, ойранды топырға қарағанда, өлімсіз тынған кеп емес.

Құба мерген. Терісі сыпырылған жолбарыстың сүйегі, тым құрыса, сүйектен қалған қаңқасы таяу жерде жатуға тиіс.

Қара батыр. Жату керек, бірақ жоқ. Бұл не қылған іс сонда?

Сырттан үш аңшы жігіт келіп кіреді. Олар жан-жағына аңтарыла қарайды. Жолбарысты қарап келеді. Сахнада Қара батыр қалады.

1-жігіт. Ел ауызында жүрген қауесет сөз рас болып шықпасын. Шақан жалғыз өзі жеті жолбарыспен айкасты деп еді түнеугүні қатыным. Бірақ өзінен әйелі ер шығыпты деген. Үйді торыған үйірлі жолбарыстың құрсауы тарылған кезде арлан шеріге жалаң қылышпен ұмтылыпты дейді. Шақанның кішкентай баласына дейін садақ тартып, қайрат қылыпты. Ақыры, тілсіз жау қоя ма, тәуліктен астам айкастан соң дүлей жыртқыш бір үйлі жанды тегіс алып жепті.

Қайғы Қара батырға көбірек түседі. Ол – Шақанның нағашысы.

2-жігіт. О сұм заман! Жолбарыстың жалғыз-жарым малға шапқанын естуші едік, адам аулағанын кім көрген!

3-жігіт. Жоқ, түгел қырылмаған, әйел ғана қазаға ұшыраған. Жолбарыс құндақтағы сәбиді ала жөнелгенде атқа міне сала артынан қуады ғой. Өзі өліп баланы арашалап қалады. Шақан бас сауғалап қатын-баласын тастап қашыпты ғой сабазын.

Қара батыр. Тәйт! Шақанның ұлы бес жаста. Бесікте баласы жоқ. Дәтің барып атадан ер туған азаматты қашты деуге құдайдан қорықпайсың ба? Қатыннан естіген жел сөзді мына қаралы шаңырақта қалай айтып отырсың?

3-жігіт. Апамнан естігем негізі...

2-жігіт. Шапқан үйірлі емес, жалғыз жолбарыс. Әйел де, бала да аман. Өлген – Шақанның өзі. (3-ші жігітке бағыттап айтады) Азанда, жаңа ғана түтін тұтатып жатқанда үйге жолбарыс кіріп келеді. Есіктен кіреді де, от басында жылынып отырған баланы тышқан ілген мысықша бас салады. Тіс батырмай, домалатып ойнай бастайды. Шақан қанжарын қайрап отыр екен дейді. Арыстанша ағылады. Арсыл-гүрсіл айкас басталады да кетеді. Ақыры қайраты асып, жолбарысты өлтіреді, қансырап өзі де еледі...

3-жігіт. Шақанның оңайшылықпен өле қалғанына сенбей отырмын. Пәтшағар, тірі тәрізді.

1-жігіт. Үнінде өкініш бар ғой?

3-жігіт. Жоқ, батыр, ер дегенім ғой...

Қара батыр. Жігіттер, бұның барлығы дұрыс қой. Бірақ көзіміз көріп тұр, бір үйлі жан жоқ. Жолбарыс салған ойран, қанға бөккен отау ғана тұр қалқайып.

Құба мерген. Әйтеуір бір сұмдықтың болғаны анық.

1-жігіт. Ербиіп атқа мінбеген Жалтақ Жантай, ақ патшаның сенімді нөкері жандайшап қу Жантай салған лаң ғой. Сол антұрған Шақанның қыстауына қала түсірмесе, жерін тартып, малын талауға салмаса, бұл үдіре көшер ме еді.

2-жігіт. Ана Жалтақ Жантайдың кісі етін жеген жыртқыштан айырмасы қанша.

3-жігіт. Жантайдың қазір үстінен құс ұшырмайтыны, рас. Ішің күйсе тұз жала.

2-жігіт. Мылтықпен дүңк еткізіп жайратып салайын ба осы тұрған жерінде? Жағымпаз сорлы.

1-жігіт. Қайран ер, үйірлі жолбарыстың жатағының маңына үй тіккен болып тұр ғой.

Құба мерген. Айтсаң – арман, бүксең – құса. Түптеп келгенде бәрін ақ найзаның ұшы, ақ білектің күші емес, топтың дүмпуі, мылтықтың түтіні шешеді екен. Елдің тұғыры ер деуші ек. Онымыз бекер болды. Ез екен. Ту ұстап тұлпар мінген Саурық қайда? Батыр Саурықтың сүйегіне мүк шықты. Жалтақ Жантайдың арқасына жал бітті. Кеше келелі кеңес, ордалы отырыс күні заман бұлай шырық айналар деп кім ойлаған. Ойлаған. Білген. Білгендіктен басын қатерге тіккен. Ақыры қан жұтып қазаға ұшыраған. Енді міне... Ұлығың – майыр, ұлық – жандайшап.

Қара батыр. Жә! Қазіргі жағдайда әйел - шейіт, бала – құрбан, қалған жұрттың амандығы олжа болар еді. Намыс қиын. Жігіттің намысы ғана емес, рулы елдің намысы. Шатақ шығарған, ағайынға өкпелеп ауа қашқан Шақанның өзі. Оны түре қуған ешкім жоқ. Бірақ ертең ел «Бәрі жабылып бір тарғыл мысыққа шамасы келмепті» дейді. Бұл – жан төзбес қорлық. Сүйекпен кетер сөз. Рас, әзір ешкім айтқан жоқ, бірақ айтады. Кешегі кісімізді жеген жолбарысты тірі жібере алмаймыз. Тым құрыса, қорқытып, үркітіп осы өңірден аластату керек.

Жігіттер «иә-иә» десіп қолдайды.

3-жігіт. Арқаның құба жонында, Арыстан ойнар шарқ ұрып, Атайы ердің тұсында, Тұлпары тұрар тарп ұрып, Бір жаманға сөз айтсаң, Есікті кетер сарт ұрып, Сол жаман елден кетер деп, Артынан жақсылар қалар шақырып.

Қара батыр. Не оттап тұрсың?

3-жігіт. Шалкиіз жырау айтыпты деген сөз ғой.

Қара батыр. Оның ісіне сен төреші бола алмайсың.

Құба мерген. Жолбарыс! Тыныш, козғалмандар, дыбыс шығармандар.

Қара батыр. Т-с... Жоқ, кетті, бірақ ұзаған жоқ. Торауылдап жүр. Міне, міне, ну жаққа шықты. Абай болындар. Садақтарыңды сайлаңдар. Маған емес, аттарға қараңдар. Ә, пері...

Кенет шау етіп ит үреді, «кет!» деп әлдекімнің теуіп жібергені, бұралқы төбеттің қаңқ етіп, қараңғы қамысты бетке алып сабалақтай жүзгіргені естіледі.

Құба мерген. Қайт! Қап, мына сорлыны-ай, кә, кә.

Бұралқы төбет сарабдал қамысқа жете бере қаңқ етіп жалт бұрылды. Сол сәтте қалың қау қақ жарылған да, бір шоқ сары ала қамыс жел құған жалындай лап ұшып, бейшара төбетті ұмар-жұмар көмген. Сары ала құйын түн түнегін көктей тескен найзағайдай жарқ еткізіп, қос жасыл от шашты да, әп-сәтте қалыңға кіріп жоқ болды.

1-жігіт. Алла! Жын ба, пері ме?

Құба мерген. Өзі. Ойпыр-ай, жолбарыстың ит етіне жерік келетінін білуші ем, бірақ мынау нағыз сойқан екен, ә. Қатарынан тізе қосып, қырық кісі отырған жерден ойып олжа әкетті.

2-жігіт. Апыр-ай, садақ тартып үлгермедік қой.

1-жігіт. Садақ тартқанды айтасың, түстеп тани алдың ба?

3-жігіт. Жын ба, құйын ба?

Қара батыр. Кінә менен, қарбаласта білтені уқаламаппын. Күйік басып, мылтық от алмады.

1-жігіт. Обал-ай, ит те болса, несібе іздеп соңымыздан еріп еді.

2-жігіт. Итті әкетпесе атыңа шабатын еді, не өзінді алатын еді.

Құба мерген. Иттің жаманының өзі адамға ырыс әкелмек. Шерінің қанды басы бері бұрылды білем. Құдай қаласа...

Қара батыр. Келе жатыр! Сайланындар! Саспандар... Араға түскенше. Өне!

Жігіттер. Қайда? Қайда? Кәне?

Құба мерген. Ал, жігіттер. Бауырларыңды жеген жалмауыздың тарғыл мойны тұзаққа ілінді. Ол – аң, сен – адамсың. Ақылың артық, айлаң артық, қайратың басым, қарымың ұзын. Қазір сойқанды пері ана саржағал қамыстың бір жерінде, сені көріп, жүрегі тітіреп, жанынан түңіліп жатыр. Ал енді Жолбарыстардың пірі қызылшұбар Жолбарыс, өзің қолда, мына қанды сапарымызды кеш!

Қара батыр. Иә, Құдай сәтін салса, сүт пісірім уақыт өтпей-ақ шұбар тонын сыпырып, Шаканның төріне төсейміз. Арам етін қарға, құзғынға тастаймыз. Ырысымызды лайлап, тынышымызды бұзған, ананың желкесін қиып, баланың жұлынын үзген жеміт хайуанға не қылсаң да рауа. Іске сәт!

1-жігіт. Аралыққа түскенше атпаңдар.

2-жігіт. Қазір шығады. Асықпаңдар...

Құба мерген. Қазір толайымен шығады. Алдын барлап тұр. Қазір... Иә, Алаш!

Жолбарысты аулау процесі.

1-жігіт. Неткен ерлік. Апыр-ай бір қайтпады-ау!

2-жігіт. Әуелгі жебе құйымшақ түбінде қадалды. Тіпті жеңіл жара. Бас сауғалауы оп-онай еді.

3-жігіт. Кекшіл екен...

1-жігіт. Мәрт десеңші.

Құба мерген. Иә... Ер. Мәрт. Бірақ ерлік – еңсе жаздырып, мәрттік мұратқа жеткізер заман өтіп кеткен, Қас батыр қазаға ұшырамақ. Қас жаман жан сауғаламақ. Өлі арыстаннан – тірі тышқан. Жүрмес пе еді мына шері де өзінің қалың қамысы арасында. Қорлыққа көнбеді, басынғанға шыдамады – қарсы шапты, қазаға ұшырады. Жасанған жауға, жаңбырдай оққа қарсы ұмтыл – сен де жалпаңнан түсесің.

3-жігіт. Сонда... қалай?

Құба мерген. Осылай. Қорғалап күн кешкен қорқаудан жасанған жауға қарсы шауып қаза тапқан жолбарыс артық. Қанша қоян алдың, қайсысы есінде. Ал мына жанкешті шеріні ұмытып көрші. Балаңның баласына айтып кетесің... Жүрек пен жасыннан жаралған жолбарыстың тұқымы құрпыр күн де алыс емес... (кенет кідіріп жалма-жан). Әй, сен жараланып қалғанбысың?

3-жігіт. (әрең сөйлейді) Иә, жамбасымды қарпып өтті.

1-жігіт. Ойбай, мында жаралы бар, бері келіндер.

3-жігіт. Екпіні сондай қатты екен. Найза кезеп үлгермедім...

Құба мерген. Әй, бала сөйлеме, қуатың сарқылады. Жат, былай жатқыз.

2-жігіт. Ойбай, сан етін оңдырмай қарпып кетіпті.

Қара батыр. Тез от жақ! Қайсысыңның тоқымың ескі, құрымынан кесіп әкел.

Үшінші көрініс

Сахна төрінде от жанып тұр, оны айнала отырған сол аңшылар, Құба мерген, Қара батыр бар арасында. Кенет сырттан жолбарыстың ақырғаны, содан соң керегені қозғап сүйкенгені естіледі. Бұлартым-тырыстына қалады. Тыныштық. Кенет есіктен ақырып жолбарыс терісін жамылған жас жігіт төрт тағандап кіріп келеді. Бұлар шошынып өре түрегеледі. Ол жерде домалап күліп жатыр.

3-жігіт. Түү, зәрем ұшты ғой.

2-жігіт. Бұтыңа жіберіп қойған жоқсың ба әйтеуір.

3-жігіт. Менде нең бар өзіңе қара, аппақ қудай боп дір-дір етесің. Жас қыз сияқты.

2-жігіт. Қызың не? Есің дұрыс па?

Құба мерген. Әй, ақымақ, егер біреу-міреу шыдамай атып салса қайтесің? Ойының осылғыр. Мынандай қаралы сәтте не сайтан сені түртіп тұрған.

Қамшысын сілтеп салып қалады. Жігіт ұялып, шетке ығыса береді.

Құба мерген. Жолбарыстың ізін көріп тітіркенбеген, үнін естіп үрей бумаған, жүзін көріп жүрегі шайлықпаған – жан иесі емес, жын-шайтанмен шатысты дүлей бірдеме болғаны. Көрген соң, білген соң, бастан кешкен соң айтамын.

1-жігіт. Бұл сойқанда шерінің мысы бар. Алғаш көрген адам есінен танып құлап қалса ғажап емес. Табаны жерге тимей тұра қашуға шамасы келсе, жүйкесі берік болғаны. Тарғыл перінің өзін айтасың, ізін көргенде төбе құйқасы шымырлайды-ау адамның. Ал ақырған үні...неше қыр астынан естілсе де үрей туғызарлық...

Жолбарыстың үні естіледі, барлығы тына қалады.

3-жігіт. Жолбарыста диюдың күші, жынның жылдамдығы бар. Ерлігі мен мәрттігі адамда жоқ. Бірақ өз бетімен тимейді ғой ешкімге.

2-жігіт. Тимегені қалай, Шақанның шаңырағындағы ойранды қай сапқа сыйдырамыз онда?

3-жігіт. Енді кім біледі. Алланың жіберген зұлматы ма? Ақ патшаға қарсы шықты, патша да қарабайыр қара емес, аруақты әулет, киесі ұрды ма кім біледі.

Ол қызуы көтеріліп, сандырақтап жатыр. Елдің барлығы оған жақтырмай қарайды.

Құба мерген. Жолбарыс адам жейді. Егер шерінің көңілінде адам баласына деген өшпес кек болатын болса. Адам салған жара өлесі болмағанмен, ауыр болса, айталық, темір масақ, иә қорғасын оқ қара етте қалса, өшпенділік тіпті қауіпті. Міне, кісі жеу осыдан шығады. Немесе жолбарыс азу тісі түсіп, әбден қартаяды. Аң аулауға қауқары жетпейді. Сонда адамға шабады.

2-жігіт. (3-ші жігітке бағыштап) Шынында, адамнан әлсіз, адамнан қорғансыз жәндік бар ма...

Қара батыр. Құдайым адамға өзгеше жаратылыс берген. Қайраты кем болар, қажыры артық. Айласы кем болар, ақылы артық. Аңның тісі мен тырнағы ғана бар. Сенің бойыңда бес қару. Алыстан атасың, жақыннан шабасың.

Құба мерген. Ол рас. Күш пен құрал, парасат пен амал өз алдына, адаммен айбар таластырар мақұлық жоқ. Мен отыз жыл жолбарыс ауладым. Кісінің қаһарынан ықпайтын жыртқыш көрмедім. Адамның аруағы асқар таудан да биік. Ойлап тұрсаң, хайуанат атаулы жан үшін, тамақ үшін алысады, ал кісі ұлының керегі басқа. Пенденің қасиеті де, қасіреті де осында...

3-жігіт. Жолбарыс аулау – қазақтың ата дәстүрі, машықты өнері. Төрінде тарғыл жолбарыс ілінбеген үйде найза ұстар ұл тұмайды.

Құба мерген. Е-е, ол да бір дәурен екен. Ол заманда, біз білген заманнан арғы заманда ұл табар әйел жолбарыстың жүрегіне жерік болады екен. Жолбарыстың жүрегін жеп, талғағы тарқаған әйел мың сан жаудан қайтпайтын қара болат батыр туады екен. Қазіргі қатын немене... тұз құрт, ашыған көже.. Соны көре тұра кейінгі балаға жасықсың, жамансың деп кінә қоямыз... Өтіп кеткен соң бәрі ертегі...

Қара батыр. Жолбарыс - орманның иесі, қамыстың қожасы. Арғы заманда бұл өңірде арыстан да мол болған екен. Аң патшасы деп аңыз қыламыз ғой. Сол айбынды арыстанды қазақ жерінен айдап тастаған – осы жолбарыс екен. Ханның қаһарынан батырдың қайраты басым түскен тәрізді. Енді міне... Батыр барымташыға айналды. Адам азғанда аң қайтпек.

Төртінші көрініс

Жаңағы үй, сол кереге, сол жиһаз, бірақ барлығы, тап-таза, жинақы, қанды оқиғаға дейінгі жағдай. Шақанның отбасы. Киіз есікті серпе ашып, сырттан құшағын толтыра қамыс сүйрей Ажар кіреді.

Ажар. Шашадан қар жауыпты. Жер-дүние аппак.

Сәмен. Алақай! Сонар! Қансонар! Ауға шығамыз! Уxxx, суық.

Ажар. Қазір от жағамыз, құлыншак. Көкесі, сен тұра ғой енді.

Шақан. Қандай жақсы. Қоқаңдаған, дікендеген ешкім жоқ. Тып-тыныш. Дұрыс болды. Өңшең шуылдақтан бөліне көшкенім.

Рахат. Иен қамыс, кең дала. А, бәйбіше, ат қайда, түйе қайда?

Ажар. Құдай кедейлікті маңдайыңа жазған. Аңшы атамның екі үйір жылқы, бір келе түйесінен қалғаны – кара бура мен кер жорға ат еді, оның өзін сәскеде сұрадың...

Шақан. Ештеңе етпес, менің малым – құмда өрген киік. Қырда жортқан – құлан.

Ажар. Ой, Алла-ай, жаңа жұртқа қонғанда тым құрыса алыстан ұлыған бөрі үні естілуші еді. Тып-тыныш. Сауысқанның сарқылының өзі құлақ жарады. Біртүрлі елегізіп, ұйықтай алмадым. Жалғыздыққа мал екеш мал да тосырқайды екен, мен үйден шыққанда қу жорға даладан оқырынып, кара бура мойнын созып шыр айналды...

Шақан. Қайырылмай тартып кеткенім өте дұрыс болды. Өзім би, өзім қожа. Атам көнбеген қорлыққа мен неге көнем? Атам кимеген ноктаға неге мен бас сұғам? Дұрыс. Бәрі дұрыс.

Ажар. Қайдам. Төңірек түгел қамыс... Тоғайдан қалың...

Шақан. Жалғыздық қиын саған. Биылғы қысты өткерейік. Жаз шыға... Жаз шыға Жалайырға – нағашыларыма барам. Қырық серкешімді аламын. Содан соң, саған серік болатын «оймақ ауыз, қиғаш қас»... қалай еді...

Осылай деген ол тамаша бір әнді шырқайды. Қыз сымбатына қатысты, махаббат әні болуға тиіс. Әрі қарай «Шақанның әні» деп аталады тексте.

Ажар. (сынғырлай күліп) Жезтырнақ сұлу. Алыстан іздеп қайтесің, төрем, осы меніреу ішінен қалың бермей-ақ табамыз. Қорқам... Осы үйді бір құбыжық торауылдап жүрген сияқты болады да тұрады.

Шақан. Жезтырнақ құрығалы қашан бұл өңірден. Бірден бас салмайды, әуелі бейбіт келіп, от басын барлап, бақылап кетеді екен. Содан соң ғана бұқпалап қайта оралады. Баяғыда Өтеген батыр өлтіріпті дейді ғой сондай жезтырнақты. Елге жайлы қоныс қарап, Жиделі Байсынды іздеп шыққан сапарында. Кешегі Ағыбай батыр да кездесіпті. Бірақ оныкі басқаша. Көзге түрткісіз қараңғы түнде сабалақ жауын астында, қалың орман ішінде жалғызаяқ жолмен келе жатса, астындағы Ақ-Ылақ ат пысқырып, тұра қалады...

Ажар. Ищан! Баланы қорқытасың.

Шақан. Шын қорықсаң, түнде мені неге оятып алмадың? Екеуміз де таң атқанша ұйықтамай шығатын едік...

Ажар. Қойсай. Балаңнан да ұялмайсың.

Шақан. Құлыншақ, сен де тұр. Жылы қыстау жоқ, үйрену керек. Міне, азамат! Қазір қырғауылға шығамыз.

Ажар. Өлэ, отым сөніп қалыпты... Қайран Талғардың тезегі...
Шақан кенеттен көтеріліп кетті.

Шақан. Тезектен басқа нең қалды онда! Олда жаудың малынікі. Қайта-қайта мыжып бір нәрсені айта бергеннен не шығады. Қай жетіскенімнен отырмын мұнда. Қайсыбір жетіскенімнен қаштым ел арасынан!!! Аузы ашық жараны қаузап, ши жүгірте бергеннен не табасың осы сен!!!

Ажар мен Сәмен шошып кетеді. Шақан-Нәпсіні әлдебір есер ашу билеген. Оны өзі де сезіп, сабасына түседі.

Шақан (жұмсарып, кешірім сұрағандайдауыспен). Қазір қырғауылға шығамыз, балам.

Сәмен (дауысы дірілдей, әке ашуы алдындағы үрейін басқысы келгендей). Қырғауылды қалай аламыз?

Шақан-Нәпсі. Былай аламыз.

Ол ошақ басында бір тізесін бүгіп, жүрелей отырған Ажарды белінен құшақтады. Ол сұлық отыр.

Шақан-Нәпсі. Атка мінеміз... (әйеліне қаратып) Қалай екенін білесің. Міне, былай тізгіннен ұстаймыз.

Ол Ажардың мұқият өрілген, жуан қос бұрымын ұстады.

Ажар /күліп/. Саған дауа жоқ. Ойынға тоймайды екенсің. Күн құрғатпай...

Шақан. Содан соң ғой, жезтырнақтың қызын кішілікке түсіргелі жүргенім... Қолыма қос айыр дырау қамшы алам.

Сен де аласың қамшыны. Өзеннен алысырақ, қамыстан, тоғайдан аулағырақ жерге барамыз. Семіздіктен шайлап жатқан, жыпырлаған қырғауыл. Өзі қызыл, құйрығы ұзын, дуадақтай ірі. Дыр етіп ұшады. Мен сонынан тұра шабам. Қырғауыл тас лақтырым жерге барып, жалп етіп қонады. Қашайын десе, қарға малтығып, жүгіре алмайды. Қамшымен бір-ақ тартам. Алда-жалда қайтара ұшып үлгерсе, әуелгіден де жақын түседі. Онда тіпті оңай.

Сәмен. Егер жыңғылдың ортасына қонса ше?

Шақан. Онда басқа бір қырғауылды көтереміз. Құс көп. Іленің екі өңірі толған құс.

Ажар. От тұтатып бер. Бала тоңып қалды.

Сәмен. Мен тоңғам жоқ. Үй жылы.

Шақан. Іштен қос қабаттап киіз тұтылған, көрдің ғой кеше іргені көміп, сырттан неше қабат қамыс тартып тастағанымды. Тамнан жылы бұл киіз үй деген. Бірақ қырғауылға шығар алдында от жағып, жылыну керек, қонақ көже ішіп, тойып алу керек... Солай, балақан. Бәйбіше шақпақ қайда?

Ажар. Шақпақ кіседе тұрған да. Төрде, киіз сыртында ілулі тұр.

Шақан. Құлыншақ, сырттан қамыстың үлпек қуын сындырып әкелші.

Жалт бұрылған Шақанды қақ маңдайдан жасын ұрған. Есіктен тайдай сары тарғыл мысық сұғынып тұр екен. «Жолбарыс!». Төрде, түскиізге арқасы жабысып, үнсіз, тілсіз қатып қалған Шақанға от шаша қарап, атылуға ыңғайланғандай, жер бауырлап шөге бере кенет лып көтерілді де кішкентай саусақтары тарбия, екі қолымен бетін көлегейлей кейін шегінген Сәменді тышқан ұстаған мысықтай іле тартып, етпетінен түсірді. Дір қаққан дәрменсіз баланы бел ортадан қаржси тістеген, басын кегжитіп, езуінен айбат шаша сыртқа бір-ақ қарғыған.

Ажар. Ойбай, Шақан! Құрыдық! Құрыдық! Жолбарыс! Сәмен! Сәмен!

Көсеуді ала салып жолбарыстың соңынан кетеді.

Шақан. Сәмен! Құлыншақ! Ажар! Ажар! Токта!

Ажар жолбарысқа жақындап қалған. Көсеуін көтере қоқақтап, ышқына бақырады.

Ажар. Кет! Кет пәлекет! Кет! Таста! Таста!

Қапелімде жаны ышқынған Шақан – Шақан, Шақан-Нәпсі, Шақан- Рух болып ыдырайды.

Шақан. Ажар тоқтамады. Жолбарысқа жақындап қалған. Көсеуін көтере қоқақтап, ышқына бақырды...

Шақан-Нәпсі. Тарғыл шері адамның айбарынан ыққандай бұға бере шегіншектеді де, бөксесімен қырындай айналып, бетін бері бұрды. Ширатылған құйрығымен қос бүйірін кезек қамшылап, төрттағандай бүкшиді де, езуінен арылдады. Содан соң сылқ еткізіп баланы, Сәменді тастай салған.

Шақан-Рух. Етпеттей түскен, бет-ауызын қан жапқан құртақандай бала сары тарғыл денесімен жарты дүниені жауып тұрған жыртқыштың алдынан еңбектей қашты. Жер сүзе жығылып, шатқаяқтай көтерілді. Екі-үш аттап барып қайтадан топалаң асты. Жолбарыс балаға қараған жоқ. Аспанды тітіркенге гүр еткен де, бұл кезде есік пен төрдей келіп қалған әйелдің басына бір-ақ қарғыды. Ажар үнсіз, тілсіз бүктетіле құлады.

Шақан-Нәпсі. Құтырына тарпынған жолбарыс азу тістері ақ қарға шағылыса ырсыды да, сұлық денені желкесінен алып көтере бере қарш еткізіп жалғыз-ақ шайнады. Жалғыз-ақ шайнап, мойнын үзген соң, езуінен қан шаша арылдап, басын кегжете маған қараған. Келер мезетте...

Шақан. Келер мезетте мен өзімнің шырқырап қашып бара жатқанымды аңғардым. Күпсек қарда әлдебір түбіршекке соғылып, омақаса жығылдым. Сары дию үстіме міне түсер деп басымды қорғалай бердім. Жоқ.

Шақан. Сары дию артта, арқан бойы жерде, жаңа ғана өзі төбесін ойып, мойнын үзген жемінің үстінен аса күдірейіп, гүрілдей өкіріп тұр екен. Бірақ... бірақ, жыртқыштың үрейлі, қатқыл үнімен жалғас әлсіз, бірақ одан әлдеқайда қорқынышты дауыс жетті құлағыма.

Дауыс. «Көкееее!!!». Көке, көке, көке!!!!

Шақан-Нәпсі. Жолбарыс ойлануға, ес жиып дәт бекітуге мұрша берген жоқ. Өліктің үстінен аттап, бері қарай жүре бере қалт бөгелді.

Шақан-Рух. Алғашқы жемін тастамас әдеті ме, әлде дәрменсіз әкеден көмек тілеген сәби дауысы өзіне тартты ма, кері бұрылды да, екі-ақ қарғып, жан дауысы шыға шырқыраған баланы іліп алды...

Шақан. Мен ко... рық-тым (өкси күрсініп). Не қалды енді...
Не бар....

Кенет өз-өзінен қатайып.

Шақан. Мен... Мен қорқар ешнәрсе қалған жоқ! Мен ештеңеден қорықпаймын. Неден қорқам, қатын жоқ, бала жоқ. Өзім де жоқпын. Жолбарыс та жоқ болуға тиіс. Еркек ұрғашысына қарамаймын. Бауырында баласы болса тіпті жақсы. Мен жолбарыстың тұқымын құртамын.

Бесінші көрініс

Қамыстан тоқылған қостың іші. Бәлкім ашық дала болар. Екеу отыр. Егде тартқан, қариялыққа бет бұрған Құба мерген және жантүршігер аң келбетіне енген Шақан.

Шақан. Неге екені есіме әлгі, әлгі деймін-ау... Балаға шапқан, әйелді шайнаған жалмауыз жолбарыс түсіп отыр.

Құба меген. Жолбарыс өз бетімен кісіге тимейді.

Шақан. Сонда жалмауыздың кек қуғаны ма? Бір кісіден көрген жапасын бар адамға артқан... Жүрген ізін қанды соқпаққа айналдырған.

Құба мерген. Шақан, сен де қазаға ұшырадың. Қорғасын оқ емес, тас – қайғы – екі бірдей қаза жүрек басына түбіртпектеліп жабысты. Бір жыртқыштың кінәсін тарғыл тонды барлық шеріге арттың. Сонда не таптың?

Шақан. Ештеңе. Ештеңе тапқан жоқпын...

Басын сығымдап отыра кетеді.

Құба мерген. Кек. Кегің анда емес, адамда болуға тиіс еді. Сені елден айырған - адам.

Шақан. Менде үй жоқ. Осы түнде ғана иен тоғайда, жиде ағашының түбінде қонып шықтым. Менде үй жоқ...

Құба мерген. Хан, сұлтан кетті – халық орнында қалды. Жұрт өзгеше тірлік кезін тапты. Намысы сөнбеген, болашақтан түнілмеген ер-азамат тұман серпілер, күн ашылар жаңа бір жол қарастыра бастады. Ана - құрсақтанып, бала – аяқтанып жатыр. Қатарға қосыл, **Шақан.** Елге қайт.

Шақан. Менде бәрі болған. Соның күйігі соның кегі... Іленің басына өтіп, Шелектің бойын, Шарынның шатқалын сүздім. Күргіні өрледім. Кездескен тарғыл төбеттің қанын судай шаштым. Шүмектей төктім! Жетісуда жолбарыс әулеті Іленің етегінде

ғана қалғанына көз жеткіздім. Бірақ Ажар мен Сәменді жеген, кіртілдетіп шайнаған жалмауызды кездестірмедім. Ұрғашы-тұғын. Көрсем жазбай танымын. Танырым хақ...

Құба мерген. Тарлан шері де табиғаттың бұла перзенті болатын. Кісі жолын кеспеген, адам баласына жамандық ойламаған. Күндердің күнінде түрлене құбылған тарғыл теріге қызыққан бір жауыз баспалап келіп, қапыда жаралаған болатын. Жазылмас жара машықты өнерінен айырған, аштық пен ызалы кек қатарынан қысқан жолбарыс тайғақ жолға түсті, кісі етін жеуді әдепкі кәсібіне айналдырған жалмауыз болып шықты. Кек – кекке жетеледі, жауыздық – тек жауыздық туғызды, ендігі кезек саған жетіп еді. Көзсіз нәпсінің жетегінде кеткенің адамдыққа жатпайды. Ерліктің өлшеуі, тәуекелдің шегі бар, сақалымды сыйласаң сабыр ет. Кідір, тоқта...

Шақан. Ағайын ортасына бара алмаймын. Әуелде қалмадым, тындамай кеттім. Пана тілеген кембағыл кімге керек енді. Мен алдымен баламды, содан соң әйелімді өз қолыммен ажалға бергенмін. Көз алдымда жегіздім. Өзім жедім. Міне, қаралы үй алдында қызыл қаны ақтарылып, басы бір бөлек, аяғы бір бөлек арыстай созылып жатқан - мен! Шақан! Ал Мына мен – түрегеп тұрған, жаны жоқ, сүлдері бар, аты жоқ, аруағы бар – Шақан емес, тарғыл жолбарыс, менің атым – Шері. Шақан марқұмның жаназасы баяғыда шығарылған. Арулап көмілген.

Құба мерген. Шақан, сен өлген жоқсың. Кеудендегі шыбын жаның шыққан жоқ. Олай күпірлік қылма. Тәңірі тағаланың құдіретті пәрменімен жаратылған он сегіз мың ғаламда басы артық бір нәрсе жоқ. Қара жерде қыбырлаған құмырсқадан көк аспанда шарықтаған қыранға дейін, су сүзген балықтан шөл кешкен құланға дейін қилы кейіпті, қаншама махлұқат бар екен, соның бәрінің өз несібесі, өз орны болса керек. Хақ тағала біріне бірін салбестіріп, біріне бірін бақтырып қойған. Бірақ түп иесі – адам. Ендеше, орныңды біл, қарауыңдағы жан-жануарға жазықсыз жапа шектірме. Қожайын екем деп қоқандай берген ақыр түбі қу далада қалар. Адам арасында да атадан азған, жолдан жаңылған кісілер ұшырасады, аң алжасса не жорық. Бір жаман естен танды деп елден қалай айнырсың, бір жыртқыш етектен шалды деп жерден қалай безерсің. Бір ауылдан жеріген бар қазақты жат көрер; жерде жазық жоқ, елде кінә жоқ, бар пәле кісісінде, ендеше заманның ауқымын таны, адамның амалын тап.

Батыр барымта қуып, бүркіт тышқан аулаған заманда кейінгі жас балаға жол көрсетер аға керек.

Дауыс: Көке, көке, көкееее!!!

Шақан кенет ызаланды. Айқайлайды.

Шақан. Кең өмірге, бұйығы тірлікке біржола беріліп кетсем, антымнан аттап, аруаққа шет болам ба деп қорқам. Жалғыздық, түз кешіп жеке жортқан жабайы өмір ғана менің еншім.

Құба мерген. Жауға түспеген қаруыңды жазықсыз жануарға жұмсай бердің, қырған сайын құнықтың. Жолбарыс қанына кеңірдіктей жүздің...

Шақан. Тоқтата алмайсың сен мені! Кегімді алмай тоқтаман! Қызыл сөзіңнің керегі жоқ. Кет!

Құба мерген. Жолбарыстың жойылғаны – дала рухының жойылғаны. Жолбарыс – батырлықтың киесі. Кие кеткенде батырлық рух та кетеді. Осыны ұқпай тұрсың, Шақан.

Шақан. Жолбарыс түп тамырымен құруға тиіс. Құртатын - мына мен....

Құба мерген. Көзіне қан толған, қос шеңгелінен қан шүмектеген талай пақырды көріп едім. Сен де сол жолға түскен екенсің. Барса келмес сапарға шығыпсың. Олай болса, ел аузында аңыз болып қалғаның артық. Жолбарыспен шайқасқан батыр Шақан қалсын ел есінде.

Құба мерген оны атпақ болады, екеуі алысады. Шақан айналдырып келіп оның өзін атады. Мылтық гүрс етіп атылады, Құба мерген құлайды, Шақан салбырап отырып қалады. Шам сөнеді.

Алтыншы көрініс

Шақан сол жерде оқ жонып жалғыз отыр. Қамыс жаққа қарап қояды. Кенет ат дүбірі естіледі. Қиқулаған үн.

Шақан. Мынау қай дарақы тағы? Құс біткенді үркітетін болды.

Еркекше киінген Меңсұлу суыт келеді. Шақанды көріп кілт тоқтады.

Меңсұлу. Әй, елмісің, жаумысың? Адамсың ба, аңсың ба? Ой, жолбарыс екен десем, шошайған мылтығың бар ғой. Ассаламағалекүм, аға!

Шақан. Амандық. Неғып жүрген баласың?

Менсұлу. Ой, аға, зәремнің ұшқанын көрсеңіз. Бір жетім емген саяқ көк тай бар еді. Түн ортасында ғой деймін. Тіпті шет кетіпті. Қайырайын деп жүре беріп едім... сап-сары сапалак...

Шақан. Жолбарыс шапты ма немене?

Менсұлу. Көзі тура шоқтай жанады, шайтанның отындай жап-жасыл. Оқтай атылғанда... Байқұс тай шөкесінен жығылды. Жолбарыс та қарғыды, бізге емес жаңағы тайға, кері бесті де шұрқырай қашты. Ал менің үнім өшіп қалды. Сондай қорқақ екем. Ал сіз ғой ешнәрседен қорықпайсыз.

Шақан. Оны қайдан білесің?

Мендісұлу. Білем. Сіз – Шақан шері батырсыз...

Шақан. Шақан екенім анық. Шерісі тағы рас. Дәп солай. Шақан шері.

Мендісұлу. Ел сізді күндіз – адам, түнде – жолбарыс дейді. Әкесі жаудан арманда өлген соң, елін аздырған, жерін сатқан жуандардың қорлық-зорлығына шыдамай, жапан түзде жалғыз жортар жолбарысқа айналып кетіпті дейді. Бірақ мен сенбеймін.

Шақан. Сенбегенің дұрыс.

Мендісұлу. Алдыңғы жылдары мен онда әлі кішкентаймын, біреулер көріпті сізді. Әкем іздетті, таба алмай қалды. Біздің бір жылқышы ізіңізге түскен екен, кәдімгі адамның ізі дейді, содан күн ұзақ жүріпті, сосын кешке қарай... кешке қарай әлгі адам ізі өзінен өзі жоғалып, жолбарыс ізіне айналып кетіпті...

Шақан (Нәпсімен бірге). Апыр-ай... Мүмкін жолбарыс кісінің ізін басқан шығар. Із үстімен жүретін әдеті бар ғой ол шіркіннің...

Мендісұлу. Әлде... Сен қайдан шықтың? Түнде жылқыға шапқан сен емеспісің? Қазір адамсың. Тиіспейсің.

Шақан. Әй, әй... Өзің қорқақтың ішінде есері екенсің. Сен де жігіт атанып жүрсің-ау. Жылқыны қалай бағасың мына түріңмен?

Мендісұлу. Мен жылқышы емеспін. Жылқышылар ауылға кеткен. Қорқақ та емеспін. Қорықсам қайтып кетер едім. Күзетке өзім шықтым, жылқы шұрқырай берген соң... Мен жігіт те емеспін.

Мендісұлу сақылдай күліп, басынан тымағын жұлып алды. Төбеге шиыршықтай салған қос өрім шаш тарқатыла төгіліп, ыңқа оратылған.

Меңсұлу. Аға, айдалада кезіксеңіз де қонақсыз. Біздің ауылға барып, жата-жастана кетіңіз. Оның үстіне әкем Атабек сыртыңыздан тілеулес. Өткен-кеткеннен сұрастырып, амандығыңызды біліп отырады. Әдетке айналған.

Шақан. Жарайды, сенен оңайлықпен құтыла алмайды екенмін. Дегенің болсын. Жол баста.

Жетінші көрініс

Шақан Меңсұлу ауылында әбден қонақ болады. Батырдың құрметіне той тойланады.

Атабек. Ел иесіз, қой серкесіз. Баспақ, тана – пұл болды, ақылы кеміс – би болды. Ұлыс ұлтарактай іріп, тырнақтының шеңгелінде, азулының езуінде кетті. Аға сұлтан деген ұлық шықты, майыр деген бүлік шықты. Кім пайымдап, кім уайымдап жатыр. Ұққан, баққан ерде не қайран бар. Бүгінгің мереке, ертеңің не болар... Ер туған азамат тегіс қан жұтып өлген соң ит-құс та басынады. Ерінен айырылған соң ел тозады. Балам, менің төрт түлігім сай – малдан кемдігім жоқ. Жаудан өлген екі ұлдың ізін басып жеті немере өсіп келеді – жаннан кемдігім жоқ. Бірақ... басым көп, барым түгел дей алмаймын. Жеті емес, жетпіс немере сыяр еді бауырыма. Алты ауыл емес, алты арыс қараса еді ауыма. Мына кең дала жаяудың аяғында кетпес үшін, ана мыңыраған мал жебірдің көмейінде кетпес үшін... атадан аса туған аруақты ер керек.

Адамдар қоштап бас изесіп жатыр.

1-әйел. Иә-иә, аруақты ер керек.

Еркек. Сен ерді қайтесің, байың бар ғой.

1-әйел. Менің байым болғанмен, басқа жас қыздар бар.

Меңсұлуға меңзейді. ол ұялып, сызылып қалады.

Атабек. Сені алғаш көргенде жолбарыс перісі Жауқашар атамның аруағы алдымнан шықты ма деп едім. Атаға жете туған сырттан екенсің. Адасып келген жоқсың, құдай айдап, аруақ жетектеп әкелді. Енді менің үйімнен безер жерің жоқ. Тұрпатың – тумаса да туғандай. Мен сендей ерге әке болуға жарамайтын жаман шал емеспін. Төріме төсегінді сал. Бел балам бол. Асық жілік ұстатып, ат шаптырып той жасаймын. Ақ орда тігіп, атаулы еншіңді бөліп беремін. Ілгеріде қалың керей, артта сынсыған

найман – қалаған жерімнен қалыңдық ойнатып, келін түсірем. Ұрпақ, үрімнің өз кіндігімнен өрген немере, шөберелермен араласып, тең өседі. Асып жатса – менің мерейім, елдің қуанышы. Тәңірі тартқан сыбағаңнан безбе.

Шақан көнген сыңайлы, түсі өзгеріп, қуанып, арқаланып барады. Той одан сайын қызарды. Әзіл-қалжың, сал-сері. Осы жерде Шақан «өзінің әні» айтылғанда қосыламын деп масқара болады. Жолбарыстың ырылына ұқсас қорқынышты ұн шыққанда жұртшылық үркіп, тойдың берекесі бұзылады. Шар етіп бала жылайды. Шақан кенет есін жиып, баяғы қалтын қайта тапқандай болады. Қайта қатуланады.

Шақан. Буынсыз жерге пышақ ұрмаңыз, әке. Дәніккен жолбарыс он шақты күн салып жылқыға тағы шабады. Малға шығын салады. Жұртқа үрей туғызып, береке кетіреді. Осылай қызық қуып қарап отыра бергенше, ізіне түсіп, сары сапалақтың кеңірдегін үзейін.

Барлығы аңтарылып тұрып қалады. Атабектің ұнжырғасы түсіп, үнсіз отырып қалады. Шақан кілт бұрылып, саймандарын асынып кетпек болып айнала бергенде Меңсұлу қуып жетеді.

Меңсұлу. Токта! Токта! Кетпеші.

Шақан. Меңсұлу... Қайт, ауылыңа бар, жұрме артымнан.

Меңсұлу. Біржола мендік бол. Сонда менің өмірім сенің жолыңа тігіледі.

Шақан (басын күйзеле шайқайды). Жоқ, болмайды.

Меңсұлу. Ақ некемді қи да алып кет. Әкем риза, батасын береді. Қамыс күркеде асыңды камдап, жолыңды бағып отырамын. Алатау айналсаң да ізінді басам. Бақиға дейін бірге боламыз.

Шақан. Шері атансам да, жолбарыс емес екенімді есіме салдың, **Меңсұлу.** Тірі тірлігін жасайды. Өнеді, өседі, өмір кешеді. Өлі - өткен күннен алыстай бермек. Қурайды, тозады, топыраққа айналады. Мен өлгенмін. Тіріге бұйыр. Бұл да болса көңілге медеу болмақ.

Бұрылып кете береді. Артынан Меңсұлу қуып жетеді.

Меңсұлу. Сен бүгін, дәл қазір өлдің!

Шақан. Мен... тағымаймын. Көңілің көл екен, Меңсұлу. Бірақ мен... мен – құдайдың қарғысына ұшыраған адаммын. Мен... мен тірі емеспін. Молам қазылған, сүйегім көмілген. Айтқам өзіңе.

Енді жазмыштан озмыш жоқ. Қашан жолбарысқа жем болғанша жалғыз жортам. Обалыңа қалам. Күйеу болып, көндіге алмаймын. Қайғы арқалатам. Рұқсат бер, ренжімей қал.

Шақан басын иіп шығып кетеді. Алыстан, ауыл жақтан шалықтап «Шақанның әні» шығады.

Сегізінші көрініс

Шақан жалғыз. Қасында Нәпсі мен Рух жүр. Олар жолбарысты қалай алғандарын әңгімелейді.

Шақан (жантайып жатыр). Жұрт жек көреді осы сауысқанды. Қанатының аласы үшін. «Сарқылдай түс сауысқаным. Тарғыл қаракшыны көзден таса қылма. Жолбарыс жемтігіне армансыз тойдырам сені бүкіл әулетіңмен.

Шақан-Нәпсі (шыдай алмай кетіп, шапшаң). Әй, бірақ мынауың берекесіз сауысқан болып шықты. Аздан соң осы қалыңдағы аң-құс атаулыны сенің өзіңнен сақтандырып «Ойбай, ойбай! Әне жүр, әне жүр! Кеп қалды! Кеп қалды!» деп бір ұшып бір қонып тынымсыз сарнай бастады.

Шақан-Рух. Бұл кезде жолбарыстың шөнжіктері енесінің үстіне шығып алып еді. Бірі арқасына асыла мінсе, екіншісі құлағын тістелейді. Үшіншісі тұмсығын жалап, күндегідей ойынға шақырады. Қаншыр тұра қоймаған соң шөнжіктер сұлық созылған ұзын, шұбар құйрыққа жармасты. Бірі ұшынан тістеп, шірене созды. Екіншісі бел ортасынан алып, бір бүйірге сүйреді, содан соң кім жеңсе, сол жұлып әкететіндей-ақ, әрқайсысы өз жағына тартып таласа бастады. Ақыры ендіге бырсылдап, өзара алысып кетті.

Шақан-Рух. Бірінен бірі сұлу үш шөнжіктің қамсыз ойынына карап көңілі өскен, жатақтың бір жақ шетінде азу тісі ырсиып, бүйірі қызыл қанға малшынып, теңкие жығылған қоңыр қабанға көзі түскенде мүлде тоғайған кәрі қаншыр су ішіп келмек болып, орнынан қозғалақтай беріп еді. Кеудесін тіктегенмен, баурына аяғын жиып, бөксесін көтеріп үлгерген жоқ, дір етіп қайта шөккен.

Шақан-Нәпсі. Тарғыл белдеулі ұзын құйрық өзінен өзі ширатылып жер сабады. Арқа жүн тікірейіп, желке күдістеніп, іш тартылған да, сойдақ азу арасынан, бүрлене толқыған көмейден айбатты арыл шыққан.

Нәпсі мен Рух (қосарлана). Қосаяк! Қаншыр орнынан ширак көтеріліп, жиіркенішті, үрейлі Қосаяққа қарсы жүрді.

Шақан. Кенет арт жақтан, тым тақау жерден сауысқан шықылықтады.

Шақан-Нәпсі. «Келе жатыр! Сақ, сақ бол!» Кім?

Шақан-Рух. Мен, әрине. Жолбарыс ізі қалың карағанды айналып, бір бүйірге тартқан екен.

Шақан да із жөнімен айнала бере, кенет қос жауырыны бірдей шым етіп, қалт бұрылды. Тізерлей отыра қалып, қара мылтықты киік мүйіз сирағына орнатты да, шақпақ шақты. Майлы білте бықси түтіндеп, сыздықтай тұтанған. Шақан етпеттей жатып, он шақты қадам жердегі жаңа ғана өзі өткен қысаң жолды нысанаға алды. Ешқандай дыбыс жоқ. Тып-тыныш. Күйе бастаған білтені өшіруге ыңғайланды. Сол сәтінде сықырсыз, сыбдырсыз мысық табандап, көлеңкедей жылжыған зау шерінің ақтаңдақ омырауы көрінді. Адаммен бетпе-бет кездесуді күтпеген жыртқыш дір етіп тұра қалған. Шақан демін тарта бере шүріппені басты.

Шақан-Нәпсі. Мылтық көк жалын шашып, иық соға тарс атылғанда, құйрығы ширатылып, төрт тағандай берген жолбарыс кеудеден жүз батпан шоқпар ұрғандай, лықси шегініп, шоңқайып отыра кетті.

Шақан-Рух. Бірақ жығылмаған.

Шақан-Нәпсі. Мен жолбарысты астылы-үстілі, қарыс сүйем, сап-сары төрт азуы аз-маз ғана айқаса, бозғыл тілі мен қан қызыл көмейі ажал төгіле ашылған аран аузынан көздеп едім.

Шақан-Рух. Ауыздан кірген ауыр қорғасын мойын омыртқаны үзіп, желкеден шықса, жолбарыстың сырттаны болса да жер тарпуға шамасы келмей, етпетінен құлары хақ. Құламады.

Шақан-Нәпсі. Әлде толқыныстан әлде асығыстан сәл төмен ұрыппын. Өңіршектен қызыл қан шапши саулаған жолбарыс шайқалақтай тұрып, аспанды қақырата ақырды.

Шақан-Рух. Аспанды қақырата ақырды да, тәлтіректей басып алға аттанды. Алға аттай бере, аузынан қан шашып, ышқына өкірді. Шиырылған құйрығы аш бүйірін сабап, төрт аяғын бауырын ала бере жел көтерген қызыл жалындай атылды.

Шақан жолбарыс ақыра көтерілгенде мылтығын лақтырып тастап атып тұрып, қорғануға қам жасап еді. Сол мезетінде-ақ қуатты серпіннен анадай ұшып түсті.

Шақан-Рух. Аралық алыс па, ауыр жара адым тұсады ма, жыртқыш еркін іліндіре алмапты, еш жерім мертікпеген. Бірақ орнымнан тұрып үлгермедім, арылдай құтырып, локси қан құсқан жолбарыс тышқан басқан мысықша төбеден қона кетті. Быртиған бақадай ұшындағы жуан, өткір, ілгек орақ тырнақтарымен тарпи тырнап, жөтеле қан шашқан аран аузы тура тамаққа төніп келе жатты.

Үстінен ауыр салмақ басса да, денесіне тырнақ батпаған Шақан жолбарыспен жанталаса алысқан қалты, сол жақ білегімен басын қорғалап, оң қолымен беліндегі селебесін суырды.

Шақан-Нәңсі. Дөп-дөңгелек, үлкен жасыл көздері шатынай ұшқындап, ауыр, ыстық демі бет шарпыған долы шері қыл арқанды жуан жеңді жұлқи тістеп, шықырлата қысқан сәтте...

Шақан-Рух. Сұр селебе де аш қолтықтан бойлай сұғылып еді. Адамның аруақ шақыра ышқынған, аңның жаны шырқырап, қинала өкірген үні қабаттаса шықты. Сол қолым білек ортасынан сақыр етіп сынғанын анық естігем, еш жерім ауырмаған, селебені бойлата толғап барып, қайта суырдым. Дәл осы сәтте бір жақ бетімді үш тармақ жалын шалып еді. Сол жақ көзімді қызыл жалқын, көк теңбіл толқын басып, аузыма қан толды. Бірақ бойыма тың күш құйылғандай (одан сайын күшейе түседі). Жыртқыштың аузындағы жаралы білекке бар салмағымды салып, шірене көтеріліп, жолбарыстың қара қабырғасына қайыра қанжар ұрдым.

Үшеуі де Жолбарыс рухына айналып кетті.

Шақан. Шашала өксіп, буындары бүгіле бере сылқ шөккен, езуі жиырылып, аузы ашылып, желке жүні тікірейе дірілдеп, артқы аяғымен жер тырнаған тайдай жолбарыстың астынан әрең шықтым.

Шақан-Рух. Жолбарыс жатағына тән, көңіліне соншалық байсал берген, қолқа қабар, күлімсі ауамен кеудемді кере дем алып, аз бөгелдім. Содан соң білегімді сыбанып жіберіп, шөнжіктерге қарай қадам бастым. Үшеуі үш жаққа тым-тырақай қашты. Бірақ оңай тұтылды.

Шақан-Нәпсі. Не білді? Не сезді? Көрді, аңдады. Өте дұрыс. Енесі алып келсе ғой, дәл өздеріндей адам баласын – кішкентай сәбиді қабырғасын қаусата шайнап, рахаттанып тұрып жер еді. Дәл қазір жей алмас, енді бірер айдан соң құныға бас қояры анық. Өскен соң... Өскен соң өзі-ақ аттанады. Енді үш-төрт жылдан кейін қалың тоғай ішінде, ну қамыс арасында, кез келген жерде бетпе-бет кездессінші... кімнің өліп, кімнің қалары белгісіз. Аңшылық атаулы бүгінгідей сәтті аяқтала бермейді.

Шақан. Дәл алдарына келіп жүрелей отырдым. Ешқайсысы ықпады. Қимылсыз күйінде қалт тынған. Ышқына ыржиып, итше ырылдап едім. Қорықпады.

Шақан-Рух. Қол созып шеткі, ең кішкентайын алдым. Құртақандай қызыл тарғыл шөнжік лып етіп алдыңғы оң аяғымен салып қалды да, ызалана ырылдап, білектен ала түскен. Күш аз, тіс тұқыл. Қол ауырған да, қанаған да жоқ. Бірақ ішімді тартып таңырқадым. «Шөнжік деп қомсынба, мысық емес жолбарыс».

Шақан-Нәпсі. Жолбарыс. Жолбарыс болғандықтан да... Шөнжікті желкесінен қысып тұрып, көгеннен босатып алдым.

Шақан-Рух. Тарғыл күшік қайтадан дәрменсіз сәби күйге түскен. Сәби...

Бала дауысы. Көкееее!

Кенет Шақанның кеудесінен өксіген айқай шықты.

Шақан-Нәпсі. Тырбыңдап тұрған шөнжікті шолақ құйрығымен қоса артқы екі сирақтан ұстадым да, керіле құлаштап, жерге соқтым. Қол-басым дірілдей құтыра қимылдап, қалған екі шөнжікті де шешіп алдым. Екеуін шиыра сілтеп, жиденің жуан діңіне ұрдым. Жасына жетпей жау қолына түскен, бір салғанда-ақ бастары айырылып, омыртқалары үзіліп, қабырғалары қаусаған жолбарыс балалары шиқ етіп дыбыс шығаруға да шамалары да келмей, демдері үзілді.

Шақан-Рух. (аяп жылаған күйде) Шөнжіктің қызыл тарғыл, мақпал терісі оңай сыпырылды. Алдымен бірі. Содан соң

екіншісі. Үшіншісі. Үлкендігі кебістей ғана, қос ездуден ит тістері жаңа қылтиған, аузы ашылып, құлақ тесігі үңірейіп, қабырғалары қанталап, омыртқасы шодырая үзілген, бірінен бірі аумайтын, үшеуінің де терісі сыпырылған.

Шақан-Нәпсі (айызы қана) Айқаса қарысқан, сынық сүйем, өткір азулары ырсиған, төбе сүйегі талқандалған басы шодырайып, бұлшықты мойны білеулене түскен, сирақтары тарамыстана сомданып, құйрығы сабаулана ұзарып, ыңыршақ қабырғалары, теңкиген арам денесі тірі кезіндегіден әлдеқайда айбынды көрінген, етектолы емшек безінен сарғыш сүт сыздықтай тамшылаған жалаңаш қаншырдың бауырына тастадым. Осылай жатсын.

Шақан. Осылай жатсын. Апта бойы, ай бойы, жыл бойы. Қасқыр жуымайды жолбарыс жатағының маңына. Бірақ шыбын-шіркей бар. Құрт-құмырсқа бар. Солардың жылдық несібесі. Жаз ортасы аумай-ақ күні кеше осы төңіректі әдепкі арылымен-ақ жайқап жүрген аң патшасының саудыраған ақсөңке сүйектері ғана қалмақ.

Шақан-Рух. Бір үлкен, үш бала жолбарыс. Енесі ақыра тұрмайды. Ауға шықпайды. Баласы асыр сап ойнамайды. Күн санап өспейді. Жарық күн нұрын жансыз сүйектер ғана қызықтамақ. Саудыр сүйек. Ал менің баламның сүйегі де қалған жоқ.

Рух пен Шақан үнсіз салбырап тұр. Жолбарыс өлгенде, одан да тіршілік кетеді. Ол салбырап, бос қап секілді болып қалады. Сайын дала. Жолбарыс бас сүйегінен қаланған шағын төбешік. Алдында Шақан отыр. 3-ші жігіт келеді. Оның шынайы болуы міндетті емес, бәлкім, Шақан өз-өзімен немесе аруақпен сөйлесер?

3-жігіт. Бұл ең соңғы жолбарыс болатын. Бітті. Бітірдің.

Шақан. Иә, бітірдім. Қырып бітірдім.

3-жігіт. Енді не істейсің?

Шақан. Енді - болды.

3-жігіт. Өлесің. Сүйегің мына иен далада көмусіз қалады.

Шақан. Иә, сүйегім мына иен далада көмусіз қалады. Көрім, міне. Шақан баяғыдан осында жатыр. Сүйегі баяғыда қураған. Ал менің сүйегім көмусіз қалады.

3-жігіт. Екі шеңгеліңнен қан сорғалап тұр. Тарғыл мысықты құрттың. Қазір мына құр сүлдерінді тұрған жерінде көмсем, қара жер қабылдамайды, түкіріп қайта шығарып тастайды бауырынан. Харам ұлға жер койнында орын жоқ.

Шақан. Кегім кеткен - тарғыл мысықта.

3-жігіт. Кегің жолбарыста кеткен жоқ. Адам жейтін жалмауыз жолбарысты Сыр бойынан алдырып, сенің қосыңның маңына жіберген мына мен. Жантай екеуміз. Кегінді неге менен, адамнан алмадың? Азуы болса да, айласы жоқ тұз тағысына соншама неге шүйліктің, байқұс?

Шақан. Не деп тұрсың? Не деп тұрсың сен?

Мылтығын алып кезенеді, атпақ болады, бірақ қолы қалтырап, ата алмайды. Бірнеше мәрте талпынғаннан кейін мылтықты лақтырып тастайды. 3-жігіт оны күліп бақылап тұр.

3-жігіт. Ер Шақан, батыр Шақан. Жолбарыстың тұқымын тұздай құртқан Шақан. Мылтық енді бағынбайтын болған ба саған, қалай өзі?

Шақан. Жетеді. Жетеді! Жоғал! Жоғалт көзіңді!

Басын ұстап жүрелеп отырып қалады. 3-жігіт кетіп қалады. Шақанның әні.

Соңы

МАЗМҰНЫ:

АЛҒЫ СӨЗ.....3

ПЬЕСАЛАР

Ақтастағы Ахико.....	7
Шанель №5.....	32
Көмбе нанның дәмі.....	62
Қызыл мия.....	144
Жолаушы.....	159
Әділет.....	180
Жүздесу.....	194
Ұйықтап қалма.....	209
Қадір түні.....	224
Шакан шері.....	229

Мадина Омарова

КӨМБЕ НАННЫҢ ДӘМІ

ISBN 978-601-7461-89-8

ЖАУАПТЫ ШЫҒАРУШЫ –
«Алматы-Болашақ» АҚ

Шығармашылық топ жетекшісі – *Ы.С. Кененбай*
Баспахана директоры – *И.Ү. Ақбасов*

Редакторлары *М.Б.Ақсан, А.К.Қыдыралы*
Беттеген *А. Рахманбай, А.Қыдыралы*
Суретші *В.В. Стенякин*

Басуға 09.09.2020 ж. қол қойылды.
Қалыбы 84x108¹/₃₂. Басылымы офсеттік.
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы – 13,44.
Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № 1128

ISBN 978-601-7461-89-8



АҚ «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, 050026. Мұқанов көшесі, 223 «В».
тел.: +7 (727) 378 36 46, e-mail: ao@almatybolashak.kz